Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 811.512.122' 42 (043.3) Қолжазба құқығында

СЕЙДАМАТ ӘСЕЛ ҚАЗБЕККЫЗЫ

Қазіргі сөзқолданыс: стандарттылық және әсерлілік (қазақ жазба коммуникациясының материалдары негізінде)

«8D02307 – Қазақ филологиясы»

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының докторы,
профессор А. Алдаш
(Алматы, Қазақстан)

Шетелдік ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының докторы,
профессор И. Четин
(Анкара, Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР..... 3
НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР..... 5
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР..... 5
КІРІСПЕ..... 6

1 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗІНІҢ ТІЛІ МЕН СТИЛІ: ТІЛ ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ..... 15

1.1 Қазақ мерзімді баспасөзі – қазіргі жазба коммуникацияның лингвомәдени және коммуникативті кеңістіктегі маңызды тармағы..... 15
1.2 Мерзімді баспасөз тілінің зерттелуі: жалпы шолу..... 26
1.3 Мерзімді баспасөз тілінің жанрлық ерекшеліктері және стильаралық лексика..... 38
Бірінші тарау бойынша тұжырым..... 46

2 МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗДЕГІ СӨЗҚОЛДАНЫС: ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ СТАНДАРТ СӨЗҚОЛДАНЫС..... 48

2.1 Лингвистикалық категориялар жүйесіндегі стандарт сөзқолданыстың жалпы сипаттамасы..... 48
2.2 Стандарт сөзқолданыс: стереотип, клише, штамп..... 59
2.3 Стандарт сөзқолданысты қалыптастыратын сыртқы және ішкі лингвистикалық факторлар..... 75
2.4 Стандарт сөзқолданыс және тілдің ішкі мүмкіндіктерінің игерілімі..... 87
Екінші тарау бойынша тұжырым..... 98

3 МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗДЕГІ СӨЗҚОЛДАНЫСТЫҢ ӘСЕРЛІЛІК ӘЛЕУЕТІ..... 100

3.1 Мерзімді баспасөз тіліндегі сөз әсерлілігінің лингвистикалық алғышарттары..... 100
3.2 Көріктеу құралдарының мерзімді баспасөзде сөз әсерлілігін тудыру қызметі..... 114
3.3 Лексикалық қабаттың сөз әсерлілігін тудыру қызметі..... 150
3.4 Қазіргі мерзімді баспасөз тіліндегі лингвокреативті сөзқолданыс..... 166
Үшінші бөлім бойынша тұжырым..... 178
ҚОРЫТЫНДЫ..... 179
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... 182

АНЫҚТАМАЛАР

Диахронды аспект – тілдік құбылыстарды тарихи даму үдерісінде қарастыратын, белгілі бір тілдік бірліктің әр кезеңдегі өзгерісін зерттеуге бағытталған әдістемелік ұстаным.

Жазба коммуникация – тілдік қатынастың жазбаша формада жүзеге асатын түрі; ойды графикалық код арқылы жеткізуге негізделген, өзіндік құрылымы мен мазмұны бар тілдік қатынас жүйесі.

Жанрлық жіктеме – мерзімді баспасөз мәтіндерінің мазмұндық, құрылымдық және стилистикалық ерекшеліктеріне қарай сарапануы (ақпараттық жанр, аналитикалық жанр, көркем-публицистикалық жанр т.б.).

Имманентті талдау – мәтін ішіндегі тілдік бірліктердің ықпал ету функциясын: а) уәждемелік сипаты; ә) идеялық-көркемдік деңгейі; б) оқырман эмоциясына ықпал ету мүмкіндігі тұрғысынан сипаттауға мүмкіндік беретін эмпирикалық әдіс.

Кешенді-стилистикалық талдау әдісі – қазіргі мерзімді баспасөз мәтіндеріндегі тілдік бірліктердің функционалды-стильдік табиғатын, ақпарат жеткізу және ықпал ету әлеуетін жан-жақты бағалауға бағытталған әдіс.

Клише – контекстік қызметі шектеулі, тұрақты қолданысқа енген, белгілі бір ойды шаблондық түрде білдіретін тілдік құрылым.

Коммуникативтік кеңістік – жазба нұсқалардың, оның қатарында қазақ мерзімді баспасөзінің материалдарында тіл дамуының қазіргі кезеңіндегі мемлекеттік тіл стратегиясының басым бағыттарын жүзеге асыру мүддесінде сәйкес үдерістер сипаттарының, әдеби нормалардың сақталуы арқылы қабылдаушының (оқырманның) білімдік-танымдық, сауаттылық, қазақ тіліне деген саналы поэзициясын қалыптастыратын кеңістік.

Контент-талдау әдісі – мәтіндердегі стандартталған және экспрессивтік тілдік бірліктердің жиілігін, сандық-сапалық сипаттарын, сондай-ақ тақырыптық-идеологиялық бағытын анықтайтын әдіс.

Лексикалық қабат – тілдік бірліктердің лексика-семантикалық жүйесін құрайтын, мағыналық өрістері мен қолдану аясына қарай жіктелетін сөздік құрам.

Лингвомәдени кеңістік – жазба нұсқалардың, оның қатарында қазақ мерзімді баспасөзінің материалдарында тіл дамуының қазіргі кезеңіндегі мемлекеттік тіл стратегиясының басым бағыттарын жүзеге асыру мүддесінде қабылдаушының (оқырманның) ұлттық дүниетанымға, ұлттың тарихи-мәдени және рухани құндылықтарына саналы көзқарасын және ұлт болмысының көркем-когнитивтік моделін қалыптастыру үшін қазақ тілінің байлығы игерілетін ақпараттық-мәдени кеңістік.

Лингвокреативті сөзқолданыстар – автордың тілдік жаңашылдығы мен сөзжасамдық мүмкіндіктерін пайдалану арқылы жасалған бірегей, эмоционалды-экспрессивті, стилистикалық тұрғыдан тиімді сөздік бірліктер.

Мазмұндық аспект – тілдік бірліктің семантикалық, прагматикалық, стилистикалық реңкін қамтитын ақпараттық мағына өрісі.

Мерзімді баспасөз тілі – белгілі бір мерзімде жарық көріп отыратын газет-журналдарда қолданылатын, публицистикалық стиль нормаларын басшылыққа алатын, әрі ақпараттық, бағалауыштық және ықпал етушілік қызметтерді атқаратын функционалдық тілдік жүйе.

Прагматикалық-аналитикалық әдіс – тілдік бірліктердің коммуникативтік жағдаятқа сай қолданылу мақсатын, бағалауыштық мүмкіндігін, адресат санасына ықпал ету деңгейін зерттеуге арналған әдіс.

Публицистикалық стиль – қоғамдық-саяси, әлеуметтік және мәдени мәселелерді қозғай отырып, тыңдарман немесе оқырман санасына әсер ету мақсатында қалыптасатын функционалды стиль түрі.

Салыстырмалы әдіс – қазақ мерзімді баспасөзіндегі стандартты және әсерлі тілдік бірліктердің әр кезеңдегі қолданылуын салыстыра отырып, олардың құрылымдық және стилистикалық өзгерісін сипаттауға мүмкіндік беретін әдіс.

Сөзқолданыс – мерзімді баспасөздің ақпарат беру және ықпал ету функциялары үшін пайдаланылатын стандартты тілдік бірліктер мен сөз әсерлілігін туғызатын тілдік бірліктердің өзара байланыста, стильдік мақсатта жұмсалымы.

Стандарт – белгілі бір тілдік қолданыстың, құрылымның, үлгінің нормаланған, қалыпқа түскен нұсқасы.

Стандарт сөзқолданыс – қазіргі қазақ әдеби тіліндегі үрдістер мен үдерістерге тән құбылыс. Стандартты сөзқолданыс ғылыми, ресми-іскери және мерзімді баспасөздің тілі мен стиліне тән маңызды стильдік белгілердің бірі.

Синхронды аспект – белгілі бір уақыт шеңберіндегі тілдік жүйенің қалпын, құрылымын сипаттауға негізделетін зерттеу бағыты.

Стереотип – ұжымдық санада қалыптасқан дайын үлгідегі ұғымдарды білдіретін, тілде біржақты қабылдауды қамтамасыз ететін қалыпты тіркестер мен сөйлем үлгілері.

Стильаралық лексика – әртүрлі функционалды стильдердің шекарасында қолданылатын, стилистикалық бейтарап немесе аралас мағынаға ие тілдік бірліктер.

Сөз әсерлілігі – мәтіндегі сөздер мен құрылымдардың оқырман санасына ықпал ету, назар аударту, ой сілтеу мүмкіндігі.

Тілдік стандарттылық – құрылымдық және семантикалық тұрғыдан қалыптасқан, қолданыста жиі кездесетін, мағыналық бейтараптылыққа ие әрі мәтін жасау барысында үнемділік пен тұтастықты қамтамасыз ететін тілдік құралдар жүйесі.

Фоникалық құрылымдар – дыбыстық үндестік, ритм, аллитерация, ассонанс сынды дыбыстық үйлесімдер арқылы сөздің әсерін күшейтетін поэтикалық элементтер.

Формальды аспект – стандартты тілдік бірліктердің морфологиялық, синтаксистік және құрылымдық ерекшеліктерін сипаттайтын сипаттамалық деңгей.

Штамп – қолданыста қалыптасқан, бір сарынды қайталана беретін, шығармашылық сипаты әлсіреген, дайын құрылымдағы сөз орамдары.

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауы;

2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 31 мамырдағы ғалымдармен кездесу барысында сөйлеген сөзі.

3. «Масс-медиа туралы» ҚР Заңы // 2024 жылғы 19 маусымдағы № 93-VIII ҚРЗ.

4. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ғылым ордасында сөйлеген сөзі. Ақорда.

5. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ЕҚ – Егемен Қазақстан
АТ – Ана тілі
ҚӘ – Қазақ әдебиеті
ЖА – Жас алаш
ОҚ – Оңтүстік Қазақстан

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қазақ жазба коммуникациясы – қоғам мүшелері арасындағы қарым-қатынас қызметінің басты құралы, қоғам мүшелерінің білімдік-танымдық деңгейінің қалыптасуына, жетілуіне, кеңеюіне айрықша ықпал ететін аса маңызды тармақ. Қазақ жазба коммуникациясының бастау көздері әдеби тілді дәуірлеу кезеңдерімен тығыз байланысты. Қазақ әдеби тілінің қалыптасу кезеңдерінде жазба нұсқалардың түрлері әр деңгейде көрініс тапты. Қазақ тілтанымында мерзімді баспасөз жазба нұсқалардың қатарында айрықша аталады. Өйткені мерзімді баспасөз әдеби тілдің, оның көркем әдебиет, ғылыми және оқу-ағарту әдебиеті сияқты арналарының барлығының кезең-кезеңдер мен даму сатыларындағы тілі мен стиліне тән жалпы және нақты үдерістер мен үрдістерді тану үшін мол мәлімет бере алатын сала ретінде бағаланды.

Жаңа Қазақстан құруға бағыт алған Қазақ елінің жаңғыру мен жаңаруының стратегиялық мақсаттарының қатарында отандық бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі мен жауапкершілігін Ел Президенті «өркениетті елдің бұқаралық ақпарат құралдары бәсекеге қабілетті, әлемдегі және елдегі оқиғалар мен үдерістерге қоғам мүшелерінің көзқарасын ақиқат шындыққа сәйкес жеткізетін, жұрттың санасы мен сезіміне ықпал ету мәселесіне мұқият қарау міндеті бар, билік пен халық арасындағы тиімді байланыс арнасы» деп бағалаған еді [1].

Бұқаралық ақпарат құралдарының қатарында мерзімді баспасөз маңызды орын алады. «Масс-медиа туралы» ҚР Заңында көрсетілгендей, «бұқаралық ақпарат құралы – мерзімді баспасөз басылымы, теле-, радиоарна, интернет-басылым» [2]. Осы аталғандардың ішінде әлемдік лингвистикада және қазақ тіл білімінде жазба нұсқаның аса күрделі түрі ретінде мерзімді баспасөздің тілі мен стилі – мейлінше көп зерттелген салалардың бірі. Заңнамалық құжатта нақты аталғандай, «мерзімді баспасөз басылымы – тұрақты атауы, ағымдағы нөмірі бар және үш айда кемінде бір рет шығарылатын газет, журнал, альманах, бюллетень, олардың қосымшалары» [2].

Қазақ тілтанымында өткен ғасырдың өн бойында ұлт тілінің тарихы, әдеби тілдің дамуы мен қалыптасуы, функционалды стильдердің тарамдалу кезеңдері мен әр стильдің өзіндік белгілерін жүйелеу мен анықтау, сөз мәдениеті мен стилистика, тіларалық ықпалдастық, ортология, терминология, аударматану мәселелеріне байланысты ғылыми-практикалық тұжырымдар жасауда мерзімді баспасөз тілі фактілері негізгі дерекқор ретінде алынды. Сонымен қатар соңғы онжылдықтарда қазақ мерзімді баспасөзінің тілі мен стиліне тән сипаттар қазақ тілші-ғалымдарының үздіксіз назарында болып келеді. Бұл фактор, тұтастай алғанда, қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуына, тілдің қолданыс аясын ұлғайту стратегиясына, тікелей байланысты. Жаһандану мен ұлттану қатарласа келе жатқан қазіргі кезеңде қазақ баспасөзінің тілі мен стилі ақиқат шындыққа сәйкес ақпарат беру және «жұрттың санасы мен сезіміне ықпал ету» функцияларының барынша ұлғаюы арқылы қоғам мүшелерінің әлем мен Қазақ

еліндегі барлық оқиғалар мен өзгерістерді саналы түсінуіне, қоғамдық пікірдің дұрыс қалыптасуына ықпал ететін маңызды арна болып отыр.

Соңғы онжылдықтарда қазақ мерзімді баспасөзінің тілдік және стильдік ерекшеліктері тілші ғалымдардың тұрақты назарында болып келеді. Бұл үрдіс қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуымен, оның қоғамдық-коммуникативтік қызметінің кеңеюімен, тілдік кеңістікті ұлттандыру үдерістерінің қарқынды сипат алуына тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ баспасөзінің тілі мен стилі қоғамдық санаға ықпал ететін, ақпарат тарату мен түсіндірудің пәрменді арнасы ретінде маңызды рөл атқарады.

Бүгінде баспасөздің тек республикалық деңгейдегі басылымдары ғана емес, аймақтық және салалық баспасөздің де тілі мен жанрлық құрылымы күрделеніп, жаңаша сипат ала бастады.

Қазақ тіл білімінде мерзімді баспасөз тілі диахронды және синхронды аспектіде зерттеліп келеді. Диахронды талдау мерзімді баспасөздің әр кезеңдердегі үлгілерінде қазақ сөзінің қолданысын, сөзқолданыстың тарихи-әлеуметтік мазмұнын жан-жақты сипаттау арқылы тілдің даму үдерістерінен құнды және толық мәлімет берсе, синхронды аспектідегі зерттеулер мерзімді баспасөздің тілі мен стиліне тән стильдік байлаулы тілдік бірліктердің ерекшеліктерін саралауға бағытталған. Диахронды және синхронды аспектілердегі зерттеулер мерзімді баспасөздің өзге функционалды стильдерден айырым белгілерін одан әрі толық жүйелеуге мүмкіндік жасады.

Қазіргі қазақ мерзімді баспасөзіне қазақ қоғамының бүгінгі дамуындағы жаңа сападағы саяси, идеологиялық, әлеуметтік-мәдени өзгерістерді қалың жұртшылыққа ақиқат шындыққа сәйкес жеткізу және қабылдаушының (оқырманның) санасына қозғау салу айрықша міндеті жүктелген.

Ең алдымен, бүгінгі қазақ баспасөзінің тілі мен стилінде елеулі өзгерістер бар. Өзгерістер жалпы қазақ тілінің қазіргі дамуына ықпал жасаған / ықпалы жалғаса беретін сыртқы және ішкі тілдік түрткіжайттарға тәуелді. Мерзімді баспасөздің басты функциялары – ақпарат беру және әсер ету. Осы функциялар барлық зерттеулерде аталады. Зерттеулер көрсетіп отырғанындай, қоғам дамуының әр кезеңінде ақпарат беру және ықпал ету функцияларының арасалмағы өзгешеленіп отырады. Өткен ғасырдың орта тұсына дейін қоғам мүшесі үшін саяси, әлеуметтік, мәдени жазба (текстуалды) орта жасаған мерзімді баспасөздің ақпарат беру функциясы басым болды. Бұл жайт тұрақталған, стереотип, стандартты тіркестерді, саясиландырылған лексемалар қатарын қалыптастырды және олар мерзімді баспасөздің басқа функционалды стильдерден ерекшеленетін стильдік белгілері ретінде бағаланды. Қазіргі кезеңде қазақ мерзімді баспасөзінің ықпал ету функциясы артты, нақты айтқанда, ақпарат беру үшін қажетті тілдік бірліктерде де қоғам мүшесіне ой салу, иландыру позициясы бар. Бұл фактор мерзімді баспасөздің ақпарат беру және ықпал ету функцияларының арасалмағының өзгергендігін, ақпарат берудің ықпал етуге бағындырылатынын көрсетеді.

Осы аталғандарға байланысты қазіргі қазақ мерзімді баспасөзінің стильдік белгілерін айқындайтын сөзқолданыс: а) ақпарат беруге қажетті стильаралық

лексика; ә) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатына қатысты билік пен халықтың арасындағы байланысты орнататын стандартталған тілдік бірліктер; б) осы проблемаларды жеткізу жолында қоғам мүшелерінің санасына ықпал ету үшін сөз әсерлілігін туғызатын тілдік бірліктер түрінде топтастырылды.

Сөзқолданыс – мерзімді баспасөздің ақпарат беру және ықпал ету функцияларын қамтамасыз ететін, стандартты тілдік бірліктер мен сөз әсерлілігін тудыратын құралдардың өзара байланыста, стильдік мақсатта жұмсалуы. Бұл үдеріс барысында жазарман әдеби тіл мен ұлттық сөздік қорындағы қолданыстар арасынан стильдік қызметіне сәйкес бірліктерді іріктеп қолдана отырып, тілдік тұтастықты сақтайды.

Қазақ тілтанымында көрсетілген қабаттардың әрқайсысы жеке-дара қарастырылып келгені белгілі. Әлемдік лингвистиканың өзінде де мерзімді баспасөздің стильдік белгілерін танытатын тілдік бірліктер қоғамдық-саяси лексика деңгейінде ғана қарастырылады. Түркітанудағы зерттеулер де шетелдік зерттеулердің тұжырымдарын басшылыққа алады. Нақты айтқанда, әлемдік лингвистика мен түркітануда мерзімді баспасөздің тілі мен стиліне ортақ сөзқолданыс біртұтастықта зерттелмеген.

Қазіргі қазақ мерзімді баспасөзінің тілі мен стиліне тән тілдік бірліктерді біртұтастықта зерттеу маңызды. Бұлайша зерттеу: а) мемлекеттік тіл стратегиясын жүзеге асыру бағыттары тұрғысынан алғанда, қазіргі жазба нұсқалардың аса маңызды тармағы – мерзімді баспасөзде ұлттық болмыстың негізіндегі ұлттық ойлау жүйесіне тән қазақ сөз байлығының қайта оралу үрдістері мен үдерістерін және ә) қазақ әдеби тілінің сөздік құрамының жаңару және жаңғыру процестерін танытады; б) мерзімді баспасөздің тілі мен стилінің алдыңғы кезеңдердегі басты ерекшеліктерін сақтай отырып, жаңа заманға сәйкес мерзімді баспасөздің тілдік-стильдік ерекшеліктерінің жаңа сапада жетілгенін көрсетеді; в) қазіргі мерзімді баспасөздің тілі мен стилінің барлық ерекшеліктерін біртұтастықта зерттеу, тұтастай алғанда, соңғы онжылдықтардағы қазақ әдеби тілінің динамикасындағы жалпы сипаттарды сараптауға және саралау арқылы тұжырымдар жасауға жол ашады.

Жинақталған эмпирикалық материалдар соңғы онжылдықтардағы қазақ мерзімді баспасөзіндегі стандартты (клише, стереотип, штамп) және сөз әсерлілігін тудыратын тілдік бірліктердің (теңеу, перифраз, фоникалық құрылымдар, лексикалық қабаттардың образды-коннотаттық қызметі) өзара ықпалдасатын стильдік қызметі қазіргі баспасөздің қазақ тілінің сөз байлығын сарқа пайдалануға негізделгенін, ұлттық болмысты танытатын сөзқолданыстың қазақ мерзімді баспасөзінің лингвомәдени және коммуникативті кеңістіктегі айрықша рөлі мен маңызын көрсетіп отыр.

Баяндалған мәселелер қазіргі қазақ мерзімді баспасөзінің тілі мен стилін танытатын, ақпарат беру және ықпал ету функциясы үшін өзара тығыз сабақтастықта қолданылатын тілдік бірліктерді – стандартталған тілдік бірліктер мен сөз әсерлілігін туғызатын сөзқолданыстарды біртұтастықта зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Зерттеу нысаны. Қазіргі жазба нұсқалардың күрделі түрі ретінде қазақ мерзімді баспасөзіндегі сөзқолданыс.

Зерттеу пәні. Соңғы онжылдықтардағы қазақ мерзімді баспасөз тіліндегі сөзқолданыстың стандарттылығы және әсерлілігі.

Зерттеудің мақсаты – соңғы онжылдықтардағы қазақ мерзімді баспасөзінің тілі мен стилінің негізгі стильдік белгілерін танытатын тілдік бірліктерді жинақтау нәтижесінде стандартты (клише, стереотип, штамп) және сөз әсерлілігін тудыратын тілдік бірліктердің (теңеу, перифраз, фоникалық құрылымдар, лексикалық қабаттардың образды-коннотаттық қызметі) өзара ықпалдасатын стильдік қызметін біртұтастықта қарастыру арқылы қазіргі қазақ мерзімді баспасөзі тілі мен стилінің лингвомәдени және коммуникативті кеңістіктегі орны мен маңызын айқындау.

Зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін төмендегідей **міндеттердің** шешімі табу көзделді:

– қазақ тілтанымындағы мерзімді баспасөз тілі мен стилінің қалыптасу, даму, жетілуіне қатысты тұжырымдарға толық шолу жасай отырып, соңғы онжылдықтардағы мерзімді баспасөз тілі мен стилінің бүгінгі қоғамның лингвомәдени және коммуникативтік кеңістігіндегі рөлі мен маңызын анықтау;

– қазіргі қазақ баспасөзі тілі мен стилінің тұтастығын қамтамасыз ететін сөзқолданыстың категориялды аталым ретінде лингвистикалық сипаты мен қызметін нақтылау;

– лингвистикалық категориялар жүйесіндегі стандартты тілдік бірліктердің (штамп, клише, стереотип) пайда болуына әсер ететін сыртқы және ішкі лингвистикалық түрткіжайттарды айқындау;

– соңғы онжылдықтардағы қазақ мерзімді баспасөзіндегі стандартты және әсерлілік тудыратын тілдік бірліктердің өзара ықпалдасу үдерістерінің себептерін анықтау;

– сөз әсерлілігіне қол жеткізетін тілдің әлеуетті мүмкіндіктері (теңеу, перифраз, фоникалық құрылымдар, лексикалық қабаттардың образды-коннотаттық қызметі) соңғы онжылдықтардағы қазақ мерзімді баспасөзінің ықпал ету функциясының пәрменді құралы екендігін дәлелдеу;

– қазіргі қазақ баспасөзіндегі лингвокреативті сөзқолданыс үлгілерін жинақтап, олардың әсер ету қызметін, оқырманға ықпал ету мүмкіндіктерін анықтау.

Зерттеудің әдістері. Диссертациялық жұмыста зерттеу нысанасына қатысты ғылыми тұжырымдарды жинақтау, жүйелеу, жіктеу әдістері; қазіргі қазақ мерзімді баспасөзіндегі стандартты және сөз әсерлілігін туғызатын тілдік бірліктерге – сөзқолданыстарға жан-жақты талдау жүргізуде *кешенді-стилистикалық әдіс*; тілдік бірліктердің қолданылу уәждемесін, идеялық-образды деңгейін, мәтіннің оқырманның ұлттық болмыс әлеміне сәйкес эмоция туғыза білуі тұрғысынан анықтауда *имманентті талдау әдісі;* қазақ мерзімді баспасөзіндегі тілдік құралдардың жиілігін, қолданыс аясындағы сандық-сапалық сипаттарын анықтау үшін *контент-талдау әдісі;* қазақ мерзімді баспасөзінің әртүрлі кезеңдерінде қолданылған стандартты және әсерлі тілдік

бірліктерді өзара салыстырып, олардың құрылымдық, стильдік өзгерістерін саралауда *салыстырмалы әдіс* өзара сабақтастықта қолданылды.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық базасы. Зерттеу нысанасының маңыздылығы мен өзектілігін дәлелдеу және қазіргі жазба коммуникацияның басты тармағы – мерзімді баспасөздің тілі мен стиліне ортақ стандартты тілдік бірліктер мен сөз әсерлілігін тудыратын тілдік бірліктердің әрқайсысының стилистикалық сипаттамасын, сондай-ақ олардың стиль түзетін өзара сабақтастықтағы ерекшеліктерін дәйектеу мақсатында қазақ тіл біліміндегі, түркітанудағы және әлемдік лингвистикадағы көрнекті ғалымдардың теориялық тұжырымдар басшылыққа алынды. Атап айтқанда:

– жалаң сөз, лебізді сөз, сөз қисыны, сөз талғау, көрнекі лебіз, шығарманың тілінің ғылымы туралы қазақ стилистикасының алғашқы ұғымдық аппараты туралы (Ұлт Ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы);

– Абай поэзиясының тілдік-стильдік ерекшеліктері (профессор Құдайберген Жұбанов);

– қазақ әдеби тілі функциональды стильдерінің жіктелімі және қазақ мерзімді баспасөзінің қазақ әдеби тілінің дамуы мен қалыптасуына қатысы туралы (М. Балақаев, Р.Сыздық, Б. Әбілқасымов, М. Томанов, Е. Жанпейісов, Б. Манасбаев, Н. Қарашева, С. Исаев, А. Алдашева, Б. Момынова, Ш. Мәжітаева);

– қазақ мерзімді баспасөзінің терминжасам, неология мәселелеріне қатысты рөлі мен орны туралы (Ш. Құрманбайұлы, А. Алдашева, Г. Мұратова, Қ. Қадырқұлов, С. Құлманов, Ә. Әміров);

– мерзімді баспасөз тілінің прагматикалық ерекшеліктері, лингвопрагматика әлеуметтік лингвистика жөніндегі (Д. Әлкебаева, А. Фазылжан, Қ. Есенова, Ә. Әбсаттар);

– жазба коммуникацияда стандарттылық, сөз таңдау, сөз талғау, сөз әсерлілігіне қатысты (А. Байтұрсынұлы, Р. Сыздық, Н. Уәли, А. Фазылжан, А. Салқынбай, О. Жұбай, Қ. Күдеринова, Ғ. Иманалиева, М. Мәмбетова);

– тілдің көріктеу құралдарына қатысты лексикологиялық, лексикографиялық және стилистикалық (Ә. Болғанбаев, Х. Нұрмұханов, Ә. Ахметов, Т. Қоңыров, Г. Смағұлова, А. Тымболова, Г. Мұхамеджанова) зерттеулер басшылыққа алынды.

Сонымен қатар түркітанудан А. Ахабаев, А. Мамедов, В.П. Семенов, Ю.Д. Каражаев, Г. Артыков, М.К. Айымбетов және әлемдік лингвистикада N. Fairclough, N. Chomsky, A. Bell, D. Tannen, J. Habermas, Г.О. Винокур, В.Г. Костомаров, Г.Я. Солганик, А.Д. Васильев, Е.А. Земская, А.П. Сковородников, А.Н. Чудинов, М. Кожина тұжырымдары қарастырылды.

Зерттеудің дереккөздері мен материалдары ретінде соңғы онжылдықтарда (2010-2025) жарық көрген «Егемен Қазақстан» (egemen.kz), «Ана тілі» (anatili.kazgazeta.kz), «Айқын» (aikyn.kz), «Алматы ақшамы» (almaty-akshamy.kz), «Жас Алаш» (zhasalash.kz), «Қазақ әдебиеті» (qazaqadebieti.kz) секілді республикалық және бірқатар аймақтық мерзімді басылымдардың мәтіндеріндегі тілдік бірліктер – сөзқолданыстар алынды. Көрсетілген

мерзімдегі қазақ баспасөзіндегі стандартты және сөз әсерлілігін туғызатын тілдік бірліктердің – сөзқолданыстардың сипаттамасын және олардың өзара сабақтастығын дәлелдеу мүддесінде алдыңғы кезеңдердегі қазақ газет-журналдарындағы тілдік бірліктермен салыстырылды. Зерттеу нысанасы үшін 2500-ден аса тілдік фактілер (мерзімді баспасөз материалдары) талдауға және тұжырымдар жасауға негіз болды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

– қазақ жазба нұсқаларының қатарындағы қазіргі қазақ мерзімді баспасөзінің тіл дамуындағы үдерістер мен үрдістерді танытушы аса маңызды лингвомәдени және коммуникативті кеңістік ретіндегі рөлі мен орны анықталды;

– лингвистикалық категориялды аталым ретінде сөзқолданыстың қазіргі қазақ баспасөзі тілі мен стиліндегі ерекшелігі мен табиғаты алғаш рет зерттеу нысанасы ретінде талдауға түсті;

– соңғы онжылдықтардағы қазақ мерзімді баспасөзіндегі стандарт сөзқолданыстың және сөз әсерлілігін туғызатын тілдік бірліктердің әрқайсысының жеке сипаттамалары және олардың бір-біріне ықпалы айқындалды;

– мерзімді баспасөздің ақпарат беру функциясы үшін қалыптасатын стандарт сөзқолданыстардың (стереотип, клише, штамп) жалпы сипаттамасы және стереотип → клише, штамп құбылыстарының ауысуы алғаш рет біртұтастықта талданды;

– мерзімді баспасөздің ықпал ету функциясына байланысты жоғары жиілікпен қолданылатын көріктеу құралдары (теңеу, перифраз, фоникалық құрылымдар, лексикалық қабаттардың образды-коннотаттық қызметі) сөз әсерлілігін тудыратын тілдің әлеуетті мүмкіндіктері ретінде бірінші рет талданды;

– соңғы онжылдықтардағы қазақ мерзімді баспасөзіндегі стандарт сөзқолданыс пен әсерлілік тудырушы тілдік бірліктердің өзара ықпалдасу үдерістерінің, сондай-ақ лингвокреативті тілдік бірліктердің пайда болу себептері алғаш рет анықталды.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы. Соңғы онжылдықтардағы қазақ мерзімді баспасөзінің тілі мен стиліндегі жаңа сипаттарды көрсететін стандарттылық, сөз әсерлілігін туғызатын тілдік бірліктерді және олардың өзара ықпалдасуын зерттеу бойынша алынған нәтижелер мен қорытындылар қазіргі жазба коммуникацияның және қазақ әдеби тілі функционалды стильдерінің басты тармағы – қазақ мерзімді баспасөзінің стильдік сипаттамасы жөніндегі ғылыми тұжырымдардың одан әрі қарай тереңдете зерттелуіне үлес қосады. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері қазақ тілтанымындағы әдеби тілдің жай-күйі, функционалды стильдердің сипаттары жөніндегі ғылыми ілімдерді дамытады. Жоғары оқу орындарының филология және журналистика мамандықтарына арналған *функционалды стилистиканың жалпы теориясы, коммуникативтік лингвистика, лингвостилистика*, *мәтін лингвистикасы*, *публицистикалық дискурс*, *тіл дамуының синхронды ерекшеліктері, прагмалингвистика* сияқты пәндер бойынша

лингводидактикалық базаны жетілдіруге, осы салалар бойынша білім беру жүйесін жаңа білімдермен толықтыруға үлес қосады. Мерзімді баспасөздегі негізгі жазарманның (журналист, публицист) лингвистикалық білімін кеңейтеді.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Қазақ жазба коммуникациясы – қоғамдағы ақпарат алмасудың негізгі арнасы. Қазақ мерзімді баспасөзі – қазақ халқының тарихи-мәдени құндылықтарын, ұлттық дүниетанымын, ұлттық менталитеті мен жадын танытатын тілдік бірліктерді – сөзқолданыстарды кеңінен пайдалану арқылы мемлекеттік тіл стратегияларының басым бағыттарын жүзеге асыруда маңызды рөл атқаратын жазба коммуникацияның маңызды тармағы. Қазіргі қазақ мерзімді баспасөзінің тілі мен стилі – қазіргі қазақ әдеби тілінің жазба коммуникациядағы синхронды дамуына тән үдерістерді танытатын *лингвомәдени әрі коммуникативтік кеңістік.* Қазіргі қазақ мерзімді баспасөзі – билік пен халық арасындағы тиімді байланысты ұйымдастыратын, қоғам мүшелерінің ұлттық идеяға саналы көзқарасын қалыптастыратын және қазақ әдеби тілі нормаларын сақтайтын және қадағалайтын коммуникативтік алаң.

2. Сөзқолданыс – мерзімді баспасөздің ақпарат беру және ықпал ету функциялары үшін пайдаланылатын стандартты тілдік бірліктер мен сөз әсерлілігін туғызатын тілдік бірліктердің өзара байланыста, стильдік мақсатта жұмсалымы. Осы мүдде үшін әдеби тіл мен жалпы тілдік қордағы тілдік бірліктер мерзімді баспасөздің тілі мен стилінің тұтастығын қамтамасыз етеді. Сөзқолданыс – қазақ стилистикасының әдіснамаларын тереңдететін, қазақ тілтанымында түбегейлі зерттеуді қажет ететін категориалды аталым; мерзімді баспасөздің функционалды-коммуникативтік қызметін жүзеге асыруға сәйкес түсетін тілдік бірліктерді жинақталған атауы; коммуникативтік актіде жеке сөздің семантикалық, стильдік айқындылығымен қатар бір-бірімен дәнекерлесіп, бір-бірінің денотат немесе коннотат мағынасын таяныш етіп, логикалық ойды жүйелейтін сөз тіркестер.

3. Стандарттылық – қазіргі қазақ әдеби тіліндегі үрдістер мен үдерістерге тән құбылыс. Стандартты сөзқолданыс – ғылыми, ресми-іскери және мерзімді баспасөздің тіліне тән маңызды стильдік белгі. Тілдік бірліктердің стандартталуы сыртқы және ішкі лингвистикалық түрткіжайттардың ықпалына байланысты. Қазіргі күрделі ақпараттар ағыны және басқа да сыртқы факторлар деректер мен мәліметтерді дереу, ықшам және айқын жеткізуді қажет ететіндіктен, жазба коммуникацияда қарым-қатынасты жеңілдететін белгілі бір тілдік формулалар пайда болады. Осының нәтижесінде тілдің ішкі заңдылықтары қозғалысқа түседі, сөйтіп, тұрақтала бастаған тіркестер пайда болады. Тұрақтала бастаған тіркестер мен стандартты сөзқолданыс – функционалдық қызметі жетілген әдеби тілдің бір сипаты.

4. Мерзімді баспасөз тілінде ықпал ету функциясына сәйкес іріктелген, бастапқыда әсерлілік қуаты бар сөзқолданыстар орталық, аймақтық, өңірлік басылымдарда жоғары жиілікпен қолданылуы нәтижесінде стереотип → клише сатыларынан өтеді. Сөйтіп, әдеби тілдің сөздік құрамының стандартталған тілдік бірліктермен толығуына ықпал жасайды.

5. Сөз әсерлілігі – ақпаратты, идеяны ақиқат шындыққа сәйкес баяндау барысында сендіру, дәлелдеу, коммуникативтік тиімділікті арттыру мақсаты үшін игерілетін сөзқолданыстар. Қазіргі мерзімді баспасөз тілінде ықпал ету функциясына байланысты, белгілі бір модель түрінде, ықпал ету қуаты жағынан топтастырыла бастаған, сөз әсерлілігін туғызатын сөзқолданыстың негізгілері – теңеулер, перифраздар, тілдің лексикалық қабатының кейбір үлгілері және «әуез әдемілігі» (А. Байтұрсынұлы) бар дыбыстар, буындар үйлесімі (фоникалық құрылымдар). Ақпарат беру, қабылдаушыға әсер ету, идеялар мен ойды насихаттау, қоғам өміріндегі, қоршаған ортадағы ақиқат шындыққа иландыру мүддесінде ойды, идеяны әрлеп жеткізетін, әсерлі қуаты күшті тілдік бірліктер өзара ұйымдасып, біртұтас жүйе түзеді, осылайша әсерлі сөзқолданыс қалыптасады.

6. Ықпал ету функциясын пәрменді етуге қол жеткізетін тілдің әлеуетті мүмкіндіктері қазіргі қазақ мерзімді баспасөзінің тілінде кеңінен пайдаланылады. Тілдің әлеуетті мүмкіндіктерінің игерілу мақсаты – әлемдегі және елдегі оқиғалар мен үдерістерге қоғам мүшелерінің саналы көзқарасын ақиқат шындыққа сәйкес қалыптастыру, оқырманның санасы мен сезіміне қозғау салу. Бұл ретте қазіргі мерзімді баспасөз алдыңғы кезеңдердегі нұсқаларымен салыстыра қарағанда, тілдің әлеуетті мүмкіндіктеріне кеңінен иек артады. Ықпал ету функциясы үшін қазақ тілінің әлеуеті жан-жақты. Олардың қатарында теңеу, перифраз, фоникалық құрылымдар, образды-коннотаттық семантикалық бірқатар лексикалық қабаттар және лингвокреативті тілдік бірліктер қазіргі мерзімді баспасөзде жоғары жиілікпен және сөз әсерлілігін туғызу мақсатында қолданылады.

Зерттеу жұмысының мақұлданымы. Диссертация бойынша алынған нәтижелер мен қорытындылар15 мақала түрінде төмендегі басылымдарда жарық көрді:

1. The Phenomenon of Loan Translation and Its Influence on the Processes of Standardization of the Terminology System of the Kazakh Literary Language // Theory and Practice in Language Studies. – 2025. – Vol. 15. – No. 3. – P. 860-868. https://doi.org/10.17507/tpls.1503.21 (Бірлескен авторлар: Aldash A., Aldasheva K., Islamova A., Kulmanov S., Seyitova B.);

2. Тілдегі стандарттылық және тілдік бірліктердің стандартталуы (проблеманың қойылысы) // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2021. – № 1(75). https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.02. (Бірлескен авторлар: Алдаш А.);

3. Сөз байлығы және әсерлілік: мерзімді баспасөз тіліндегі синонимдердің қолданысы // «Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ» Хабаршысы журналы, «Филология ғылымдары» сериясы. – 2022. – №4 (67). https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.67.4.014 (Бірлескен авторлар: Алдаш А.);

4. Тілдік бірліктердің стандартталуы: стереотип, клише, штамп // «Тілтаным» журналы. – 2023. – №1 (89). – Б. 210-220. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-1-210-220;

5. The relevance and expressiveness of the word in modern written communication // «Тілтаным» журналы. – 2024. – №3. – Б. 74-185. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-174-185 (Бірлескен авторлар: Cetin I., Tleubayeva N.);

6. Қазақ ресми-іскери стилі: сипаттамасы, стандартты тілдік бірліктердің құрылымы мен мазмұны // «Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ» Хабаршысы журналы, «Филология ғылымдары» сериясы. – 2024. – № 3 (74). https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.3.74.001 (Бірлескен авторлар: Алдаш А.);

7. Stylistics of the Literary Word: the Results of Scientific Analyses and New Research Findings // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – №3 (195). – Б.4-14. https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v195.i3.ph01 (Бірлескен автор: Aldash A.);

8. Академик Рәбиға Сыздықтың лингвостилистикалық тұжырымдамалары: қазақ сөзінің стильдік тезге түсуі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, – 2025. – 198(2). – Б. 194-205. https://doi.org/10.26577/EJPh202519821 (Бірлескен автор: Алдаш А., Мухамеджанова Г.);

9. Литературная норма vs стандартный язык (на материале современного казахского литературного языка) // Вопросы гуманитарных наук. – 2021. – № 3. 2021. – С. 36-42. https://doi.org/10.25633/VGN.2021.03.02 (Бірлескен авторлар: Алдаш А.);

10. Газет тақырыбының әсерлілігі және лексика-семантикалық ерекшеліктері // «Тілтаным» журналы. – 2022. – №1 (85). – Б. 100-111. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2022-1-97-106;

11. The richness of speech and the effectiveness of the word (based on the material of the modern Kazakh literary language) // Proceedings of the International Conference “Process Management and Scientific Developments”. Birmingham, United Kingdom, October 13, 2021). Part 2. – P. 98-103. https://doi.org/10.34660/INF.2021.91.79.019;

12. К вопросу о контекстуальной синонимии // СХС студенческий международный научно-практический конференция «Молодежный научный форум». – 2022. – №39 (190). – С.19-23.

13. Тілдегі стандарттылық және әдеби тіл нормалары // «Жаһандану әлеміндегі ғылымның дамуы: Түркітану – Лингвистика – Филология» атты халықаралық конгресс жинағы. – Алматы, «Ел-шежіре» баспасы, 2024. – Б. 515-524. (Бірлескен автор: Тұрғынбаева Ж.);

14. Мерзімді баспасөз тіліндегі көнерген сөздердің әсерлілігі. Journal of Turkic Civilization Studies (JTCS). – 2024. – Vol. 4(2). – P. 235-243. https://jtcs.manas.edu.kg/index.php/main/article/view/106

15. The language of periodicals: standard and efficiency. SILK ROAD 3. International Scientific Research Congress. March 6-8, 2024. Samarkand, Uzbekistan. ISBN: 978-625-367-663-6. –116-117 p.

Зерттеудің құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗІНІҢ ТІЛІ МЕН СТИЛІ: ТІЛ ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1.1 Қазақ мерзімді баспасөзі – қазіргі жазба коммуникацияның лингвомәдени және коммуникативті кеңістіктегі маңызды тармағы

Жазба коммуникация – қоғам мүшелері арасындағы қарым-қатынас қызметінің негізгі құралы, белгілі бір қоғамдастықтың ұлт дәрежесіне жеткендігінің, ұлттық мәдениеттің құрамдас бір бөлігі. Ұлт Ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы өткен ғасырдың бас кезінде «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман, – жазумен дүнияның бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді» [3, 141-142] деп атап көрсеткен болатын. Профессор Қ. Жұбановтың орфография, жазу мәдениеті, терминология мәселелері жөнінде айтқан көзқарастары жазу жайына тікелей қатысты [4, 336]. Қазақ ортологиясының түйінді мәселелерін ғылыми тұрғыдан негіздеген академик Р. Сыздық «Бүгінгі қазақ тілінің қызметі жазумен астарласып жатыр, бұл күнде тіл жазусыз қызмет ете алмайды, сондықтан емле мәселесі де тіл мәдениетінде, яғни жазуда да дұрыстықты, жүйелілікті, қолайлылықты талап етеді [5, 5] деген тұжырым жасады. Академик Р. Сыздық мектебінің өкілдері сөз мәдениеті [6], ортология, стилистика [7], грамматология [8] салалары бойынша ұлттық қазақ жазуының жеке адам мен социум, тұтастай алғанда, қоғам үшін мәні мен мазмұнын өз ғылыми ізденістерінің қорытындыларына тірек етті.

Ел Президенті Қ. Тоқаев Ғылым ордасында сөйлеген сөзінде: «Жаңа нормалар біздің қоғамды жаңғыртуға, отбасы институтын нығайтуға елеулі үлес қосады деп сенемін» деген болатын [9]. Елдің тұтастай стратегиялық дамуымен байланысты қоғамдық жаңғыртуды жүзеге асыратын айрықша платформа – жазба коммуникация.

Тіл иелмендерінің арасындағы ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін жазу, демек, жазба коммуникация цифрлық технология қарқынды дамыған қазіргі кезеңде айрықша мәнге ие болып отыр. Жазба коммуникация – жазарман мен адресант (қабылдаушы) арасындағы коммуникативтік жағдаятқа, коммуникативтік стратегияға байланысты тарамдалып кететін күрделі құбылыс.

Жазба коммуникацияның аса маңызды түрі – мерзімді баспасөз.

Жаңа қоғамдық формацияға ауысқан бүгінгі қоғамда қазақ мерзімді баспасөзі тілдің өміршеңдігін сақтауда, жаһандануға араласу дәуірінде қазақ тілінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда, ұлт өркениетін ілгерілетуде, сондай-ақ қоғам мүшелерінің білімдік-танымдық индексінің жоғарылауына ықпалы жағынан маңызды рөл атқарып келеді. XXI ғасыр басынан бері тіл стратегиясының басым бағыттарына сәйкес қазақ тілінің қолданыс аясы кеңейген сайын қазақ мерзімді баспасөзінің функционалды-коммуникативтік сапасында тілдік-стильдік жаңа сипаттар айқын байқалады.

Бүгінгі қазақ мерзімді баспасөзінің функционалды-коммуникативтік сапасын ерекшелендіретін басты белгілердің негізгісі – қоғамының ішкі-сыртқы, әлеуметтік-мәдени бағыттарына қатысты ақпаратты жеткізу, мемлекет ұстанатын ұлттық идеяларды насихаттау мақсатында қоғам мүшелерінің саналы позициясын қалыптастыру үшін тілдік бірліктердің ұйымдасуы. Әрине, коммуниктивтік стратегияға орай тілдік бірліктердің іріктелуі – функционалды стильдік тармақтардың әрқайсысының стильдік маркерленген стильдік белгілерін даралайтын басты көрсеткіш. Стильдік айырым белгілері мейлінше анық топтастырылған басқа стильдік тармақтарға (ғылыми, ресми-іскери), сондай-ақ тілдік қордың барлық әлеуетіне сүйенетін шаршытоп алдындағы сөз бен эстетикалық функция атқаратын көркем әдебиет стиліне қарағанда, мерзімді баспасөзде тілдік бірліктердің ұйымдасуы күрделі. Бұл осы тармақтың жоғарыда аталған міндеттеріне тікелей байланысты. Ақиқат шындықты насихаттау, иландыру мүддесі көзделіп жеткізілетін ақпарат үшін мерзімді баспасөз тілдің барлық мүмкіндіктерін іріктеп, өңдеп пайдаланады. Бұл белгісі тілдің сөздік құрамына байланысты. Тілдің сөздік құрамын іріктеп, өңдеп игеру мерзімді баспасөзге жүктелетін сыртқы факторларға – қоғам дамуындағы саясі-әлеуметтік факторларға тәуелді. Белгілі бір кезеңде ақпарат тарату үшін іріктелген, өңделген, негізгі стильдік белгісі ретінде танылған тілдік бірліктер құрамы мен сапасы жағынан мерзімді баспасөздің қоғам мен әлеумет алдындағы міндеттері күрделенген сайын өзгереді. Өзгерулер стильдік белгілері болып қалыптасқан тілдік бірліктерінің бірқатарының бейактуалды лексикаға көшуі (сирек жұмсалымы немесе қолданыстан шығуы), жаңа тілдік бірліктердің жасалуы мен ұйымдасуы арқылы танылады. Осыған байланысты академик Р. Сыздық тіл – жанды процесс, сондықтан тіл жұмсалымындағы өзгерістерді «синхронды-нормативтік тұрғыдан зерттеу – бүгінгі қазақ тіл білімінің өзекті проблемаларының бірі болмақ» деп тұжырымдаған еді [10].

Синхронды үзіктерге бөліп зерттеуде ең алдымен уақыт пен кеңістіктің біртұтастығы негізге алынады. Синхронды үзіктер – шартты түсінік, үзіктер бірнеше онжылдықтарды, яки бес-он жыл көлемін де қамтуы мүмкін. Хронотоп өлшеміне салғанда, тілдің қолданысының осы кезеңдегі жай-күйін сипаттау дегенді анықтайды. Қазақ тілінің қолданысын синхронды-нормативтік өлшемге салып зерттеуде соңғы онжылдықтардың рөлі маңызды. Бұл кезең – тәуелсіздік жылдарынан бері қолданыс аясы кеңейген қазақ тілінің сөз байлығының мүмкіндіктерін сұрыптап игеру, сөздің коммуникативтік сапасын арттыру, әдеби тіл нормаларын қадағалау тұрғысынан жетілген кезі. Бұл факторды қазіргі мерзімді баспасөз тілінің эмпирикалық-фактілік материалдары анық дәйектейді.

Қазақ тілтанымындағы іргелі зерттеулердің тұжырымдары негізінде стильдік тармақтары әбден жүйеленген, стильдік белгілері сараланған қазақ әдеби тілі функционалды стильдерінің қатарында мерзімді баспасөздің тілі мен стилі маңызды орынға ие. Қазақ мерзімді баспасөзі алғашқы қалыптасу кезеңінен бастап атқаратын функциялары мен тілдік белгілері жақтарынан жетілудің бірнеше сатыларынан өтті. Бүгінгі қазақ мерзімді баспасөзі – қазіргі жазба коммуникацияның мейлінше сұрыпталған, мемлекеттік идеяны насихаттайтын

және мемлекеттік идеяға қатысты қоғамдық пікірді қалыптастыратын айрықша кеңістік.

Ел Президенті Қ. Тоқаев айтқандай, Қазақстан «көшке ілесетін емес, көшті бастайтын елдердің қатарында болуы керек» [11]. Бұл үшін ұлттық құндылықтарды сақтау және насихаттау ел дамуының басты ұстанымына айналуы тиіс. Осы тұрғыдан қазіргі қазақ мерзімді баспасөзі аса күрделі лингвомәдени кеңістік ретінде елдің даму деңгейін көтеруге бағытталған іс-шаралардың оңтайлы жүзеге асырылуына, қоғамдық-саяси сананың сапасын көтеруге ықпал етеді.

Тарихи қалыптасуынан бастап қазіргі синхронды даму сатысына дейінгі аралықта қазақ мерзімді баспасөзінің коммуникативтік кеңістіктегі қызметі айтарлықтай ұлғайды.

Коммуникативтік кеңістіктегі мерзімді баспасөз қызметінің тиімділігін ақпарат пен идеяның құрылымы қамтамасыз етеді. Ақпарат пен идея құрылымының жүйелі болуы мерзімді баспасөздің коммуникативтік әлеуетін күшейтеді. Мерзімді баспасөздің коммуникативтік қызметі екіжақты үдеріс – ақпаратты жеткізу және қабылдау арқылы жүзеге асады. Бұл үдеріс ақпараттық кеңістікті қалыптастырады.

Заңнамалық құжатта аталғандай «ауқымды деректер жиынтығы теңдесі жоқ өсуді көрсетуде. Бүгінгі күні адамзат «ақпараттық дүмпу» дәуірін бастан кешіруде – 2013 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңде деректердің жалпы саны 10 есеге ұлғаяды» [12]. Осыған байланысты мерзімді баспасөздің маңызды міндеті – қазіргі қоғам мүшелерінің қабылдауына сәйкес әлеуметтік-мәдени нормалар мен қағидаларды сақтау. Мерзімді баспасөзде қоғам мүшелерінің мемлекеттің қоғамдық, әлеуметтік, саяси бағыттарын тануына, қолдануына, түсінуіне ықпал ететін сөзқолданыс игеріледі және ұлттық болмысты танытатын, тіл байлығын насихаттайтын сөзқолданыс шоғырланады. Мұндай тілдік бірліктер ақпаратты қабылдаушының білімдік-танымдық көрсеткішін тұрақты ететін беделді коммуникативтік орта түзеді. Осы сипат қазақ мерзімді баспасөзі қалыптаса бастаған тұстан бастап көрініс тауып келеді, әсіресе қазіргі баспасөздің сөзқолданысында айрықша байқалады.

Мерзімді баспасөз тілі – жазба тілдің ерекше көрінісі ретінде белгілі бір тарихи кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік сұраныстарға сай қалыптасатын құбылыс. Ол халықтың күнделікті тілдік қолданысына негізделе отырып, сонымен бірге оның дамуына ықпал ететін маңызды коммуникативтік құрал қызметін атқарады. Бұл үдерісте мерзімді баспасөз тілінің халықтық тілден айрықша өзіндік ерекшеліктері бар.

Біріншіден, мерзімді баспасөз жанрлық сипатына қарай халықтық тілдің барлық байлығын түгелімен қолдана алмайды. Кез келген газет-журналдың бір санында, сондай-ақ белгілі бір публицистикалық мақалада халық тілінің барлық лексикалық қабаттары көрініс таба бермейді. Сол сияқты тілдің грамматикалық құрылымына тән барлық элементтер бірдей қолданылмайды. Бұл ерекшеліктер жанрлық талаптарға сәйкес тілдік құралдарды сұрыптаудан туындайды.

Екіншіден, мерзімді баспасөз тілінде жалпы халықтық тіл элементтерінің сұрыпталуы бір қарағанда байқалмауы мүмкін. Дегенмен бұл үрдіс тілдің жалпы жүйесімен, сондай-ақ әдеби норманың қалыптасуымен тікелей байланысты. Кей жағдайда халық арасында кеңінен тараған сөздер мен құрылымдар баспасөз материалына тән болмай, қолданыстан тыс қалады. Осы ретте мерзімді баспасөз әдеби тіл нормаларын басшылыққа алады және оның дамуында белгілі бір деңгейде реттеуші рөл атқарады.

Мерзімді баспасөз әдеби тілдің бірден-бір жалғыз үлгісі бола алмайды. Әдеби тіл өзінің көпқырлы жүйесі арқылы тек газет-журнал стилімен ғана шектелмейді. Оның аясында көркем әдебиет, ғылыми дискурс және ресми іс қағаздары сияқты басқа да функционалды стильдер қалыптасқан. Әр стильдің өзіне тән тілдік құралдары, қалыптасқан құрылымдары мен нормаға сәйкес ерекшеліктері бар.

Осыған байланысты мерзімді баспасөз тілін әдеби тіл жүйесінің құрылымдық бөлігі ретінде қарастыруға болады. Мерзімді баспасөз – әдеби тілдің дамуына ықпал ететін, әрі оны жетілдірудің бір тетігі ретінде қызмет атқаратын маңызды құбылыс. Баспасөз материалының тілін тарихи-синхрондық тұрғыдан талдау әдеби тілдің эволюциясын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен, баспасөз тілі – қоғамның әлеуметтік-мәдени және саяси үрдістерімен тығыз байланыста дамитын, үнемі жаңарып, жетіліп отыратын динамикалық жүйе. Ол әдеби тілдің маңызды тармағы ретінде ақпарат жеткізумен қатар, қоғамдық сананы қалыптастыру, идеологиялық ұстанымдарды тарату және ұлттық құндылықтарды дәріптеу сынды кешенді қызмет атқарады. Осыған байланысты баспасөз тілі стандартталған тілдік құрылымдармен қатар, эмоционалды-экспрессивті бірліктерді де қамтып, публицистикалық стиль аясында өзіндік заңдылықтарға бағынады.

Мерзімді баспасөз мәтіндерінің эстетикалық табиғаты да өзіндік ерекшеліктерге ие. Бұл ерекшеліктер, ең алдымен, газет жанрларында (мақала, репортаж, очерк, фельетон, корреспонденция) көрініс тауып, олардың мазмұны мен формасына тікелей ықпал етеді. Газет мәтіндері тек ақпарат таратуға бағытталып қана қоймай, әлеуметтік мінез-құлықты сипаттау, қоғамдық пікір қалыптастыру, жаңа терминологиялық бірліктерді орнықтыру сияқты маңызды қызметтерді атқарады. Мұндай ерекшеліктер баспасөз тілінің функционалды стильдер жүйесіндегі орнын айқындауға мүмкіндік береді.

Қазіргі қазақ мерзімді баспасөзінің лингвомәдени және коммуникативтік кеңістік ретіндегі сипаттары мен қоғамдық-функционалдық жүктемесін зерделеу оның тарихи даму сатыларымен байланысты. Өйткені бүгінгі баспасөздің стильдік жүйесі мен сөзқолданыс ерекшеліктері, идеологиялық және танымдық қызметтері белгілі бір тарихи үдерістің, дәуірлік тәжірибе мен мәдени контекстің нәтижесі ретінде орнықты. Осы ретте қазақ баспасөзінің қалыптасу кезеңдерін, оның қоғамдық ой-сананы оятудағы, ұлттық бірлікті нығайтудағы және тілдік нормаларды орнықтырудағы рөлін зерделеу – қазіргі баспасөз тілінің табиғатын түсінудің маңызды алғышарты.

Қазақ баспасөзінің қалыптасу тарихы XIX ғасырдың екінші жартысындағы *«Түркістан уәлаяты»* және *«Дала уәлаяты газетінен»* бастау алады. Бұл басылымдарда қазақ тіліндегі алғашқы публицистикалық жанрлар пайда болды.

Мәселен, 1870 жылы Ташкент қаласында «Түркістан уәлаятының газеті» шығып, 1882 жылға дейін қазақ және өзбек тілдерінде басылды. Бұл басылым қазақ жұртына алғаш рет газеттің не екендігін таныстырып, қоғамдық ақпарат таратудың жаңа үлгісін көрсетті. Газет беттерінде жаңалықтар, жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігі, тарихы мен этнографиясы туралы материалдар жарияланды. Басылым қазақ жастарына оң әсер етіп, білім мен мәдениетке ұмтылуға шақырды.

Ал 1888-1902 жылдары Омбы қаласында «Дала уәлаятының газеті» жарық көрді. Бұл басылым бастапқыда Омбыдағы «Ақмола облыстық ведомостары» газетіне арнайы қосымша ретінде шығып, кейіннен «Қырғыз даласы газеті» деген атпен жалғасты. «Дала уәлаятының газеті» қазақ және орыс тілдерінде басылып, ресми бөлімінде патша үкіметінің жарлықтары мен заңдарын қазақ оқырмандарына жеткізіп отырды. Ресми мақсаты отарлық әкімшіліктің бұйрықтарын жұртқа таныстыру болса да, бұл газет беттерінде де қазақ халқының тұрмыс-салты, мәдениеті мен шаруашылығы жөнінде танымдық материалдар басылған.

1905 жылғы орыс революциясынан кейін патша үкіметі баспасөзге біраз еркіндік беруге мәжбүр болды. Осы тұста қазақ зиялылары ұлттық баспасөзді қалыптастыруға талпыныс жасайды. 1905 жылы *«Тұрмыс»* газеті, 1907 жылы Санкт-Петербургте М. Дулатовтың бастамасымен *«Серке»* газетін шығаруға әрекет жасалды. Бұл газеттің бірінші нөмірінде М. Дулатов жасырын атпен «Жастар» деген өлеңін және «Біздің мақсатымыз» атты мақаласын жариялаған еді. Алайда халықты оятуға үндеген осы мақалалардан соң, «Серке» газеті сол санынан кейін дереу жабылып қалды.

1911 жылы қазақ тіліндегі алғашқы журнал дүниеге келді. Троицк қаласында М. Сералиннің редакторлығымен «Айқап» журналы шығарыла бастады. 1911 жылдың қаңтарынан 1915 жылға дейін небәрі 88 саны жарық көрді. Журнал беттерінде ағартушылық мәселелер, ауыл мектептері, әйел теңдігі, қазақтардың отырықшылыққа көшуі тәрізді әлеуметтік тақырыптар кеңінен талқыланды. Сондай-ақ «Айқап» Мемлекеттік Думаға қатысу, жер мәселесі сияқты саяси сауалдарды көтеріп, халықтың азаматтық белсенділігін оятуға тырысты. М. Сералин бастаған бұл басылым төңірегіне қазақтың беткеұстар зиялылары топтасты. Журналдың тұрақты авторлары қатарында Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев, Бейімбет Майлин сынды танымал қаламгерлер болды. Олар «Айқап» арқылы халқымыздың мұң-мұқтажын жеткізіп, ғылым-білімге үндеді. Журналдың қазақ прозасының, драматургиясының және әдеби сынның қалыптасуына ықпал етті.

1913 жылы Орынборда «Қазақ» газеті жарық көрді. «Қазақ» газеті – қазақ тіліндегі ұлттық баспасөздің биігі саналған басылым. 1913 жылғы 2 ақпанда Орынборда Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан және Міржақып

Дулатовтың ұйытқы болуымен алғашқы саны шыққан бұл газет 1918 жылға дейін үзбей жарияланып тұрды. Бастапқыда апталық болып басталған «Қазақ» 1915 жылдан аптасына екі рет басылды, барлығы 265 саны жарық көрді. «Қазақ» газеті өз дәуірінде қазақ қоғамының «көз, құлақ һәм тілі» міндетін атқарды деп бағаланады [13, 5]. Басылымның мазмұны мен міндеті ұлт өмірінің барлық көкейкесті мәселелерін қамтыды. Яғни жерді пайдалану, отарлық саясатқа қарсылық, білім-ғылым, мәдениет, денсаулық сақтау, дін және құқық тақырыптары кең талқыланды. Газет бетінде ел болашағына алаңдаған арыстардың үні жарияланып, халықтың құқығын қорғау, теңдік пен азаттық идеялары насихатталды.

1910-жылдардың басында қазақ даласының түрлі өңірлерінде тағы бірнеше басылымдар шыға бастады. Мәселен, Бөкей Ордасында Елеусін Бұйрин 1911-1913 жылдары «Қазақстан» газетін шығарды.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс пен 1917 жылғы Ресей төңкерістері қазақ баспасөзінің бағытын жаңа арнаға бұрды. Патшалық цензураның әлсіреуімен бірге саяси басылымдар шығуына мүмкіндік туды. 1916 жылы шыққан «Алаш» газеті сол тұстағы қазақтың саяси көзқарасын білдіретін басылым болды. Одан кейін Алашорданың ықпалымен 1917 жылы Омбыда «Бірлік туы», Семейде «Сарыарқа» газеттері жарық көрді. «Бірлік туы» газеті мен «Сарыарқа» газеті Алаш партиясының үнжариялары ретінде халқымыздың өзін-өзі басқару, ұлттық бірлік идеяларын көтерді. 1918 жылы Семей қаласында Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезовтің бастауымен «Абай» журналы шықты. Бұл журнал Абай Құнанбайұлының атын иемденіп, әдеби-мәдени ой-пікірдің мінберіне айналды. «Абай» журналында әдеби шығармалармен қатар ұлт болашағы жөніндегі мақалалар жарияланып тұрды.

1917-1918 жылдары қазақ жастары да баспасөзге атсалысып, «Жас азамат» газетін шығарды. Бұл басылым жастардың үні болып, азаттық рухын жас ұрпақ арасында таратты. 1919 жылы қазақтардың тәуелсіз газет шығаруға тағы бір талпынысы – «Еркін қазақ» газеті болды.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де қазақ баспасөзі жаңа сипатта дами бастады. 1919 жылдың желтоқсанында Орынборда «Ұшқын» атты газет шығып, кеңестік Қазақстанның тұңғыш ресми басылымы ретінде тарихқа енді. Кейін бұл газеттің атауы бірнеше рет өзгерді. Қазірге дейін жалғасып келе жатқан «Егемен Қазақстан» газеті сол «Ұшқыннан» бастау алады.

1920 жылы Ташкент қаласында Түркістан АКСР-інің орталық басылымы ретінде «Ақ жол» газеті жарық көрді. «Ақ жол» газеті алғашқы жылдары Алаш зиялыларының біразы шоғырланған ортаға айналып, ұлт мәселелерін кеңес үкіметі жағдайында талқылаған мінбер болды (мұнда Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатов сияқты қайраткерлер еңбек еткен). 1922-1923 жылдары Ташкентте қазақтың ақын-жазушылары және ғалымдарының басшылығымен «Шолпан», «Сана», «Темірқазық» секілді журналдар шығарыла бастады. Мәселен, 1922 жылдың қазанынан 1923 жылдың маусымына дейін Ташкентте шығып тұрған «Шолпан» журналына Мұхтар Әуезов пен Абубәкір Диваев зор үлес қосқан. Бұл журналдың бетінде Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері мен

әңгімелері, қазақ әйелдерінің тағдыры туралы өткір мақалалар жарық көріп, ұлттық руханияттың дамуына қызмет етті. «Сана» журналы ғылыми-ағартушылық бағытта болып, тарих, этнография, тіл білімі мәселелерін қозғады, ал «Темірқазық» әдеби журнал ретінде қазақтың көркем сөзін жаңа белеске шығаруға атсалысты. Осы басылымдардың барлығы ұлттық сана-сезімді тәрбиелеп, алаштық идеяларды кеңінен насихаттау арқылы қазақ қоғамындағы рухани серпіліске ықпал етті.

XX ғасырдың алғашқы ширегінде қазақтың саяси элитасы мен шығармашыл зиялылары ұлттық баспасөзді халықты ағарту мен ұйыту құралы ретінде пайдаланды. А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейхан, М. Дулатов, Ж. Ақпаев, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Тынышбаев сынды алаш қайраткерлері газет-журнал шығару ісіне белсене араласып, баспасөз арқылы халқының сөзін сөйледі. Олар қазақ басылымдарының беттерінде білім-ғылымды дамыту, жер мәселесін шешу, ұлттық бірлікті нығайту, әйел теңдігін қорғау, өзін-өзі басқару сынды сан қилы тақырыптарды көтеріп, өз заманының өзекті мәселелеріне жұртшылықтың назарын аударды. Қазақ баспасөзі сол кезеңде қоғамның барлық саласына араласып, публицистиканың барлық жанрларында қалам тартуға мүмкіндік берді. Зиялылар публицистикасы арқасында қазақ оқырмандары алғаш рет газеттер мен журналдар арқылы замана тынысын сезініп, қоғамдық ойға ортақтасты.

Тұтастай алғанда, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ баспасөзінің қалыптасу кезеңі – ұлттық сананың оянуындағы шешуші кезең болды. Бұл басылымдар, бір жағынан, қоғамдық реформаларды насихаттау сияқты ақпараттарды таратса, екінші жағынан, ұлттық тіл мен мәдениетті сақтау, білім мен ғылымның маңызын түсіндіру арқылы ұлт зиялыларының ағартушылық идеяларын жүзеге асыратын алаңына айналды.

Алаш қайраткерлері баспасөздің ұлттық дамуға қосатын үлесін атап көрсетіп, сол арқылы қазақ баспасөзіне тән мазмұндық-танымдық бағдарды айқындап берді (Кесте 1).

Кесте 1 – Алаш қайраткерлерінің тұжырымдары

№	**Алаш қайраткерлері**	**Тұжырымдары**
1	Ә. Бөкейханұлы	Байлық түбі – ақыл һәм қол ұсталығы. Осы екеуі қосылмай, адам баласы қазынаға жарымайды. Ақыл да, ұсталық та оқумен, істеумен жүре ұлғаяды [14, 27].
2	А. Байтұрсынұлы	Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі [15, 101].
3	М. Дулатұлы	Мен бұл мақаланы «Баспасөзіміз не күйде?» деп бастағанда... мақсұтым – баспасөзімізді ілгері бастыру жолында не істегенімізді көрсетіп, енді мұнан былай не істеу керектігін айтқым келді [16, 118].
4	Ж. Аймауытұлы	Ағаш көркі – жапырақ, газет көркі – ел хабары. Газет қалың бұқаранікі болуы үшін, елмен қоян-қолтық айқасуы керек [17, 8].

1 – кестенің жалғасы

5	М. Әуезов	Жазба әдебиетте Абайдан соң аты аталатын – «Қазақ» газеті... Қазақ жұрты ел дертінің себебін ұғып, емін біліп, құрғақ уайымнан да, бос сөзден де іске қарай аяқ басамыз деп, талап қыла бастаған уақытына келеді [18, 61].

Қазақ баспасөзінің тарихи дамуын зерделеуде А. Байтұрсынұлының ағартушылық және ұлттық-идеологиялық ұстанымдары ерекше мәнге ие. Қазіргі кезеңде баспасөздің ақпараттық және идеологиялық қызметінің қатар жүретінін ескерсек, оның көзқарастары публицистикалық стильдің негізгі ұстанымдарын айқындайтын теориялық негіз ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, публицистикалық мәтіндерді зерттеу барысында баспасөзді тек ақпарат таратушы құрал ғана емес, қоғамдық сананы қалыптастырушы фактор ретінде бағалау маңызды.

Ғалымның баспасөз тіліне, функциясына байланысты тұжырымдары қазіргі таңда да өзекті. А. Байтұрсынұлы пайымдауынша: а) газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе; ә) газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі; б) газет – халыққа білім таратушы [15, 101]. Шын мәнінде, сол кезеңдерде алғашқы газеттер арқылы қазақ халқы естімегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, парасат-пайымы кеңейді, осылайша «Қазақ» газеті қазақ қауымының арасында лингвомәдени және коммуникативтік кеңістік қалыптастырды. Әсіресе халықтың сауатын жетілдіру мен ағартушылықты насихаттайтын мақалалар мен пікірлер тілдің барлық заңдылықтарын танытуға әлеуетті жазба коммуникацияның айрықша үлгілері бола алды.

Белгілі қаламгер М. Әуезов баспасөздің, әсіресе газеттің қоғамдағы рөліне назар аударта отырып, оны ұлттық әдебиеттің маңызды құрамдас бөлігі ретінде бағалады. Ғалымның пайымдауынша, газет пен журнал ұлттық әдебиеттің тірек нүктесі болып қана қоймай, сонымен бірге қоғамдық сананы қалыптастыратын, ел ішіндегі кемшіліктерді түзетіп, болмыс пен ойды білім мен өркениетке бағыттайтын маңызды құрал қызметін атқарады. М. Әуезов баспасөзді халықтың әлеуметтік-мәдени деңгейін көтеретін, қоғамдық пікір қалыптастыратын және ұлттық сананың дамуына ықпал ететін жетекші фактор ретінде қарастырды [19, 18].

Қазақ баспасөзінің қалыптасу кезеңінен қазірге дейін лингвомәдени және коммуникативтік кеңістік ретіндегі қызметі бірнеше бағытта көрінеді.

Тіл тарихына қатысты зерттеулерде XIX ғасырдың соңына қарай баспасөз үлгілерінің пайда болуына байланысты алдыңғы кезеңдердегі ауызша дамыған әдеби тілдің әдеби нормаларға қарай синтезделу, сөз құрамының жаңару, ғылыми терминологияның реттелу үдерістері басталғаны аталады. Академик Р. Сыздық еңбегінде XIX ғасырдың II жартысында функционалды стильдер тарамдала бастап, олардың қатарында қоғамдық-публицистикалық стильдің пайда болғаны аталады. Лингвомәдени және коммуникативтік кеңістік тұрғысынан бағалағанда, академик Р. Сыздық саралаған негізгі белгілері мыналар:

– ақын-жыраулар шығармаларында молынан игерілген қазақтың төл сөздері қолданысының сақталуы;

– араб-парсы сөздерін пайдалануда, рухани дүниеге, оқу-ағарту, білім мен саяси ұғымдарды беруде әріден келе жатқан, жалпы жазба түркі тілдері дәстүрінің сақталуы;

– мерзімді баспасөздің сұранысына орай әлеуметтік-саяси ұғымдарды атайтын сөз топтары қалыптасуы; төл сөздердің термин деңгейіне жетуі;

– байырғы сөздерге жаңа мағына үстеу, жаңа сөз жасау амалдарының қарқындылығы;

– баспасөз тіліне біртіндеп жергілікті тіл ерекшеліктері мен орыс тілі сөздерінің ене бастауы;

– осы кезеңдегі баспасөзде емле мәселесінің де біртіндеп қадағалана бастауы [20, 202-205].

Алғашқы қазақ баспасөзі үлгілерінің тіліне сипаттама жасаған профессор Б. Әбілқасымов ең алдымен XIX ғасырдың соңғы кезеңінде жарық көрген мерзімді басылымдардың әдеби тілді дамуындағы орнына ерекше назар аударады. Ғалымның көрсетуінше, төл сөздер жаңа сапаға ие болған, жаңа сөздермен толыққан, сөздік құрам қабаттарының арасалмағы, қазақ тілінің грамматикалық жүйесі мен емле заңдылықтары біршама реттеле түскен кезең – осы кезең [21, 52-53; 157-167]. Академик Р. Сыздық пен профессор Б. Әбілқасымовтың зерттеулері бірін-бірі толықтырады, сөйтіп, сөз болып отырған диахронды аспектіде қазақ баспасөзінің лингвомәдени, коммуникативтік орта орнатудағы рөлі жөнінде толық ақпарат береді.

Академик Ш. Құрманбайұлының көрсетуінше, «үстіміздегі ғасырдың 10-жылдарынан бастап (XX ғасыр туралы – А.С.) ғылымның түрлі салалары бойынша қазақ тілінде оқулықтар жазылып, қазақ баспасөзінің ел арасына ғылым-білімді кеңінен насихаттауы – ғылыми терминологияның қалыптасуына негіз болды. А. Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының термин шығармашылығында ұстанған принциптері терминологиялық лексиканы жалпыхалықтық тіл негізінде жасауға бағытталғандығымен ерекшеленеді [22, 99].

XX ғасыр басындағы «Қазақ» газетінің тіл дамуындағы үдерістерге қатысты орны мен рөлі профессор Б. Момынованың еңбегінде жан-жақты талданған. Ғалым «Қазақ» газетіндегі қоғамдық-саяси лексикаға статистикалық, стилистикалық талдау жүргізу арқылы осы қабаттың публицистикалық стильді дамытудағы орнын көрсетіп берді [23].

Кезеңдерге бөліп қарағанда, әрине, қазақ баспасөзінің әр онжылдықтар немесе ширек ғасыр сайын жеке функционалды стиль ретінде дамуын, оның тілдік-стильдік ерекшеліктерін талдау маңызды. Бұл қоғам дамуындағы өзгерістерге, тіл динамикасындағы сипаттарға байланысты.

Р. Барлыбаевтың «Қазіргі қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика» деп аталатын еңбегінен негізінен кеңестік дәуірдегі қоғамдық-саяси мазмұнға ие терминдердің жиынтығы жөнінде мәлімет алуға болады. Зерттеуде негізінен орыс тілі арқылы енген терминдер топтастырылған. Жалпы алғанда, осы

еңбектен мерзімді баспасөздің стильдік белгілерін айқындайтын белгілі бір кезеңдегі толық сипаттамасы бар [24].

Бұл ретте 1960-жылдардың орта тұсынан бастап мерзімді баспасөз тілі бірнеше арнада зерттеу нысанасы бола бастағандығын атап өткен жөн. Ең алдымен кеңестік кезеңдегі қазақ әдеби тілінің дамуын сипаттауда мерзімді баспасөз тілінің орны ерекше аталды. Осыған байланысты екі пікірді ұсынамыз. Академик Р. Сыздық көркем әдебиет пен публицистикалық стильдің лингвомәдени кеңістіктегі орнын салыстыра келе, «... ғылыми-техникалық, шаруашылық, экономикалық, мәдени салалардың терминологиясын жасап, қалыптастыруда, кейбір морфологиялық дублет тұлғалардың бір вариантын әдеби деп ұсынуда және тағы басқа тұстарда баспасөз тілі жетекшілік рөл атқарған болатын» деген қорытынды жасады [25, 6]. Ал ғалым С. Исаев тілдік құбылыстардың көпшілігі әуелі мерзімді баспасөз тілінде қолданылады, кейін қалыптасып, нормаланып әдеби тілге енеді, яғни әр алуан жаңа сөздер мен тың конструкциялар әдеби тілге «мерзімді баспасөз тілі келген жаңалықтар» деп атап өтеді [26, 9]. Бұл пікірлерден анық байқалатыны – осы кезеңде қазақ тілінің сөздік құрамына орыс тілінің әсері айқын көрінді, сөйтіп, тілші ғалымдар мерзімді баспасөздің эмпирикалық фактілері арқылы, біріншіден, жалпы қазақ тілінің синхронды жай-күйін бағалады, екіншіден, біршама таптаурын бола бастаған сөз мәдениеті проблемаларын, атап айтқанда, сөзқолданыстағы «жөнді / жөнсіз ауытқу», емле, ауызша сөз бен жазба тілдің арақатынасы жөніндегі өзекті тұстарды анықтаудың негізгі дереккөзі ретінде алды.

Мәселені осылайша талдау, жалпы алғанда, өткен ғасырдың орта кезіндегі қазақтілді қауымның лингвомәдени және коммуникативтік кеңістігінің қандай деңгейде екендігін тануға мүмкіндік берді.

Қазақ баспасөзі XX ғасырдың соңғы онжылдықтарында лингвистикалық зерттеулердің негізгі дереккөзіне айналды. Бұл кезең – жалпы қазақ тілінің дамуындағы күрделі мерзім. Тілге қатысты мемлекеттік стратегиялық іс-шаралардың әлеуметтік-саяси маңызға, қазақ тілінің қолданыс аясын ұлғайтуға, заңнамалық талаптарды жүзеге асыруға байланысты әдеби тілдің функционалды стильдерінің тілі мен стилінде сапалық жаңа өзгерістер көрініс тапты. Бұл, әсіресе мерзімді баспасөзге қатысты. Қазақ тілтанымында қазақ терминжүйесін біріздендіру, жаңа қолданыстар, мерзімді баспасөздің прагматикалық рөлі туралы зерттеулер қолға алынды.

Өткен ғасырдың соңғы жылдарындағы лингвомәдени кеңістік ретінде қазақ баспасөзі тілдегі жаңа қолданыстардың пайда болуына, қолданысқа түсуіне негіз болды. Тоқсаныншы жылдардағы қазақ тіліндегі жаңа қолданыстар алғаш ғылыми зерттелген еңбекте «қазақ әдеби тілі функционалды стильдерінің қатарында публицистикалық стиль (мерзімді баспасөз) тіл дамуындағы ең мәнді, маңызды мәселелерге қатысы, тіл эволюциясындағы басты ерекшеліктерді қамтуы жағынан, тіл жүйесіне тән жаңа сапаларды, соны белгілерді, жүйелі ерекшеліктерді танытуы тұрғысынан жетекші орынға ие» екендігі аталады [27, 36].

Осы ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап қазақ мерзімді баспасөзінің тілі мен стилі антропоөзектік, прагматикалық бағыттардың эмпирикалық материалдар арқылы дәлелденуінде де басты рөл атқарып келеді.

Д. Әлкебаева прагмалингвистиканы шынайы болмысқа негізделген коммуникация үдерісінде тілдің субстанционалды әрі функционалды қасиеттерін және олардың өзара байланысын зерттейтін ғылым саласы ретінде анықтайды. Прагмалингвистиканың түпкі мақсаты – адамның шынайы өмірлік жағдаяттарда таңбалық құралдар арқылы өз ойын тыңдаушысына немесе оқырманына тиімді жеткізу мүмкіндіктерін үйрету. Осыдан келіп, профессор публицистикалық стильдің тілдің екі негізгі қызметін жүзеге асыратынын көрсетеді: біріншісі – ақпарат жеткізу (хабарлау), екіншісі – ықпал ету (әсер ету). Ғалым тілдің осы қос қырлы қызметін, олардың ортақ прагматикалық әрекетін баспасөз тілінің тілдік құрылым жүйесінің негізгі ерекшеліктерінің бірі ретінде қарастырады [28, 102].

Қ. Есенова мерзімді баспасөздегі материалдардың бәрі дерлік бұқараға әсер ету мақсатын көздейтінін, сондықтан оларда әртүрлі прагмалингвистикалық амал-тәсілдердің кеңінен қолданылатынын атап көрсетеді [29, 3].

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде қазақ баспасөзі әр кезеңде бір жағынан сабақтастықта, екіншіден, сапалық жағынан дамып, жетіліп отырғаны анық байқалады. Қазақ баспасөзінің әрбір кезеңдегі сипаты қоғам дамуындағы өзгерістерге байланысты. Қай кезеңде де болмасын, мерзімді баспасөздің негізгі функциялары – ақпарат беру және әсер ету функциясы сақталады. Дамып, жетілу үдерістерінің бірінші себебі осы екі функцияның арасалмағының ауысуынан көрінеді. XX ғасырдың орта тұсына дейін қазақ баспасөзінде ақпарат жеткізу қызметі басым болды. Бұл басымдықты тілдік құралдардың саяси идеологияны беруге бағытталған стандарттылығы (клише және клишенің штампқа ауысуы) дәлелдейді.

XX ғасырдың соңғы онжылдықтарынан бастап экстралингвистикалық факторлардың ықпалымен қазақ мерзімді баспасөзінің жалпы бейнесі өзгерді. Ғалымдардың көрсетуінше, «бұған дейінгі жылдарда пайдаланылған бірізді синтагмалық қатарлардың (*еңбек биігі, еңбек межесі, еңбек саңлағы, еңбек майталманы*), «сериялы» перифразалардың (*көгілдір отын, дала аруы, жұмсақ алтын*) қолданысы азайды, қоғамдық-саяси лексиканың елеулі тобы бейактуалданды. Бұл жағдайға қоғам дамуындағы саяси-әлеуметтік бетбұрыстың ықпалы бар екендігі мәлім» [27, 102].

Қазіргі қазақ баспасөзінің басты белгісі – атқаратын функцияларының арасалмағының өзгеруі, нақты айтқанда, әсер ету функциясы рөлінің артуы. Әрине, шапшаң, ақиқатқа негізделген ақпарат жеткізу – осы тармақтың басты міндеті. Сонымен қатар жаңа қоғамның, мемлекеттің ұстанған саясатына байланысты мерзімді баспасөздің қазіргі басты функциясы – мемлекеттік стратегиялық бағыттардың мазмұны мен мәнін түсіндіру және сендіру арқылы қоғам мүшелерінің санасына қозғау салу, халықты саналы көзқарасқа ұйымдастыру. Осы себепті қазіргі мерзімді баспасөз жаңа ішкі жанрлармен толықты, әр жанрдың сөзқолданысы әсер ету функциясына қарай бейімделді.

Осы себепті қазіргі баспасөздің сөзқолданысында бірнеше маңызды белгілер бар. Олар:

– ұлттың қоршаған ортаны бағалауынан жасалып, қазақ тілінің сөз қазынасы ретінде сақталған үлгілерді – экспрессивті-бағалауыш лексиканы, әсерлілік тудыратын құрылымдарды (көріктеу құралдары, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер мен қанатты сөздер, дыбыстар үйлесімділігі) пайдалануды сабақтастықта жалғастыруы;

– қазақ тіліндегі әсерлілік тудыратын құрылымдардың қазіргі реципиентке ықпал ету пәрмеңділігін арттыру мақсатында түрліше модификациялануы (*Төртеу түгел болса, төбедегі қаржы түседі. Жіліктің майлы басы кеден деген);*

– қазақ сөзінің коннотат мағынасын бағалауыш сипатта пайдалануы;

– қазақ тілінің ішкі әлеуетін сарқа пайдалану стратегиясына сәйкес әлеуметтік-мәдени, ғылыми аталымдарды кеңінен танытуы;

– саяси мәнді лексиканы, идеологеманы қалыптастыруы (*ұлттық ойсана, азаматтық татулық, бітімгершілік, бітімгер күш, әлеуметтік күйзеліс, отандастар, қандастар, бауырластар, отаншылық, ұлтжанды);*

– әдеби тілдің қазіргі жай-күйіндегі тың сипаттар мен толығу, жаңару үдерістерін тануға негіз болуы;

– әдеби тіл нормаларының (орфографиялық, пунктуациялық) қадағалануы;

– тұтастай алғанда, қазақ әдеби тілінде қазіргі кезде жүріп жатқан үдерістерді саралауға дереккөз болуы.

Осы аталғандар және басқа да тілдік-стильдік ерекшеліктері жағынан қазіргі қазақ баспасөзі – ұлттық жазба коммуникацияның синхронды жай-күйін бағалауға мүмкіндік беретін, аса маңызды лингвомәдени және коммуникативтік кеңістік.

1.2 Мерзімді баспасөз тілінің зерттелуі: жалпы шолу

Жазба коммуникацияның динамикалық тармағы – қазіргі мерзімді баспасөздегі сөзқолданыстың, оның ішінде стандарттылық пен әсерліліктің тілтанымдық тұғырларын айқындау үшін отандық және шетелдік тіл біліміндегі мерзімді баспасөздің зерттелуіне шолу жасау маңызды.

Қазақ баспасөзінің тілдік ерекшеліктері, оның құрылымдық жүйесі мен стильдік сипаттамалары – тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі. Бұл салада әр кезеңде жүргізілген зерттеулер мерзімді баспасөздің қазақ әдеби тілінің дамуына, оның заңдылықтарын қалыптастыруға, қоғамдық сана жаңғыртуға тигізетін ықпалы жан-жақты қарастырылып келеді. Қазақ баспасөзі қалыптасуы мен дамуы туралы ғылыми зерттеулер баспасөз материалдарының грамматикалық, лексикалық, стильдік құрылымын жүйелі түрде саралауға бағытталған.

Қазақ баспасөзіне қатысты ғылыми тұжырымдарды және өзге де іргелі зерттеулерді саралай келе, зерттеу аспектісіне қарай төмендегідей топтастырылды:

– қазақ баспасөзінің тілдік құрылымы мен стильдік сипаттамалары XX ғасырда бірқатар ізденістердің зерттеу нысанына айналды. Осы кезеңдегі баспасөз материалдарының тілдік ерекшеліктерін талдаған еңбектер қатарында С. Аманжолов, М. Балақаев, Б. Әбілқасымов, Е. Жанпейісов, С. Исаев, Р. Сыздық сынды зерттеушілердің жұмыстары маңызды орын алады;

– қазақ баспасөзінің құрылымдық жүйесі, оның тарихи қалыптасу кезеңдері мен стильдік ерекшеліктері Х. Бекхожин, Б. Кенжебаев, Н. Қарашева, Ү. Субханбердина, А. Алдашева, О. Бүркітов, Б. Момынова, Ш. Мәжітаева еңбектерінде талданды. Бұл ғалымдар мерзімді баспасөздің қазақ тілінің дамуына қосқан үлесін тарихи-ғылыми тұрғыдан бағамдап, оның әдеби тіл қалыптастырудағы рөлін саралады;

– Қ. Жұбанов, І. Кеңесбаев, М. Балақаев, Ы. Ысқақов, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, Ш. Сарыбаев, М. Серғалиев, Ө. Айтбайұлы, Б. Қалиұлы, Ә. Болғанбайұлы сынды ғалымдар баспасөз тіліне функционалды стильдер, терминология, тіл мәдениеті мәселелерімен сабақтастыра отырып, жан-жақты талдау жасады;

– қазіргі кезеңдегі қазақ баспасөзінің құрылымдық өзгерістері мен оның стильдік, прагматикалық және когнитивтік ерекшеліктерін зерттеуде Қ. Есенова, Г. Жұмашева, Ф. Жақсыбаева, Г. Смағұлова, С. Қисымов, Р. Тұяқбаева, А. Мұсабекова, С. Сапина, Н. Кенжебекова, М. Мұқашева, Н. Дәулеткереева, Б. Райымбекова сынды зерттеушілердің еңбектері ерекше орын алады. Бұл ғалымдар бұқаралық ақпарат құралдарының тілдік ерекшеліктерін, оның қоғамдық санаға әсерін, лексикалық және стильдік деңгейдегі өзгерістерін жан-жақты талдаған;

– соңғы онжылдықтарда қазақ тіл білімінде бұқаралық ақпарат құралдарының коммуникативтік қызметіне, стильдік ерекшеліктеріне және прагматикалық мүмкіндіктеріне де баса назар аударылып отыр. Бұл бағытта Ш. Сарыбаев, М. Серғалиев, Қ. Неталиева, Ғ. Смағұлова, О. Бүркітов, С. Қисымов, С. Аташев және т.б. ғалымдардың еңбектері бар.

Қазақ баспасөз тілін әдеби нормалармен сабақтастыра отырып, алғаш зерттеген ғалымдардың бірі – Б. Әбілқасымов. Ғалым мерзімді баспасөздің фонетикалық-орфографиялық жүйесін, лексикалық құрамын және грамматикалық ерекшеліктерін жан-жақты талдады. Ғалымның баспасөз тілінің тарихы, заңдылықтары жөніндегі көзқарасы төмендегідей:

«Қазақ баспасөзінің пайда болуы, ең алдымен, қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің қалыптасуына елеулі ықпал етті. Бұл үрдіс жаңа қоғамдық-публицистикалық, ғылыми-көпшілік әдебиеттер стилінің негізін қалыптастыруға, сондай-ақ ресми іс қағаздары стилінің одан әрі жетілуіне жағдай жасады. Сонымен қатар баспасөз аударма тәжірибесінің бастапқы кезеңін жүйелеуге негіз болды. Мерзімді басылымдардың қазақ тілінің жазба мәдениетін жетілдірудегі рөлі зор. Газет материалдары арқылы қазақ жазуының

алғашқы заңдылықтары орнығып, әсіресе шет тілдерден енген сөздерді жазу мәселесінде бірізділікке ұмтылыс байқалды. Араб графикасына негізделген қазақ жазбасында тыныс белгілерін жүйелі түрде қолданудың алғашқы талаптары да баспасөз бетінде насихатталып, оны біріздендіру жолындағы алғашқы қадамдар жасалды. Газет-журналдар ұлттық тілдің сөз байлығын қағаз бетіне түсіріп қана қоймай, оның кейбір бірліктеріне жаңа мағына жүктеп, терминдік деңгейге дейін көтеруге ықпал етті. Сонымен бірге, араб, парсы және орыс тілдерінен енген сөздер қазақ тілінің сөздік құрамын байыта түсті. Бұл үрдісте тілдік қолданыстағы шет тілдік лексемалар еркін сіңіріліп, қажеттіліктен туындаған жаңа бірліктер қалыптасты. Дегенмен баспасөз тілінің бұл жаңашылдықтары тілдік жүйеге қажетті сүзгісіз қабылданған жоқ, орынсыз сөз алмасулардың зиянды тұстарын ескеруге баса назар аударылды. Мерзімді баспасөз материалдары қазақ тілінің грамматикалық жүйесінің жетілуіне де ықпал етті. Орыс тілінің әсерімен қазақ тіліндегі сөз байланысу формалары, сөз өзгерту жүйесі сапалық өзгерістерге ұшырады. Сөйлем құрылымында орын тәртібі нақтыланып, сөздердің тіркесу қабілеті кеңейе түсті. Сонымен қатар құрмалас сөйлемдердің байланысу түрлерін дамытуда баспасөз материалының өзіндік үлесі болғаны байқалады» [30, 56].

Бұл тұжырым қазақ баспасөзінің тілдік жүйеге тигізген ықпалын кешенді түрде қарастырып, оны тек ақпарат таратушы құрал ретінде ғана емес, ұлттық жазба әдеби тілдің қалыптасуы мен дамуындағы негізгі факторлардың бірі ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Баспасөз тілі жайында арнайы сөз еткен С. Исаев: «Қазақтың мерзімді баспасөз тілі бірден туып, қалыптасып кеткен жоқ. ... Мерзімді баспасөз тілінен белгілі орын алып келген немесе онымен тікелей қатысы болып отыратын осы сияқты мәселелерді сырт қалдырып, баспасөз тілінің қалыптасып, даму процесін толық, жан-жақты талдау мүмкін емес», – дейді [31, 440]. Яғни ғалым қазақтың мерзімді баспасөз тілінің қалыптасу үдерісін тарихи-әлеуметтік факторлармен сабақтастыра отырып қарастырады. Оның пайымдауынша, мерзімді баспасөз тілі – жазба әдеби дәстүр мен жалпыхалықтық сөйлеу тілінің нормаларына сүйеніп қалыптасқан күрделі үдерістің нәтижесі.

XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басындағы қазақ баспасөзінің тілінде бірқатар ерекшеліктер байқалды: бұл кезеңдегі басылымдар қазіргі әдеби нормалардан ауытқыған кітаби тіл элементтері мен ауызекі сөйлеу тәжірибесіне тән құбылыстарды қатар қолданған. Ғалым мұндай ерекшеліктердің орын алуын тарихи заңдылық ретінде қарастырады және оларды қазақ жазба тілінің бұрыннан қалыптасқан дәстүрлерімен байланыстырады, мерзімді баспасөз тілінің қалыптасуына ықпал еткен негізгі факторлардың қатарында ауыз әдебиетінің мол мұрасын, ақын-жыраулар шығармаларын, сондай-ақ ортағасырлық түркі әдеби тілінің дәстүрлерін сақтап келген түрлі жазба деректерді атайды. Осы аталған дереккөздердің ықпалы, сондай-ақ сол кезеңдегі ауызекі сөйлеу тәжірибесі мерзімді баспасөз тіліне өз ізін қалдырмай қоймағанын көрсетеді. Демек, баспасөз тілі белгілі бір деңгейде жазба және ауызекі тілдің синтезі ретінде қалыптасты.

Ғалым мерзімді баспасөз тілін зерттеуде оның сөздік құрамы, сөзжасам заңдылықтары, грамматикалық құрылымы сияқты негізгі мәселелерге тоқталмас бұрын, алдымен, кітаби тіл дәстүрі мен оның қазақ әдеби тілімен арақатынасын, әдеби стильдердің өзара байланысын талдаудың қажеттілігін атап көрсетеді [31, 440]. Демек, мерзімді баспасөз тілі аталған стильдік жүйелерден тыс, оқшау құбылыс ретінде қалыптасқан жоқ, қайта солардың ықпалымен дамып, белгілі бір дәстүрлі негізге сүйенді. Сондықтан баспасөз тілінің даму үдерісін толыққанды әрі кешенді түрде қарастыру үшін оның тарихи және тілдік контекстін назардан тыс қалдыруға болмайды.

Ғалым Н. Қарашеваның зерттеулерінде «Айқап» журналының материалдары негізінде қазақ баспасөзінің грамматикалық құрылымы жүйелі түрде талданып, оның синтаксистік құрылымдағы ерекшеліктері айқындалды [32].

Баспасөздің қазақ тілінің дамуындағы ықпалын кеңінен талдаған Т.Р. Қордабаев еңбектері қазақ тіл біліміндегі баспасөзге қатысты зерттеулерді жаңа деңгейге көтерді. Тілдік дамудың белгілі бір кезеңдегі жай-күйін, әсіресе синтаксистік құрылымындағы өзгерістерді зерттеуде мерзімді баспасөздің дереккөз ретіндегі маңызын профессор Т.Р. Қордабаев ерекше атап көрсетеді. Ғалым мерзімді басылымдарды өз дәуірінің тілдік және стильдік ерекшеліктерін толыққанды сипаттайтын бірден-бір құнды материал көзі ретінде бағалайды. Расында да, газет-журнал беттерінде халық тілінің ауызекі қолданыстағы жаңалықтары мен жазба тілдің нормалары өзара тоғысып, тілдік жүйенің үздіксіз жетілуіне мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, мерзімді баспасөз тек ақпарат таратушы құрал ғана емес, тілдік қолданыстың өзгерісін бағыттайтын белсенді фактор ретінде қызмет атқарады. Сонымен бірге, ол лексикалық қорды толықтырып, грамматикалық құрылымның икемділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Т.Р. Қордабаевтың «мерзімді баспасөз – тілдегі жаңалықтарды алғаш бейнелейтін айна» деген пікірі осы құбылысты дәлелдейді [33, 5].

Тіл дамуындағы баспасөздің ықпалы туралы бұл тұжырымды профессор Ө. Айтбайұлы да қолдай отырып, мерзімді басылымдардың, әсіресе публицистикалық стильдің жаңа терминдер мен сөз тіркестерін қалыптастыруда ерекше рөл атқаратынын атап өтті. Ғалымның пікірінше, қоғамдық, саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге сай пайда болған жаңа ұғымдар алдымен баспасөз тілі арқылы бекітіліп, біріздендіру үдерісінен өтеді. Осы тұрғыдан алғанда, мерзімді баспасөз қазақ тілінің сөздік құрамын байытып қана қоймай, терминологияны қалыптастыруда және оның дамуын жүйелеуде маңызды лингвистикалық алаңға айналды. Демек, баспасөз тек ақпарат жеткізуші ғана емес, сондай-ақ ұлттық тілдің функционалдық мүмкіндіктерін кеңейтуші фактор ретінде көрінеді [34].

Қазақ әдеби тілінің дамуындағы мерзімді баспасөздің маңызын зерттеген ғалым Ә. Болғанбаев оны «әдеби тілдің алғашқы баспалдағы» деп бағалайды [35, 168]. Бұл пікірді тілші ғалым А. Төлегенов те қуаттай отырып, ұлттық әдеби тілдің кемелденуінде баспасөздің орны айрықша екенін атап көрсетеді. Осыдан

қазақ баспасөзінің публицистикалық стильдің орныгуына ғана емес, жалпы әдеби тіл нормаларының тұрақталуына да елеулі ықпал еткені айқындалады [36].

Газеттік публицистикалық стильдің құрылымдық ерекшеліктерін зерттеген Ғ. Қалиұлы оның басты сипаттарын логикалық жүйелілігімен, ой айқындығымен және ақпараттық дәйектілігімен байланыстырады [37]. Публицистикалық стильдегі мәтіндердің ықпал ету сипаты олардың әсерлілігі мен тартымдылығы арқылы ерекшеленетіні белгілі. Бұл қасиеттер, әсіресе қоғамдық өзгерістерді жедел сипаттау және жаңа құбылыстарды бейнелеу қажеттілігінен туындаған. Осы тұрғыдан алғанда, газет мәтіндері оқырманға ақпарат жеткізудің ғана емес, қоғамдық пікір қалыптастырудың да құралына айналып, прагматикалық тұрғыдан ерекше мәнге ие болды.

Сонымен мерзімді баспасөз тілі – қазақ әдеби тілінің маңызды құрылымдық тармағы ретінде дамып, ұлттық жазба тілдің қалыптасуында ерекше рөл атқарды. Баспасөз қоғамның әлеуметтік-мәдени және саяси процестерімен тығыз байланыста дамып, функционалды стильдердің қалыптасуына ықпал етті.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, қазақ баспасөзі ақпараттық қана емес, идеологиялық және ағартушылық қызметтерді де қатар атқарғанын көреміз. Бұл кезеңдегі басылымдар тілдік ерекшеліктерімен ғана емес, қоғамдық пікір қалыптастырушы қызметімен де ерекшеленді.

Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, мерзімді баспасөз әдеби тілдің дамуын жүйелеп, оның синтаксистік құрылымының күрделенуіне, лексикалық қорының кеңеюіне ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, баспасөз тек ақпарат таратушы құрал емес, қоғамдық сананы қалыптастырушы күш ретінде де бағаланады.

Баспасөзде публицистикалық стиль орнығып, ақпараттық дискурс қазақ тілінің стильдік дифференциациясына ықпал етті. Қазақ мерзімді баспасөзінің құрылымы мен оның даму заңдылықтары әр кезеңде ғалымдар тарапынан зерттеліп, тілдік өзгерістер мен жаңашылдықтар тарихи-салыстырмалы тұрғыда қарастырылды.

Қазақ баспасөзінің алғашқы үлгілері ұлттық жазба тілдің дамуына ықпал етіп, оның грамматикалық, лексикалық және стильдік нормаларын біріздендіруге көмектесті. Әсіресе XX ғасыр басындағы баспасөз тілінде ұлттық сана мен қоғамдық ой-сана қалыптастырушы қызметі айқын көрінді.

Қазақ тіл білімінде мерзімді баспасөз тіліне қатысты зерттеулер оның функционалдық ерекшеліктерін, тілдік құрылымын, стильдік дамуын айқындауға бағытталды. Ғалымдардың пайымдауынша, мерзімді баспасөз тілі – белгілі бір кезеңдегі тарихи-әлеуметтік жағдайлардың көрінісі ғана емес, сонымен қатар ұлттық әдеби тілдің бірізділікке түсуіне ықпал еткен жүйелі құбылыс.

Ұлттық баспасөз тіліне тән лингвистикалық ерекшеліктерді толыққанды пайымдау үшін оны өзге тілдік қауымдастықтар тәжірибесімен салыстыра қарастыру ғылыми ізденістің объективтілігін қамтамасыз етеді. Осы орайда түркітанудағы және шетелдік мерзімді баспасөз тіліндегі сөзқолданыс заңдылықтарына назар аудару – қазіргі жаһандық коммуникация жағдайында ортақ үрдістер мен ұлттық ерекшеліктерді саралауға жол ашады.

Түркітану саласындағы мерзімді баспасөз тілін зерттеуге арналған бірқатар іргелі еңбектерді атап өту қажет. Бұл қатарда ең алдымен А. Ахабаев [38], Дж.А. Мамедов [39], В.П. Семенов [40], Ю.Д. Каражаев [41], Г. Артыков [42], М.К. Айымбетов [43] сынды түркітанушы ғалымдардың ғылыми зерттеулері ерекше орын алады.

Татар тіл білімінде мерзімді баспасөз тіліне қатысты алғашқы теориялық тұжырымдар XX ғасырдың екінші ширегінде Г. Алпаровтың еңбегінде [44] көрініс тапты. Ғалым газет мәтіндерін тілдің жеке функционалды саласы ретінде қарастыру қажеттігін алға тартты. Алайда функционалды-стилистикалық бағыт толықтай тек өткен ғасырдың екінші жартысында А.Г. Ишмуратов [45], В.Х. Хаков [46] және И.М. Низамов [47] еңбектерінде ғылыми қолданысқа енді. Әсіресе В.Х. Хаков татар әдеби тілінің публицистикалық стиліне терең талдау жасай отырып, газет тілінің қалыптасуындағы және дамудағы публицистикалық стилдің рөлін негіздеді [46].

Татар баспасөзінің лексикалық және грамматикалық ерекшеліктері С.М. Ибраһимов [48], В.Н. Хангильдин [49], И.А. Абдуллин [50] еңбектерінде зерттелді. Сонымен қатар В.З. Гарифуллин [51] газет мәтіндерінің жанрлық ұйымдасуына байланысты татар тілінің функционалдық ерекшеліктерін анықтады.

XX ғасырдың басындағы татар мерзімді баспасөзінің тілдік сипаттарына қатысты кейінгі кезеңдердегі ізденістер қатарында Р.М. Хуснетдинов [52], Б.К. Миннуллин [53] сынды зерттеушілердің еңбектері маңызды орын алады. Атап айтқанда Р.М. Хуснетдиновтың зерттеу жұмысы 1908–1917 жылдары Қазанда шығып тұрған «Шура» журналының XX ғасыр басындағы татар әдеби тілінің дамуына, нормалануына және стильдік ерекшеліктеріне ықпалын айқындауға бағытталды. Ал Б.К. Миннуллиннің ғылыми еңбегінде татар мерзімді баспасөзінің жанрлық құрылымын жүйеленіп, әр жанрдың (мақала, репортаж, очерк, фельетон т.б.) тілдік-стилистикалық белгілері сипатталды.

Публицистикалық жанрлардың құрылымына қатысты ғылыми тұрғыдан негізделген іргелі еңбектер орыс тіл білімі ғылымында да М.С. Черепахов [54], В.Д. Пельт [55], С.М. Гуревич [56], А.К. Бобков [57], А.А. Тертычный [58] тәрізді ғалымдардың зерттеулерімен толығып, публицистикалық жанрлардың типологиясын теориялық тұрғыдан жіктеуге үлес қосты.

Әлемдік лингвистикада мерзімді баспасөз тілі теориялық және қолданбалы аспектілерде жан-жақты зерттелген. Айталық, АҚШ пен Еуропа елдеріндегі мерзімді баспасөз тілінің лингвистикалық құрылымы дискурстық, әлеуметтік, когнитивтік және прагматикалық аспектілерде кең көлемде қарастырылып келеді. Бұл зерттеулер баспасөз тілінің қоғамға ықпалын, идеологиялық қызметін, ақпарат беру құрылымын айқындауға бағытталған.

АҚШ-та зерттеулер көбіне дискурстық-идеологиялық және прагматикалық бағыттармен сипатталады. T.A. Van Dijk [59] пен N. Fairclough [60] саяси дискурс пен ақпаратты жеткізудің ықпал ету тетіктерін талдаса, N. Chomsky [61] БАҚ-тың идеологиялық және пропагандалық қызметін ашып көрсеткен. A. Bell [62] ақпарат құрылымын социолингвистикалық тұрғыда, D. Tannen [63] гендерлік

және мәдени ықпалдар контекстінде қарастырған. АҚШ баспасөзі ақпараттың жоғары стандарттылығымен, фактілерге негізделген құрылымымен және бейтарап қағиданы басшылыққа алуымен ерекшеленеді.

Еуропада мерзімді баспасөзді мәдениетаралық коммуникация мен семиотика аспектісінде қарастырылған зерттеулер бар. M. Conboy [64] таблоидтық баспасөздің стилистикалық ерекшелігін, P. Baker [65] тақырыптық лексиканы, N. Fairclough [60] саяси дискурстың ықпал ету стратегияларын талдайса, C. Kerbrat-Orecchioni [66] француз газетінің лингвопрагматикалық табиғатын қарастырған. Сонымен қатар P. Bourdieu [67] медианың қоғамдық пікірге ықпалын, J. Habermas [68] мерзімді баспасөздің когнитивтік және әлеуметтік рөлін анықтап, саяси дискурстағы орнын саралған.

Жалпы еуропалық баспасөзге тән белгілер – ақпаратты аналитикалық, экспрессивті және сыни тұрғыдан ұсыну. Газет мәтіндеріндегі дискурстық стратегиялар тарихи-мәдени дәстүрлермен тығыз байланысты.

Бұл зерттеулерді қарастыруымыздың негізгі себебі – әлемдік баспасөз тілінің даму және зерттелу эволюциясына тоқталу, оның аймақтық ерекшеліктерін, функционалдық сипатын және прагматикалық мүмкіндіктерін саралау қазақ баспасөзінің қалыптасуы мен дамуын зерттеудің басым бағыттарын айқындауға мүмкіндік беруімен байланысты. Дегенмен бұл елдердегі баспасөз дискурсында орын алған өзгерістер қазақ тілді мерзімді баспасөз тіліне айтарлықтай ықпал ете қойған жоқ. Өйткені әрбір тілдік жүйе мен ақпарат тарату дәстүрі белгілі бір тарихи, мәдени және әлеуметтік факторлар негізінде қалыптасатыны белгілі.

Қазақ баспасөз тілі өзінің ұлттық болмысымен, дәстүрлі стилистикалық ерекшеліктерімен және өзіндік құрылымдық заңдылықтарымен айқындалады. Оның эволюциялық дамуында, әсіресе шет тілдік кірме сөздердің әдеби тілдің сөздік құрамына араласуы байқалғанымен, баспасөз дискурсының негізгі модельдері көбінесе ішкі лингвистикалық және тарихи үдерістерге тәуелді болып қалыптасты.

Зерттеу барысында баспасөз тілінің күрделілігі мен ерекшеліктерін талдау үшін біз көп жағдайда іргелес жатқан Ресейлік ғылыми зерттеулерге сүйенеміз. Өйткені Ресей журналистикасы мен тіл білімі саласында мерзімді баспасөздің құрылымы, стилистикалық ерекшеліктері және қоғамдық дискурстағы рөлі кеңінен қарастырылған. Орыс баспасөз тілін зерттеген ғалымдардың еңбектері, әсіресе дискурстық талдау, прагмалингвистика және медиалингвистика салалары қазақ мерзімді баспасөзінің қалыптасуындағы маңызды бағыттарды анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар қазақ баспасөзінің тілі өзінің тарихи дамуы барысында ресми стиль мен публицистикалық дискурстың тоғысуынан құралған бірегей жүйеге айналды. Бұл құбылыс орыс тілінің ықпалымен қатар, дәстүрлі қазақ әдеби тілінің стильдік нормаларынан бастау алып, өзіндік ақпарат тарату формаларын қалыптастырды.

Орыс тіл білімінде мерзімді баспасөз тілі қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге сәйкес дамып, XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап зерттеушілердің назарында

болды. Осы кезеңде баспасөз қоғамдық сананы қалыптастыру мен әлеуметтік ықпал етудің негізгі құралына айналып, оның тілдік құрылымы мен стильдік ерекшеліктері ғылыми зерттеудің маңызды нысаны ретінде қарастырылды.

Сонымен кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарында мерзімді баспасөз тілінің қалыптасуы мен қызметін зерделеу Г.О. Винокур еңбектерінде жан-жақты қарастырылып, баспасөз дискурсының лингвостилистикалық ерекшеліктері жүйелі түрде сипатталды [69]. Ғалымның зерттеулері мерзімді баспасөз тілінің құрылымы мен оның ақпараттық және идеологиялық қызметін анықтауға негіз болды.

Орыс тіл біліміндегі зерттеулерге сүйенсек, мерзімді баспасөз тілінің тарихи даму үдерісі бірнеше кезеңді қамтиды. Алғашқы кезең XX ғасырдың 20-30-жылдарынан бастап 80-жылдардың басына дейінгі уақыт аралығына тиесілі. Бұл кезеңде мерзімді басылымдар тек ақпарат тарату құралы ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік идеологияны насихаттаудың негізгі тетігіне айналды. Газет-журнал мәтіндерінің үгіт-насихаттық сипаты басым болып, олардың тілдік жүйесі қатаң стандарттауға негізделді. Тілдік нормалардың біріздендірілуі мен ақпарат берудің жүйелілігін қамтамасыз ету қажеттілігі Г.О. Винокурдың мерзімді баспасөз тіліне қатысты зерттеулерінде басымдыққа ие болды. Ғалым бұл кезеңдегі баспасөз мәтіндеріне тән құрылымдық ерекшеліктерді айқындап, олардың идеологиялық бағдарға тәуелділігін сипаттады.

Келесі кезең 1980-жылдардан 1990-жылдардың соңына дейінгі аралықтағы мерзімді баспасөз тілінің ақпараттық және ықпал етуші қызметінің жаңа қырларын ашумен ерекшеленеді. Бұл уақытта мерзімді баспасөз тілі қоғамдық пікірді қалыптастыратын маңызды факторға айналды. Осы тұста Ю.А. Бельчиков [70], А.П. Горбунов [71], В.И. Чернышев [72] секілді зерттеушілер мерзімді баспасөз мәтіндерінің ықпал ету тәсілдеріне ерекше назар аударып, олардың ақпараттық құрылымымен өзара байланысын зерттеді. Әсіресе мерзімді баспасөз дискурсында тұрақты тілдік клишелер мен эзоп тілі секілді құбылыстардың орнығуы және олардың саяси-идеологиялық шектеулермен сабақтасуы осы кезеңнің басты сипаттарының бірі ретінде қарастырылды.

В.Г. Костомаров мерзімді баспасөз тілінің функционалды-стильдік жүйесін анықтап, оның құрылымдық тұтастығы мен ақпараттық ерекшеліктерін айқындады. Ғалымның зерттеулерінде мерзімді баспасөз мәтіндеріндегі жаңалық пен пікірдің үйлесімді берілуі, басылымдардың ауқымды аудиторияға бағытталуы, ақпарат тарату қарқынының жоғары болуы және мәтіннің қоғамдық ықпал ету әлеуеті негізгі сипаттар ретінде қарастырылды [73, 95].

Мерзімді баспасөз тілінің құрылымдық ерекшеліктері оның ақпарат жеткізу және қоғамдық санаға ықпал ету қызметтерімен тығыз байланысты. Орыс тіл білімінде мерзімді баспасөзді тілден тыс факторлар тұрғысынан зерттеу барысында оның танымдық және эмоциялық әлеуеті, мәтін түзу қағидалары айқындалған. Мерзімді баспасөз мәтіндерінде тұрақты тілдік құрылымдар мен әсерлілікке ие құралдардың қатар қолданылуы оның ақпарат тарату және қоғамдық ықпал ету мүмкіндіктерін кеңейтеді. Осылайша мерзімді баспасөз тілі қалыптасқан тілдік-стильдік құралдардың жүйесі ретінде сипатталды.

1985 жылдан басталған «қайта құру» кезеңінде орыс мерзімді баспасөз тілінің өзгеруі зерттеушілердің назарында болды. В.Г. Костомаров [74], Г.Я. Солганик [74], О.П. Ермакова [75], М.В. Панов [76] сынды ғалымдар осы кезеңде мерзімді баспасөз стилінің демократиялануын ерекше атап өтті. Пікір алуандығының артуы, саяси-идеологиялық бақылаудың әлсіреуі нәтижесінде мерзімді баспасөз тілінің құрылымы жаңа сипатқа ие болды. Осы уақыт аралығында баспасөзде қолданылатын тілдік құралдар молайып, оның мазмұндық және құрылымдық жүйесінде өзгерістер орын алды.

XXI ғасырдың басынан бастап мерзімді баспасөз тілін зерттеу жаңа бағыт ретінде қалыптасты. Бұл кезеңде мерзімді баспасөз мәтіндерінің танымдық, коммуникативтік және стильдік қырлары тереңірек қарастырылып, оның тек ақпарат тарату емес, сонымен бірге қоғамдық пікір қалыптастырудағы және бұқаралық қарым-қатынасты реттеудегі рөлі айқындалды. Осы кезеңде мерзімді баспасөз тілінің стильдік құрылымының күрделенуі, оқырманға ықпал ету әдістерінің жаңаруы, медианың жаңа форматтарға бейімделуі оның негізгі сипаттары ретінде айқындалды. Осылайша орыс тіл білімінде мерзімді баспасөз тілінің даму үдерісі әр тарихи кезеңнің ерекшелігіне қарай әртүрлі бағытта қарастырылып, оның өзгермелі әрі үнемі жетіліп отыратын сипатқа ие екендігі дәлелденді.

Мәтіннің диалогтық сипатының артуын, жеке тұлғаның басқа қоғам мүшелеріне, белгілі бір әлеуметтік топқа ықпалының күшеюін, стильдік өзгерістердің үздіксіз орын алуын және қарама-қайшы стильдік элементтердің қатар қолданылуын қазіргі мерзімді баспасөз тілінің басты сипаттары ретінде бағалауға болады. Бұл ерекшеліктер тек мәтін деңгейінде ғана емес, сөз тіркестерінің құрылымында да байқалады. Сөз тіркестері мағыналық қарама-қарсылыққа негізделіп, олардың семантикалық өрісін кеңейтеді немесе шектейді. Бұл құбылысты М.В. Панов баспасөз мәтіндеріндегі сөздердің метафоралық және метонимиялық сипатқа ие болуы арқылы мағыналық аясының кеңеюі немесе тарылуы деп сипаттайды [76, 50].

Мерзімді баспасөз тіліндегі құрылымдық өзгерістер тек стильдік деңгеймен шектелмей, оның функционалдық ерекшеліктерінде де жаңаша үрдістердің пайда болуымен ерекшеленеді. Бұқаралық және ұжымдық қарым-қатынастың ауқымы кеңейіп, жаңа әлеуметтік топтар мерзімді баспасөз дискурсына белсенді түрде араласуда. Сондай-ақ цензура мен өзіндік цензураның әлсіреуі баспасөз тілінің еркіндігін арттырып, жаңа тақырыптық және стильдік бағыттардың қалыптасуына ықпал етті. Жазба және ауызша қарым-қатынаста сұхбаттық сипаттың күшеюі байқалып, бұл өзгеріс көпшілікке арналған ауызша коммуникацияда да еркіндіктің артуына жол ашты. Қоғамдық қарым-қатынастың құрылымдық ерекшеліктеріндегі, ресми және бейресми қарым-қатынас арасындағы шекараның өзгеруі, бұрынғы бюрократиялық тілге деген сыни көзқарастың күшеюі, жаңа көркемдік құралдарды іздеу және жаңа сөздердің қалыптасуы да осы кезеңнің басты ерекшеліктерінің бірі болып саналады. Сонымен қатар тоталитарлық кезеңде қолданыстан шығып қалған

немесе мағыналық шектеуге ұшыраған кейбір атаулар қазіргі мерзімді баспасөз тілінде қайта жаңғырып, оның сөздік қорына еніп жатыр [76, 14].

Қазіргі мерзімді баспасөз тілінің құрылымы – лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық және стильдік құралдардың әртүрлі қабаттарын қамтитын күрделі жүйе. Осыған байланысты мерзімді баспасөздің тілін біртұтастықта қарастыру кешенді ізденісті қажет етеді. Осындай зерттеулердің бірінде Г.Я. Солганик мерзімді баспасөз тілін құрылымдық жағынан біртұтас жүйе деп дәлелдей отырып, оның негізгі белгілерін айқындады. Ғалымның пікірінше, мерзімді баспасөз тілінің басты ерекшелігі – оның бағалауыштық сипаты. Бұл ерекшелік мәтіннің барлық деңгейінде, әсіресе лексикалық жүйесінде айқын көрінеді [74].

Баспасөзде қарастырылатын мәселелердің саяси мазмұнға ие болуы және олардың белгілі бір көзқарас тұрғысынан берілуі тілдік құралдардың сұрыпталуына ықпал етеді. Осыған байланысты мерзімді баспасөз мәтіндерінде қолданылатын сөздер мен тіркестер бұқаралық аудиторияға тиімді әсер етуге бағытталып, олардың эмоционалдық және бағалауыштық мағынасы арта түседі.

Алайда кейінгі зерттеулерінде Г.Я. Солганик мерзімді баспасөз тіліндегі бағалауыштық сипаттың өзгеріске ұшырағанын атап өтеді. Ғалымның пайымдауынша, қоғамдағы әлеуметтік және саяси өзгерістер нәтижесінде мерзімді баспасөз дискурсында қолданылатын бағалауыш мағыналар әлсіреп, олардың семантикалық әлеуеті төмендегені байқалады. Бұрынғы саяси бағалау жүйесінің әлсіреуі қоғамдық және саяси өзгерістерге баға берудің күрделене түсуіне әкелді. Бұл жағдай мерзімді баспасөз тілінің құрылымдық ерекшеліктеріне де ықпал етті. Жаңа идеологиялық бағдарды қалыптастыру үдерісі белсенді жүріп жатқан қоғамның қазіргі даму сатысында мерзімді баспасөз тілінде бағалауыш мағыналардың жаңа жүйесін қалыптастыра бастады. Бұл үдерістің негізгі бағыты – бұрынғы нақты оң немесе теріс бағалаулардың бейтарап сипатқа ауысуы және әлеуметтік-бағалау жүйесінің қайта құрылуы [77, 15].

Қазіргі мерзімді баспасөз тілінің дамуы оның құрылымдық, стильдік және қызметтік сипаттарының өзара ықпалдастығы арқылы жүзеге асуда. Лексикалық және стильдік құралдардың өзгеруі, олардың бағалау сипатының түрленуі, бұрынғы саяси-идеологиялық мазмұннан арылуы немесе керісінше, жаңа саяси мазмұнға ие болуы мерзімді баспасөз тілінің қоғамдағы өзгерістерге тікелей тәуелді екенін көрсетеді.

Орыс тіл білімінде аймақтық мерзімді баспасөз тілін зерттеу де өзекті тақырыптардың бірі, осыған байланысты аймақтық басылымдардың тілдік ерекшеліктерін талдауға арналған бірқатар ғылыми зерттеулер жасалды. Бұл бағытта В.В. Кочетков аймақтық газет мәтіндеріне талдау жүргізіп, олардың өзіндік ерекшеліктерін айқындады. Зерттеушінің тұжырымына сәйкес, аймақтық мерзімді баспасөздің басты сипаттарының бірі – орталық баспасөзбен салыстырғанда, тілдегі жаңашылдықтарды біршама кеш игеруі [78, 130].

Орталық баспасөзде орнығып, кеңінен қолданысқа енген тілдік құралдар мен құрылымдар аймақтық мерзімді басылымдар үшін жаңашыл сипатта

қабылданады. Бұл ерекшелік, әсіресе бейнелі қолданыстар мен сөзойнатым түрлерінде айқын байқалады. Сонымен қатар аймақтық мерзімді баспасөз тіліндегі үдерістер бірізді емес екенін атап өткен жөн. Жаңа тілдік қолданыстармен қатар, орталық баспасөз тілі үшін архаизмдене бастаған, мағыналық реңкі әлсіреген сөздер мен сөз тіркестері аймақтық газеттерде белсенді қолданылатындығын байқауға болады. Бұл құбылыс аймақтық мерзімді баспасөздің тілдік құрылымына тән ерекшеліктердің бірі ретінде сипатталады.

Ғалым аймақтық мерзімді баспасөздің тілдік құрылымын «анахрондық эклектика» ұғымы арқылы түсіндіреді. Мұндай ерекшелік, әсіресе «саяси мәндегі ресми стильде» айқын көрінеді, онда кеңестік кезеңнен қалған бірқатар лексикалық бірліктер әлі де атауыштық қызмет атқарып, басқа стильдік қабаттарға қарағанда белсенді қолданылады [78, 100].

Орыс тіл білімінде мерзімді баспасөз тілінің жаңа даму кезеңі XXI ғасырдың басынан бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Қазіргі кезеңде бұқаралық ақпарат құралдарының дискурстық сипатын талдау негізінде жүзеге асырылып келе жатқан ғылыми жұмыстардың негізгі бағыттарын төмендегідей топтастыруға болады: «БАҚ тілі және сөз арқылы ықпал ету», «БАҚ тілінің стильдік сипаты», «БАҚ мәтіндерін когнитивтік тұрғыдан зерттеу», «БАҚ тілі мен мәдениет», «БАҚ тілі және мәдениаралық қарым-қатынас», «БАҚ тілі мен саясат» және т.б.

Мерзімді басылымдардың қазіргі кезеңдегі басты ерекшелігі – олардың сандық жағынан (әсіресе арнайы бағыттағы газеттер мен журналдардың) көбеюі, әртүрлі әлеуметтік топтардың ақпараттық қажеттіліктерін қамтуға ұмтылу және қоғам сұранысына сай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру міндетінің артуы. Осыған байланысты бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі тек ақпарат таратумен ғана шектелмейді. Қазіргі мерзімді баспасөз қоғамдық пікірдің қалыптасуына тікелей ықпал ететін және түрлі саяси қарым-қатынастарды жүзеге асыратын негізгі ортаға айналып отыр.

Г.Я. Солганик қазіргі мерзімді баспасөз тілінің жанрлық құрылымының кеңеюін, бағалау категорияларының дамуын, әртүрлі лексикалық қабаттардың өзара тоғысуын, сондай-ақ мерзімді баспасөзде сөздік қордың жаңа жүйесінің қалыптасуын осы кезеңнің басты ерекшеліктері ретінде сипаттайды [77, 39]. Осылайша мерзімді баспасөз тілінің қазіргі дамуы оның ақпараттық, қоғамдық және саяси дискурстың тоғысында жүзеге асады. Мерзімді баспасөз тек ақпараттық кеңістікті құрайтын ғана емес, сонымен қатар қоғамдық пікір қалыптастыратын ықпалды құралға айналып, сәйкесінше оның тілі де осы мүддемен сабақтастықта дамиды.

Мерзімді баспасөз тілінің эволюциясын сипаттай келе, Е.А. Земская оның лексикалық құрамында орын алған өзгерістерді қарастырады. Ғалым лексикалық элементтердің тілдің шеткері аймақтарынан жүйенің ортасына қарай ығысуын маңызды үрдістердің бірі ретінде көрсетеді. Бұл үдеріс әсіресе жаргондық қолданыстар, ауызша сөз элементтері мен қарапайым лексика арқылы жүзеге асады. Ғалым бұл құбылысты былайша сипаттайды: «Әдеби тіл нормаларымен салыстырғанда мұндай тілдік бірліктер қарапайым сипатта. Олар тек газет-журнал тілінде ғана емес, телерадио хабарларында, тіпті сауатты қауымның

ауызекі сөзінде де әсерлілік тудыратын құрал ретінде жиі қолданылады» [79, 415]. Осылайша қазіргі мерзімді баспасөз тілі сөйлеу тілінің ықпалына бейімделуімен, нақты айтқанда, қарапайым, кейде тұрмыстық сипаттағы сөздердің, сондай-ақ бейтарап қолданыстардың кең таралуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар әсірелеу, көтеріңкі бағалау, бейресми стильдің күшеюі де – қазіргі баспасөз тілінде жиі кездесетін құбылыс [80, 92].

Мерзімді баспасөз мәтіндеріне жүргізілген зерттеулерде тілдің әсер ету қызметінің басым екендігін көрсетеді. Ғалымдар бұл құбылысты бірнеше себеппен байланыстырады: біріншіден, баспасөзде журналист пен оқырман арасындағы қарым-қатынастың сипаты дәстүрлі «автор – оқырман» үлгісінен тең деңгейдегі сұхбаттасуға негізделген бағытқа ойысуы байқалады; екіншіден, сөзқолданыс шеңберінің ұлғаюы мерзімді баспасөзді қоғам мүшелерінің көзқарасын бір арнаға бұру құралы ретінде емес, қоғамдағы түрлі көзқарастарды шоғырландыратын алаң ретінде қарастыруға ықпал етеді [80, 92]; үшіншіден, публицистикалық мәтіндерде авторлық «меннің» айқын көрініс табуы, автордың бір жағынан қоғам мүшесі, екінші жағынан жеке тұлға ретінде пікір білдіру мүмкіндігіне ие болуы мәтіннің стилін қалыптастыруда да рөл атқарады [77, 40]; төртіншіден, баспасөздегі диалогтық сипаттың күшеюі мерзімді баспасөздің ақпарат тарату тәсілдеріне әсер етеді.

Сонымен қатар мерзімді баспасөз тілінде сөздік құрамның жаңаруы мен өзгеру қарқыны – ерекше назар аудартатын жайттардың бірі. Г.Я. Солганиктің пайымдауынша, әдеби тілдің басқа стильдерімен салыстырғанда, газет-журнал тілінде жаңа сөздердің пайда болуы мен тілдік бірліктердің өзгеріске ұшырауы анағұрлым қарқынды жүреді. Бұл үдеріс баспасөздің қоғамдық пікір қалыптастырудағы орны мен оның тілдік қолданыстағы икемділігін тағы бір мәрте дәлелдейді [77, 40].

Кеңестік дәуірге тән ұғымдардың біртіндеп қолданыстан шығуы олардың мән-мағынасының әлсіреуіне әкелсе, бұрын идеологиялық мазмұнға ие болған сөздер мен тіркестер сол саяси жүктемеден арылып, бейтарап сипатқа ие бола бастады. Кейбір сөздер мен ұғымдар саяси мәнге ие болып, қоғамдық пікір қалыптастырушы құралға айналды, керісінше, белгілі бір саяси терминдердің мағынасы өзгеріп, олардың бұрынғыдай өткір саяси астары әлсіреді. Бұған қоса, қоғамдағы жеке тұлғалар мен олардың қызметін сипаттайтын сөздердің мағыналық аясы кеңейіп, оларды қоғамдық құбылыс ретінде қарастыру үрдісі күшейе түсті. Қоғамдық-саяси жағдайды сипаттауда бейнелі сөздердің, әсіресе ауыспалы мағынада қолданылатын сөздердің үлесі артқанын байқауға болады. Осы өзгерістермен қатар, бұрынғы мағыналық байланыстардың әлсіреуі, сөздер мен сөз тіркестерінің жаңа мағыналық үйлесімдерінің қалыптасуы мерзімді баспасөз тіліндегі сөзқолданысқа тән ерекшелік ретінде көрініс тапты.

1.3 Мерзімді баспасөз тілінің жанрлық ерекшеліктері және стильаралық лексика

Мерзімді баспасөздің негізгі қызметі – қоғам өмірінің саяси-әлеуметтік, рухани-мәдени салаларындағы жаңалықтарды жедел әрі жан-жақты жеткізу. Мерзімді баспасөздің табиғаты оның функционалды-типологиялық белгілерімен айқындалады. Мерзімділік, ақпараттың жедел әрі уақытылы берілуі мен тақырыптың қоғамдық маңыздылығы – баспасөздің функционалды сипатын даралайтын негізгі ерекшеліктер [55]. Сонымен қатар мерзімді баспасөз құрылымының жүйелілігі мен оның мазмұндық тұтастығы да маңызды фактор болып саналады [58]. Осыған байланысты мерзімді баспасөз материалының құрылымдық әрі мазмұндық тұтастығының сақталуы, негізгі ақпаратты барынша ұғымды етіп берудің стильдері мен тәсілдерін меңгеру мәселесі – мерзімді баспасөз тілінің жанрларымен тығыз байланысты қарастырылады.

Мерзімді баспасөзде жарияланатын публицистикалық шығармалар баспасөздің жанрларын құрайды. Жанрдың түрі мәтін мазмұнына, оның жазылу форматына, деректерді таңдау, сұрыптау тәсіліне, сондай-ақ талдау әдісі мен тілдік-стильдік құралдарына қарай айқындалады. Осы ерекшеліктерді негізге ала отырып, зерттеуші С. Байменше мерзімді баспасөз немесе публицистика жанрларын «қоғамдық дамудың жалпы заңдылықтары мен нақты құбылыстар ерекшелігін білу талаптарынан туындап, әртүрлі тілдік, сөйлеу, жазу, жариялау стильдерінің күрделі қарым-қатынасының нәтижесінде қалыптасқан ұзақ уақыт бойғы тарихи тәжірибенің жемісі» ретінде бағалайды [81, 7].

Жанрлық жіктеу негізінде мерзімді баспасөз әртүрлі құрылымдық-типологиялық сипаттарға ие болады. Осы арқылы оқырман қандай да бір қоғамдағы мәселелер жайында фактінің, оқиғаның, құбылыстың, жағдайдың нақты сипатын жеңіл, қызықты оңай қабылдауға мүмкіндік алады. Қазақ баспасөзінің негізгі мәселелеріне арналған Т. Амандосовтың «Публицистика – дәуір үні» [82], С. Байменшенің «Баспасөздегі жанрлар жүйесі» [81], Б. Жақыптың «Публицистика негіздері» [83], Н. Омашевтың «Қазақ баспасөзі» [84] сияқты бірқатар ғылыми еңбектерінде мерзімді баспасөз жанрлары негізінен хабарламалық (ақпараттық), талдамалық және көркем-публицистикалық болып жіктелген. Хабарламалық (ақпараттық) жанрға сәйкес ақпараттың деректік сипаты басым болса, талдамалық жанрда оқиғалардың себеп-салдары ашылады, ал көркем-публицистикалық жанр деректі бейнелі сипатта жеткізуімен ерекшеленеді.

Аталған жанрлар жүйесі дәстүрлі жіктемеге негізделген. Қазіргі медиа кеңістікте төмендегідей жайттар байқалады:

– мерзімді баспасөздің әсер ету функциясының ұлғаюы ақпаратты барынша шынайы, шапшаң, әсерлі жеткізуге деген ұмтылысты күшейткен;

– мерзімді баспасөз тілінің демократиялануы айқын көрінеді;

– ақпараттық кеңістіктің қалыптасуы жеке тұлғаға бағытталған және қоғам сұранысына сай келеді.

Әрбір мерзімді басылымның өзіндік бағыты мен тақырыптық ұстанымы қалыптасқан. Мәселен, «Қазақ әдебиеті» газеті проза, поэзия, әдеби сын, руханият, өнер, тарих, сұхбат сияқты әдеби-мәдени бағыттарға негізделсе, «Егемен Қазақстан» басылымы саясат, экономика, Қазақстан жаңалықтары, әлем оқиғалары, талдау, руханият секілді тақырыптарды қамтиды. Ал «Ана тілі» газеті тіл мен руханият мәселелеріне басымдық беріп, қоғам, әдебиет, мәдениет, білім және ғылым бағыттарына сәйкес ақпарат таратады. «Айқын» басылымы саясат, әлеумет, экономика, білім мен ғылым мәселелерін көтереді.

Осы басылымдардың тақырыптық ауқымы әртүрлі болғанымен, олардың ортақ ерекшелігі жанрлық құрылым арқылы көрініс табады. Яғни әр мерзімді баспасөз өз оқырманының сұранысына сай нақты бір бағытты таңдаса да, олардың жанрлық негізі мерзімді баспасөздің жалпы заңдылықтарына бағынады.

Қазіргі кезеңдегі мерзімді баспасөздің жанрлық құрылымы алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда айтарлықтай кеңейді. Әрбір жанрды ішкі тармақтарға төмендегідей жіктеуге болады (Кесте 2).

Кесте 2 – Қазіргі қазақ мерзімді баспасөз тілінің жанрлары

Қазіргі қазақ мерзімді баспасөз тілінің жанрлары			
Ақпараттық жанрлар	**Талдау жанрлары**	**Көркем-публицистикалық жанрлар**	**Басқа функционалды стильдерге тән жанрлық элементтер**
Ресми ақпарат	Публицистикалық очерк	Көркем-публицистикалық очерк	Көркем шығарма (поэзия, проза, сатира, юмор)
Ақпараттық шолу	Сұхбат	Фельетон	Ресми-іскери стиль материалдары (заңдар мен заң жобаларының жариялануы, президенттік жарлықтар мен үкімет қаулыларынан үзінділер)
Ақпараттық жазба	Мақала	Памфлет	Ғылыми-танымдық сипаттағы материалдар («Руханият», «Экономика», «Спорт» сынды рубрикаларда зерттеу нәтижелері мен деректерге сілтеме жасай отырып жазылған аналитикалық шолулар)
Фактілік ақпарат	Пікір	Эссе	Ауызекі сөйлеу стилі элементтері басым материалдар (оқырман хаттары айдарында жарияланатын хаттар мен кейбір сұхбат үлгілері)

Соның ішінде Егемен Қазақстан, Жас Алаш, Айқын сынды бірқатар мерзімді басылымдардың ақпараттық жанры дәстүрлі түрде *жедел жаңалық,*

хабар, есеп, сұхбат, репортаж т.б. сияқты ішкі жанрлармен шектелмей, қоғам дамуы мен сұранысына сәйкес *ресми ақпарат, ақпараттық шолу, ақпараттық жазба, фактілік ақпарат* сияқты жанрлық үлгілердің де тармақтарын қамтиды.

Ресми ақпарат елдегі және әлемдік деңгейдегі маңызды саяси оқиғалар жөнінде жедел әрі нақты мәлімет беруді мақсат етеді. Осыған байланысты бұл жанрдағы тілдік бірліктер белгілі бір стандартқа негізделеді. Мұндай стандартталған құрылымдардың қатарына мемлекеттік органдардың атаулары, аймақтық және әкімшілік құрылымдардың көрсетілуі, лауазым атаулары мен географиялық нысандардың қолданылуын жатқызуға болады. Осы ерекшеліктер – ресми ақпараттың жанрлық сипатын айқындайтын негізгі белгілер.

Мәселен, *«Егемен Қазақстан» газетінің 30 мыңыншы нөмірі жарыққа шықты, деп хабарлайды ҚазАқпарат агенттігі»* немесе *«ШҚО-ның Ұлыбританияда қойылған көрмесі әлемдегі ең үздіктердің қатарына енді»* (ЕҚ, 10 наурыз, 2022 жыл) сияқты мәліметтер құрылымдық жағынан бірізді. Мұндай мәтіндерде *«деп хабарлайды ҚазАқпарат агенттігі», «деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі»* деген тұрақталған тіркестердің қолданысы ақпараттық материалдың ресмилік сипаты күшейтеді.

Ресми ақпарат жанры мен мазмұндық тұрғыда үндес *ақпараттық жазба, ақпараттық шолу* және *фактілік ақпарат* сияқты жанрлардың ортақ белгілері бар, нақты айтқанда, бұл жанрлардың ортақ сипаты – ақпараттық қызмет атқаруы. Ал ақпараттың жедел берілуі ресми ақпарат жанры үшін міндетті талап болып саналмайды.

Сондай-ақ саяси тақырыптағы *«Еркін Тұқымов әлем елдеріне төнетін ең үлкен қауіпті атады»* (ЕҚ, 13 шілде, 2023 жыл) немесе мәдениет тақырыбын қамтитын *«Мойын алқа»* (ЕҚ, 25 желтоқсан, 2024 жыл) сияқты материалдарды ақпараттық жазба немесе ақпараттық шолу ретінде қарастыруға болады. Себебі бұл жанрларда автор тек ақпаратты жеткізіп қана қоймай, белгілі бір идеяны қолдай отырып, өз көзқарасын айқын білдіреді. Сонымен қатар қоғам мен әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі өзекті мәселелерге оқырман назарын аударуды мақсат етеді. Аталған ерекшеліктер баспасөздің қоғамдық сұранысқа бейімделе отырып, қоғамдық ойдың дамуына ықпал ететін ақпараттық алаң ретіндегі рөлін танытады.

Баспасөз жанрларының құрылымдық ерекшеліктері ақпарат мазмұнының ұйымдасу жүйесіне де тікелей әсер етеді. Қандай тақырып қозғалғанына қарамастан, мазмұн мен құрылым арасындағы өзара байланыстың сақталуы – мерзімді баспасөздің сапасына ықпал ететін лингвистикалық көрсеткіш.

Бүгінгі қазақ мерзімді баспасөзінде ішкі жанрлары жоғарыта аталған классикалық категориялармен шектелмей, әрі қарай ішкі тармақтарға (*lead-жаңалық, факт-бокс, live-трансляция; интервью-очерк, деректік шолу, пікір-талас, дерек-талдау* және т.б.) жіктеліп, жанрлық палитраны байыта түскен. Жанрлық тармақтардың кеңеюімен қатар де тағы бір маңызды жайт – баспасөз тілінің демократияланuымен және журналистің шығармашылық еркіндігінің артуымен байланысты мерзімді баспасөзде басқа функционалды стильдерге тән белгілердің аралас қолданылуы. Бұған дәлел – басқа функционалды стильдерге

тән жанрлық үлгілердің, мәселен, ғылыми-әдістемелік, әдеби, ресми-құжаттық, блогерлік элементтердің мерзімді баспасөзде жариялануы. Мұндай мәтіндерді жанрлық және стильдік шекараларын қайта қарастыру тұрғысынан талдау өзекті болып отыр. Бұл қазіргі мерзімді баспасөз стилі және стильаралық лексиканы тереңірек қарастыруды қажет етеді.

Қазіргі қазақ мерзімді баспасөз стилі және стильаралық лексика. Функционалды стильдерді бір-бірінен ажыратуға мүмкіндік беретін әр стильдің өзіне тән тілдік-стильдік құрылымы болады. Сәйкесінше кез келген тілдің лексикалық-грамматикалық жүйесі әр стильдің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты жұмсалады.

Академик Р. Сыздық: «Функционалды стильдердің жіктелуіне келгенде әр зерттеуші жіктеу принциптеріне орай әртүрлі бөледі», – деп көрсеткен болатын. Ал жіктеу принциптері белгілі бір өлшемдерге (критерийлерге) негізделуге тиіс болса, ол өлшемдердің өзі даулы, яғни мақсаттық стильдерді тарамдау үшін олардың қандай белгілерін өлшем ету керек деген мәселе түбегейлі, біржақты болып шешілген емес» [85, 83].

Ғалымның стильдердің тармақталуына қатысты тағы бірнеше пікірі назар аудартады: «Тілдік нормаларды функционалды стильдерге қарай ажыратып тануда олардың бір стиль шеңберінде тұйықталатын сипаты жоғын білу керек. ... нормалардың бір функционалды стильдің өз ішінде ғана емес, азды-көпті стильаралық «ауыс-түйістер» де жүріп жатады. Мысалы, ғылыми стильге жататын кейбір әдебиетте публицистикаға тән белгілер (нормалар) кездесуі мүмкін және керісінше» [5, 79].

Академик Р. Сыздықың мына тұжырымында функционалды стильдерге қатысы өзекті мәселелердің негізгілері аталған: «Функционалды стильдерді зерттеуде, сірә, мәселеге екі тұрғыдан келу керек болар: бірі – функционалды стильдердің белгілі біреуіне тән тілдік элементтерді анықтау, яғни тіл құралдарының белгілі бір функционалды стильге жататын үлгілерге тән болып келуін зерттеу, екіншісі – тілдік элементтердің белгілі бір функционалды стиль тезіне түсіп жұмсалуын талдау. Функционалды стилистика бойынша зерттеулердің дені тек қазақ тіл білімінде емес, өзгелерде де негізінен бірінші аспектіден жүргізіліп келеді, яғни талдаулар мен тұжырымдар «мынадай әдеби тілдің мынадай-мынадай функционалды стильдері бар, олардың бір-бірінен айырым белгілері (немесе өзіне тән) мынадай-мынадай» деген сияқты әңгіме төңірегінде болып отыр. Ал тілдік элементтердің (мейлі олар бейтарап болсын немесе бір стильге тән болсын) белгілі мақсаттық стиль үлгісінің тілінде сол стильдің тезіне түсіп жұмсалу уәжі (мотиві), заңдылықтары (нормалары), активтігі т.б. жайында жүйелі түрде, яғни теориялық негізде зерттелмей отырғанын айту керек. Әрине, бұл жерде әңгіме жеке-жеке фактілер жайындағы ізденістер жөнінде емес, тәртібімен келген тілдік құбылыстар (қолданыстар) туралы болуға тиіс» [85].

Бұл тұжырым қазіргі қазақ әдеби тілінің функционалды стильдеріне қатысты бірқатар өзекті мәселелердің бар екенін нақты аңғартады. Әсіресе ғалымның «жіктеу принциптері мен өлшемдері әлі де даулы» деген пікірі

стильдік тармақтардың лексикалық қолданыстарына тікелей қатысты айтылып отыр. Басқаша айтқанда, қазақ сөзінің функционалды стильдер бойынша жіктеліп, белгілі бір жүйе құруы грамматикалық құрылымдардан гөрі анағұрлым күрделі және өзгеше сипатқа ие екендігін көрсетеді. Осы құбылыс қазақ тіл білімінде алғаш рет академик Р. Сыздық енгізген «стильаралық» терминімен тікелей байланысты деп айтуға болады.

Тіл білімінде әдеби тілдің функционалды стильдері – ұдайы назарға алынатын зерттеу нысанасы. Соңғы кезеңдерде функционалды стильдердің әрқайсысын дербес, тұйық жүйе немесе тұрақты құрылым ретінде анықтаудың дұрыстығы – ғалымдар тарапынан қайта қарастырылған мәселе. Мәселен, орыс тіл білімінің маманы О. Лаптева функционалды стиль түрлерінің ішкі қарым-қатынасын белгілейтін тілдік бірліктердің сипаты біркелкі еместігін, сондықтан тілден тыс факторлардың әсерінен «функционалды стиль» термині бұл жүйелердің өзіне тән ерекшеліктерін толық қамти алмайтынын атап көрсетеді. Осыған байланысты ол функционалды стильдерді «әдеби тілдің сипаттары мен түрлері» деп атауды ұсынады [86, 24]. Мұндай пікірлердің өзі функционалды стильдердің шекаралары мен жіктелу өлшемдері туралы мәселенің әлі де нақтылана түсуі қажет екенін көрсетеді.

Ағылшын тіліндегі ғылыми стильдің ерекшеліктеріне арналған іргелі монографиялық зерттеуде функционалды стильдерге қатысты шешімін таппаған бірқатар мәселелердің бар екендігі сөз болады. Аталған еңбекте «әрбір функционалды стиль өзіндік дербес тұйық жүйе ретінде танылуы тиіс пе және стильдерді бір-бірінен ажырату үшін қандай нақты межелер басшылыққа алынады?» деген сұрақтарға ғылыми стиль аясында жауап табуға ұмтылыс жасалған [87].

Орыс тіл білімінде осы тақырып төңірегінде жүргізілген пікірталастарға қарамастан, зерттеушілердің басым бөлігі «функционалды стиль» деген дәстүрлі аталымның орынды екендігін мойындап, осы атаудың қолданысын дұрыс табады. Көркем әдебиет стилін терең зерттеген белгілі ғалым В.В. Виноградов та функционалды стильдер – «ойды сөз өрнегі арқылы жеткізуге қызмет ететін тұтас тілдік жүйе» деп баға берген [88].

Функционалды стильдерді әдеби тілдің жеке-жеке тармақтары ретінде тану – жалпы тіл білімінде қалыптасқан дәстүрлі тұжырым. Зерттеуде осы тұжырым басшылыққа алынды. Дегенмен қазақ әдеби тілінің қазіргі даму барысын зерделесек, функционалды стильдердің шегінде, олардың ішкі жүйесінде елеулі өзгерістердің болып жатқандығын жоққа шығаруға болмайды. Әдеби тілдің құрамындағы тілдік бірліктер бір ғана стильдің аясымен шектелмей, керісінше, стильаралық сипатқа ие болып, бір стильден екіншісіне өтіп, функционалдық-стилистикалық тұрғыдан қозғалыс үстінде болады [89].

Осы мәселеге байланысты В.В. Виноградов [90], М.Н. Кожина [91], И.Р. Гальперин [92], В.А. Белошапкова [93], Ю.С. Степанов [94] сынды шетелдік ғалымдар еңбектерінде функционалдық стильдердің араласуы, ортақ тілдік лексика мәселеріне тоқталып, «стильаралық лексика» ұғымы ғылыми айналымға енді. Бұл термин көбінесе «бейтарап лексика» ұғымымен қатар аталып, кей

зерттеулерде тіпті теңестіріліп қолданылды. Қазақ тіл білімінде бұл құбылысқа мынадай анықтама берілген: «Бейтарап сөздер – барлық функционалды стиль түрлерінде бірдей жұмсалатын, стилистикалық синонимдері жоқ тілдік бірліктер. Олар белгілі бір стильге ғана тән, экспрессивтік бояуы анық байқалатын сөздерге қарама-қарсы құбылыс ретінде сипатталады. Мұндай сөздер бір мезгілде бірнеше стильде қатар қолданылуы мүмкін. Айталық, адам, жер, өмір секілді сөздер ғылыми, көркем әдеби, сондай-ақ басқа да функционалды стильдердің барлығында да кездеседі. Осы ерекшеліктеріне қарай аталған сөздер бейтарап немесе стильаралық лексика деп танылады. Сонымен қатар абстракт мағынадағы сөздер де бейтарап лексика қатарына кіреді» [95, 44]. Демек, бейтарап лексика – жазбаша және ауызша коммуникацияда тұрақты қолданылатын, эмоционалды-экспрессивтік бояудан тыс, стилистикалық тұрғыдан бейтарап сипаттағы сөздер мен сөз тіркестерінің тобы.

Бұл пікірге сүйенсек, *ел, ауыл, аудан, аймақ, өңір, адам, бала, жақсы, жеңіл, ойлану, оқу* тәрізді лексемалар – әдеби тілдің ең тұрақты, барлық коммуникация салаларында жиі қолданылатын бейтарап тілдік элементтер.

Демек, ауызша және жазба коммуникациядағы қолданысы тұрақты, стилистикалық тұрғыдан айқын бояуға ие емес жалпықолданыстық сөздер бейтарап лексика ретінде танылады және абстракт мағыналы сөздер де бейтарап лексика шеңберіне жатқызылады. Ал стильаралық лексика – публицистикалық, ғылыми және ресми-іскери стильдердің барлығында дерлік жиі әрі тұрақты қолданылатын, функционалды-стильдік тұрғыдан нақты бекітілген сөздер мен сөз тіркестерінің тобы. Олай болса, стильаралық лексика бейтарап лексикадан функционалды стильдердегі қолданысы тұрғысынан ажыратылады. Зерттеу нысанасына байланысты стандартталық пен әсерлілікке қатысты стильаралық лексикаға назар аударамыз.

Стильаралық лексиканың стандартталуы да функционалды стильге байланысты көрінеді. Оған ең алдымен ғылыми, ресми-іскери және публицистикалық стильдердің ресми жанрларына ортақ болып келетін, логикалық ойды тұжырымдап, аяқтап, түйіндеуге қызмет ететін тілдік бірліктер кіреді. Айталық, қазақ мерзімді баспасөзі мен ғылыми әдебиеттерде және іскағаздарда жиі ұшырасатын *жүзеге асыру, іске асыру, атап өту, қарастыру, талдау, қамтамасыз ету, өркендету, орнығу, қабылдау, баяндау, табыстау, табыс ету, тапсыру, бекіту, дайындық, әзірлік, қорыту* тәрізді бірліктерге стильаралық сипат тән. Бұлардың стильаралық қызметі аталған стиль түрлерінде еркін қолданылып, коммуникативтік тұрақтылыққа ие болуынан байқалады.

Стильаралық лексиканың тағы бір үлкен тобын қоғам мен мемлекеттің саяси-идеологиялық көзқарастарын білдіретін, белгілі бір кезеңдегі қоғамдық сананы қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын сөздер құрайды. Өткен ғасырдың екінші жартысындағы зерттеулерде бұл топ «қоғамдық-саяси лексика» деп аталғаны мәлім [24, 143]. Қоғамдық-саяси лексика мәселесі қазақ тіл білімінде біршама кең зерттелген; Е. Жанпейісов [96], Ш. Құрманбайұлы [97] зерттеулерінде бұл ұғым «қоғамдық-саяси терминология» деп те көрсетілген.

Осы лексикалық қабатқа заманауи кезеңде кең қолданыс тапқан шеттілдік кірме сөздерді де жатқызуға болады. Мысалы, *брифинг, дефолт, депутат, спикер, модератор, эдвайзер, коучинг* сияқты тілдік бірліктер қазіргі қазақ баспасөзіндегі стильаралық стандарттылықты танытады. Жалпы қоғамдық-саяси лексика басқа тілдердің тәжірибесінде де осылай қалыптасып келеді, себебі бұл топтағы лексемалар қоғамдық санаға, экономикалық-әлеуметтік жағдайларға тәуелді болып, қоғам мүшелерін белгілі бір идеологиялық бағдарға бейімдеуді көздейді.

Қазақ мерзімді баспасөзінің тілі белгілі бір тарихи кезеңдердегі қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси-идеологиялық бейнесін сипаттайтындықтан, соңғы ширек ғасырдан астам уақыт ішінде оның лексикалық құрамында біршама өзгерістердің орын алғаны байқалады. Мұндай өзгерістер, ең алдымен, қоғамдық құбылыстар мен оқиғаларды, мемлекеттік ұстанымдар мен әлеуметтік ақиқатты оқырман қауымға жеткізу қызметін атқаратын тілдік бірліктердің мазмұндық, семантикалық, стилистикалық сапасымен байланысты.

Соңғы онжылдықтарда қазақ мерзімді баспасөз тілінде стандартталған, тұрақты түрде қолданылатын бірқатар тілдік бірліктер пайда болды. Олар – ұлттың когнитивтік санасында орнығып, оқырманның белгілі бір идеяларға деген сенімін, көзқарасын қалыптастыруға, әлеуметтік бірегейлігін нығайтуға бағытталған сөздер мен сөз тіркестері. Мысалы, *азаттық, тәуелсіздік, егемендік, құндылық, қауіпсіздік, ынтымақтастық, бірлік, татулық, бейбітшілік, ізгілік, игілік, сындарлылық, тиімділік, оңтайландыру, жаңғыру, жаһандану, әл-ауқат* секілді лексемалар – қазіргі қазақ мерзімді баспасөзіндегі стандарттылықты қалыптастыратын стильаралық тілдік бірліктер.

Мерзімді баспасөз тіліндегі стандарттылық пен сөз әсерлілігінің өзара байланысы мен бірінен екіншісіне ауысуы тұрғысынан келгенде, жоғарыда көрсетілген тілдік бірліктердің аксиологиялық табиғатын ерекше атап өткен жөн. Себебі бұл тілдік бірліктер жеке тұлғаның ғана емес, тұтастай қоғамдық санада орныққан құндылықтар жүйесімен тығыз байланысты. Құндылықтар жүйесі – бағалаумен категориясымен тығыз байланыста анықталатын құбылыс. Газет мәтіндерін қабылдаған кезде оқырман санасында бағалау актілері үздіксіз жүзеге асады. Айталық, *ынтымақтастық, бірлік, татулық, жаңғыру* секілді лексемалардың бағалауыштық семантикасы ұлттың санасында қалыптасқан құндылықтармен астасып, олармен үйлесім тауып жатса, бұл жайт аталмыш ұғымдарға қарама-қарсы мағыналы сөздерге төтеп бере алатын, қоғамдық санадағы белсенді қозғалыстарға ықпал ететіндігі анық.

Стильаралық лексиканың белгілі бір идеялар мен тұжырымдамаларды оқырман санасында орнықтыру үшін қолданылатын, өзіндік ішкі экспрессияға ие, сөз әсерлілігін қамтамасыз ететін тілдік құралдар екендігі баспасөз тілінің қазіргі дамуында стандарттылық пен әсерліліктің бір-бірімен тығыз ұштасып жатқанынан байқалады.

Сонымен қатар стильаралық лексиканың бір тармағы – тұрақтала бастаған тіркестердің мерзімді бапасөздегі қызметін қарастыру маңызды. Лингвистикалық категория ретінде тұрақты тіркестердің тұрақтала бастаған

тіркестерден басты айырмашылығы – олардың құрамындағы компоненттердің орнын алмастыруға немесе басқа сөздермен ауыстыруға, өзгертуге болмайтындығымен байланысты.

Ұлттық санадағы тұрақты тіркестерден ажыратылатын, қазіргі қазақ мерзімді баспасөзіндегі стильаралық лексиканың қызметін танытатын тілдік бірліктердің бір тобын «тұрақтала бастаған тіркестер» деп атауға болады. Бұндай тілдік бірліктердің бір тұрақты сыңары сөз тіркесін жасауға қабілетті болса, екінші сыңары жаңарып отыруға бейім. Қазіргі қазақ мерзімді баспасөзінде кеңінен қолданылатын *игі қадам // игі іс // игі шара; маңызды іс-шара // салтанатты іс-шара; айтулы мереке // айтулы оқиға // айтулы тұлға; рухани жаңғыру // рухани құндылық // ұлттық құндылық; қызу қолдау // қызу талқылау, // қызу дайындық; басты алғышарт // басты міндет; игілікті іс // игілікті қадам // игілікті жоба // игілікті шара; белсенді жұмыс // қарқынды жұмыс; соны серпін // жаңа серпін // тың серпін; еселі еңбек // толымды еңбек // жемісті еңбек // адал еңбек // еңбек жемісі; оң баға // жоғары баға; мереке қарсаңында // тәуелсіздік күні қарсаңында; түбегейлі өзгеріс // түбегейлі экономикалық реформа; аумақтық тұтастық // ұлттық тұтастық; толағай табыс // толымды табыс; мемлекетімізді нығайту // ынтықмақтастықты нығайту // серіктестікті нығайту, тарих таразысы // ақыл таразысы; әлеуметтік саясат // ұлттық саясат // мемлекеттік саясат* сияқты тұрақтала бастаған тіркестер стильаралық лексиканың дәлелі бола алады.

Мерзімді баспасөз тіліндегі осындай тұрақтала бастаған тіркестердің басты белгілерін төмендегідей топтастыруға болады:

- әлеуметтік сипаттың болуы;
- қоғамдық коммуникация кеңістігінде жиі әрі белсенді қолданылуы;
- оқырманға түсінікті, қабылдауға жеңіл әрі ұғынықты құрылымдардың болуы;
- ақпаратты жеткізуде тілдің мағыналық айқындылығын қамтамасыз етуі;
- құрамындағы лексикалық элементтердің белгілі бір деңгейде ауысып, өзгеріп отыруы, яғни бір сөздің семантикалық мазмұнына қарай денотат немесе коннотат мағынадағы сөздермен үйлесіп, жаңа тіркестер түзуі.

Бұл қатардағы тіркестер алғаш қолданысқа енгенде әсерлілік пен эмоционалды сипатқа ие болады. Дегенмен уақыт өте келе қоғамдағы белгілі бір көзқарасты білдіруге икемділігі мен қолданыс жиілігінің артуына байланысты стандартталған, клишеге айналған тілдік бірліктер ретінде орнығады.

Жоғарыда баяндалған мәселелерді лингвистикалық және лингвостилистикалық тұрғыдан толықтыру қажеттігі туындайды. Әсіресе мерзімді баспасөз тілінде жиі кездесетін стандартты номинациялар (мысалы, *азаттық, ынтымақтастық, бірлік, жаңғыру, жаһандық бәсекеге қабілет, ұлттық құндылық, тарих таразысы*) мен бұрыннан қолданыста жүрген қоғамдық-саяси лексика арасындағы айырмашылықты анықтау аса маңызды.

Алдыңғы кезеңдерде мерзімді баспасөз тілі туралы зерттеулерде қоғамдық-саяси лексикаға ерекше мән берілген еді. Аталған қабаттың басты ерекшелігі – олардың саяси мазмұнға ие болып, сол кезеңдегі идеологиялық талаптарға сай

қалыптасуында болды. Кеңес кезеңіндегі сөзқолданыста бұл қабаттың атауы ретінде «советизмдер» термині қолданылып, *аупартком, кеңшар, колхоз, комсорг, социализм* секілді сөздер мысал ретінде келтірілгені белгілі.

Қазіргі мерзімді баспасөз тілінде кеңес кезеңіндегі қоғамдық-саяси лексика («советизмдердің») тілдік айналымнан бірте-бірте шығып қалды. Керісінше, мерзімді баспасөз тілінің қазіргі келбетін көрсететін, оны алдыңғы кезеңдерден ерекшелейтін тілдік бірліктер пайда болды. Айталық, қазіргі қазақ мерзімді баспасөзінде жоғары жиілікпен кездесетін тілдік бірліктің бірі – «жаңғыру» сөзі. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде: «жаңғыру» – жаңару, толығу, жаңамен алмасу, өзгеріс, алмасу, жандану [98].

Бұл лексема мерзімді баспасөзде бір жағынан терминдік мағынаға ие, стандартталған тілдік бірлік ретінде қызмет етсе, екінші жағынан ол өзіне «жаңару», «толығу», «өзгеріс», «жандану» секілді ұғымдарды сыйғызып, қазіргі қоғамдағы нақты бір құбылысты сипаттап, бағалап, пайымдауда белсенді қолданылады. Осылайша сөздің семантикалық әлеуеті мен экспрессивтік қасиеті артып, жаңа әлеуметтік мағынасы қалыптасады. үшіншіден, «жаңғыру» лексемасы қазіргі қазақстандық қоғамда саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени салаларда болып жатқан түрлі өзгерістер мен үдерістерді жан-жақты қамтитын, тіркесімділік қабілеті кеңейген тілдік бірлікке айналды.

Бірінші тарау бойынша тұжырым

Қазіргі қазақ жазба коммуникациясы – ұлт тілінің синхронды даму кезеңін айқындайтын, дәстүрлі нормалар мен жаңаша сөзқолданыстарды тоғыстыратын, ұлттық дискурстың ғылыми және әлеуметтік әлеуетін кеңейтетін жүйе. Ақпараттық технологиялардың, виртуалды коммуникацияның артуына қарамастан, жазба коммуникация тілдің өміршеңдігін сақтауда, ғылым мен білім бағыттарын жазба түрде ілгерілетуде, қазақ тілінің бәсекеге қабілетті ішкі мүмкіндіктерін танытуда маңызды рөл атқарады.

Жазба коммуникацияның коммуникативті стратегияға, коммуниативті жағдаятқа қарай ұлттық ақпараттық кеңістіктің негізгі медиаторы қызметін атқаратын айрықша тармақ – мерзімді баспасөз.

Мерзімді баспасөз тілі өзінің тарихи эволюциясы мен қазіргі синхронды сипаты жағынан әдеби тілдің даму бағытын бейнелейтін әрі қоғамдық сана қалыптастырушы күшке ие коммуникативтік кеңістік ретінде бағаланады. Ол тек ақпарат тарату құралы ғана емес, мемлекеттік идеология мен ұлттық мүддені насихаттайтын, мәдени құндылықтарды орнықтыратын маңызды лингвомәдени орта ретінде сипатталады. Бұл тұжырымдар мерзімді баспасөз тілінің коммуникативтік және лингвомәдени кеңістік ретіндегі күрделі қырын айқындайды.

Зерттеуде соңғы онжылдықтардағы мерзімді баспасөз тілінің функционалдық ерекшеліктері, тілдік құрылымы мен стильдік трансформациясын айқындау мақсатында қазақ тіл білімі ғылымындағы және әлемдік лингвистика зерттеу жұмыстарына шолу жасалды. Ғылыми

тұжырымдарды саралау нәтижесінде мерзімді баспасөз тілі – бір кезеңнің тарихи-әлеуметтік ахуалын бейнелейтін айна ғана емес, сонымен қатар ұлттық әдеби тілдің жүйелі дамуына серпін берген кешенді құбылыс екендігі дәлелденді. Сонымен қатар бүгінгі мерзімді баспасөз тілінің негізгі сипаты анықталды. Олар: а) мәтіннің диалогтық сипатының артуы; ә) жеке тұлға рөлінің күшеюі; б) стильдік өзгерістердің үздіксіз жүруі және қарама-қайшы стильдік элементтердің қатар қолданылуы.

Публицистикалық стильдің аясында мерзімді баспасөз тілі ресми іс-қағаздар, ғылыми, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стильдеріне тән тілдік бірліктерді бір арнаға тоғыстырып, әсіресе лексикалық тілдік бірліктердің стильаралық интеграциясының айқын белгілерін көрсетеді. Мерзімді баспасөз тіліндегі стильаралық лексиканың рөлі, тілдік стандарттың қалыптасуына негіз болуы тұрғысынан жан-жақты талданды.

Стильаралық лексика үлгілері тек атауыштық қызметпен шектелмей, мерзімді баспасөз мәтіндерінде *рухани жаңғыру, маңызды шешім, игі іс, белсенді шара, ұлттық мүдде* сынды тұрақтала бастаған (стандартты тілдік бірліктер) тіркестердің қалыптасуына негіз болып, белгілі бір қоғамдық көзқарас қалыптастыруда белсенді рөл атқаратыны көрсетілді.

Мерзімді баспасөз тілі – тек публицистикалық стильдің көрінісі ғана емес, әдеби тілдің көпқырлы стилдік қабаттарымен өзара ықпалдаса отырып, әлеуметтік ақпарат пен қоғамдық идеяны жеткізудің, идеологиялық бағдар мен ұлттық құндылықтарды нығайтудың әмбебап құралы. Бұл тарауда ұсынылған тұжырымдар қазіргі қазақ тілінің дамуындағы баспасөз тілінің функционалдық, құрылымдық, прагматикалық, аксиологиялық ерекшеліктерін айқындауға бағытталып, оның ғылыми-теориялық негіздерін кешенді түрде сипаттауға мүмкіндік берді.

2 МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗДЕГІ СӨЗҚОЛДАНЫС: ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ СТАНДАРТ СӨЗҚОЛДАНЫС

2.1 Лингвистикалық категориялар жүйесіндегі стандарт сөзқолданыстың жалпы сипаттамасы

Тіл қолданысындағы тұрақты және өзгермелі сипаттарды зерттеу іргелі концепцияларды анықтауды қажет етеді. Жеке тілдік бірліктерді жүйелеу арқылы мағыналық, формальды және абстрактілі категориялар ажыратылады. Мағыналық категория тұрғысынан жүйелеу тілдік бірліктердің семантикасын анықтау, семантикалық құбылмалықтардың көрінісін дәлелдеу жағынан ғылыми тұжырымдар жасауға жол ашады. Формальды немесе абстрактілі категориялар жүйесі тіл құрылымындағы парадигмалар мен синтагмаларды біртұтастықта қарастыру үшін маңызды болып саналады. Осыған байланысты лингвистика саласында категориялау (категоризация) термині кеңінен қолданылады, кей ретте бұл термин жалпы мағынада аталса, тағы бір тұста нысананың мәнін анықтау жағдайында тереңірек талданады. Категориялау терминінің мәнісі тілді пайдаланушылардың қоршаған ортаны пайымдауынан туған білімнің реттеліп вербалдануына тікелей қатысты. Демек, категорияланатын тілдік бірліктер жүйесі – лингвоменталды феномен. Сонымен қатар сыртқы тілдік факторлар қоршаған әлемді танып-білуден туындаған тілдік бірліктердің құрылымына да, мазмұнына да әсер ету – тілді пайдаланушы өмір сүретін қоғамдағы өзгерістерге тікелей қатысты заңдылық.

Мұндай маңызды формалардың қатарына, біздіңше, адамның өзі және әлем туралы алған білімін реттеуге көмектесетін, сондай-ақ тілдің барлық жеке көріністерінде жүйе ретіндегі біртұтастығын қамтамасыз ететін тілдік категориялар жатады. Осы ерекшеліктер тілдік категорияларды білімнің ерекше форматы ретінде қарастырып, оларды дәл осы тұрғыдан зерттеу қажеттігін айқындайды.

Категория – қасиет-сапалары, құрылымы өзара теңдес объектілерді белгілі бір ортақ негізге біріктіретін ұғымдық бірлік [99, 102]. Басқаша айтқанда, категория дегеніміз – әрі объектілер класы туралы, әрі сол объектілерді біртұтас қалыпта топтастыруға негіз болатын ортақ белгілер туралы білім.

Тіл дамуының қазіргі кезеңіндегі өзекті мәселелердің қатарына тілдің ұйымдасуы мен қызмет ету үдерістеріндегі категориялық бірліктердің орны мен мәртебесі, ақиқат дүниені категоризациялау мен концептуалдау ерекшеліктері, тек жаңа категорияларды ғана емес, сонымен бірге лингвистика мен тіл теориясының категориялық аппаратын айқындау, зерттеу және сипаттау, филологиядағы дәстүрлі терминдер мен ұғымдардың мағынасын нақтылау әрі одан әрі дамыту жатады.

Ғалым Е.С. Кубрякованың атап өтуінше, тілдік категорияларды зерттеу олардың қандай тип бойынша ұйымдасатынын, адамдар қандай негізге сүйене отырып белгілі бір фактілер мен құбылыстарды жинақтап, олардың «біртекті» не «әртекті» екенін қалай шешетінін қарастыруды талап етеді [100].

Бұл мәселелерді шешу көбіне белгілі бір тарихи кезеңдегі тіл табиғатына қатысты көзқарастар мен зерттеу мақсаттарына байланысты болды. Сондай-ақ зерттеушілердің назарында тілдің қай қызметі немесе қай құрылымдық жағы көбірек болғаны да ықпал етті.

Қазіргі таңда лингвистикада тілдік категорияларды түсіндірудің үш негізгі бағыты бар: а) құрылымдық бағыт (оппозициялар принципі бойынша); ә) функционалдық немесе өрістік бағыт; б) когнитивтік немесе прототиптік бағыт [101, 8].

Баяндалғандардан базалық категориялардың параметрлері мен мәртебесінің өзгеріп отыруы мүмкін екендігі туралы тұжырым жасауға болады. Сондықтан оларды біржола берілген тұрақты ұғымдар ретінде емес, функционалдық тұрғыдан әрі субъективті түрде, яғни әрбір адамға тән даралықпен қарастыру қажет, өйткені таным үдерісінің өзі де – жеке тұлғаға тән құбылыс.

Белгілі бір құрылымның қалыптасу үдерісінде әртүрлі қағидаттар мен факторлардың кешенді қатысуы орын алады, мұндай құрылым бағалауыштық, яғни аксиологиялық категорияларға тән. Бұл категориялардың негізінде түрлі деңгейдегі абстракцияға ие бағалауыш концептілер жатыр. Олар өздерінің құрылымы мен мазмұнын айқындайды, мысалы: «жақсы», «жаман», «пайдалы», «қажетсіз», «жағымды», «жағымсыз» және т.б. Бағалауыш тілдік бірліктердің ерекшелігі – олардың мазмұндық айқын еместігінде, бұл олардың бағалауға түсетін концептуалдық құрылымдарға тәуелді болуынан туындайды. Тек осы құрылымдармен бірлікте ғана олар нақты мағынаға ие болады: *жақсы адам – басқа адамдармен қарым-қатынасы жағынан жағымды қасиеттерге ие; жақсы баға – баға берудің оң көрсеткіші; ал жақсы жұмыс – адамның қажеттіліктерін өтей алатын іс-әрекет* деген мағыналарды білдіреді.

Демек, *әлем – адам – тіл – қолданыс* онтологиялық төрттағанына сәйкес білімді репрезентациялау формалары ретіндегі тілдік категориялардың бүкіл алуан түрлілігін үш негізгі түрге топтастыруға болады. Олар әлемді категориялық танудың үш үлгісін көрсетеді: лексикалық, грамматикалық және модустық. Грамматикалық категориялар тұрақты. Лексикалық категориялық жүйе тілдегі табиғи объектілердің мән-мазмұнын бейнелейді, яғни дүниені онтологиялық тұрғыда категориялаудың үлгісін береді. Лексикалық категория тілдің лексикалық қабатын қамтиды. Бұл форматта тіл мен ойлаудың гносеологиялық (танымдық) қызметі жүзеге асады.

Модустық категория тілдің коммуникативті-функционалды қызметіне тікелей байланысты. Жазарманның / сөйлеушінің өз ақпаратына, пікіріне, идеясына, жеткізейін деген ойына қарым-қатысы, ақиқат шындықты бейнелеу (айтып беру / жазып беру / интерпретациялау) мақсатындағы субъективті бағалауы адам санасының онтологиясына (жеке адамның ақиқат шындық туралы түсінігі қандай, осы түсінікті жеткізе алатын білімі қаншалықты, өз ойын, идеясын, пікірін жеткізуде тілдік бірліктерді қалай ұйымдастыра, дәнекерлестіре алады) тәуелді [101, 11].

Осы күрделі құбылыс коммуникативті лингвистика, коммуникативті стилистика, сөз мәдениеті, функционалды стилистика салаларында, осы

салалардың аспектілеріне орайластыра талданады. Көрсетілген салалардың негізгі нысанасы, тірегі біреу, ол – тұрақтылық сақталатын грамматикалық құрылымнан гөрі тілдің лексикалық жүйесі, сөздік құрамның қолданысқа түсуі. Шын мәнінде жеке адамның, қайталап айтқанда, өз ақпаратын жеткізу / түсіндіру / сендіру ісіндегі негізгі құрал – тілдің сөз байлығы. Тілдің лексикалық жүйесін талдауға әр қырынан келуге болады. Тіл қолданысының қазіргі кезеңіндегі өзектісі – академик Р. Сыздық атап өткеніндей, жазба коммуникацияда «ненің суреттелгенін емес, қалай суреттелгенін» зерттеу [10].

Осындай маңызды бағытқа байланысты қазіргі лингвистикада модустық категория термині атала бастады. Модус (лат. modus) өлшем, пайдалана білу әдістері деген мазмұнға сәйкес келеді [102, 311-312]. Модустық категория өлшеміне салып талдау жасау жазарманның / сөйлеушінің қоршаған ортадағы барлық ұғым-құбылыстар және осы ұғым-құбылыстардың бір-біріне қарым-қатысы жөніндегі түсінігі, білімі, түсінуі мен білім деңгейінің қалай пайдаланылатындығы туралы бір жүйеге салып танып-білуге мүмкіндік тудырады.

Модустық категория өлшеміне салып жүйелеу адам санасының онтологиясымен, оның интерпретациялық (түсіндіру) қызметімен тығыз байланысты және дүниенің интерпретацияланған моделін бейнелейді. Адамның білімді түсіндіру тәсілдерін объективтендіріп, интерпретация механизмдерін тіл жүйесінде белгілі бір білім форматы түрінде бекітеді. Модустық категориялар – басқа концептуалдық мәндерге тәуелді, салыстырмалы сипаттағы құрылымдар және оларды ұйымдастырудың әртүрлі қағидаттарының үйлесімі [103, 95].

Тіл біліміндегі категория және категориялау (категоризация) мәселелері тілдің қолданысына тікелей байланысты. Бір жағынан категория деп танылатын тілдік бірліктер және категорияланатындар тіл қорында бар лексикалық, грамматикалық жүйеге байланысты болса, екінші жағынан тіл қолданысындағы белгілі бір жүйеге түсетін тілдік бірліктерді тануға да қатысты. Бұл ретте тілдің қазіргі дамуындағы күрделі үдерістерге байланысты *тілдік стандарттың категорияларын* жүйелеу маңызды.

Тілтанымдық зерттеулерде тілдік стандарт ұғымы толық анықталмаған. Әлемдік лингвистикада да көзқарастар әртүрлі. Дегенмен анықталған тұсы – *стандарт тіл* деген түсініктің *әдеби тіл ұғымымен* теңдестірілуі. Осы ретте проблеманы айқындай түсу мүддесінде әлемдік лингвистикадағы көзқарастарға қысқаша шолу жасап көрелік.

Әдеби тіл нормалары – тілдік бірліктердің бір қалыпқа түсірілуі, жүйелі, тұрақты, ретті болуы; тілдің барлық таралу аймағындағы тіл иелері дұрыс деп бағалаған, тілдің орнықтырылған амал-тәсілдері мен тәртібі. Осыған байланысты ғылымда, әсіресе бір қалыпқа түскен сипаттамасына сәйкес *әдеби тіл* мен *стандарт тіл / стандартталған тіл* терминдері теңбе-тең категория ретінде аталады. Сөз жоқ, терминнің дефинициясы тұрғысынан олардың ортақ белгілері бар екендігі даусыз.

Орыс тіл біліміндегі ғылыми тұжырымдарда «стандарт тіл» ұғымын алғашқылардың бірі болып белсенді қолданған зерттеушілердің бірі –

Е.Д. Поливанов. Ол бұл ұғымды көбіне «әдеби тіл» және «жалпыұлттық тіл» атауларының синонимі ретінде пайдаланған [104, 212]. Алайда зерттеуші «тілдік стандарт» ұғымына әрдайым бірдей анықтама бермегені байқалады. Мәселен, жапон диалектілеріне арналған еңбектерінде ол стандартты диалектілер арасындағы қатынас құралы ретінде танып, кей жағдайда стандарттың бір ғана нұсқада болмауы, тіпті оның қызметін екі немесе одан да көп диалектінің қатар атқаруы мүмкін екенін атап көрсетеді [104, 154-155].

Кейінгі кезеңдерде лингвистикада «стандарт тіл» термині сирек қолданылып, көп жағдайда оның орнына «әдеби тіл» ұғымы тұрақтады. Ал батысеуропалық және солтүстікамерикалық лингвистикалық дәстүрде бұл мәселе мүлде керісінше сипат алған: ол жақта кеңінен орныққан «тілдік стандарт» (standard language) ұғымы тұрғысынан зерттеу жүргізіліп, шығыс-еуропалық тіл білімінде әдетке айналған «әдеби тіл» атауы мүлдем қолданылмайды.

Британдық тілші Д. Кристал құрастырған «A Dictionary of Linguistics and Phonetics» атты лингвистикалық сөздікте «стандарт тіл» (standard language) қоғамдық тілдік қатынаста қолданылатын, беделді (престиж) тіл нұсқасы ретінде анықталады. Бұл тілдік нұсқа диалектілер мен айырмашылықтарды жеңіп, тұтас қауымдастық үшін ортақ қатынас құралына айналады, соның нәтижесінде бұқаралық ақпарат құралдарында, шет тіл ретінде оқыту барысында және басқа да ресми салаларда пайдаланылатын институционалды норма дәрежесіне көтеріледі [105, 472].

Х. Буссманн «Routledge Dictionary of Language and Linguistics» сөздігінде былай деп жазады: «Стандарт тіл – қоғамдағы қатынас құралы ретінде әбден нормаланған және ең алдымен мектеп жүйесі арқылы таратылатын тіл нұсқасы. Тілді оқытудың негізгі мақсаты – осы стандарт тілдің нормаларын меңгерту» [106, 37].

Осыған ұқсас анықтаманы Ж. Дюбуа бастаған авторлар ұжымы құрастырған «A Linguistic Introduction» еңбегінен де көруге болады. Бұл еңбекте «стандарт тіл» өзге формаларды немесе диалектілерді қолдануға бейім тұратын адамдар үшін ең тиімді қарым-қатынас құралы деп сипатталады. Сонымен бірге мектептер мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таралатын тілдің стандарт нұсқасы арнайы институттар тарапынан қадағаланып, қалыпқа келтіріліп отырады [107, 60].

Еуропалық лингвист Г. Берруто өзінің сөздік мақаласында «стандарт» тіл деп нормативтік кодификацияға түсетін, тілдің дұрыс қолданылуының үлгісі және мектептерде оқытылатын беделді нұсқасын түсіндіріп қана қоймай, сонымен бірге мынадай маңызды тұжырым жасайды: «стандарт» көбінесе әлеуметтік-диалектілік белгілерден таза, яғни әлеуметтік лингвистикалық маркерлерден арылған, бейтарап тіл ретінде де қолданылады. Мұндай тіл – тілдік қауымдастықтың барлық мүшелеріне бірдей түсінікті және жалпыға ортақ, ешбір ерекшеліксіз қолданылатын тіл элементтерінің жиынтығы [108].

Берілген зерттеу жұмыстарынан тілдік норма және жалпы тіл мәселелеріне арналған зерттеулерді талдау барысында «әдеби тіл» ұғымының орнына «стандарт тіл» терминін қолдану үрдісі байқалады.

Л. Кудинова бұл жағдайды «әдеби тіл» мен «көркем әдебиет тілі» сияқты өзара ұқсас, бірақ мазмұны жағынан әртүрлі екі ұғымның шатастырылуын болдырмау мақсатымен түсіндіреді. Олардың пікірінше, «стандарт» терминінің қолданылуы осы екі ұғымды ара жігін нақты ажыратуға мүмкіндік береді [109, 137].

Алайда бұл тұжырым қайта нақтылауды қажет етеді. Өйткені отандық филологияда, әсіресе XX ғасырдың алғашқы жартысынан бастап-ақ, «әдеби тіл» мен «көркем әдебиет тілі» ұғымдарының ара жігін ажырата қарастыру қажеттілігі әрдайым арнайы атап көрсетіліп келген болатын.

Сонымен, бүгінгі күні «әдеби тіл» ұғымының орнына «стандарт тіл» терминін қолдану – бір жағынан, батыстық үлгіні басшылыққа алу болса, екінші жағынан, ғылыми ұғымдар арасындағы шекараны айқындау әрекетінен туындаған құбылыс. Дегенмен мұндай алмастыру екі түрлі тарихи және әлеуметтік категорияның арақатынасын қайта қарауды қажет етеді. Себебі «әдеби тіл» – ғасырлар бойы қалыптасқан, ұлттық мәдениеттің, рухани дәстүрдің көрінісі болса, «стандарт тіл» – заманауи кодификацияланған норма. Осы тұрғыдан келгенде, «әдеби тіл» мен «стандарт тілді» толықтай синоним ұғымдар ретінде тану / ажырату үшін әлі де қарастырылуы қажет.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында жарық көрген кейбір зерттеулерде «әдеби тіл» терминінен бас тартпастан-ақ, бұл ұғымға көбіне «стандарт тілге» тән мазмұн беріле бастағаны байқалады.

Мәселен, В.В. Колесов өзінің зерттеуінде былайша берілген: «Әдеби тіл – стилистикалық және функционалдық нұсқалардың тоғысуынан пайда болатын, белгілі бір ортақ нормаларға бағындырылған тілдік қолданыс үлгісі, яғни ұлттық тілдің белгілі бір нормалары арқылы анықталатын функциясы» [110, 8-9].

Ғалым А.Д. Швейцердың көзқарасына сәйкес, әдеби тіл – өзіндік инвариантты белгілері бар, тілдің бүкіл таралу аймағында қолданылатын жүйе. Зерттеушінің пайымдауынша, егер әдеби тілді «беделді диалект» десек, онда оның әлеуметтік маңызын атап көрсетеміз, ал «стандарт тіл» деп атасақ, оның нормаланған, жүйелі сипатын басымдық беріледі. Сондай-ақ әдеби тілдің негізгі көрсеткіші – әлеуметтік норманың беделі, яғни қоғам тарапынан мойындалған норма әдеби тілдің басты айқындаушы элементі [111].

К. Уорт әдеби тілдің негізін тұрақты нормалар құрайтынын, осы нормалар стильдік ауытқуларға негіз бола алатынын атап көрсетеді [112, 142]. Ғалым жазушының стилі сол нормадан саналы түрде ауытқу арқылы айқындалады дей келе, әдеби тілдің тарихын нормалар тарихы ретінде қарастырады және оны «стандарт тіл» деп атайды [112, 102].

Б.А. Успенский әдеби тілдің қалыптасу, даму жолдарын зерттегенде тұрақты тілдік құбылыстарға назар аудару қажет екенін бас айтады. Зерттеушінің тұжырымына сәйкес, әдеби тіл – қоғам мойындаған, арнайы кодификацияланған, ресми білім беру арқылы меңгерілетін тілдік жүйе [113, 15]

Әдеби тіл үнемі «тірі» тілге, яғни халықтың күнделікті сөйлеу тіліне қарама-қарсы қойылады. Ол бұл қатынасты «жүйе» мен «норма» ұғымдары арқылы түсіндіреді. Яғни «жүйені» тілдің табиғи, өзгермелі қабаты, ал «норманы» тұрақты, кодификацияланған үлгі деп сипаттайды. Осы арақатынасты түсіндіру барысында Б.А. Успенский «тірі» тілді табиғатқа, әдеби тілді мәдениетке тиесілі деп бағалайды [113, 16].

Л.П. Крысин норманың маңызын айрықша атап, әдеби тіл мен стандарт тіл ұғымдарын өзара тең мағынада қарастырады. Ғалымның пайымдауынша, норма – міндетті сипатқа ие, тұрақты, консервативтік негізде қалыптасқан құбылыс. Ол тілдік дәстүр мен мақсатты түрде жүргізілген кодификацияның бірлігінен тұрады [114, 43].

Сонымен қатар зерттеуші әдеби тілдің тарихи даму барысындағы екі түрлі кезеңді атап көрсетеді: біріншісі – демократиялану кезеңі, яғни тілдің күнделікті қолданыс үлгілері (узус) әдеби тілге белсендірек еніп, оның құрамын жаңартатын уақыт; екіншісі – тұрақтану кезеңі, бұл кезде норманың ықпалы күшейіп, әдеби тілдің жаңару үрдісі баяулайды [114, 44].

Тілдік норма – тілдің ішкі заңдылықтарына негізделген құрылымдық қағида болса, стандарт тіл – осы нормалардың әлеуметтік тұрғыдан бекітіліп, белгілі бір мақсатта қолданысқа енгізілген тұрақты формасы [115, 518].

Осылайша стандарт тіл – белгілі бір тілдік жүйенің кодифкацияланған, қоғамдық өмірдік барлық салаласында қолдануға бейім, ұлттық әдеби тілдің орныққан нұсқасы. Осындай ұлттық деңгейдегі макрожүйе – стандарттың тілдің ішкі құрылымын айқындайтын айрықша құбылыс – тілдік стандарттар. Тілдік стандарттар – сөзқолданыстың, грамматикалық үлгілердің, орфографиялық және орфоэпиялық нормалардың жиынтығы; тілдің стильдік тұтастығы мен бірізділігін қамтамасыз ететін нормалардың микрожүйесі. Ұлттық әдеби тіл нормаларының біртұтастығын қамтамасыз ететін тілдік стандарттар негізінде стандарт сөзқолданыс қалыптасады. Стандарт сөзқолданыс – тілдік стандарттың іс-жүзіндегі көрінісін танытатын лингвистикалық категория; белгілі бір функционалды стильдің шеңберінде орныққан, қоғамда қабылданған сөз таңдау үлгілері.

Стандарт сөзқолданыс – ақпараттың анық, дәл әрі түсінікті жеткізілуіне бағытталған, яғни коммуникативтік жағынан тиімді тілдік үлгілер. Мысалы, баспасөз бетіндегі *«мемлекет басшысы», «қоғамдық келісім», «ұлттық мүдде»* сияқты тіркестер қалыпты стандартқа айналып, жиі қолданылатын тілдік бірліктердің қатарына енген. Мұндай стандарттар қоғамдық дискурсқа тұрақтылық пен бірізділік береді.

Соңғы онжылдықтардағы қазақ мерзімді баспасөзінің тілін зерттеуде осы саланың ақпарат беру және ықпал ету функцияларына қарай тілдік бірліктердің (сөз, сөз тіркесі) өзара ұйымдасуын біртұтастықта қарастырудың, жүйелеудің маңыздылығы айқын байқалып отыр. Бұл, біріншіден, қазіргі қазақ әдеби тілінің дамуына тән жалпы сипаттарды анықтауға мүмкіндік береді. Екіншіден, функционалдық стильдердің бір тармағы ретінде зерделенген алдыңғы кезеңдердегі еңбектерде мерзімді баспасөзде стильдік мақсатта жұмсалатын

сөздер мен сөз тіркестері негізінен құрылымдық лингвистика аспектісінде талданған еді. Тілтанымның жаңа бағыттары тілді қоршаған әлем – қоғам – жеке адам – социум тізбегінде, әрі сыртқы лингвистикалық факторлардың тілдің ішкі жүйесіне ықпалы тұрғысынан нысана етуге қарай түбегейлі бет бұрды. Тың ғылыми арналар тіл иелменінің когницияcы мен қабылдауына әсер ететін тілдік бірліктерді біртұтастықта жүйелеуді мақсат етеді. Бұл ретте тілдің қолданысындағы сөзқолданысты айқындау өзекті.

Қазақ тілтанымында сөзқолданыс терминін алғаш рет академик Р. Сыздық ұсынды.

«Сөз қолданысы деген мәселе – көркем шығарма тілін танытудың ең бір өзекті тұсы, мұнда стильдік-шеберлік жайттары сөз болмақ (мысалы, сөздердің бір тақырыптылығы, модальдық бояуларының біркелкілігі, бір сөздің қайталануы, белгілі бір тұлғалардың жиі (актив), не сирек (пассив) қолданылуы, синонимдердің қолданысы дегендерге барып тіреледі [25, 24].

Көркем шығарманың тіліне арналған басқа еңбектерінде де көрнекті ғалым сөзқолданыс аталымын стильдік шеберліктің белгісі ретінде сөз таңдау, тілдік бірліктерді қайталануы, ауызша сөз бен жазба тілдің арасындағы айырмашылықтарға қатысты бірнеше мәрте қайталаған [85, 7].

Сөзқолданыс термині, кең мағынада алғанда, бірнеше позицияны қамтиды. Біріншіден, бұл термин – сөз стилистикасының ұғымы. Коммуникативтік актіде жеке сөздің семантикалық, стильдік айқындылығымен қатар бір-бірімен дәнекерлесіп, бір-бірінің денотат немесе коннотат мағынасын таяныш етіп, логикалық ойды жүйелейтін сөз тіркестерінің мәні зор. Шындығында, тіркесім түзген тілдік бірліктер ақпаратты жеткізу, қабылдаушыға әсер ету жағынан коммуникативтік актінің тиімді жүзеге асырылуына айрықша ықпал етеді. Демек, сөзқолданыс – қазақ стилистикасының әдіснамаларын тереңдететін, қазақ тілтанымында түбегейлі зерттеуді қажет ететін категориалды аталым. Екіншіден, да, тіркесім тұтастығы деңгейіндегі тілдік бірліктер функционалды стильдердің айырым белгілерін анықтай түсуде сөзқолданыс термині тиімді болып саналады. Осы аталым арқылы мерзімді баспасөздің функционалды-коммуникативтік қызметін жүзеге асыруға сәйкес түсетін тілдік бірліктерді жинақы атауға болады. Өйткені мерзімді баспасөзде бір қалыпқа түскен, стандартталған тілдік бірліктер және астарлы мағыналары қиюласқан тіркесімдер қатар қолданылады. Алайда олардың әрқайсысы өз алдына дербес, бір-бірінен оқшауланып тұратын тілдік бірліктер емес. Ақпарат беру, қабылдаушыға әсер ету, идеялар мен ойды насихаттау, қоғам өміріндегі, қоршаған ортадағы ақиқат шындыққа иландыру мүддесінде бір қалыпқа түскен, стандартталған тілдік бірліктер және ойды, идеяны әрлеп жеткізетін, әсерлі қуаты күшті тілдік бірліктер өзара ұйымдасып, біртұтас жүйе түзеді. Мерзімді баспасөз тілінің басты белгісі – негізгі функцияларына сәйкес тілдік бірліктердің бірлесіп қызмет атқаруы. Нақты айтқанда, сөзқолданыс аталымы – ұғымдық аппараты, термин ретіндегі ықшамдылығы, мағына дәлдігі тұрғысынан мерзімді баспасөздің стильдік белгілерін айқындау үшін оңтайлы термин.

Стандарт сөзқолданыс тілдің функционалдық байлығын шектемеуі тиіс. Осы орайда тілдегі әсерлілік құбылысына қатысты мәселелердің мәнін ашу маңызды. Сөз әсерлілігі – тыңдаушы немесе оқырманға тілдік құралдар арқылы ықпал ету, эмоция туғызу қабілеті. Стандарт сөзқолданыс белгілі бір дәрежеде әсерлілікке ие болуы мүмкін, алайда бұл әсерлілік алдын ала қалыптасқан үлгілер мен нұсқалар арқылы беріледі.

Стандарт сөзқолданыс пен сөз әсерлілігі бір-біріне комплементарлы құбылыс. Стандарт тілдегі сөздер мен құрылымдар анық және түсінікті болуы тиіс, алайда олардың әсерлілік потенциалы да маңызды. Лингвостилистикалық нормалар тілдің көріктеу құралдарын реттейді: олар тек дұрыс сөйлеу емес, сонымен бірге сөздердің эстетикалық, экспрессивті жағын да қамтиды. Мысалы, сөз мәдениеті тек нормаларды сақтаумен шектелмейді, оған сөздерді «әсерлі, әсем етіп жұмсай білу» қабілеті де енеді [6, 2].

Әлем – адам – тіл – тілдің қолданысы жүйесінде тұжырымдар жасау – қазіргі тіл ғылымының аса өзекті бағыттарының бірі. Осыған сәйкес ғылым арналары да күрделеніп таралып келеді: *әлем – адам – тіл* аспектісінде қарастыру адам когницияcындағы үдерістердің вербалдануын концептілердің жиынтығы ретінде қарастырады. Әлем мен адамның, адам мен тілдің қолданысы тұрғысынан келгенде, вербалдану – көпқырлы құбылыс және үдеріс. Сөйлеуші / жазарман өзінің когницияcындағы жүйелі (кейде шашыраңқы) білімді жеткізу барысында бейтарап лексикамен қатар *перифраз жасау, түсіндіру, экспрессия әсері бар тілдік бірліктерді құбылту* сияқты түрлі амалдарды пайдаланады, өз идеясын, ойын тарату үшін қайталауларды қолданады. Сонымен қатар коммуникативті жағдаят тілдің әлеуметтік беделі сақтауды да талап етеді. Тілдің әлеуметтік беделі әдеби тіл нормаларын қадағалау міндетін жүктейді.

Қазіргі қазақ мерзімді баспасөзіндегі стандарт сөзқолданыс үлгілері мен сөз әсерлілігін тудыратын тілдік бірліктерді және олардың мәнмәтіндегі қолданысын анықтау мақсатында Егемен Қазақстан газетінің 2023 жыл 22 наурыздағы №55 (30534) санындағы барлық материалдарға контенттік және статистикалық талдау жасалды.

Басылымдағы негізгі жанрлар және оларға сәйкес мақалалардың сандық көрсеткіші төмендегідей:

– ресми ақпарат (жалпы саны – 1);
– ақпараттық шолу (жалпы саны – 12);
– ақпараттық жазба (жалпы саны – 11);
– талдау жанрлары: сұхбат (жалпы саны – 2);
– публицистикалық очерк (жалпы саны – 2);
– көркем очерк (жалпы саны – 1). Барлығы – 29 мәтін.

Ақпараттық шолу, ақпараттық жазба, талдау жанрлары, көркем-публицистикалық жанр мәтіндерінің басты сипаты – стандарт сөзқолданыс пен сөз әсерлілігін тудыратын тілдік бірліктердің мақсатты түрде пайдаланылуы.

Соның ішінде аса көлемді ақпараттық шолу жанр үлгісінде стандарт сөзқолданыс пен сөз әсерлілігін тудыратын тіл бірліктерді анықтау мақсатында жүргізілген талдау нәтижесі төмендегі кестелерде жинақталды (Кесте 3, 4, 5).

Кесте 3 – «Егемен Қазақстан» газетінің 2023 жылғы 22 наурыз күнгі №55 (30534) саны бойынша іріктелген мәтіндер туралы жалпы ақпарат

Тақырыпат	Жанрлық үлгі	Сөз саны
«Қазмедиадағы ақшаңқан ауыл»	ақпараттық шолу	574
«Ақпараттық саясатты реттейтін құжат»	ақпараттық жазба	1168
«Берекелі істің бастауы»	ақпараттық жазба	319
«Қазақ жылқының тұяғына қарыздар»	сұхбат	1926
«Курортты аймаққа бару жеңілдейді»	ақпараттық шолу	587

Кесте 4 – «Қазмедиадағы ақшаңқан ауыл» ақпараттық шолу мәтініндегі стандартты сөзқолданыс үлгілері

Стандартты сөзқолданыс	Мәнмәтіндегі қолданысы
ұлттық құндылық	Бұқаралық ақпарат құралдары ұжымы ұлттық құндылықтарды дәріптеді.
мейраммен құттықтау	Жиналғандарды мейраммен құттықтады.
жаңа жылымыздың бастауы	Наурыз – біздің төл жаңа жылымыздың бастауы.
көктем мерекесі	Көктем мерекесінің мазмұнын байыта түскен жөн.
ұлттық мәдениет	ұлттық мәдениет мол тарихымыздың айғағы.
оң бастама	Бұл оң бастама елге пайдалы болатын игілікке айналдырды.
сөз арасында	Ол сөз арасында онлайн марафон өткенін айтты.
әлеуметтік зерттеу	Сайлау кезінде түрлі әлеуметтік зерттеулер жүргізілді.
саяси сараптама	Салмақты саяси сараптамалар жасалды.
саяси науқан	Саяси науқан уақытында жаңалықтар жедел таратылды.
жаңалықтарды жедел тарату	Саяси науқан уақытында жаңалықтар жедел таратылды.
жұмыс атқару	Журналистер жақсы жұмыс атқарғанын ерекше атап өтті.
ерекше атап өту	Журналистер жақсы жұмыс атқарғанын ерекше атап өтті.
тарихи кезең	Тарихи кезеңде барлық ұжымға алғыс ризашылығымды білдіргім келеді.
алғыс білдіру	Барлық ұжымға алғыс білдіргім келеді.
қажырлы қызмет	Сіздердің қажырлы қызметтеріңіз қандай құрметке болса да лайық.
бас қосу	Барша әріптестеріміз пандемиядан кейін алғаш рет бас қосты.
іс-шара ұйымдастыру	Тамаша іс-шара ұйымдастырып отыр.
қоғам дамуы	Біздің министрлік азаматтық қоғамның дамуына жауапты.
құндылықтарды ұлықтау	Қастерлі құндылықтарды ұлықтады.
үлгі-өнеге көрсету	Көпке үлгі-өнеге көрсетуі заңдылық деп білеміз.
құнды жәдігер	Бейбітшілік пен келісім мұражайында құнды жәдігерлер қойылған.
мәдениет құндылықтары	Мәдениет құндылықтарының қалыптасу және даму тарихын толық бейнелейді.
санаулы сағат ішінде	Санаулы сағат ішінде қазақ ауылына айналған.
куә болу	Мереке қонақтары 3D принтері арқылы асықты басып шығаруға куә болды.
салтанатпен атап өту	Наурыз мерекесін сән-салтанатымен атап өтті.

Кесте 5 – «Қазмедиадағы ақшаңқан ауыл» ақпараттық шолу мәтініндегі сөз әсерлілігін тудыратын тілдік бірліктер

Сөз әсерлілігін тудыратын тілдік бірліктер	**Позициялары**	**Мәнмәтіндегі қолданысы**
ақшаңқан ауыл	контекстуалды синоним	Қазмедиадағы ақшаңқан ауыл.
ұлттық құндылықтарды дәріптеу	синоним	Наурыз тойында бұқаралық ақпарат құралдары ұжымы киіз үй тігіп, ұлттық құндылықтарды дәріптеді.
тарихи тамыры тереңге бойлаған	фоникалық құрылым	Тарихи тамыры тереңге бойлаған Наурыз мейрамын журналистер қауымы да сән-салтанатымен тойлады.
табиғатты түлетіп, тіршілікті шуаққа бөлеу	фоникалық құрылым	Табиғатты түлетіп, тіршілікті шуаққа бөлейтін көктем мерекесін күллі жұрт асыға күтетіні белгілі.
жарғақ құлағы жастыққа тимеу	тұрақты тіркес	Журналистер жарғақ құлағы жастыққа тимей жақсы жұмыс атқарғанын ерекше атап өтті.
наурыз мейрамының көркін асыру	образды қолданыс	Наурыз мейрамының көркін асырып, тамаша іс-шара ұйымдастырып отыр.
жер жарылып көк шыққан, көк жарылып күн шыққан	фоникалық құрылым және лингвокреативтілік	Баршаңызды жер жарылып көк шыққан, көк жарылып күн шыққан Наурыз мейрамымен құттықтаймын!
ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!	прецедентті мәтін	Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!
күн-түн, жарық-қараңғы, жылу-суық	антонимдер	Күн мен түн теңеліп, жарық қараңғыны жеңген, ел шаттыққа кенеліп, жылу суықты жеңген бұл қасиетті мереке – бабаларымыздан қалған мирас, көнеден қалған дәстүр.
көктемдей құлпыру	теңеу	Көктемдей құлпырған қыз-келіншектеріміз мерекенің сән-салтанатын келтірді.
іргеміздің аттаған	контекстуалды синоним	Іргеміздің аттаған Қоян жылы жақсылықтың, берекенің, тазалықтың жылы болсын!
ақшаңқан қазақ үй	образды қолданыс	«Қазмедиа» орталығы және «Қазконтент» акционерлік қоғамымен бірлесіп ақшаңқан қазақ үй тіккен болатын.

Егемен Қазақстан газетінің 2023 жыл 22 наурыздағы №55 (30534) санындағы барлық материалдарына контенттік және статистикалық талдау жасау нәтижесі қазіргі қазақ мерзімді баспасөзінде стандартты және сөз әсерлілігін тудыратын сөзқолданыс үлгілерінің мерзімді баспасөз тілінің ақпарат беру және ықпал ету функциясын іске асыру мүддесінде өзара сабақтастықта жұмсалатындығын айқындады. Бұл тарауда зерттеу нысанымызға сәйкес

стандартты сөзқолданыс үлгілері табиғатына кеңірек тоқталып, сөз әсерлілігін тудыратын тілдік бірліктерге келесі тарауда арнайы тоқталатын боламыз.

Берілген стандартты сөзқолданыс – қазіргі қазақ публицистикалық мәтіндерінің, соның ішінде мерзімді баспасөз тілінің белсенді тілдік қорына еніп, стилистикалық тұрақтылыққа ие болған бірліктер. Бұл тілдік құбылыстардың қолданысына тән сипаттарды төмендегіше негіздеуге болады:

– аталмыш тіркестердің көпшілігі – публицистикалық стильдің прагматикалық бағытына сай, ақпаратты жедел әрі бейтарап жеткізуді мақсат ететін стандартталған сөзқолданыс. Мысалы, *«қоғам дамуы», «ақпараттық саясат», «әлеуметтік зерттеу», «мемлекеттік саясат», «қол жеткізу»* тәрізді тіркестер хабар беру мен оқырманға ықпал етудің ең ықшам формасы ретінде көрінеді;

– кейбір тіркестердің – *«ұлттық құндылық», «құндылықтарды ұлықтау», «ұлттық мәдениет», «ұлттық болмыс»* – мазмұны бейнелі әрі экспрессивті, алайда қолданылу жиілігінің артуына байланысты олар да стандарт сипатқа ауысып бара жатқанын байқаймыз;

– *«мерекелік іс-шара», «салтанатпен атап өту», «мейраммен құттықтау», «мейрамға орай», «қуантарлық жаңалық», «қастерлі құндылықтар»* сияқты тіркестер көбіне ресми жаңалықтар мен мәдени ақпараттарда жиі қайталанатын тілдік элементтер ретінде тұрақтанып келеді. Бұл тілдік үлгілер мәтіннің стилистикалық бейнесін түрлендіргенімен, репродуктивті сипат алып, оқырман санасында автоматтанған бірлік ретінде қабылданады;

– прагматикалық мағынасы жағынан бір мақсатқа бағытталған тілдік бірліктердің жиі қолданылуы олардың стилистикалық қызметін әлсіретеді. Мәселен, *«қажырлы еңбек», «сүбелі үлес», «ерекше атап өту», «істеріне сәттілік», «алғыс білдіру»*;

– қазіргі ақпараттық дискурста *«ақпараттық кеңістік», «ақпарат тарату», «ақпараттық қауіпсіздік», «ақпараттық саясат», «жедел тарату», «заманауи технология»* сияқты тіркестер – прагматикалық қолайлылық үшін стандартталған, терминденуге жақын немесе жартылай терминденген сөз тіркестері. Бұл тіркестер – публицистика мен ресми стильдің тоғысқан тұсында қалыптасқан тілдік формалар;

– грамматикалық құрылымы жағынан бірізді, формалданған тіркестер – *«жұмыс атқару», «бас қосу», «қол қою», «мерекелік іс-шара барысында», «мәселе өзекті», «міндеттерді шешу»* – қазіргі газет тілінің стандартталған синтаксистік құрылымын құрайды. Бұл үлгілерде көп жағдайда етістікті тіркес (вербалды-субстантивті модель) қолданылады;

– жоғарыда аталған тіркестердің белгілі бір бөлігі – *«сайлау кезінде», «саяси сараптама», «саяси науқан», «қоғамдық сананы қалыптастыру», «әкімшілік ресурс»* – идеологиялық реңкі бар, контекстік мәнге бай стандарт сөзқолданыс ретінде қабылданады. Бұл тіркестер әлеуметтік, саяси дискурста жиі кездесіп, адресат санасында алдын ала дайын когнитивтік модельмен қабылданады;

– *«байланыстарды нығайту», «ынтымақтастық туралы меморандум», «халықаралық форум», «уәкілетті өкіл», «жұмыс сапары», «сапалы контент»* – қазақ тілінде соңғы онжылдықтарда орныққан, халықаралық дискурс пен ресми стильдің ықпалымен қалыптасқан стандартты құрылымдар.

Тіл қолданысында тілдің ішкі заңдылықтарына негізделген әдеби тіл нормалары қадағаланады. Тіл функционалды жүйесінде коммуникативтік стратегия, коммуникативтік жағдаят мақсаттарына орай өзгерістер жүреді. Сөйтіп, әсіресе ойды / идеяны / ақпаратты баяндау үдерісінде сөйлеуші / жазарман когницияcындағы білім арқылы жаңа тілдік бірліктер пайда болады. Шартты түрде жаңа тілдік бірліктер идиолектіден социолектіге ауыса бастайды, олардың алғашқы сөз әсерлілігі аса қуатты сипаты қолданыс жиілігі артқан сайын тұрақты, қалыпты сипатқа көшеді, бірі термин қатарына енеді, тағы бір тобы функционалды-коммуникативтік қызмет атқарады. Мәселен, *орда* – *«Алтын Орда», «Ақ Орда», «Көк Орда», «Боз Орда», «Жүз Орда»* тіркестері айқындай түсетініндей, ұлт өкілінің санасында «елдің әкімшілік, саяси басқару орталығы [116]; орта ғасырдағы көшпелі елдердің әкімшілік, саяси басқару орталығы, ел билеушілер тұрағы, сарай» [117] мағынасындағы лингвокогнитивті феномен деңгейіндегі тілдік бірлік. Функционалды-коммуникативтік стратегияға сәйкес қазіргі жазба коммуникацияда *Ғылым ордасы, өнер ордасы, Ақорда, Елорда* тіркестері қолданысқа түскен. *Елорда* және *өнер ордасы* – экспрессиялы қолданыста, *Ақорда, Ғылым ордасы* урбаноним (маңызды объектілердің атауы) деңгейіндегі ресми-саяси атау ретінде қалыптасқанға дейін әсерлі позиция стратегиясында жұмсалды. Демек, тұрақтылық, бір қалыпқа түсу, яғни әдеби тіл нормаларына айналғанға дейін тілдік бірлік стандартталу сатыларынан өтеді. Стандартталу – әдеби тілдің бір сипаты. Стандартты сөзқолданыс тіл динамикасында ұдайы көрініс табатын стереотип, клише және штамп құбылыстарына тікелей қатысты.

2.2 Стандарт сөзқолданыс: стереотип, клише, штамп

Лингвистикалық категориялар жүйесі аспектісінде тілдік бірліктердің стандарттылығы бірнеше тармаққа таралады, олар – стереотип, клише және штамп.

Қазіргі қазақ тіл білімінде тілдік бірліктердің стандартталуы мәселесі лингвистикалық және мәдени-коммуникативтік кеңістікте маңызды ғылыми бағыт ретінде қарастырылуда. Бұл ұғым тілдік нормалар жүйесін, әдеби тіл стандарттарын және коммуникациядағы прагматикалық қызметті қамти отырып, тілдің қоғамдағы рөлін анықтауға негіз болады. Стандартталған тілдік бірліктер тілдің тұрақтылығы мен бірізділігін қамтамасыз ету арқылы ақпараттың дәл, түсінікті әрі тиімді жеткізілуіне мүмкіндік береді.

Қазақ тіл білімінде, әсіресе сөз мәдениеті саласындағы зерттеулерде «тілдік стандарт» ұғымымен қатар «клише», «штамп», «стереотип» тәрізді терминдер де қолданысқа еніп жүргені белгілі. Бұл ұғымдардың әрқайсысы тілдік құралдардың орныққан, қалыптасқан үлгілерін білдіреді [118, 2]. Алайда

олардың мазмұны мен мәнін біржақты, тұрақты түрде түсіндіру қиын. Өйткені аталған құбылыстар жазба және ауызша сөз қолданысында әртүрлі қырынан көрініп, әртүрлі бағаланады.

Ғылыми еңбектерде клише мен стереотиптер көбіне тілде және сөйлеудегі дайын қалып, белгілі бір жағдаятта оңай қайталанатын, сөйлеуші тарапынан көп ойланбай қолданылатын сөйлеу үлгілері ретінде сипатталады. Бұлар – сөздік қолданыста жиі кездесетін, мағынасы жағынан тұрақтанған орамдар. Өзінің табиғаты жағынан мұндай тілдік құралдар коммуникативтік қолайлылық үшін қажет болғанымен, сөйлеу мәдениеті тұрғысынан алғанда, тілдің бейнелілігі мен көркемдік мүмкіндігін шектейтін қасаң үлгілерге де айналуы мүмкін.

Тіл практикасында әрбір функционалды стильдің өзіндік ерекшелігіне сай белгілі бір лексемалар, сөз тіркестері, синтаксистік және грамматикалық үлгілер қалыптасады. Бұл тілдік бірліктер сол стильдің ішкі заңдылықтары мен міндеттеріне сәйкес сұрыпталып, қоғамдағы коммуникациялық талаптарға бағына отырып, тұрақталады. Әрбір стильдің мақсаты – қарым-қатынас орнату, ақпарат жеткізу, соған орай ол өзіндік тілдік таңдау жасайды. Сонымен қатар мұндай стильдік сұрыптау үдерісі тілден тысқары факторлардың, яғни әлеуметтік, мәдени, тарихи жағдайлардың әсерімен жүзеге асады.

Қолданыста іріктеліп алынған тілдік бірліктер қайталап жұмсалу барысында, сондай-ақ қолданылу жиілігінің артуына қарай, біртіндеп белгілі бір функционалды стильдің тұрақты, қалыпты элементтері ретінде орнығып, тілдік стандартқа айналады. Мұндай қалыптасқан үлгілер, бір жағынан, тілдік қарым-қатынасты жеңілдетуге, стильдік тұтастықты сақтауға қызмет етсе, екінші жағынан, кей кездері қасаңдалып, стереотиптік сипатқа ие болуы да мүмкін. Төмендегі кестеде осы зерттеуде қарастырылатын ұғымдардың лингвистикалық-энциклопедиялық анықтамалары берілген (Кесте 6).

Кесте 6 – Тілдік стандартқа қатысты терминдердің жалпы сипаттамасы

Терминдер	**Анықтамалар**
Стереотип	Адам санасында шартты және шартсыз рефлекс ретінде орныққан іс-әрекет түрі; бұл форманың коммуникативтік акт арқылы тілде көрініс табуы [119, 248]. Тілдік стереотиптік бірліктер дайын күйінде коммуникациялық күрделі үдерісті жеңілдету үшін қолайлы әрі пайдалы [120, 19].
Клише	Клише – қарым-қатынас барысында оңай қолданылатын дайын сөйлем, сөз тіркесі, стереотип [121, 180].
Штамп	Штамп – өңделген, тұрақты қалыптасқан тілдік құрал (дайын элемент). Кез келген сөз, фраза немесе сөйлем жиі қолданылуы нәтижесінде штампқа айналуы мүмкін. Мысалы, ақ алтын (мақта), ақ жол [121, 428].
Стандарт	Үлгі, эталон, модель, норма, нормалар мен ережелер жиынтығы, қағида... [121, 362]
Тілді стандарттау	Тілді стандарттау – тілдік бірліктердің лексикалық, фонетикалық, грамматикалық нұсқаларын белгілі бір деңгейде жүйелеп, тілдің нормаланған үлгісін жасау. Тілді стандарттау нормалаудың бір түрі ретінде барлық мүмкін тәсілдер арқылы жүзеге асырылады [119, 113].

6 – кестенің жалғасы

Тілдік норма	Әдеби норма ұғымына сүйенетін қорытынды – тілдің өмір сүру формасы, ұлттық мәдениеттің бір көрсеткіші, қоғамдағы тілдік мәдениеттің белгісі, функционалды стильдерге бейімделген, тұтас жүйеге түсірілген нормаланған тілдік жүйе. Әдеби тіл (яғни стандартталған тіл) – жалпыұлттық тілдің өңделген бөлігі, ол көп жағдайда жазбаша түрде бекітілетін нормалар арқылы көрініс табады; тіл мәдениетінің барлық көріністері сөз формасында айқындалады [121, 244].

Байқап отырғанымыздай, қарастырылған терминдердің мәнін ашуда ортақ белгілердің басым екенін аңғарамыз, олардың арасында айтарлықтай айырмашылықтар да көп емес. Бұл ұғымдарды біріктіретін басты ортақтық – нормаланған, сұрыпталған, өңделген тілдік құралдардың жиынтығы екендігі, сондай-ақ қалыптасқан лексикалық бірліктер мен тұрақты сөз тіркестері ретінде тілдің лексикалық қорында сақталуы.

Дегенмен олардың ара-жігін ажырататын ерекшеліктері де жоқ емес. Атап айтқанда, әдеби тіл нормаларын сақтау, тіл байлығын орнымен жұмсау, жазбаша және ауызша түрлерінде әдеби тілдің толыққанды қызмет етуі – ұлттық мәдениеттің биік деңгейін танытатын көрсеткіш. Ал керісінше, *клише, штамп, стереотиптер* кей жағдайда тілдің бейнелілігі мен көркемдігін шектейтін, сөз қолданыста еркіндікті тежейтін құбылыс ретінде бағаланады [122]. Бұл құбылыс тілдік нормалардың әр деңгейінде жүзеге асып, түрлі стильдік қабаттарда көрініс табады. Сондықтан тілдік стандарттарды талдауда *штамп, клише* және *стереотип* ұғымдарын ғылыми-теориялық тұрғыдан жеке қарастыру қажет. Бұл ұғымдардың әрқайсысы стандартталған тілдік бірліктер жүйесінде өзіндік қызмет атқара отырып, түрлі прагматикалық және стильдік функцияларды орындайды.

Енді, тілдік стандарттың осы негізгі компоненттерін – *стереотип, клише, штамп* ұғымдарын – арнайы ғылыми талдау нысанасы ретінде қарастырып, олардың теориялық негіздеріне және қолданыс ерекшеліктеріне жеке-жеке тоқталамыз.

Стереотип ұғымы (грек. *stereos* + *typos* – қатаң түрді орныққан белгі, із) – философия, әлеуметтану, әлеуметтік лингвистика, когнитивтік лингвистика, психолингвистика, герменевтика, онтогенез, функционалды стилистика, коммуникативті стилистика салаларындағы зерттеулерде қолданылатын аса күрделі термин. Әр ғылым саласының бағыттары мен әдіснамаларына қарай зерттеушілер тарапынан *стереотип* терминіне әртүрлі анықтама көрсетіледі.

Жалпы тіл білімінде стереотип ұғымының мазмұндық аясы мен терминдік мәні туралы ғылыми пайымдауларға сүйене отырып, аталмыш құбылыстың лингвистикалық және психологиялық аспектілерде қарастырылатыны айқындалады. Әртүрлі анықтамалар мен тұжырымдардың түйінді желісінен стереотип ұғымының мазмұнын құрайтын негізгі сипаттар ретінде: қалыптасқан бейне, дайын үлгі, тұрақты образ, орныққан таным, когнитивтік ойлау моделі тәрізді түсініктердің жиі қолданылатыны байқалады [118, 4].

Осы мәселеге қатысты, көрсетілген ғылымдардың қай саласында да болмасын, шетелдік ғалым У. Липманның тұжырымдары негізге алынады.

Терминді алғаш рет ғылыми айналымға енгізген У. Липманның қорытындылары қоршаған ортадағы барлық құбылыстар мен түсініктерді, деректі заттарды тану үшін белгілі бір ұлттың санасындағы үлгі деген мазмұнда анықталады. У. Липман стереотипті адам санасында әлем туралы қалыптасатын субъективті бейне, бұрынғы тәжірибеге сүйене отырып, ақпаратты жеңіл қабылдап, өңдеуге жәрдемдесетін психо-танымдық құрылым ретінде қарастырды [123, 82]. Ғалым бұл ұғымды адамның когнитивтік қуатын үнемдеудің құралы ретінде бағалай отырып, стереотиптілік құбылысының қоғамдағы ақпараттық-коммуникативтік қызметіне де назар аударды. Сөйтіп, стереотипті когнитивті модель ретінде пайымдау үрдісі қалыптасып, оны тілдік тұрғыда сипаттау мәселесі тілші ғалымдар назарында өзекті мәселеге айналды. Ғылымда стереотип мойындалғанымен, әсіресе жазба коммуникациядағы мәні мен мазмұнын интерпретациялауда көзқарастар әртүрлі.

Санадағы ойлаудың тіл арқылы бейнеленуінде көптеген үдерістер жүреді: коммуникациялық жағдаятқа қарай эмоция, логика, бейтараптылық, ойды үнемдеп жеткізу, берілетін ақпаратқа иландыру мақсатында тілдік бірліктерді іріктеу жолдары негізінде тұтас мәтіннің құрылымы қалыптасады. Бұлар, біріншіден, адам когнициясының ерекшеліктеріне, екіншіден, коммуникативтік жағдаят талаптарына тікелей байланысты.

Когнитивті лингвистика аспектісінде *стереотип* – белгілі бір ұлттың санасында қалыптасқан әлем бейнесінің тұрақты фрагменті немесе адамның менталды жүйесіндегі заттар, құбылыстар, түсініктер жөніндегі ұлттық-мәдени ерекшеліктерге байланысты қарастырылатын менталды бейне. Осы тұрғыдан қарағанда, мәселен, ұлттың менталды бейнесін танытатын стереотиптер немесе этностереотиптер – мазмұны ұлттық-мәдени код арқылы ерекшеленетін фразеологизмдер, қанатты сөздер, паремиялар, символ сөздер мен тіркестер. Этностереотиптер негізінен көркем әдебиет тілінде қолданылады және тілді тұтынушының санасына эстетикалық, лингвотанымдық тұрғыдан әсер етеді. Айталық, *бота көз, құралай көз, мойыл көз, қарақат көз* немесе ақын Абай қолданған *қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы* тіркестері – басқа ұлт өкілдерінің менталды санасына сәйкес келмейтін, басқа ассоциация тудыратын этностереотиптер немесе қазақ ұлтының ойлау пайымына негізделген сұлулықты бейнелейтін этнопрототиптер. Этностереотиптер ұлттық-мәдени-кодтың «өнімі» ретінде тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа таралады, тіл динамикасында өзгерістерге қарамастан мазмұны мен құрылымы жағынан тұрақты болады.

Әлемдік лингвистиканың әртүрлі бағыттарында лингвомәдени мәнге ие этностереотиптер анық танылған, алайда *стереотип* термині қолданылғанымен, әлі де болса нақтылана қоймаған тұстары бар екендігі байқалады. Шын мәнінде тіл қолданысының аясы кеңейген, тілдің функционалды тармақтары арқылы ақпарат жеткізуге қойылатын әлеуметтік, тілдік сипаттар күрделенген сайын стереотип тілдік бірліктер пайда болады.

Этностереотип – ұлт санасындағы үдерістер нәтижесінде қалыптасатын стереотиптің бір түрі [119, 295]. Стереотип – когнитивті-тілдік феномен, қалыптасу жолы – реалды өмірдегі, жеке индивид санасындағы ойлау үдерісінде жасалатын бағалау, тілдік бірліктер арқылы вербалданған алғашқы бағалау қолданыс жиілігі артқан сайын тұрақтала түседі, сөйтіп, идиолектіден социолектіге қарай ауысады. Демек, этностереотиптен басқа да тұрақталған тілдік бірліктер әдеби тіл айналымына араласады. Мәселен, *азаттықтың ақ таңы – Тәуелсіздік тұғыры – рухани жаңғыру* тіркестері жеке адамның санасындағы күрделі бағалау, позитив эмоция нәтижесінде пайда болған жаңа стереотип үлгілері деп атауға болады. Көрсетілген тілдік бірліктер қоғамдағы ірі, саяси өзгерістерге қатысты ақпаратты іріктей отырып, ақиқат дүниені бір жағынан жүйелейді, екінші жағынан тілдік бірліктер арқылы жинақтайды, тілді пайдаланушы, ақпаратты қабылдаушы санасына әсер етеді.

Отандық лингвистикада стереотип мәселесі көбінесе ұлттық мәдениет контексінде қарастырылып келеді. Тілдік стереотиптер – халықтың танымында орныққан, уақыт сүзгісінен өткен және тіл арқылы бейнеленетін білім құрылымдары ретінде қарастырылады. Зерттеуші Ә. Әлметова бұл ұғымды эмоциялық реңкке ие, тұрақты, белгілі бір әлеуметтік құбылыс не объектіге қатысты қолданылатын стандартты образдар деп сипаттайды [124]. Ғалым сонымен бірге стереотиптің тілде лингвомәдениеттанымдық концепт ретінде өмір сүретінін, яғни ұлттық тілдік сананың құрамдас бөлігі екендігін атап өтеді. Демек, «лингвомәдениеттанымдық концепт» – белгілі бір тілдік қоғам өкілдерінің тарихи тәжірибесіне, тұрмыстық, рухани танымына сүйене отырып қалыптасқан, ұзақ уақыт бойы жинақталған, сұрыпталған білімдер жиынтығы [124, 63].

Аталған тұжырымдарды нақтылай түсетін тілдік бірліктер – көбіне көркем-поэтикалық дискурста жиі ұшырасатын, алайда халықтық танымда тұрақты мағынасы мен символдық мәні орныққан фразеологиялық тіркестер мен образды құрылымдар. Бұл бірліктер дайын күйінде жұмсалады және мағыналық тұтастығы бұзылған жағдайда, сол ұғымдық модель де өз мәнінен айрылады. Мәселен, кеңістіктік немесе уақыттық өлшемдерге байланысты танымдық қалыптарда орныққан *айдынды шалқар көл* (кеңдік, мөлдірлік), *айшылық алыс жол* (шалғай кеңістік), *ат шаптырым жер* (жақын қашықтық), *алалы жылқы, ақтылы қой* (молшылық), *ақ пен қызыл арасында* (таң мен кеш арасындағы мезгіл) сынды фразалар – қазақ этносының табиғи-әлеуметтік ортасында тіл мен танымның өзара тоғысуынан пайда болған лексикалық стереотиптер [118, 4]. Бұл тіркестер – ұлт дүниетанымындағы кеңістік пен мезгілдің тілдік бейнелену формалары.

Стереотиптің күрделі табиғаты адам санасының ойлау жүйесімен тікелей байланысты. Адам баласы өмір бойы жинақтайтын әлеуметтік және мәдени тәжірибелер негізінде белгілі бір құбылыстарды, объектілерді қабылдауда типтік үлгілерге сүйенеді. Осыған орай әлеуметтану мен әлеуметтік психологияда «әлеуметтік стереотип» ұғымы қалыптасып, ол қоғамдық сананың белгілі бір объекті немесе құбылыс туралы тұрақты, қалыптасқан, көбіне эмоциялық реңкке

ие үлгілік түсінігі ретінде анықталады. Бұл анықтама стереотиптің тек танымдық емес, сонымен бірге әлеуметтік-психологиялық функциясын ашып көрсетеді. Коммуникативтік жағдаяттардың жиі қайталануы нәтижесінде қоғам жадында типтік бейнелер қалыптасып, олар санада орныққан ұғым ретінде тұрақталады. Сол ұғым тілі арқылы сыртқа шығып, коммуникативтік актіде көрініс табады. Бұл – тіл мен ойлау байланысының тағы бір дәлелі.

Осыған байланысты ғылымда тілдік стереотип (речевой стереотип) термині аталады. Демек, ұлттың менталды жүйесінде орныққан этностереотиптен басқа стереотип тілдік бірліктер бар. Осындай тұрақты тілдік бірліктер – тілдік стереотиптер қазақ тілтанымында толық анықтала қоймаған проблемалардың бірі.

Нысанаға сәйкес тілдік стереотиптер ретінде қолданыс жиілігі жоғары: а) бейтарап тіркестер; ә) жағымды ықпал ететін сөз тіркестері; б) ақпарат беру, әсер ету қызметін жоғалтқан бейактуалданған тұлғаға айналған сөз тіркестері алынды. Бұлайша топтастырылуына негіз – тілдік стереотип коммуникацияның табысты жүзеге асырылуына ықпал етеді, бұл пікірді бейтарап және жағымды мазмұндағы тілдік стереотиптерге қатысты ұсынамыз, ал бірқатар тілдік тіркестер ақпараттың шынайы, түсінікті және әсер ететіндей дәрежеде жеткізілуіне кедергі жасайтындай таптаурын тіркестер болуы мүмкін.

Қандайдабір тілдік бірліктің қолданыс жиілігі – тілдік стереотиптерді анықтаудың басты межесі. Сөздің, сөз тіркесінің, синтаксистік құрылымның қолданыс жиілігі тілді диахронды немесе синхронды тұрғыдан сипаттауда, ғылыми білімді дәйектеуде маңызды рөл атқарады. Қолданыс жиілігін негізге ала отырып, тұжырымдар жасау үшін, әрине, статистикалық көрсеткіш маңызды. Сонымен қатар нақты дереккөздері анықталып, аса жиі жұмсалымы бір жүйеге түсіріліп, дәлелденген тілдік бірліктер де ғылым қорытындылар жасауға тірек бола алады.

Тілдік стереотиптердің пайда болатын саласы – жазба коммуникация, оның ішінде ресми-іскери, ғылыми стильдер және мерзімді баспасөз тілі. Ресми-іскери стиль қоғам мүшелерін басқарудың, реттеудің құқықтық, әкімшілік қарым-қатынастарына байланысты. Бұл салада ақпаратты дәл жеткізу міндеті бар, сондықтан құрылымы формулаға негізделеді, тілдік стереотиптер қалыптасады. Мәселен, *осы ережеде қолданылатын терминдер төмендегілер; осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады; жалпы ережелер, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді; Мемлекеттік қызмет туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы* түріндегі формула типтес құрылымдар ресми-іскери стильдің барлық жанрлық ерекшеліктерінде қайталана қолданылып, осы саланың өзіне тән тілдік стереотиптер жүйесін қалыптастырады. Ғылыми стильдің негізгі мақсаты белгілі бір идеяны ойды, ғылыми болжамды логикалық жинақылықпен баяндау, дәлелдеу, ұсыныс беру, тұжырым жасау болғандықтан, бұл салада да өзіндік тілдік стереотиптер қалыптасады.

Мерзімді баспасөз тіліне қатысты тілдік стереотиптер күрделі. Баспасөзде қолданылатын тілдік стереотиптердің пайда болуы ең алдымен жазба

коммуникацияның осы түрінің негізгі функцияларына тәуелді. Бір бөлек тілдік стереотиптер мерзімді баспасөздің ақпарат беру функциясына байланысты. Бұл қызмет арқылы қалыптасқан стереотиптер ресми, әлеуметтік-мәдени, ғылым мен техникаға қатысты ақпаратты баяндауда пайдаланылады. Олар бір жағынан микромәтін құрылымын байланыстырушы, ойды ұластырушы екіншіден, логикалық ойды тиянақтаушы түрінде болады. Мәселен, өзара мағыналас *қатысу, бірлесіп істеу, араласу* лексемаларының орнына *атсалысу* немесе *еңбек ету, көп жұмыс жасау* дегеннің орнына *тер төгу*, сондай-ақ *сену, жүгіну, сүйену* дегендердің орнына *арқа сүйеу* сияқты тілдік бірліктерінің қолданыс жиілігі жоғары, олар ақпаратты тиянақтайды:

Біздің басты міндетіміз – Президент реформаларын жүзеге асыру бағытындағы жұмыстарға белсене ***атсалысу,*** *елімізде болып жатқан түбегейлі бет-бұрыстарды өңір тұрғындарына барын-ша байыпты, түсінікті жеткізу (ЕҚ, 31 қазан, 2023 жыл); Қалың еліміз ұйқысынан оянды ма, сайлауға* ***атсалысу*** *өзінің ғана емес, ұрпағының болашағы үшін үлкен мәні бар мәселе екенін түсінді ме? (ЖА, 21 қаңтар, 2021 жыл). Ана тіліміздің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін көтеруге* ***атсалысу*** *– әрбіріміздің азаматтық парызымыз, ал қолында билігі бар қызметкердің жауапкершілігі зор міндеті (АТ, 21 шілде, 2022 жыл). «Мұғалім болып, балаларды оқыту және тәрбиеге* ***атсалысу,*** *сабақ беру – біздің бала күнгі арманымыз (ҚӘ, 24 шілде, 2024 жыл).*

Президент: Кадрлық резервке өту – ұлт үшін аянбай ***тер төгу*** *деген сөз (ЕҚ, 15 қаңтар, 2020 жыл); Ал, оны қалпына келтіру үшін жарты жылға дейін* ***тер төгу*** *керек екен (Айқын, 24 қараша, 2020 жыл); Теңге ілуге де* ***тер төгу*** *керек (Ана тілі,11 сәуір, 2024 жыл); Әдебиет үшін* ***тер төгу*** *– абыройлы іс (ҚӘ, 28 мамыр, 2024 жыл); Бастаған еңбегіміз жемісті болуы үшін көп* ***тер төгу*** *қажет (ЖА, 15 қараша, 2022 жыл).*

Туризмді түлету үшін тамаша табиғатымызға ғана ***арқа сүйеу*** *аздық етеді (ЕҚ, 12 сәуір, 2024 жыл); Жетекте жүріп көрмеген, біреуге* ***арқа сүйеу*** *деген «сабаққа» қатыспаған бетіммен өзіме үлкен сұрақ қойдым (ЖА, 4 мамыр, 2021 жыл); Алайда сала мамандарының айтуынша, қазіргі ахуалды ескере отырып, тек мұнай шикізатының экспортына* ***арқа сүйеу*** *арқылы мұндай өсімге қол жеткізу мүмкін емес екенін түсіну маңызды (Айқын, 11 қаңтар, 2025 жыл); Аудармашыға* ***арқа сүйеу*** *– көзбояушылық! (АТ, 28 қараша, 2013 жыл); Дегенмен Еділбектің батысқа деген сүйіспеншілігімен қатар, сол батыстың дәстүрден қол үзіп қалған қалыбын бойына дарытпағаны, қайта қазақтың төл дүниетанымына, ділі мен діңгегіне* ***арқа сүйегені*** *қуантты (ҚӘ, 11 мамыр, 2025 жыл).*

Осындай үлгідегі *қол байлау (кедергі жасау, мүмкіндік бермеу* дегендердің орнына*), атүсті (мән бермеу, жауапкершілік танытпау), аяқсыз қалдыру* (*соңына дейін жеткізбеу, бір істі тындырмау*) стереотиптерінің мерзімді баспасөзде негізгі ойды тиянақтау мақсатына белсенді жұмсалатынын мынадай мысалдардан байқауға болады: *Құрылысшылардың жоқтығы бар ісімізге* ***қол байлау*** *болып отыр (ЖА, 16 қараша, 2018 жыл). Негізі осыдан бір ай бұрын қайта қалпына келтіру жұмыстары жанданады делінгенімен, әлемдік*

коронавирус пандемиясы талай тірлікке ***қол байлау*** *болғаны анық (Айқын, 29 сәуір, 2020 жыл). Басқарма жанындағы Тілдерді оқыту орталығының дербес ғимаратының жоқтығы да қазіргі таңда тиімді жұмыс ұйымдастыруға* ***қол байлау*** *болып отыр (АТ, 27 қаңтар, 2012 жыл). Теміртауда сақтық шараларына* ***атүсті қараған*** *медицина қызметкерлерінің ісі әшкереленді (Айқын, 13 сәуір, 2020 жыл). Жұмысқа* ***атүсті қарайтындар*** *қызметтен босатылады (АТ, 8 қыркүйек, 2022 жыл). Ақыры ұзақ уақыт бойы ұлт игілігіне жараған мәдени мұраларымызға, әдебиет пен өнерге* ***атүсті қарап****, рухани құндылықтың құнын көк тиын құрлы көрмейтін жағдайға жеттік (ҚӘ, 9 маусым, 2017 жыл). Мұның барлығын* ***аяқсыз қалдыру*** *мүмкін болмады (АТ, 6 маусым, 2019 жыл). Өкінішке қарай, бүгінде бұл құрылыс нысаны* ***аяқсыз қалды*** *(ЖА, 14 шілде, 2020 жыл). Бастаған ісін* ***аяқсыз қалдырып*** *жатқан министрлер жыл сайын ауысуда (ҚӘ, 22 сәуір, 2016 жыл).*

Сондай-ақ соңғы жылдардағы мерзімді баспасөзде *деп хабарлайды ҚазАқпарат агенттігі; бұдан бұрын хабарланғандай; оның (индивидтің аты-жөні көрсетіледі – спикердің / ғалымның / депутаттың) айтуынша; оның сөзінше* типтес құрылымдар – бейтарап, бірақ ақпараттық жүктемесі сақталған тілдік бірліктер ақпарат мазмұнындағы басты ойды дәнекерлеуші қызметінде көбейе түсті: *Түркияның вице-президенті Түркістанның даму бағытын оң бағалады,* ***деп хабарлайды Egemen.kz*** *(ЕҚ, 5 наурыз, 2022 жыл);* ***Бұдан бұрын хабарланғандай,*** *аудиториядағы адам саны 2 есеге қысқарды (Айқын, 21 маусым, 2020 жыл);* ***Оның адвокаты Ләззат Ахатованың айтуынша,*** *жақын арада Шығыс Қазақстан облыстық көші-қон полициясы оларға «пана іздеуші» мәртебесін беру мәселесін қарап, куәлік беруі тиіс (ЕҚ, 30 қазан, 2019 жыл);* ***Оның сөзінше*** *пневмонияның көптеген қоздырғышы болуы мүмкін, бірақ елде коронавирус жағдайларының қарқындап көбейгенін ескерсе, олардың көбі коронавирус ауруы болуы ықтимал (Жас Алаш, 11 шілде, 2020 жыл)*.

Тілдік стереотип – когнитивті-тілдік феномен. Тілдік стереотиптің жасалуы менталды тілдік кешен құрамына негізделеді. Ұлт өкілінің санасында қоршаған орта бейнесінің бір фрагменті қалыптасады, сөйтіп адамның менталды жүйесінде орныққан ұлттық-мәдени тілдік бірліктер қолданысқа түседі және жаңа сөзқолданыстардың туындауына тірек болады. Тілдік стереотиптің алғашқы қолданысы – оқиғаны, баяндалатын проблеманың өзекті тұсын бағалау.

Мерзімді баспасөздің келесі маңызды функциясы – ықпал ету. Алдыңғы тарауларда баяндалғанындай, қазіргі баспасөзде ықпал ету функциясы басым. Оқырманның назарын аударту, нақты проблемаға қатысты көзқарасына қозғау салу мақсатында мерзімді баспасөз тілінде тілдің әлеуетті мүмкіндіктері толық игеріледі. Ықпал жасау масатына қарай әлеуметтік маңызды коммуникативтік актіге жазарманның өз лингвистикалық білімін таныту жолдары маңызды рөл атқарады. Бұл ретте өзара мағыналас сөздердің образдылығы қуатты қатары таңдалады. Мәселен, *жақсы, жоғары деңгейде* мағынасын жеткізу үшін *толымды табыс / толағай табыс / толымды жетістік / толағай жетістік* қатарлары – мерзімді баспасөз тіліндегі қолданыс жиілігі жоғары тілдік бірліктердің бірі. Мысалы, *Тозған жерде* ***толымды табыс*** *болмайды (ЕҚ, 23*

қыркүйек, 2020 жыл); Тәуелсіздіктің ширек ғасырында Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен елімізде қыруар жұмыс жасалынып, көптеген ***толымды жетістік*** *жүзеге асырылды (ЕҚ, 18 қараша, 2016 жыл); Терең өңдеу –* ***толағай табыс*** *көзі (Айқын, 12 қазан, 2024 жыл).* Осы мысалдарда көрсетілген тіркестер бірнеше сатыдан өткен: алғашында *жақсы табыс, жоғары деңгейдегі табыс* / *жетістік* дегендерге қарағанда, *толымды табыс* / *толағай табыс* тіркесінің әсері қуатты, келесі сатыларда жазба коммуникацияның басқа тармақтарына (құттықтау хаттары, сөз әдебі, ауызша сөз) тарала түсіп, тіркестердің әсері бәсеңдей түседі, әрі қарай тілдік стереотипке айналады. Осындай тілдік стереотиптердің негізгі өрісі – мерзімді баспасөз тілі.

Клише. Клише (фр. cliché) тілдік қолданыстың біртіндеп қалыптасқан, стилистикалық қызметімен ерекшеленетін құрылымдары ретінде тіл мамандары тарапынан түрлі қырынан қарастырылып келеді. Бұл құбылысқа берілетін бағалар да бірізді емес: бір жағынан, олардың коммуникацияны оңтайландырудағы қызметі танылса, екінші жағынан, стилистикалық инерция мен мазмұн тапшылығына апаратын жүктемесі сынға ұшырап жатады. Алайда анық жайт – клише, біріншіден, тілдік бірліктердің стандартталуы алдындағы сатыға орналасады, екіншіден, клише – тіл динамикасын тән құбылыстардың бірі.

Тілдік бірліктердің стандартталуы және тілдік стереотиптер лингвистикадағы *клише* терминімен тығыз байланысты. Зерттеулерде осы үш термин қатар, өзара теңдес мазмұндалады. Лингвистикалық энциклопедия анықтамасы бойынша клише – тіл қолданысқа түскен жағдайда коммуникативтік талаптарға қарай нысаналы мақсатта жұмсалатын дайын формула ретінде ұғындырылады [125].

Тілдік клише функционалды стильдер аясында түрлі қызмет атқаратын, мәтін ішіндегі прагматикалық және құрылымдық жүктемесі айқын тілдік бірлік ретінде танылады. Оның ресми-іскери және ғылыми стильдегі қызметі – нормативтік-логикалық құрылымды қамтамасыз ету болса, публицистикалық стильде ол – коммуникативтік ықшамдылық пен қабылдау жеңілдігінің құралы. Сондықтан клише тілдік норманың тұрақты элементі ретінде, жүйелілік пен стильдік мәнге ие тілдік құбылыс санатында қарастырылуы тиіс.

Клише немесе тұрақты сөйлеу формулалары – тілдік қатынаста прагматикалық жағынан әртүрлі қызмет атқара алатын әмбебап тілдік құрылымдар. Олар тек коммуникациялық не ақпараттық емес, кейде эмотивтік реңкке ие болуымен де ерекшеленеді. Осы қасиетінің өзі олардың шығармашылық еркіндікке негізделген көркем әдебиет тілінде, сондай-ақ әдеби норма талаптарын қатаң сақтауды көздемейтін ауызекі сөйлеу тілінде де түрлі дәрежеде кездесетінін көрсетеді. Мұндай көрініс тілдік клише құбылысының адамның жадында ақпаратты сақтау, өңдеу және тілдік акт барысында қайта пайдалану секілді психологиялық үдерістермен табиғи түрде сабақтасып жатқанын аңғартады.

Жалпы алғанда, тілдегі клише тұлғалар – белгілі бір жағдаятта ойды шапшаң, нақты әрі тиімді жеткізудің дайын үлгісі ретінде қызмет атқаратын

қалыпты құрылымдар. Олардың сөйлесім үдерісінде жиі қолданылуы адам санасындағы стереотиптік білім қорының тіл арқылы вербалдануынан туындайды. Осы ретте клише – көбіне бір типтік жағдаятқа қатысты тұрақты қолданыста болатын, сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы ақпарат алмасуды жеңілдететін, сөйлеудің автоматтанған формасы.

Осы мәселеге қатысты лингвистикалық зерттеулерде бірнеше өзекті сұрақтар туындайды: тілдегі клише тұлғалардың орны қандай? Олар тілдік бірліктердің стандартталуымен қандай деңгейде байланысты? Тілдік стандарт пен клише ұғымдары өзара балама ма, әлде олар арасында функционалдық немесе құрылымдық шекара бар ма?

Осы орайда Л.В. Щербаның мына бір пікірі клише табиғатына ерекше назар аудартады: «Әдеби тіл – өз ой-пікірімізді алдын ала дайын тілдік қалыптарға салып берудің амалы» [126]. Бұл ойды В. Виноградов та жалғастыра отырып: «Қазіргі әдеби тіл жүйесінде сөздер кездейсоқтықпен емес, көбіне дәстүрлі формулаға бағынған құрылым түрінде қолданылады. Адамдардың басым көпшілігі дайын тілдік үлгілер арқылы сөйлейді әрі жазады», – деп тұжырымдайды [127, 121]. Бұл пайымдаулардан тілдік клишенің қалыптасуы мен қызметі кездейсоқтықтық емес, заңдылықтың нәтижесі екені көрінеді.

Ресми дискурс, ғылыми және публицистикалық мәтіндерде жиі қолданылатын мұндай дайын құрылымдар жайлы Т.М. Дридзе де арнайы тоқталып, қайталанатын коммуникативтік жағдаяттарда дайын формулалардың болуы – коммуникацияның ұтымдылығына, ақпараттың жылдам әрі дұрыс берілуіне жағдай жасайтынын атап өтеді [128, 137]. Мұндағы маңызды аспект – сөйлеудің автоматты құрылымға айналуы, яғни тілдік сананың бейсаналық, ішкі когнитивтік бағдар арқылы қалыптастырған репродуктивті реакциясы ретінде қарастырылуы.

Британ лингвисті Дж. Ферс те коммуникация үдерісінде берілетін ақпарат белгілі бір мәдени-әлеуметтік және тарихи танымға негізделетінін, сөйтіп, сөйлесімнің өзі алдын ала таныс контексте дайын формуламен өтетін рәсімге ұқсайтынын баса айтады [129, 74-90]. Яғни клише – сөйлеу әрекетін жеңілдететін вербалдық механизм ғана емес, әлеуметтік жадымен сабақтасқан мәдени код.

Тілдегі клише тұлғаларды стандарттылықпен байланыста қарастыруда академик В.Г. Костомаровтың пікірлері ерекше назар аударады. Ғалым клише тұлғаларды тілдік құралдардың тарихи тәжірибеде сұрыпталып, белгілі бір стиль мен жағдаятқа бейімделуінің нәтижесі ретінде бағалайды. Оның ойынша, тілдегі стандарт – бұл нақты ақпарат беруге арналған тілдік құрылымдардың интеллектуалды түрде ұйымдасуы. Бұл құрылымның басты ерекшелігі – репродуктивтілік пен мағыналық тұрақтылық, бейтараптық және экспрессиялық бояудан арылған формалдылық [130, 181]. Сонымен қатар зерттеуші: «Коммуникацияда әрбір адам өз ойын білдіру үшін тілде үнемі жаңа құрылым ойлап табуға міндетті емес, мұндай талап тілдік қатынасты қиындатып, өзара түсіністікке кедергі келтірер еді», – деп жазады [130, 182]. Осы тұжырымның өзегі – дайын үлгідегі сөйлеу формулалары (клише) – ойды дәл, нақты, бейтарап жеткізудің тиімді жолы.

Тілдің эволюциялық даму жүйесінде клише тұлғалардың пайда болуы, орныгуы және нормалануы – тілдік бірліктердің стандартталуымен қатар жүретін үдеріс. Бұл, ең алдымен, тілдің ақпараттық қызметіне тікелей байланысты. Ақпарат беру үдерісі жылдамдықты, нақтылықты және түсініктілікті талап етеді. Ал мұндай талаптарға ең алдымен стереотиптік, бір мағыналы, жиі қайталанатын, бәріне ортақ тілдік құрылымдар – яғни клише тұлғалар жауап береді. Олардың сөйлеу барысында қайта-қайта қолданылуы – тілдің өзінің ішкі даму логикасынан туындайтын табиғи заңдылық. Осы ретте клише тек мазмұн жеткізудің құралы ғана емес, коммуникативтік тиімділіктің және стилистикалық бейтараптықтың кепілі ретінде де бағаланады.

Тілдік клише – функционалды стильдердің қай-қайсысында да көрініс табатын дайын құрылым. Ол әр стильге тән прагматикалық талаптар мен коммуникативтік шарттарға сай әртүрлі қызмет атқарады. Мәселен, ресми және ғылыми стильдерде клише тұлғалардың қолданылуы – мәтіннің формалды құрылымын қамтамасыз ететін, сол стильдің негізгі белгісін айқындайтын қажетті лексика-грамматикалық құрал ретінде бағаланады. Ресми-іскери дискурста бұл құрылымдар бірізділік пен дәлдікті сақтау мақсатында кеңінен қолданылады. Олардың жиі кездесетін үлгілері: *кезекті демалыс*, *алғыс жариялансын*, *өзгерістер енгізілсін*, *қосымша қаржы бөлінді*, *заң қабылданды*, *белгіленген тәртіпке сәйкес*, *өтініш білдіруге сенім білдіремін*, *бекітемін*, *рұқсат етілсін*, *тапсырылсын*, т.б. Бұл тіркестер сөйлем деңгейінде де, сөз тіркесі құрылымында да өзіндік нормалық сипатын көрсетеді.

М. Мәмбетова өз зерттеуінде ресми-іскери стильдегі клишелік сипаттың қалыптасуын осы стильдің негізгі талаптарымен байланыстырады. Зерттеушінің пікірінше, типтік жағдаяттарды сипаттауда қолданылатын клише құрылымдар мәтіннің құрылымын реттеп, оны құрастыруға жұмсалатын уақыт пен ресурсты үнемдеуге ықпал етеді. Бұл ресми тілдің нормалылығы мен стандарттылығының негізгі көрінісі болып табылады. «Егер көркем әдебиет тілі қалыпқа сыймайтын, ағыны кең арна болса, онда ресми тіл қалыпқа түскен, дамыған тілдік жүйе болуға тиіс», – деп көрсетеді ғалым [131, 67]. Яғни клише тұлғалардың болуы ресми стильдің тұрақтылығы мен кодификацияланған сипатын танытады.

Сонымен қатар стандарт (стандарттау) және біріздендіру (бірдей болуы) ресми-іскери стильдің сыртқы формасынан, ресімделуінен бастап тілдік бірліктердің қолданылуына дейінгі сипаттарды түгел қамтиды. Қазіргі жазба коммуникацияда қазақ тілінде жазылатын ресми құжаттардың, іскағаздарының ресімделуінің бірізді болуы, стандартталуы біршама деңгейде қалыптасқан деуге болады [132, 7]

Ғылыми стильдегі клише құрылымдар көбіне стандартталған жанрлар – диссертация, монография, ғылыми мақала, автореферат секілді мәтіндерде қолданылады. Мұндай қолданыстардың мәні – ғылыми стильге тән нақтылық, дәлдік, логикалық бірізділік секілді талаптарды қамтамасыз етуінде. Ғылыми мәтіндердің типтік құрылымдарында жиі кездесетін сөз орамдары: *зерттеу жұмысының өзектілігі*, *зерттеу нысаны*, *теориялық-практикалық мәні*, *материалдары мен әдіс-тәсілдері*, *автордың көзқарасы бойынша*, *ғылыми*

жаңалығы, т.б. Мұндай тіркестер мәтіннің композициялық құрылымын құрап, ғылыми ойдың баяндалуын жүйелейді.

Мерзімді баспасөздің функционалды-коммуникативтік мақсатының тиімді атқарылуы үшін қолданылатын тілдік бірліктер *клише* ретінде танылуы көптеген факторларға негізделеді.

Дайын формула түріндегі басты белгілері:

– коммуникативтік актіні жеңілдетеді;
– сөздің немесе сөз тіркесінің семантикасы айқын;
– тек бейтарап семантикада;
– мағынасы мен құрылымында нақтылық бар;
– уақыт пен күш-қуатты үнемдеуге тиімді;
– жазба нұсқалардың барлық түрлері мен жанрларында пайдалануға икемді [118, 7].

Тұжырымдарға қарағанда, жазба коммуникацияда дайын формула, мағынасы нақты, жазарманның уақыты мен күш-қуатына салмақ түсірмеу тұрғысынан ресми-номенклатуралық атауларды да клише деп тануға болады (*Қазақстан Республикасы, Сыртқы істер министрі, Мемлекеттік хатшы, заңнамалық құжаттардың атаулары және басқалар*). Мысалы, *Қытай Халық Республикасының* ***Сыртқы істер министрі*** *Ван И Қазақстанға ресми сапармен келді (ЕҚ, 20 мамыр, 2024 жыл);* ***Мемлекеттік хатшы*** *Ұлттық кеңестің жиынында осы мәселені көтерді (АТ, 25 шілде, 2013 жыл;)* ***Қазақстан Республикасының Конституциясы*** *– мемлекет дамуының құқықтық негізі (ЕҚ, 29 тамыз, 2024 жыл).*

Функционалды тұрғыдан стандартты тіл мен әдеби тілдің нормалық сипаты деңгейіне дейінгі сатыдағы клише құрылымдардың қалыптасуын былайша тұжырымдауға болады:

– клише – міндетті түрде сөз тіркесі;

– сөз тіркесінің құрамындағы бір сыңардың мағыналық айқындылығы клише құрылымының жасалуына негіз болады;

– семантикасы айқын сыңар басқа бірнеше сөзбен тіркесіп, өзара мағыналас клише құрылымдар жасайды: *айтулы – күн / жыл / оқиға / белес; елеулі – оқиға / табыс / үлес*: *Қасым-Жомарт Тоқаев бұл датаның* ***айтулы белес*** *екенін атап өтіп, сала қызметкерлерін құттықтады (ЕҚ, 29 тамыз, 2024 жыл); 25 қазан – ел тарихында алтын әріппен жазылған* ***айтулы күн*** *(24 қазан, 2023 жыл); 2024 жыл – Қазақстан туризмі үшін айтулы жыл болды (31 желтоқсан, 2024 жыл); Мұны* ***айтулы оқиға*** *деуге болады (ЖА, 3 шілде 2024 жыл); Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайлануы – бұл халықаралық аренадағы* ***елеулі табыс*** *және біздің бастамаларды ілгері жылжыту, ағымдағы күн тәртібінің өзекті мәселелері бойынша өркениетті үнқатысу жүргізу үшін бірегей мүмкіндік (ЕҚ, 30 маусым, 2016 жыл); 29 мамыр – қақтығыстарды реттеуге, қауіпсіздікті қорғауға, бейбітшілікті сақтауға* ***елеулі үлес*** *қосатын Біріккен ұлттар ұйымының халықаралық бітімгерлер күні (ЖА, 10 шілде, 2025 жыл). Биыл қазақ халқының тарихындағы* ***елеулі оқиға*** *– Орбұлақ шайқасы жеңісінің 375 жылдық мерейтойы! (ҚӘ, 13 сәуір, 2018 жыл).*

– синоним қатарларынан бір тілдік бірлік іріктеліп алынып, клише түзеді, мысалы, *атқару, орындау, бітіру* сөздеріне қарағанда *жүзеге асыру* ресми ақпаратта, заңнамалық мәтіндерде клишеге айналған: *Парламентарийлер ретінде біздің міндетіміз – көшбасшыларымыз қол жеткізген барлық келісімді **жүзеге асыру** үшін жағдай жасау (ЕҚ, 30 сәуір, 2024 жыл); Жамбылда «Мырзахметов жобасын» **жүзеге асырудың** алғашқы қадамдары басталды (Жас Алаш,18 қыркүйек, 2019 жыл); «Ауыл аманатын» **жүзеге асыру** барлық мемлекеттік орган үшін басым міндет болуы тиіс (Айқын, 29 ақпан, 2024 жыл); Үш тілде оқытуды **жүзеге асыру** кафедраның жаһандық білім кеңістігіне интеграцияланғанын көрсетеді (ҚӘ, 15 сәуір, 2025 жыл);*

– клише коммуникативтік жағдаятқа тәуелді: бұл сипатты ресми-саяси ақпараттағы *ресми сапармен барды, Мемлекет басшысы ақынды / жазушыны / әкімді / жүлдегерлерді... қабылдады* типтес құрылымдардың қалыптасуы көрсетеді: *Мемлекет басшысы Арменияға **ресми сапармен барды** (ЕҚ, 15 сәуір, 2024 жыл); Тоқаев **ресми сапармен Ресейге барды** (ЖА, 28 қараша, 2022 жыл); Мемлекет басшысы Алматы қаласының әкімін **қабылдады** (Айқын, 3 тамыз, 2025 жыл); Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы Ұлықбек Есдәулетті **қабылдады** (ҚӘ, 31 мамыр, 2019 жыл);*

– клише біршама тұрақталған тіркес болып саналады, тіркес құрамындағы сөздерді алмастыруға болмайтын формальды тұрақтылық болады: *ынтымақтастықты нығайту (ынтымақтастықты күшейту емес), халықты әлеуметтік қорғау (әлеуметтік сақтау емес), ... дамуына ықпал ету (әсер жасау емес): Сондықтан өңірлердің теңгерімді **дамуына ықпал ету** Сенаттың басым міндеттерінің бірі деп белгілеп отырмыз (ЕҚ, 19 ақпан, 2023 жыл); Байқау халықты **әлеуметтік қорғау** жүйесін дамытуға және өмір сүру сапасын арттыруға елеулі үлес қосып жүрген көрнекті мамандар мен инновациялық бастамаларды анықтау және ынталандыруға бағытталған (Айқын, 1 тамыз, 2025 жыл); Іс-шара қорытындысы бойынша тараптар жемқорлықтың себептері мен салдарын неғұрлым тиімді талдау, **ынтымақтастықты нығайту** және екі елдің дамуы мақсатында тәжірибе алмасуды жалғастыруға келісті (ЖА, 26 маусым, 2024 жыл).*

Осындай жалпы сипаттамалары клише термині жөніндегі тұжырымдарды саралауды қажет етеді.

Ғылыми әдебиеттерде клишені сөйлеу стереотипі, яғни белгілі бір жағдайға лайық қалыптасқан дайын сөйлеу үлгісі деп түсіндіріледі. Мысалы, *«өз сөзінде атап өтті»*, *«қолға алынды»*, *«назар аударылды»*, *«көпшілік қауымға жолданды»* сияқты журналистік айналымда жиі кездесетін орамдар – дайын қалыптасқан клише тіркестер: *«Біздің ауланың чемпиондары» әлеуметтік жобасы **қолға алынды** (ЕҚ, 5 наурыз, 2019 жыл); Мәжіліс Спикері екіжақты ынтымақтастық мәселелеріне тоқтала отырып, Малайзия Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс Азиядағы негізгі серіктестерінің бірі екенін **атап өтті** (13 маусым, 2024 жыл); Жиында білім беруді цифрландыру мәселелеріне **ерекше назар аударылды** (16 тамыз, 2024 жыл). Бұл – Кенесары ханның қарындасы әрі*

қаруласы, ержүрек жауынгер Бопай ханымның қылыштары. Жуырда жәдігер қалың ***жұртшылыққа таныстырылды*** *(Айқын, 26 наурыз, 2023 жыл).*

Клишелер көбіне канцеляризм деп аталатын кеңсе стилінің элементтерімен астасып жатады; олар ресми сөйлеуде жиі қайталанатындықтан, адресат үшін түсінікті, үйреншікті болып келеді. Дегенмен клише штампқа қарағанда сәл кеңірек ұғым: барлық штамп – клише болғанымен, кез келген клише штамп болмауы мүмкін. Яғни клише – жалпы дайын тілдік формула, ал штамп – өзектілігін жоғалтқан, мәні жоғала бастаған клише.

Ғалым Н. Ведякова мұндай клише құрылымдардың ғылыми мәтіндегі тиімділігін олардың ақпараттық жүктемесімен түсіндіреді. Оның пайымдауынша, ғылыми мәтіндегі клише сөз тіркестері мәтіннің композициялық элементтерін белгілеп, дәстүрлі логикалық қисындарды тануға мүмкіндік береді, нәтижесінде мәтінді қабылдауды жеңілдетеді. Алайда ол клише құрылымдардың орынсыз қолданылуы немесе сәйкес жұмсалмауы ғылыми мәтінді мағынасыз, функционалдығы әлсіреген мәтінге айналдыруы мүмкін екенін де ескертеді [133, 45].

Мерзімді баспасөз тілінде де клише құрылымдар бұқаралық ақпарат құралдары тілінің өзіндік стилистикалық ерекшеліктерін танытады. Мұнда олар, ең алдымен, хабарлау қызметін оңтайландыратын, ресми сипаттағы немесе көпшілікке бірден танылатын дайын формулалар түрінде көрінеді. Газет тілінде қалыптасқан мұндай дайын тіркестер ұзақ уақыт бойы артық, мазмұнды көмескі ететін тілдік құрал ретінде бағаланып, штамп ұғымымен теңестірілді. Дегенмен кейінгі кезеңдерде публицистикалық стильдің жанрлық және дискурстық ерекшеліктеріне байланысты жүргізілген кешенді зерттеулер *клише* мен *штамптың* ара жігін нақтылап, *клише* құрылымдарға оң көзқарас қалыптастырды.

Бұл, әсіресе клишенің тілдік прагматикасындағы бейтараптық, нормалылық және стандарттылық сипатының танылуымен байланысты болды. Басқаша айтқанда, газет мәтіндеріндегі *клише* – хабарды жеңіл қабылдауға, дайын тілдік код арқылы санада тез бекітуге мүмкіндік беретін тиімді құрал. Сондықтан мұндай құрылымдардың автоматтануы мен стандартты түрде қолдануы бастауы – баспасөз тілінің ішкі заңдылығынан туындаған табиғи үдеріс. Олар тек мазмұнды жеңіл жеткізуге қызмет етумен шектелмей, мәтін ішіндегі ақпараттың құрылымдық және семантикалық жіктелуіне де септігін тигізеді.

Штамп. Штамп (итал. stampa) термині – жоғарыда баяндалған тілдік бірліктердің стандартталуы, тілдік стереотип және клише терминдері жөнінде ғылыми талдаулар жасалғанда, міндетті түрде қатар аталатын ұғым. Оның себебі *штамп* термині де пайдалануға дайын, тұрақты, коммуникативтік актіні жеңілдететін мазмұнға ие. Қазақ тілтанымында стилистика, сөз мәдениеті мәселелеріне арналған ғылыми-көпшілік мақалаларда *таптаурындылық, трафарет, шаблон, ерғашты сөз* деген аталымдар жиі кездеседі. Алайда әлемдік лингвистиканың өзінде де *клише* мен *штамптың* аражігі нақты таратыла қоймағанын байқаймыз. Бұл жайттың обьективті себептерінің бірі ретінде *клише* мен *штамптың* құрылымындағы ортақтықтарға, жазба коммуникацияда жиі

қолданылатындығына қатысты екендігін атап өтуге болады. Мәселенің мәнісі мынада: біздің тарапымыздан жоғарыда дәлелденгендей, сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің семантикасы айқын және жағымды мағынада игерілетін клишеден штамп деп танылатын тілдік бірліктердің біршама ұқсастығы мен айырмашылықтары бар. Ұқсастықтары – клише де, штамп та дайын формула, тұрақталған сөз тіркесі. Ал айырмашылықтары клише ұғымының негізгі айырым-белгілерінен айқындалады: клише – айтылатын ойды / идеяны жеткізу мақсатында тілдің ішкі заңдылықтарына негізделе отырып, стандартталу сатысынан өтетін, әдеби тілдің бір сипаты; жазба коммуникациядағы, коммуникативтік жағдаяттағы талаптарға сәйкес ойды жеңілдететін, жағымды позициясы күшті тілдік стереотип; қаншалықты жиі жұмсалып, жазба коммуникацияның түр-түріне жанрлық типтерге ауысып, көшіп жүргенімен адресаттың ақпараттық қабылдауын жеңілдетеді, бейтарап мағынада болады, ең бастысы белгілі бір стильдің әдеби нормаға сай қалыптасуына нұқсан келтірмейді.

Клише болатын тіркестер – әдеби тілдің сөздік құрамындағы денотат мағынасы айқын бейтарап лексика, синонимдік қатарлардың ақпарат жеткізуге икемді сыңарлары. Мысалы, «Айқын» газетінде жарияланған ақпараттық материалда төмендегідей клише үлгілері кездеседі.

*«...**Бүгінгі таңда** осы тапсырманы **іске асыру** аясында 1475 тағылымдама берілді. Сондай-ақ «Жас ғалым» бағдарламасы **жүзеге асырылуда**. 2021-2024 жылдар аралығында гранттық қаржыландыруға 16 конкурс өткізілді, **соның нәтижесінде** 2 мыңнан астам ғылыми жоба іске асырылды»* (Айқын, 11 наурыз, 2025 жыл). Үзіндідегі клише үлгілер*: бүгінгі таңда; іске асыру; жүзеге асыру, соның нәтижесінде*.

Штамптың басты сипаты – жаңа екендігімен бірден көзге түсуінде және жаңашылдығын жоғалтуында. Екіншіден, штамптың пайда болуы мерзімді баспасөздің ықпал ету функциясына тікелей тәуелді. Қандайдабір ақпараттың мазмұнын әсерлі ету мақсатында жазарман тарапынан жаңа тілдік бірлік жасалады. Жасалуының бірнеше себептері бар: алғашқысы – орыс тіліндегі трафаретке айналған тұрақталған тұтастықтардың қазақша сөзбе-сөз баламасын жасау. Айталық өткен ғасырда қазақ баспасөзінде бірінші қолданысында ықпал ету функциясын айрықша атқарған бірқатар тілдік бірліктер орыс тілінің құрылымынан алынды: *темір тұлпар, дала кемесі, көгілдір отын, көгілдір экран, ақ алтын, қара алтын, сары алтын, дала аруы* типтестер алғашқы көзге түскен сәтінде оқырман санасында эмоция, жағымды позиция қалыптастырды. Аса жиі жұмсалымына, барлық тармақтарда таралуына қарай сипатын жоғалтқан осы тілдік бірліктерді таптаурын құрылымдар, штамп деп танимыз.

Қазіргі қазақ баспасөзі өзінің функционалды-коммуникативтік мақсат-мүдделеріне қарай жаңашылдығымен ерекшеленетін тілдік бірліктерді, сөз жоқ, жасайды. Бірді-екілі өзге тілдік құрылымдарды да пайдаланады (*ақ жағалылар, тік жағалылар, жасыл фуражкедегілер*): *Жергілікті жерлерде еліміздің өркенін өсіретін бағдарламалық жұмыстарға жүрдім-бардым қарайтын **ақ жағалылар** әлі де бар (АТ, 20 наурыз, 2025 жыл); Жыл сайын бірінші шілдеде*

*шекарашылар «**жасыл фуражка**» күнін атап өтеді (4 шілде, 2023 жыл); Индустрияландыруды көгертіп, өндіріс көрігін қыздыратын blue-collar worker («**көк жағалылар**») – біз боламыз (Айқын, 10 қыркүйек, 2024 жыл).*

Келтірілген тілдік фактілер мен шолу төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Тілдік стандартталу үдерісінде клише мен штамп ұғымдары өзара тығыз байланыста қарастырылады. Екі ұғым да тілде жиі қайталану, тұрақтылық, дайын үлгі ретінде қолданылу сипаттарымен ұқсас болып келеді. Ғылыми әдебиеттерде клише мен штампты бір-бірімен синоним ұғымдар ретінде қарастыратын пікірлер де кездеседі. Дегенмен қазіргі лингвистикалық зерттеулерде олардың арасында функционалдық, бағалауыштық, прагматикалық ерекшеліктері бойынша белгілі бір айырмашылықтар бар екені айқындалып отыр.

Ең алдымен, клише – белгілі бір стильдік ортада, әсіресе ресми, публицистикалық, ғылыми стильде қалыптасқан, қоғам тарапынан қабылданған стандартты тілдік үлгі. Ол мәтін құрылымында мағынаны дәстүрлі түрде жеткізуге арналған қалыпты формула ретінде қолданылады. Клише мәтінге бейтараптық, ресмилік, прагматикалық тұрақтылық береді және оқырман үшін белгілі бір мағыналық бағдар ұсынады. Мысалы, *«халықаралық ынтымақтастық», «қоғамдық келісім», «демократиялық даму»* тіркестері – публицистикалық мәтіндерде қалыптасқан клишелер.

Клише мен штамптың өзара байланысы олардың тілдік табиғатында жатыр: әрбір штамп – бастапқыда клише болған, бірақ әрбір клише штампқа айналмайды. Клише қалыпты, қалыптасқан стандарт үлгі ретінде мәтінде қызмет етсе, штамп мәтінді шаблондық, мағыналық тұрғыдан жауыр болған тілдік элемент ретінде сипатталады. Екі ұғымның ұқсастығы олардың қайталау, дайын үлгі, стандарттылық сипаттарында, ал айырмашылығы – бағалауыштық (клише – бейтарап, штамп – көбіне теріс), қолдану мақсаты мен мәтіндегі рөлі тұрғысынан байқалады [122].

Ғылыми тұрғыдан клише мен штамптың арақатынасын динамикалық үдеріс деп қарастыруға болады. Клише белгілі бір тарихи, әлеуметтік, мәдени контексте қажетті, функционалды үлгі ретінде қызмет етеді. Уақыт өте келе, қолданыс жиілігі артып, жаңа контексте жаңашылдығы жоғалған сайын, ол штампқа айналады. Бұл құбылыс тілдік стандарттау үдерісінің табиғи салдары болып табылады.

Осылайша штамп пен клише – тілдік стандарт жүйесінің екі қырын көрсететін ұғымдар: бірі – қалыптасқан үлгі, екіншісі – сол үлгінің автоматтандырылып, формализм деңгейіне жеткен түрі. Екеуінің де түпкі қызметі – коммуникативтік үдерісті жеңілдету, ортақ түсінік қалыптастыру, стильдік конвенцияны сақтау, бірақ штамп мәтіннің стилистикалық сапасына теріс әсер етуі мүмкін.

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ тіл білімінде, әсіресе сөз мәдениеті, функционалды стилистика және когнитивтік лингвистика салаларында «тілдік стандарт», «клише», «штамп», «стереотип» ұғымдарына қатысты ғылыми

тұжырымдар кеңеюде және бұл құбылыстар тілдік нормалар мен стильдік талаптар тұрғысынан жан-жақты қарастырылуда. Аталған ұғымдар – тілдік тәжірибенің сүзгісінен өтіп, қайталану нәтижесінде орныққан, тіл иелері үшін үйреншікті әрі танымал коммуникативтік құрылымдарға айналған тілдік бірліктер. Бұл тілдік қалыптардың қызметі тек ақпарат жеткізу құралымен шектелмейді; олар қоғамның танымдық моделімен, әлеуметтік жадымен және мәдени кодтармен тығыз байланысты.

Тілдік стереотиптер, клише және штамптар – сөйлеу үдерісінде прагматикалық үнемге қол жеткізудің, дайын формулалар арқылы ойды бейтарап не экспрессивті жеткізудің бірден-бір құралы. Әсіресе ресми-іскери және публицистикалық стильдерде бұл құрылымдар кеңінен қолданылып, прагматикалық нақтылық пен стилистикалық бейтараптықтың қызметін атқарады. Сонымен қатар мұндай тілдік бірліктер әдеби норма мен стильдік жүйелілікті қамтамасыз ететін құралдар ретінде де бағаланады.

Алайда тілдік стандарттардың шамадан тыс қолданылуы, клише мен штамптардың көбейіп кетуі мәтіннің бейнелілік қуатын әлсіретіп, сөйлеу еркіндігін шектейтін жағымсыз факторға айналуы мүмкін. Осы орайда, қазіргі тіл білімінің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – стандартталған құрылымдар мен штамптарға сын көзімен қарай отырып, олардың стилистикалық құндылығын, семантикалық әлеуетін және прагматикалық маңызын саралау, әрі олардың функционалды стильдердегі рөлін нақты айқындау.

Мерзімді баспасөз тілі – тілдік стандарттардың қалыптасу алаңы ғана емес, сондай-ақ олардың даму эволюциясын, клишелену мен штампқа айналу үдерісін айқын көрсететін дискурстық кеңістік. Бұл кеңістікте тілдің ақпараттық, экспрессивтік және когнитивтік қызметтері тоғыса отырып, публицистикалық дискурс арқылы қоғам санасындағы ұжымдық таным үлгілері мен мәдени стереотиптерді тіл арқылы вербалдайды. Сондықтан қазіргі қазақ баспасөзіндегі тілдік стандарт, стереотип, клише, штамп құбылыстарын ғылыми тұрғыдан жүйелеу – тіл дамуының табиғи заңдылықтарын, функционалды стильдердің ішкі логикасын, сондай-ақ ұлттық тілдік сананың көрінісін тереңірек тануға мүмкіндік береді.

2.3 Стандарт сөзқолданысты қалыптастыратын сыртқы және ішкі лингвистикалық факторлар

Тілдік бірліктердің стандартталуына ықпал ететін факторларды сыртқы және ішкі деп екі негізгі топқа бөлуге болады. Сыртқы факторларға, ең алдымен, қоғамдағы әлеуметтік-саяси жағдайлар, идеологиялық үрдістер, бұқаралық ақпарат құралдары мен білім беру жүйесіндегі тілдік нормалар жатады. Тілдің стандартталу үдерісі белгілі бір тарихи-әлеуметтік контексте қалыптасып, мемлекеттік саясат пен медиа кеңістіктің ықпалында жүзеге асады. Әсіресе мемлекеттік тіл саясаты, білім беру жүйесі және ресми ақпараттық арналар

(газеттер, телеарналар) арқылы тілдің нормативтік үлгілері мен қолданыстық стереотиптері бекітіледі.

Тіл мәдениеті мен тіл саясатын реттейтін мекемелер ұсынатын нұсқаулықтар, бағдарламалық құжаттар, сөздіктердегі бекітілген лексикалық бірліктер мен үлгі тіркестер қоғамда стандарт үлгілер ретінде қабылданып, күнделікті ақпараттық-коммуникативтік тәжірибеге енеді. Сонымен қатар белгілі бір мерзімді баспасөз өзінің редакциялық саясаты мен жазу ерекшелігіне сәйкес дайын формулалар мен үлгілік құрылымдарды ұдайы ұсынып отырады. Бұл формулалар ақпаратты қысқа әрі тиімді жеткізу мақсатында қалыптасып, көпшілікке түсінікті тілдік үлгілер ретінде қызмет етеді. Мысалы, *Мемлекет басшысы музей ісі мен сәулет өнерінің маңызын* ***атап өтті*** *(ЕҚ, 20 мамыр, 2025 жыл); Қасым-Жомарт Тоқаев еріктілердің еңбегін ерекше* ***атап өтті*** *(ЕҚ, 21 сәуір, 2025 жыл); Алматыда қалдықтарды бөлек жинау жобасы* ***жүзеге асырылды*** *(ЕҚ, 13 желтоқсан, 2022); Реформалар жойқын дауыл жағдайында* ***жүзеге асырылды*** *(ЕҚ, 6 ақпан, 2025); Елорданы жылумен қамтамасыз ету үшін қандай* ***шаралар қолға алынды?*** *(ЕҚ, 17 шілде, 2023); Түркістанда жұмыссыздықты жою* ***шаралары қолға алынды*** *(ЕҚ, 9 қаңтар, 2023); Дрон өндірісі* ***қолға алынды*** *(ЕҚ, 22 қаңтар, 2025); ШЫҰ кеңістігіндегі* ***өзекті мәселелер*** *сараланды (ЕҚ, 5 маусым, 2025); Жастар арасындағы жұмыссыздық әлі де* ***өзекті мәселе*** *(16 мамыр, 2025).*

Жаңа кеңсе Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің, Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен, сондай-ақ Жетісу комьюнити орталығы мен «Esbol Qory» қоғамдық қорының үйлестіруімен ***жүзеге асырылды*** *(ҚӘ, 14 шілде, 2025); Біз қоғамды ақпараттандыру және жастарды қорғау арқылы ғана есірткі қылмысының алдын ала аламыз», – деп* ***атап өтті*** *(ҚӘ, 14 шілде, 2025); Президент Көкше төріндегі құрылтайда осыдан үш жыл бұрын наурыз айында жариялаған Жолдауына сай жүргізілген қоғамдық-саяси реформаларға тоқталып, ел ішіндегі оң өзгерістерге Ұлттық құрылтай мүшелері де орасан зор үлес қосқанын* ***атап өтті*** *(ҚӘ, 19 наурыз, 2025); Мемлекет басшысы, ең алдымен, қоғамда қызу талқыланып жатқан салық реформасына қатысты* ***пікір білдірді.*** *... Президент өңірлердегі білім беру, денсаулық сақтау, туризм және спорт салаларын дамыту жобаларына кеңінен тоқталып, оларды уақтылы әрі сапалы* ***жүзеге асыру маңызды екенін ескертті****. ...Үкімет осы қағиданы негізге ала отырып, облыстардың еншісіндегі әлеуметтік салықты сақтап қалу туралы* ***шешім қабылдады.*** *... Президент кезекті рет әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселесіне ерекше* ***назар аударды.*** *Президент өз сөзінде адами капиталға инвестиция салудың маңыздылығын атап өтіп, елдің интеллектуалды және шығармашылық әлеуетін қолдау мен оны табысты* ***іске асыру қажеттігін айтты.*** *Мемлекет басшысы сонымен қатар еліміздің құжаттық мұрасын сақтау мәселесіне де* ***ерекше тоқталды.*** *Президент қазақстандық киноөндіріс пен анимацияны дамыту мәселесін де көтеріп, олардың сапасын арттыру қажеттігін* ***баса айтты.*** *Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында Қытай, Түркия және Ресейде Қазақстан*

мәдени орталықтарын ашу мәселесі ***қарастырылып жатыр. ...*** *Ұлттық құрылтайда елдің бүгіні мен болашағына тікелей қатысты, кезек күттірмейтін, шын мәнінде, жалпыұлттық маңызы бар мәселелер талқыланды. (ҚӘ, 19 наурыз, 2025); Ақыры, идея айтылған оншақты жылда, біртұтас Кіші Аралды көтеру ісі* ***қолға алынды.*** *Ел күткен бірдеңгей Кіші Арал шешімі* ***күн тәртібінде*** *(ҚӘ, 25 ақпан, 2025).*

Мұндағы *«атап өтті», «жүзеге асырылды», «қолға алынды», «өзекті мәселе», «баса айтты», «қарастырылып жатыр», «назар аударды»* сияқты тіркестер мерзімді баспасөзде қайталанып қолданылып, қалыпты стандарт сөзқолданыс деңгейіне көтерілген.

Осы орайда, мерзімді баспасөз тіліндегі стандарт сөз қолданыстың прагматикалық қызметі ерекше мәнге ие. Бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылатын стандарт тіркестер мәтінді ресмилендіріп, хабардың сенімділігін арттырып, ақпаратты аудиторияға түсінікті әрі болжамды етіп ұсынуға мүмкіндік береді. Прагматикалық тұрғыдан мұндай стандарт сөзқолданыстар коммуникативтік қысқалық, ақпараттық тиімділік, мәдени-конвенционалды реңк сияқты функцияларды орындайды. Сонымен бірге, олар белгілі бір идеялар мен көзқарастарды таратудың, қоғамдық пікірді қалыптастырудың идеологиялық құралы ретінде қызмет етеді. Мысалы, *«ұлттық мүдде», «халықтық сенім», «демократиялық даму», «жалпыұлттық бірлік», «ұтымды шешім»* сияқты стереотиптік тіркестер мерзімді баспасөзде жиі қолданылып, қоғамда белгілі бір құндылықтарды бекіту мақсатында стандартталған үлгіге айналады: ***Ұлттық мүдде****нің ұтымды шешімі (ЕҚ, 29 қаңтар, 2025). Ұтымды шешімдер* ***ұлттық мүдделерді*** *айшықтайды (ЕҚ, 28 қаңтар, 2025). Ұйым* ***жалпыұлттық бірліктің*** *негізгі моделіне айналды (ЕҚ, 24 Сәуір, 2025). Демократиялық даму жолы (ЕҚ, 7 қараша, 2022).* ***Демократиялық даму жолындағы*** *нақты қадам (ЕҚ, 22 мамыр, 2020).* ***Ұлттық мүддеге*** *немқұрайды қарайтын адам зиялы бола алмайды (ҚӘ, 10 наурыз, 2023). Ұлттық арна –* ***ұлттық мүдделер*** *алаңы (ҚӘ, 3 қараша, 2017). Қазақстан – субъектілері әртүрлі мүдделердің болуымен және олардың мәдени-саяси белсенділігінің әртүрлі дәрежелерімен сипатталатын әлеуметтік жағынан сараланған* ***этникалық қауымдастық.*** *Саяси және мемлекеттік құрылымның қазақстандық моделі* ***демократиялық дамудың*** *жалпыға танылған заңдылықтарын біріктіреді. Тәуелсіздік жылдарында елімізде* ***қоғамдық тұрақтылықты, ұлтаралық келісімді,*** *қазақстандық бірегейлікті және жалпықазақстандық патриотизмді қалыптастыруды қамтамасыз етудің өзіндік моделі жүзеге асырылды (ҚӘ, 11 қазан, 2024).*

Сонымен, жаһандық деңгейдегі саяси, әлеуметтік, экономикалық, табиғи және медициналық сипаттағы құбылыстар мен оқиғалар – клише мен штамптық құрылымдардың мазмұндық құрамын толықтыратын, кейде жаңадан жасайтын негізгі себептердің бірі.

Мәселен, соңғы онжылдықта COVID-19 індеті жаһандық өзекті мәселеге айналды. Осы кезеңде әлемдік ақпарат кеңістігімен қатар қазақ тілді баспасөзде де денсаулық сақтау тақырыбына қатысты жаңа сөздер мен тіркестер жаппай

қолданыла бастады. *Мәселен, Елордада **карантинді сақтау** бойынша мобильді топтар жұмысы жалғасуда (ЕҚ, 21 желтоқсан, 2020). Бірақ **карантинді сақтау** шаралары, ең алдымен, өзіміздің қауіпсіздігімізге бағытталған…» (ЕҚ, 5 мамыр, 2020). **Қауіпті індет**тен құтылудың жолы – **вакцина алу**» (ЕҚ, 30 маусым, 2021); Индустриясы дамыған мемлекеттерде халықтың **вакцина алу** көрсеткіші жоғары. ...Шығыста **шектеу шаралары** енгізілді» (ЕҚ, 17 қазан, 2020).*

«Карантинді сақтау», «вакцина алу», «шектеу шаралары», «пандемиялық жағдай», «санитарлық талаптар», «қашықтан оқыту» секілді тіркестер қысқа уақыт ішінде жиі қайталану нәтижесінде стандартталған тілдік формулаға, яғни клише деңгейіне жетті. Олар алғашында тек терминдік сипатта қолданылса, кейіннен ақпараттық, публицистикалық, тіпті көркем мәтіндерде де стереотиптік лексикалық бірлік ретінде бекіді. Жүргізілген статистикалық талдаулар «карантин» және «вакцина» сөздерінің соңғы жылдардағы баспасөзде қаншалықты жиілегенін көрсетті. Атап айтқанда, соңғы жылдары «карантин» атауының қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарындағы қолданыс жиілігі артқан. «Егемен Қазақстан» газетіндегі тақырыптарға жүргізілген талдауға сәйкес, 2018-2025 жылдар аралығында мерзімді баспасөзде жарияланған 1168 материалдардың тақырыпатында «карантин» атауы қолданылған. Мысалы, *Құс тұмауы: Павлодар облысының тағы бір ауылында **карантин** енгізілді (ЕҚ, 16 қазан, 2021жыл). Өткен тәулікте **карантин** талаптарын **бұзған** 10 мекеме анықталды (ЕҚ, 7 маусым, 2021 жыл). Қостанай облысында **карантин** күшейтіледі (ЕҚ, 11 тамыз, 2021 жыл). Түркістанда **карантин** кезінде концерт ұйымдастырғандар жазаланды (ЕҚ, 3 маусым, 2021 жыл).*

Қолданыс жиілігінің артуы қоғамдағы белгілі бір оқиғамен байланысты.

Қазіргі қазақ әдеби тілінің құрамындағы *«жасанды»* лексемасы өз мағынасы мен қолданыс аясында айтарлықтай семантикалық кеңеюге ұшырап, жаңа стильдік және терминологиялық қабаттарға белсенді еніп келеді. Лексикографиялық еңбектің мәліметі бойынша «жасанды» термині – «табиғи емес», «қолдан жасалған» деген мағынаны білдіріп, көбіне көркем әдебиет пен поэтикалық мәтіндерде («жасанды күлкі», «жасанды сұлулық») бейнелі қолданысқа ие болғаны белгілі [98].

Сонымен қатар қазақ тілінің ғылым, білім, техника мен экономика, қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі термин сөздердің бірыңғай республикалық терминологиялық электронды базасында 2020 жылдан бастап «жасанды» сөзі арқылы жасалған терминдер қатары көбейіп, *«жасанды жарық көзі», «жасанды нейрондық желі», «жасанды кедергі», «жасанды ғаламшар», «жасанды жайылым», «жасанды жарақтандыру», «жасанды белсенділік», «жасанды зият жүйесі», «жасанды зерде»* секілді күрделі атаулар түзіле бастады [134].

Соңғы жылдарда әдеби тілдің ресми, ғылыми және публицистикалық айналымына «жасанды интеллект» деген термин ретінде белсенді қолданысқа түсті. Бұл тіркес «Егемен Қазақстан» газетінің 2017-2025 жылдар арасындағы электронды ресурсында 191 мақала тақырыпатында кездеседі, мәселен, ***Жасанды интеллект:** Жәрдемі мен зардабы (ЕҚ, 12 қазан, 2023 жыл).*

Жасанды интеллект *адамзаттың жауы ма? (ЕҚ, 1 наурыз, 2023 жыл).* ***Жасанды интеллект:*** *бүгіні мен ертеңі (ЕҚ, 19 сәуір, 2024 жыл).* ***Жасанды интеллект*** *білім сапасын жақсартады (ЕҚ, 23 тамыз, 2024 жыл).*

Жасанды интеллект тіркесінің басқа да мерзімді баспасөз тақырыпаттарындағы белсенді қолданысы байқалады: ***Жасанды интеллектке*** *арналған мектеп (ҚӘ, 7 сәуір, 2025 жыл),* ***Жасанды интеллект*** *туындылары (ҚӘ, 20 наурыз, 2024 жыл),* ***Жасанды интеллект*** *әдебиетке ықпал ете ала ма?(ҚӘ, 22 сәуір, 2025 жыл).* ***Жасанды интеллект*** *журналистика дамуына әсер ете ме? (АТ, 26 маусым, 2025 жыл).* ***Жасанды интеллект*** *– адам ақыл-ойының жемісі (АТ, 17 сәуір, 2025 жыл).*

Бұл деректер дерек соңғы жылдары бұл терминнің мерзімді баспасөзде қолданыс жиілігі күрт артқанын аңғартады. Мұндай қарқынды өсу, бір жағынан, ақпараттық-технологиялық даму үдерісінің тілдік көрінісі болса, екінші жағынан, терминнің қолданылу жиілігінің жоғарылауы нәтижесінде оның клише ретінде қалыптасуының алғышарты болады.

Қазақ тілінің ұлттық корпусы бойынша *«жасанды», «жасанды интеллект», «жасанды зерде», «жасанды зият»* тіркестерінің қолданылу жиілігіне қатысты мәлімет алуға болады. Қазақ тілінің ұлттық корпусы – қазақ тілінің барлық стильдік тармақтарындағы мәтіндік қорды жүйелеп, сөзқолданыстың сандық және сапалық сипаттарын талдауға мүмкіндік беретін маңызды цифрлық ресурстың бірі. Корпус құрамындағы мәтіндердің жалпы көлемі 65 миллион сөзқолданыстан асады және ол 16 ішкорпус негізінде жинақталған [135]. Бұл жүйе арқылы белгілі бір сөздің немесе тіркестің түрлі стильдегі қолданыс ерекшелігін анықтауға болады.

Ұлттық корпус базасындағы мәтіндер бойынша «жасанды» сөзі 1084 рет қолданылған. Бұл тіркес ең көп публицистикалық стильде – 559 рет, ғылыми стильде – 478 рет, ресми стильде – 130 рет және көркем әдебиет стилінде – 140 рет ұшырасады. Мұндай жиілік бұл лексеманың қазіргі ғылыми-публицистикалық мәтіндерде белсенді жұмсалатынын көрсетеді. Яғни бұл сөздің терминдену әлеуеті жоғары әрі ғылыми-технологияға байланысты мәтіндерде жиі жұмсалатыны байқалды.

«Жасанды интеллект» тіркесі ұлттық корпус деректерінде 57 рет кездеседі. Оның басым бөлігі – публицистикалық стильде (47), одан кейін ғылыми стильде (3), ресми және көркем әдебиет стильдерінде бір реттен тіркелген. Бұл сандық көрсеткіш аталған терминнің ғылыми стильден публицистикалық стильге өтке бастағанын дәлелдейді. Сонымен қатар көркем әдебиет стильдеріндегі сирек кездесуі терминнің бейтараптанған, клишелік сипат алып келе жатқанын айғақтайды.

Ұлттық корпус мәліметіне сәйкес «жасанды зерде» және «жасанды зият» тіркестерінің қолданыс жиілігі төмен және тек публицистикалық стильде ғана кездеседі. Бұл тіркестердің «жасанды интеллект» атауымен салыстырғанда стандарт дәрежесіне жетпегендігін танытады (Кесте 7).

Кесте 7 – Қазақ тілінің ұлттық корпусы бойынша «жасанды», «жасанды интеллект», «жасанды зерде», «жасанды зият» қолданыстарының жиілігі

Сөзқолданыс	**Жалпы нәтижесі**	**Ресми стильдегі үлесі**	**Публицистикалық стильдегі үлесі**	**Ғылыми стильдегі үлесі**	**Көркем әдебиет стиліндегі үлесі**
жасанды	1084	130	559	478	140
жасанды интеллект	57	1	47	3	1
жасанды зерде	8	-	8	-	-
жасанды зият	8	-	8	-	-

Жалпы алғанда, мұндай жаһандық немесе маусымдық факторлар стандарт сөзқолданыстың қалыптасуына бірден-бір қозғаушы күш болады. Клише мен штамптардың тілге бейімделуінде өзекті оқиғалар мен ақпараттар ағыны ғана емес, сол оқиғаларға берілетін бағалар мен қатысымдық интенциялар да маңызды рөл атқарады. Белгілі бір тіркес халықтың күнделікті өміріне еніп, жаппай қолданыс тапқанда ғана ол клише ретінде орныға бастайды.

Ғылым мен техникадағы жаңа жетістіктер, экономикалық дағдарыстар, саяси реформалар да бұқаралық ақпарат құралдарының тілінде пайда болған жаңа лексикалық бірліктер мен тіркестердің стандартталуына алып келеді. Мысалы, *«инновациялық даму», «энергия көздері», «цифрлық трансформация»* сияқты тіркестер баспасөздің тұрақты компоненттеріне айналып отыр: *Қарағанды өнеркәсіп және **индустриялық-инновациялық даму** басқармасына басшы тағайындалды (ЕҚ, 13 қаңтар, 2025 жыл). Жасанды интеллект және **инновациялық даму** комитетінің төрағасы тағайындалды (ЕҚ, 15 шілде, 2024 жыл). Жаңартылатын **энергия көздері** – заман талабы (ЕҚ, 18 маусым, 2025 жыл); Сенатта заманауи **энергия көздерін** дамыту мәселесі талқыланды (ЕҚ, 23 ақпан, 2024 жыл). «Қазақстан **индустриалды-инновациялық даму** жолында өркендеуі керек» дегенді Елбасымыз да, Президентіміз де, Үкімет те айтуда (ҚӘ, 1 наурыз, 2021 жыл). Жаңартылған **энергия көздері** Алматыны жарылқай ала ма? (Айқын, 9 сәуір, 2022 жыл). **Инновациялық даму** өндірісті жаңғыртумен шектелмейді (24 шілде, 2025 жыл).*

Сөзқолданыстың стандартталуына ықпал ететін ішкі лингвистикалық факторлар тілдің өз құрылымдық заңдылықтарымен байланысты. Оларға семантика, синтаксис, морфология, фонетика сияқты тіл деңгейлеріндегі ерекшеліктер жатады. Мысалы, қысқа әрі нақты құрылымдағы тіркестердің стандартқа айналу ықтималдығы жоғары, өйткені олар – есте сақтауға жеңіл, қолдануға ыңғайлы. Семантикалық тұрғыдан, мағынасы айқын әрі әмбебап ұғымды білдіретін тіркестер тез таралып, стандартқа айналады. Когнитивтік тұрғыдан алғанда, адамдар ақпараттық үнемділікті қалайды, сондықтан алдын ала дайындалған, жиі қайталанатын формулаларды қабылдауға бейім болады. Ұзақ, күрделі құрылымдар мен метафоралар бастапқыда қабылдауға қиын болғанмен, уақыт өте келе автоматты түрде қолданылатын стереотиптік тіркестерге айналып, стандартты тілдік үлгілер қатарынан табылады.

Қазіргі қазақ терминологиясындағы ең стандартталған, жүйеленген және үлгі ретінде қалыптасқан сөзжасам клишелерінің негізгі өнімді жұрнақтары – -лық / -лік / -дық / -дік / -тық / -тік. Осы жұрнақтар арқылы жасалған тілдік бірліктер қазақ әдеби тілінің сөздік құрамын жаңа терминдермен байытады. Бұл жұрнақтардың мағынасы орыс тіліндегі сапаны білдіретін -ость, -ной/-ный, -ский морфемаларының калькалық баламаларына дәл сәйкес келеді. Мұндай толық сәйкестік екі тілдің терминологиялық жүйесінде форма мен мазмұнның біртұтастығын қамтамасыз етіп қана қоймай, екінші тілде де ұғымдық анықтығы мен толыққандығын сақтайды. Сонымен қатар, бұл құбылыс қазақстандық қоғамда екі тілді тең дәрежеде қолдану нәтижесінде тілдік санада қалыптасқан үлгіге де байланысты [136, 2].

Осыған орай, ішкі факторлар арасында белгілі бір семантикалық ұқсастықтар мен грамматикалық модельдердің қайталануы да стандартталуға жол ашады. Мысалы, «әлемдік», «ұлттық», «жалпықазақтық» сияқты сөздермен жасалған тіркестердің жалпылама сипаты оларды стандартталған тілдік үлгілерге айналдырады: *1992 жыл Қазақстанның* ***әлемдік*** *қауымдастыққа тәуелсіз мемлекет ретінде танылу жылы болды (АТ, 28 қаңтар, 2016 жыл). Мемлекеттік тіл –* ***ұлттық*** *идея өзегі (АТ, 2 мамыр, 2024 жыл). Қазақшылдық* ***жалпықазақтық*** *сипат алуы – ұлттың дамуының,* ***ұлттық*** *идея салтанат құруының кепілі (ЖА, 13 қыркүйек 2022 жыл).*

Мерзімді баспасөздің ақпараттық жанрларында екі немесе одан көп стандарт сөзқолданыстың қатар келуі күрделі стандарттарды қалыптастырады, бұл тәсіл мерзімді баспасөздегі ақпараттың тиімді берілуіне ықпал ететін ішкі лингвистикалық факторлардың бірі. Айталық, мемлекеттік ресми хабарларда жиі қолданылатын мынадай күрделі стандарт сөзқолданысты жиі кездестіруге болады: *«…туралы Жарлыққа қол қойды, деп хабарлайды Egemen.kz Ақордаға сілтеме жасап».* Бұл құрылымда негізгі хабарлама («Жарлыққа қол қойды») мен ақпарат көзіне сілтеме жасау формуласы («деп хабарлайды… сілтеме жасап») біріктіріліп, стандартталған күрделі сөзқолданыстың үлгісін жасайды. Мәселен, *ҚР Президенті Ұлттық жобалар тізбесін бекіту туралы* ***Жарлыққа қол қойды, деп хабарлайды Egemen.kz Ақорданың ресми сайтына сілтеме жасап*** *(ЕҚ, 13 Қазан, 2021 жыл). Президент Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы жел электр стансасы жобасын іске асыру туралы келісімді ратификациялау туралы* ***Заңға қол қойды, – деп хабарлайды Aikyn.kz Ақордаға сілтеме жасап*** *(Айқын, 12 мамыр, 2025 жыл).*

Мұндай конструкциялар – қазақ мерзімді баспасөзінде жаңалық таратуда қолданылатын стандарт сөзқолданыстар. Бұл үлгі ақпараттық мазмұнды қысқа әрі нақты ұсынуға, яғни прагматикалық үнем қағидатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бір сөйлем ішінде негізгі ақпараттық сұрақтарға – кім? не істеді? қайдан алынған? – толық жауап беріліп, оқырман ақпаратты жылдам қабылдауға жағдай жасалады. Бұл стандарт сөзқолданыс автор тарапынан қосымша түсіндіруді қажет етпей, дайын формулалар арқылы мағыналық сигнал беруге бағытталған.

Мерзімді баспасөз тіліндегі стандарт сөзқолданыстың прагматикалық қызметі де – аса маңызды ішкі фактор. Бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылатын стандарт сөзқолданыс ақпараттың түсініктілігін, қабылдану жылдамдығын, ресмилік пен сенімділікті қамтамасыз ету құралы ретінде көрініс табады. Стандарт сөзқолданыс мәтінді оқуға ыңғайлы етіп ұсынумен қатар, ақпараттың нақтылығын арттырып, оқырман назарын мәтіннің негізгі мазмұнына зейінін шоғырландыруға мүмкіндік береді. А.А. Леонтьев [137], В.Г. Костомаров [130], Б.Н. Головин [138] еңбектерінде мұндай тілдік құралдарды ақпараттық стильдің прагматикалық ұтымдылыққа ұмтылуы ретінде сипаттайды. Мұнда күрделі ақпаратты ықшам әрі түсінікті формада жеткізу мақсаты көзделеді. Осы себепті жаңалық, есеп, шолу сияқты жедел ақпарат жанрларында стандарт сөзқолданыс басым қолданылса, очерк, эссе сияқты баяндау жанрларында еркін стилистикалық құралдарға басымдық беріледі.

Стандарт сөзқолданыстың прагматикалық қызметі мақсатты аудиторияға бейімделу факторымен тығыз байланысты. Газет мәтіндері белгілі бір оқырман қауымының білім деңгейі, тілдік дағдылары, қабылдау мүмкіндіктері ескеріліп құрастырылады. Мысалы, республикалық саяси басылымдарда күрделі ресми терминология кеңінен қолданылса, жергілікті немесе жастарға арналған басылымдарда жеңіл қабылданатын сөздер, бейресми атаулар басым келеді. Қаламгерлер тарапынан ойды ұзағынан тарқатып баяндаудан гөрі оқырманның қабылдауына оңтайлы болған дайын сөз орамдарды қолдануға ұмтылыс байқалады. Мұндай стандарт сөзқолданыс прагматикалық үнемділік қағидатына сәйкес мәтінді қысқа қайыруға, шұбалаңқылықтан арылтып, ақпаратты жинақы жеткізуге жағдай жасайды. Мысалы, «қысқасы», «сонымен бірге», «іс жүзінде» сияқты жинақтаушы сөздер немесе «тиісті шаралар қабылданды», «нақты тапсырмалар берілді» деген стандарт сөзқолданыстар мәтіннің жүйелілігін арттырып, ресми стильдің формальді сипатын бекітеді: ***Қысқасы,*** *елді байытады деген холдингтер өздерін ғана жарылқаған (Айқын, 31 қаңтар, 2020 жыл).* ***Сонымен бірге*** *Қызылорда облысының 16 магистралды және шаруашылықаралық арналарын автоматтандыру мақсатында жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде (Айқын, 9 шілде, 2025 жыл). Қазақ тілі мемлекеттік тіл болып жарияланса да* ***іс жүзінде*** *толық күшіне ене алмай жүргені де, дәл осы логи-калық ереже-нің бұзылуынан (АТ, 14 сәуір, 2022 жыл). Отырыс қорытындысы бойынша Алматы әкімдігіне бірқатар* ***нақты тапсырмалар берілді*** *(ЖА, 9 желтоқсан, 2020 жыл). Барлық осы фактілер бойынша* ***тиісті шаралар қабылданды****, квазимемлекеттік сектордың 5 басшысы әкімшілік жауапкершілікке және 57 адам тәртіптік жауапкершілікке тартылды (ҚӘ, 17 маусым, 2024 жыл).*

Қазіргі қазақ мерзімді баспасөзінің тілдік жүйесінде стандарт сөзқолданыстың мәтінқұраушы қызметі экстралингвистикалық тұрғыдан маңызды. Бұл қатардан ең алдымен ұластырушы тілдік бірліктер ерекшеленеді. Олар сөйлемдер мен абзацтар арасындағы логикалық тұтастықты қамтамасыз ететін құралдар ретінде қызмет етеді. Лингвистикада мұндай тілдік элементтерді сипаттау үшін когезия (лат. *cohaesus* – байланысқан) және когеренттілік

ұғымдары қолданылады. Е.В. Величко мен М.Л. Макаров еңбектерінде көрсетілгендей, когезия – мәтіннің құрылымдық байланысын қамтамасыз ететін формалды-грамматикалық тәсілдер жүйесі [139], ал когеренттілік – мәтіндегі ойдың мағыналық бірізділігін білдіреді [140]. Публицистикалық мәтіндерде бұл екі құбылысты қамтитын ұластырушы тілдік бірліктер ақпараттың қабылдануын жеңілдететін, мәтін құрылымын айқындайтын прагматикалық құрал ретінде көрінеді.

Ұластырушы бірліктер құрылымдық тұрғыдан көбіне қыстырма сөздер қатарынан табылады. Дәстүрлі синтаксистік анықтама бойынша қыстырма сөздер сөйлемнің құрылымына тікелей қатыспай, сөйлеушінің көзқарасын, бағасын, сенімін білдіреді. Алайда мерзімді баспасөзде мұндай құрылымдар ойды нақтылау, жалғастыру, құрылымды тұтастандыру міндетін де қоса атқарады. Мысалы, «айта кетейік», «оның айтуынша», «атап айтқанда», «сәйкесінше», «еске сала кетейік», «осы тұста» сияқты формулалар қазіргі қазақ баспасөзінде жиі қолданылады. Олар сөйлем деңгейінде де (*«Айтуынша, бұл бағытта нақты жұмыстар жүргізілуде»*), сондай-ақ абзацаралық өтулерде де (*«Осы тұста сарапшылардың пікіріне жүгінсек…»*) мәтіннің құрылымдық және прагматикалық тұтастығын қамтамасыз етеді: *Министрдің **айтуынша**, шалғайдағы елді мекендерде оқитын бала саны аз мектептер пен бастауыш сынып оқушыларын оқытуда ғана қандай да бір ерекшеліктер болуы мүмкін (ЖА, 22 шілде, 2020 жыл). Мамандардың **айтуынша**, жасөспірімдердің 17 пайызы мектеп қабырғасында айына бірнеше рет қысымға ұшырайды (ҚӘ, 5 сәуір, 2023 жыл). Бүгінде осы үдеден табылу мақсатында **нақты жұмыстар жүргізілуде** (Айқын, 22 қараша, 2019 жыл). **Бұл бағытта нақты жұмыстар жүргізілуде** (ЕҚ, 9 шілде, 2020 жыл). **Сарапшылардың пікіріне сүйенсек**, жаңа экономикалық модель – әртараптанған, инновациялық, әлеуметтік-әділетті экономика (АТ, 24 сәуір, 2025 жыл). **Сарапшылардың пікіріне жүгінсек**, бүгінгі таңда оның әлемдік нарығы 2,7 трлн АҚШ доллары, яғни әлемдік ЖІӨ-нің 7%-ы деп бағаланып отыр (Айқын, 25 маусым, 2020 жыл).*

Ұластырушы тілдік бірліктердің қызметін бірнеше қырынан сипаттауға болады. Біріншіден, олар мәтіндегі ақпаратты нақтылап, ойдың ілгері дамуын қамтамасыз етіп, автордың көзқарасын жүйелі түрде білдіретін мәтіндік ұйымдастырушы құралдар ретінде қызмет етеді. Екіншіден, бұл тілдік бірліктер мәтіннің мазмұндық логикасын нығайтып, ресми және публицистикалық дискурста аргументацияның реттілігі мен құрылымдық тұтастығын қамтамасыз ететін тәсілдер қатарына жатады. Үшіншіден, олар оқырман үшін ақпаратты жеңіл қабылдауға ықпал етіп, когнитивтік үдерістерді жеңілдететін прагматикалық маркерлер ретінде қолданылады. Осы қасиеттері арқылы ұластырушы бірліктер публицистикалық мәтіннің құрылымдық негізін қалыптастырып, коммуникативтік үнем мен тиімділікті арттырады.

Қазіргі мерзімді баспасөз мәтіндерінде жиі қолданылатын «оның айтуынша», «осы тұста», «атап өту қажет», «айта кетейік», «еске сала кетейік» сияқты үлгілер сыртқы тұрпатында қыстырма сөздердің құрылымдық ерекшелігін қайталағанымен, стильдік-функционалдық тұрғыдан

публицистикалық стильге тән стандарт сөзқолданыс ретінде сипатталады. Мұндай формулалық құрылымдар ақпараттық және бағалауыштық қызметті қатар атқарып, мәтіннің прагматикалық ұйымдасуына үлес қосады. Мысалы, «Егемен Қазақстан» газетінің мақалаларында мынадай стандартталған үлгілер кездеседі: ***Оның атап өтуінше,*** *қазақ-түрікмен серіктестігі көпжақты құрылымдар аясында ойдағыдай дамуда (27 мамыр, 2024 жыл).* ***Айтуларынша,*** *азаттықтың алғашқы қарлығашы егемендік декларациясы Алматыда қабылданды (25 қазан, 2023 жыл).* ***Еске салайық,*** *бұған дейін елордада Азиядағы қауіпсіздік және ынтымақтастық форумы өтіп жатқанын хабарлап едік (13 шілде 2023 жыл);* ***Еске сала кетейік,*** *16 желтоқсан – Қазақстан тәуелсіздігін алған күн (13 шілде, 2023 жыл).* ***Оның айтуынша,*** *тәуелсіздік жылдары қоғамда әділдік қағидаты әлсіреп кеткен (19 қазан, 2022 жыл).* ***Айта кетейік,*** *Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған көрме 4 айға созылған.» (10 наурыз, 2022 жыл).* ***Айтуынша,*** *екінші фундаменталды жетістік – азаматтарға деген қамқорлық (22 желтоқсан, 2021 жыл);* ***Сәйкесінше,*** *біз биылғы тамыз айында Астанада өтетін Консультативтік кеңестің 6-шы саммитіне дайындық мәселелерін ортаға салдық (27 мамыр, 2024 жыл).*

Бұл үлгілердің мәтін ішінде жиі қайталануы олардың мағыналық тұрақтылығы, прагматикалық әлеуеті және ресми-коммуникативтік қолайлылығы нәтижесіндегі мерзімді баспасөз тіліндегі стандарт сөзқолданысқа айналғанын көрсетеді. Демек, ұластырушы тілдік бірліктердің қазіргі баспасөздегі белсенді қолданылуы бір жағынан стиль ішіндегі құрылымдық тұрақтылық пен стандарттау үдерісін танытса, екінші жағынан тілдік стандарттың прагматикалық қызметін айғақтайтын маңызды көрсеткіш болып табылады. Мұндай құрылымдар публицистикалық дискурс дамуының көрсеткіші ғана емес, сонымен қатар баспасөз мәтіндеріндегі ақпарат беру мен бағалау стратегияларының өзіндік тілдік моделі ретінде орныгады.

Мерзімді баспасөздегі стандарт сөзқолданыс тек ақпарат жеткізу қызметін ғана емес, сонымен қатар оқырман санасына нақты бағалау мен қоғамдық пікір қалыптастырудың құралы ретінде де қолданылады. Журналистикада қалыптасқан көптеген сөз орамдары коннотациялық әлеуеті арқылы аудиторияға белгілі бір бағыт береді. Д.Э. Розенталь публицистика тіліндегі сөйлеу стереотиптері мен клишелердің мақсатты қолданылуын газет стилінің негізгі белгілерінің бірі ретінде атап көрсетеді. Шын мәнінде, газет мәтінінде жиі кездесетін тұрақты тіркестер уақыт өте келе идеологиялық мазмұны бар клишеге айналып, оқырман пікірін қалыптастырушы құрал ретінде қолданылады [141, 40].

Ресми мерзімді баспасөзде елдің жетістіктерін сипаттауда қайталанатын *«қарқынды даму», «даму даңғылы», «қауырт қадам»* сияқты тіркестер оқырман санасында прогресс, өркендеу ұғымдарын бекіту қызметін атқарады: *Инфрақұрылым* ***қарқынды дамуға*** *тиіс (ЕҚ, 29 ақпан, 2024 жыл); Қарымды еңбек –* ***қарқынды даму*** *(ЕҚ, 9 желтоқсан, 2020 жыл);* ***Қарқынды дамуға*** *бастайтын тарихи қадам (ЕҚ, 6 наурыз, 2017 жыл); Инвестиция –* ***даму***

даңғылы *(ЕҚ, 21 қараша, 2019 жыл); Елорданың* ***даму даңғылы*** *(ЕҚ, 5 шілде, 2022 жыл). Қазақы сананы дүр сілкіндіріп, тәуелсіздікке* ***қауырт қадам*** *бастырған – Желтоқсан оқиғасына – 35 жыл толды (Жетісу, 15 желтоқсан, 2021 жыл).*

Мемлекет қайраткерлерін сипаттауда қолданылатын *«көшбасшы», «кемеңгер басшы»* эпитеттері де тұлғаға қатысты оң бағалау орнатудың стандартты тәсіліне айналады: *Күрделі кезеңнің* ***көшбасшы*** *қайраткері (ЕҚ, 29 Мамыр, 2025 жыл); Әлем* ***көшбасшылары*** *Астана халықаралық форумында бас қосады (ЕҚ, 13 Мамыр, 2025 жыл). Қоғамда* ***көшбасшы*** *біреу ғана болмайды (АТ, 4 шілде, 2019 жыл). «Білім берудегі өзгерістердің 1 000 көшбасшысы»: сауатты* ***көшбасшы*** *оң өзгеріске бастайды (Айқын, 18 мамыр, 2024 жыл). Президент Тоқаевтың таза, принципшіл, адал, ұлт болашағын ойлаған* ***кемеңгер басшы*** *екеніне ел кәміл сенеді (ЖА, 19 қаңтар, 2022 жыл). Көп ректорлардың бірі емес, келелі ой айтатын* ***кемеңгер басшы*** *еді (ҚӘ, 18 мамыр, 2018 жыл).* ***Еңбек Ері*** *елден бұрын келді (Айқын, 19 наурыз, 2023 жыл).* Бұл – тілдік таңбалар арқылы қоғамдық пікірге ықпал етудің прагматикалық құралы. Эмоциялық-бағалауыш мәні бар дайын тіркестер оқырманға ерекше әсер етеді. Мысалы, «еңбек озаты» тіркесі кеңестік кезеңнен бері үздік қызметкерді сипаттайтын құрмет белгісі ретіндегі клише болып қалыптасты.

Баспасөзде марапат иелерін сипаттағанда «озат», «еңбек ері» сияқты клишелер міндетті түрде қолданылады, бұл оқырман санасында сол тұлғаның еңбегін жоғары бағалаудың когнитивтік моделі ретінде орныққан: *Өндірісте –* ***озат****, өнерде –* ***үздік*** *(ЕҚ, 14 қаңтар, 2025 жыл).* ***Озат*** *өрендер олжасы (ЕҚ, 21 мамыр, 2024).* ***Озаттарды*** *үкілеген Жалын (ЕҚ, 15 тамыз, 2023). Тәуелсіздік құрдастары – әскери қызмет* ***озаттары*** *(ЕҚ, 13 желтоқсан, 2016).*

Бұқаралық ақпарат құралдарында жиі қолданылатын мұндай стандарт сөзқолданыстар қоғамдық сананы белгілі бір бағытта ұстауға ықпал етеді. Прагматикалық тұрғыдан қарастырғанда, публицистикада тілдік құралдардың экспрессивтік әлеуеті адресатқа әсер ету үшін арнайы кодталып қолданылатыны анық байқалады. Журналистер оқырманға ықпал етуді көздеп, дайын үндеу формулаларын жиі пайдаланады: *Осыған қарап келешекте газет пен телевидение медианарықтан біржола ығыстырылады дейтіндер бар.* ***Бұған не дейсіз? (****Айқын, 21 қыркүйек, 2019 жыл). Біз Мәскеуден ет сатып алатын ең басты экспортер екенбіз. Ал* ***бұған не дейсіз?*** *(ЖА, 10 қыркүйек, 2021 жыл).* Осы мысалдарда кездесетіндей, риторикалық сұрақ қою – стандартқа айналған тәсілдер қатарына жатады.

Қадірлі оқырман! *Биыл қыркүйек айында еліміздегі ірі медиахолдинг – «Қазақ газеттері» ЖШС-не қарасты «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналына мерейлі 100 жыл толып отыр (Ақиқат, 22 Қыркүйек, 2021 жыл). Бәрінен бұрын,* ***қадірлі оқырман,*** *газет оқу үлкен мәдениет екенін ұмытпайық! (ЖА, 17 маусым, 2021 жыл).* ***Қадірлі оқырман,*** *газетімізде «Ауыл қаламгерлері» атты арнайы бағаң ашылды (ҚӘ, 23 наурыз, 2024 жыл).* ***Қадірлі оқырман қауым****! Терминжасам – бүкіл халыққа ортақ іс (АТ, 15 қазан, 2014 жыл).*

Мұндай тілдік құрылымдар автордың ұстанымын көпшілікке жеткізу, оқырманды белгілі бір идеяға жетелеу мақсатына қызмет етеді.

Демек, тақырыпты түсіндіру барысында бейтарап, тұрақты тілдік үлгілер мәтіннің негізгі ақпараттық құрылымын құрайтын қаңқа қызметін атқарса, сол құрылымға орнымен енгізілген бейнелі детальдар материалдың экспрессивтілік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Автордың оқырманға тікелей ықпал ету, белгілі бір ойға жетелеу ниеті публицистикалық стильде сұрақ қою, қаратпа сөз қолдану, бұйрық райлы сөйлемдер енгізу арқылы жүзеге асырылады. Бұл тәсілдердің өзі уақыт өте келе газет мәтінінде стандарт сөзқолданыстар ретінде орнықты. Бұлар – оқиғаның мәнін көпшілікке түсіндіретін, мәтінді эффектілі қорытындылауға арналған стандарт сөзқолданыс.

Стандарт сөзқолданыстың прагматикалық үнем тұрғысынан тағы бір маңызды қыры – газет тілін біріздендіріп, стилистикалық тұтастық орнатуы. Белгілі бір газет мәтінінде сөздердің жүйелі, қалыптасқан үлгіде қолданылуы оқырманға түсінікті, ыңғайлы, көз үйренген орта қалыптастырады. Мысалы, республикалық басылымдарда министрлік немесе мемлекеттік орган атаулары қысқартылған стандартты формада беріледі (*ҚР Әділет министрлігі, ҚР Парламенті*), ал жергілікті газеттерде олар қарапайымдау, күнделікті ұғымға жақын үлгіде жазылады (*облыстық әділет департаменті, қалалық мәслихат*). Мұндай терминологиялық және құрылымдық стандарттау мәтінді жеңіл түсінуге жағдай жасап, ақпаратты қабылдау жылдамдығын арттыруға ықпал етеді [136].

Қорыта келгенде, стандарт сөзқолданыстың қалыптасу үдерісі қоғамдағы әлеуметтік-саяси жағдайлармен, идеологиялық үрдістермен, бұқаралық ақпарат құралдарының тілдік саясаты және білім беру жүйесіндегі нормативтік талаптармен тығыз байланысты. Сыртқы факторлар тілдік нормаларды бекіту мен таратуға, дайын үлгілерді қоғам санасына орнықтыруға ықпал етеді. Бұл тұрғыдан мерзімді баспасөз редакциялары ақпаратты қысқа әрі тиімді жеткізу мақсатында дайын формулалар мен стандартталған құрылымдарды тұрақты түрде қолдану арқылы тілдік стандартқа үлес қосады.

Сөзқолданыстың стандартталуы үдерісінде ішкі лингвистикалық факторлар – семантикалық, синтаксистік, морфологиялық және прагматикалық тілдік заңдылықтар да маңызды рөл атқарады. Қысқа әрі түсінікті құрылымдағы тіркестердің стандартқа айналуы, мағынасы жалпыға ортақ ұғымдарды білдіретін сөздердің тез таралуы, оқырман үшін ақпаратты жеңіл қабылдау мен когнитивтік үнемділікке қолайлылығы – осының айғағы. Мұндай ішкі және сыртқы факторлардың өзара ықпалынан пайда болған стандарт сөзқолданыстың прагматикалық қызметін арттыруға, мәтіннің ақпараттық құрылымын оңтайландыруға, стильдік бірізділікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Мерзімді баспасөз тіліндегі стандарт сөзқолданыстың прагматикалық қызметі – ақпаратты түсінікті, ықшам, жүйелі әрі аудиторияға бейімделген формада ұсынуға бағытталады. Ұластырушы тілдік бірліктер, дайын формулалар, клише мен штамптар ақпараттың құрылымын ұйымдастыруда, оқырман санасына ықпал етуде, мәтіннің коммуникативтік тиімділігін арттыруда маңызды құралға айналады. Бұл бірліктер тек мәтін құрылымын

қамтамасыз етумен шектелмей, сол арқылы қоғамдық пікір қалыптастыру, идеологиялық құндылықтарды бекіту, аудиторияны белгілі бір идеяға бағдарлау сияқты қызметтерді де атқарады.

2.4 Стандарт сөзқолданыс және тілдің ішкі мүмкіндіктерінің игерілімі

Қазіргі қазақ мерзімді баспасөз тіліндегі стандарт сөзқолданысты жасаудың негізгі арнасы – тілдің ішкі мүмкіндіктері немесе тілдің ішкі әлеуеті. Қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктері – ұлттың қоршаған әлем бейнесін қабылдауынан туындаған, тілдің табиғи заңдылықтарына негізделген әлеуеті. Табиғи заңдылықтар қазақ тілінің фонетикалық, морфологиялық, сөзжасамдық құрылымынан танылады. Қоршаған ортаны қабылдауына қатысты тілдің өз мүмкіндіктері лексика-семантикалық ресурс арқылы анықталады. Тілдің лексика-семантикалық қоры мен жүйесіне өзгерістер, жаңару үдерістері тән. Тіл қорындағы сөздің денотат мағынасының түрлі ауыспалы мағына түзуі, арнаулы мағынаға ауысуы (терминге, клишеге ауысуы), оқиға мен құбылысты бағалау семантикасына көшуі сияқты сан алуан үдерістер тілдің лексикалық қабатында ұдайы жүреді. Тілдің лексика-семантикалық ішкі мүмкіндіктері – жаңа коммуникативтік талаптар туындаған жағдайда жаңарады, жаңғырады.

Белгілі бір ұлттың тілін жүйелеуде жалпыұлттық тілдік қор және әдеби тіл, әдеби тілдің сөздік құрамы деп аталатын ұғымдарға мән беріледі. Қазақ тілтанымында жалпыұлттық тілдік қор және әдеби тілдің сөздік құрамы жөнінде тұжырымдар толық негізделген. Жалпыұлттық тілдік қор құрамына тілдің сөз байлығы, жергілікті тіл ерекшеліктері, көнерген сөздер, кәсіби лексика, көріктеу құралдары, қанатты сөздер, символ сөздер мен тіркестер енетіндігі мәлім. Осы аталғандар – тілдің ішкі қоры. Тілдің ішкі қоры функционалды-коммуникативтік тұрғыдан қарағанда, коммуникативтік жағдаяттың барлық тұстарында да бірдей қолданыла бермейді. Жалпыұлттық тілдік қор қатарына енетіндердің кеңінен жұмсалатын саласы – көркем әдебиет стилі. Шын мәнінде көркемсөзде ұлттың тіл қазынасы толық көрініс табады және көркем туындылардағы сөзқолданыс арқылы тілдің трансмиссиясы сақталады. Жалпыұлттық тілдік қордың ішкі әлеуеті тіл дамуындағы қозғалыстарға да әсер етеді. Біріншіден, әдеби тіл ұлттық тілдік қордың әлеуетін өңдеуден өткізіп пайдаланады, өңдеуден өткен лексема әдеби норма дәрежесіне көтеріледі. Алайда ұлттық тілдік қордың ішкі әлеуетін игеру қоғам дамуы сатыларында әр деңгейде болады. Айталық, өткен ғасырдың орта тұсындағы қазақ әдеби тілінің, әсіресе лексикалық құрамының жалпы көрінісінде тіл қазынасын пайдаланудың бәсең болғандығын анық айтуға болады. Бұндай жағдай тілдің дамуы мен қолданысына әсер ететін сыртқы, саяси, әлеуметтік факторларға тікелей байланысты. Нақтырақ айтқанда, XX ғасырдың 80-жылдарындағы қоғамда үстем орын алған саяси идеологияның ықпалынан қазақ мерзімді баспасөзінің ақпарат беру және ықпал ету функциялары үшін өзге тілдің құрылымдық және лексикалық жүйесін таяныш етіп, таптаурын тілдік бірліктердің орнығуына жол ашылды.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде тіл стратегиясының басым бағыттарында көрсетілгеніндей, тілдің ішкі мүмкіндіктерін сарқа пайдалануға және қоғам мүшелерінің лингвистикалық капиталын қалыптастыру мен жетілдіруге арналған әлеуметтік-мәдени мазмұндағы міндеттер ілгері шығарылды. Міндеттерді жүзеге асырудың тиімді жолының ең маңыздысы – жалпыұлттық тілдік қордың әсіресе лексикалық, фразеологиялық байлығын қазіргі коммуникативтік актіге қарқынды игеру. Осы ретте қоғамдағы ішкі-сыртқы саяси, әлеуметтік, мәдени, ғылыми-көпшілік мазмұндағы ақпарат жеткізу функциясын атқаратын мерзімді баспасөз айрықша маңызды рөл атқарып келеді.

Соңғы онжылдықтардағы қазақ мерзімді баспасөзінің тілі мен стилін алдыңғы кезеңдердегі нұсқаларынан айрықшалап көрсететін белгілердің бірі – ықпал ету функциясының басымдығы. Қоғамдағы күрделі оқиғалар мен проблемалар жөнінде оқырманның санасына қозғау салуда ақпарат беруге қатысатын тілдік бірліктер жеткіліксіз. Осы себепті баспасөздің барлық жанрларында тілдің ішкі мүмкіндіктері бірнеше бағытта игеріледі. Қазіргі баспасөздегі тілдің әлеуетін пайдалану жолдары төмендегілер:

– қазақ терминжүйесін қазақыландыру;
– синонимдік қатарлардың ықпал ету мүмкіндіктері;
– сөздің коннотат мағынасын дамыту.

Қазақ терминжүйесін қазақыландыру бағытында қазіргі мерзімді баспасөздің рөлі ерекше. Осы ерекшелікті бір тілдік факті арқылы талдауға болады.

Тұсау кесу / Тұсаукесер – қазақ ұлтының мәдениетіне тән этноұғым. Лексикографиялық еңбектің мәліметі бойынша «жаңа жүре бастаған баланың аяғына жіп байлап кестіретін дәстүр, ырым» [142].

Қоғам салтына жаңадан енген презентация термині үшін этноұғымдағы «тұсаукесер» термині кеңінен қолданысқа түсті: *Индустриялық жобалар* ***тұсаукесері*** (ЕҚ, 7 желтоқсан, 2010 жыл). *Осы күні Қазақстан халықаралық деңгейде алғашқы ірі PR жобасын жүзеге асырды: әлем жұртына тәуелсіз жаңа мемлекеттің елордасы таныстырылып, Астананың* ***тұсаукесері*** *өткізілді (Айқын, 2 сәуір, 2021 жыл). Алматыда «Burkit» экшн-фильмінің* ***тұсаукесері*** *өтті (ЖА, 2 қараша, 2023 жыл). ...Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығында жаңа жобаның* ***таныстырылымы*** *өтті (АТ, 9 наурыз, 2023 жыл). «Мәмбетов феномені» кітабының* ***таныстырылымы*** *өтті (ҚӘ, 21 қазан, 2023 жыл). Астана қаласындағы Ұлттық академиялық кітапханада белгілі жазушы-публицист Жылқыбай Жағыпарұлын еске алу кеші аясында «Қыз қыран» және «Қарасарт» кітаптарының* ***тұсаукесері*** *өтті (ЕҚ, 14 қазан, 2024 жыл).*

Қазақ терминжүйесінде *спорттық тұсаукесер, тауардың тұсаукесері, тұсаукесер өнімі* терминдерінің бекітілуіне тірек – этноатаудың бастапқыда мерзімді баспасөз тіліндегі қолданыс жиілігінің артуы. Дегенмен *тұсаукесер* терминінде қазақ дәстүрі үшін бейнелі және этноатаудың мән-мағынасы сақталғандықтан, баспасөзде кейінгі кезеңдерде ұғымның формасы мен мазмұнының ортақтығын толық анықтайтын *таныстырылым* аталымының

жұмсала бастағандығы да байқалады. Нысанаға сәйкес жинақталған эмпирикалық материалдар көрсетіп отырғанындай, қазіргі баспасөзде жанрларында *тұсаукесер – таныстырылым* терминдер қатар қолданылып келеді. Жанрлық жіктемелер тұрғысынан т*аныстырылы*м аталымы ресми ақпаратта ал *тұсаукесер* ақпараттық шолу, публицистикалық очерк сияқты жанрларда қолданылады. Әдеби тілдің дамуында – варианттылықтың болуы заңды құбылыс.

Бір ұғым үшін жарыспалардың жұмсалымы әдеби тіл нормалары, кодификация және терминдерді стандарттау бағыттары бойынша талдауды қажет етеді.

Синонимдік қатарлардың ықпал ету мүмкіндіктері. Тілдің лексикалық құрамындағы күрделі категориялардың бірі – синонимия жүйесі. Ақпарат беру мен әсер туғызу мүддесінде коммуникативтік жағдаяттарға қарай синоним қабатының әлеуеті мол. Синонимия жүйесінің тіл қолданысындағы әлеуетін стильдік тармақтарға қарай шолу түрінде және қысқаша қарастырғанда, әрине, осы қабаттың ең тиімді, өз әлеуетін айқын танытатын саласы – көркем әдебиет стилі екендігі сөзсіз. Көркем туындыларда синонимдер жүйесі – доминант синоним мен оның перифериялық варианттары бір микромәтін деңгейінде қатар пайдаланылған жағдайда, соңғыларында (перифериялық варианттарда) образдылық бағалау, қайталамаларды болдырмау, эстетикалық қуатты күшейту, концептуалды мән жүктемелері болады.

Синонимия жүйесінің әлеуеті қазақ терминжасамы үшін төл тілдің ішкі мүмкіндіктері сарқа пайдалану процесінде де тиімділік танытып келеді. Мәселен, *ақпар – ақпарат – хабар – дерек – мағлұмат; тізбе – тізім – тізілім – тізімдеме* тілдік бірліктерінің бір легі бір түбірден таралғанымен, олар мағына жағынан айырмаланатын терминдердің ұғымдық аппаратын беруге толық сәйкес келеді.

Тілдің ішкі мүмкіндіктерінің бірі ретіндегі синонимдер қабатының кеңінен игерілетін саласы – мерзімді баспасөз тілі, жанрлық жіктемелеріне қарай көркем-публицистикалық очерк, эссе, талдама мақалалар. Жинақталған тілдік фактілер синонимдер жүйесінің мерзімді баспасөз тілінде қолданылу мақсаты жағынан түрліше екендігін атап өтуге мүмкіндік береді.

Ұғым-түсінік, зат пен құбылыс атауларын даралауда, экпрессия үшін кеңінен қолданылуын және бірін-бірі алмастыру қабілеті нәтижесінде өзара мағыналас лексемалардың мерзімді баспасөз тілінің пәрменді лексикасына айнала бастағандығын *(дағдарысты жеңу – дағдарысты еңсеру – дағдарысқа қарсы тұру; қарқындылық таныту – серпінділік таныту; азайту – бәсеңдету; қуанышқа бөлеу – қуанышқа кенелту)* көруге болады [27, 50]. Мерзімзі баспасөзде мынадай стандарт сөзқолданыстарды кездестіруге болады: *Форумда негізінен саяси татулық, экономикалық **дағдарыстарды жеңу** және дағдарыстың тигізген зиянын қалпына келтіру мәселесімен қатар, босқындар мәселесі де қаралды (ЖА, 15 наурыз, 2019 жыл). Халықаралық валюта қорына мүше болған соң ғана жағдай оңала бастады, себебі қор біздің елге **дағдарысты еңсеру** үшін нысаналы несие бөлді (Айқын, 14 желтоқсан, 2019 жыл).*

*Коронавирус індеті жаппай тарала бастағаннан кейін БҰҰ-ның түрлі қорлары мен бағдарламалары **дағдарысқа қарсы тұру** үшін дереу жұмылдырылғаны анық (АТ, 30 қыркүйек, 2020 жыл). Және бұл істе өңірлер аса **қарқындылық танытуға** тиіспіз (АТ, 29 қараша, 2018 жыл). Халықаралық Алматы-Ташкент күрежолының бойында орналасқан аудан барлық салада да **серпінділік танытып** келеді. (ЕҚ, 4 желтоқсан, 2017 жыл). Оның айтуынша, кешке Алматының Бас санитар дәрігері коронавирустың таралу **қарқынын азайту** үшін жаңа қаулыға қол қояды (Айқын, 10 наурыз, 2021 жыл). Алмаз Шарман коронавирустың таралу **қарқынын бәсеңдету** тәсілін айтты (Айқын, 25 желтоқсан, 2020 жыл). Мейрам күні сыйлық беріп, **қуанышқа бөлеу** – сауапты іс (Айқын, 10 сәуір, 2024 жыл). Сәбидің сыңғырлаған күлкісі кез келген шаңырақты **қуанышқа кенелтеді** (ЖА, 12 сәуір, 2022 жыл).*

Мерзімді баспасөз тіліндегі синонимдердің қолданысының кеңеюі ең алдымен осы тармақтың ықпал ету функциясына байланысты. Синонимдер қатарынан бір лексеманың іріктелуі алғашқы жұмсалымында экспрессиялық жүктеме иеленеді. Ықпал ету қызметімен қатар іріктелген лексема ақпарат мазмұнын, идеяның айқындығын күшейте түседі. Сәтті таңдалған синонимнің бір варианты жанрлық ерекшеліктерге, өңірлік, аймақтық басылымдарға таралып, қолданысы жиіленеді. Осының нәтижесінде бірнеше сипат байқалады: а) ақпараттың мазмұны мен десын айқындау мақсатында қолданылған синоним варианты өзінің экспрессиялық жүктемесін белгілі бір деңгейде сақтайды; ә) образдылық қуаты азайып, автоматты түрде пайдаланылатын тіркестер қатарына ауысады, яғни клише пайда болады; б) таптаурын, бейактуалданған лексика қатарына ауысады.

Актуалды лексика және бейактуалданған лексика – тілдің дамуындағы өзгерістер мен жаңа сипаттарды талдауға таяныш болатын сөзқолданыстар. Бейактуалды лексика әдеби тілдің сөздік құрамына ене алады, нормативті, түсіндірме сөздіктерде тіркеледі, алайда бейактуалданған лексика таптаурын қалыпқа бейім болғандықтан және экспрессиялық қуатын жоғалтқандықтан, қолданысы жоғалады немесе азаяды. Мәселен, өткен ғасырдың орта тұсына дейінгі қазақ мерзімді баспасөзінде «өз ісінің шебері» мағынасын беретін *майталман* лексемасы және «ерекше, озық» мағынасындағы *саңлақ* сөзі арқылы жасалған тіркестер кеңінен қолданылды: *еңбек майталманы, өнер майталманы, сахна майталманы, әдебиет майталманы, публицистика майталманы, спорт майталманы, майталман дәрігер, майталман трактористі, өз ісінің майталманы; өнер саңлақтары, еңбек саңлақтары, сахна саңлақтары, өз ісінің саңлақтары*. Соңғы онжылдықтардағы мерзімді баспасөз тіліне жүргізілген статистикалық талдау осы тіркестердің игерілмейтіндігін көрсетті. Бұған себеп – синоним қатарына іріктелген *майталман* және *саңлақ* сөздерінің экспрессиялық қуатының жоғалуы, жиі қайталануы нәтижесінде таптаурындыққа көшуі.

Актуалды лексика – тіл қолданысының бір кезеңінде айрықша функционалды мәнге иеленген, қоғам өмірінің ішкі және сыртқы саясаты үшін әлеуметтік, саяси, мәдени актуалды мазмұндағы ұғымдар мен түсініктерді айқын көрсететін сөздер мен сөз тіркестері [143]. Мәселен, Қазақ елінің жаңа саяси

бағытқа көшіне байланысты жұмсалымға енген *тәуелсіздік, егемен (дік), Ақорда* сөздері – актуалданған лексика: ***Тәуелсіздік*** *– тәу етер асқақ ұғым (АТ, 14 желтоқсан, 2017 жыл). Бүгін* ***Ақордада*** *салтанатты жиын өтті (Айқын, 1 тамыз, 2025 жыл). Рәміз –* ***егемендік*** *белгісі (АТ, 23 тамыз, 2018 жыл).*

Актуалданған лексика пайда болуына себепкер болатын түрткіжайттар жан-жақты: қоғамның саяси өзгерістерімен қатар жаңа технологиялардың пайда болуы (мәселен, *жасанды интеллект*), авторлық қолданыстардың айналымға түсуі тілдік бірліктерді актуалдандырады. Бұл ретте тілдің ішкі мүмкіндіктерінен синоним жүйесінің ұғым аппаратының мағына ашу, мағынаны дәл ету, образ жасау, эмоция туғызу «қабілеті» пайдаланылады.

Қоғам өмірінде айрықша маңызға ие жаңа түсінік *жасанды интеллект* термині арқылы стандартталды. Алайда цифрлық технологияның осы түрінің қазақ қоғамына алғашқы ену кезіндегі вербалдануында *жасанды зият* және *жасанды зерде* аталымдары ұсынылды: *Денсаулық сақтау саласындағы 60-тан астам халықаралық маман аралас шынайылықтың,* ***жасанды зият*** *пен технологиялық инновацияның күшті жақтарын талқылады (16 Ақпан, 2021 жыл, ЕҚ),* ***Жасанды зият*** *және бұлтты технологиялар: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ емтихандарды онлайн тапсыру үшін инновациялық шешім енгізді (9 сәуір, 2021 жыл, ЕҚ). Ғалымдар алтыншы буынды* ***жасанды зерде*** *(ЖЗ) басқаратынын айтады (5 ақпан, 2020 жыл, Айқын).* ***Жасанды зерде*** *элементтерін енгізу арқылы сот практикасының айқындылығын нығайтуға болады (12 мамыр, 2022 жыл, Жас Алаш).*

Бастапқы қолданыстардың негізі жаңа ұғым үшін тілдің ішкі мүмкіндіктерін игеру бағытына байланысты: *зият* – интеллект сөзінің тура баламасы; *зерде* – ақыл-ес, сана, зейін мағынасында өзге тілдегі терминнің ішкі мағынасын ашады. Дегенмен жасанды интеллект термині стандарт тілдік бірлік ретінде қалыптасты, бұның себептері халықаралық терминнің мағынасын актуалды деңгейде сақтауға қатысты.

Қазіргі мерзімді баспасөз тіліндегі синонимдер жүйесі мүмкіндіктерінің игерілуі ықпал ету пәрменділігін арттырудан көрінеді.

Толағай. Сөздің мағынасы – үлкен, мол, көп. Этноатау ретінде *тау, төбе* мағынасына да ие. Мысалы, *Қонаев қаласында «Толағай – алыптар сайысы» атты облыстық турнир ұйымдастырылды. Бұл спорт шарасы атауының өзі елін қуаңшылықтан сақтау үшін төбесін бұлт жапқан тауды көтеріп келген Толағай есімді тоғыз жастағы бала туралы ежелден жеткен аңызбен байланысты (ЕҚ, 3 шілде, 2024 жыл).*

Толағай сөзінің *мол* лексемасының перифериядағы синонимдік мағынасы мерзімді баспасөз тілінде стандартталған тілдік бірліктің қалыптасуына тірек болған. 2014-2025 жылдар аралығындағы негізгі мерзімді басылымдарда қыруар, көп сөздерінің доминанты *мол бақыт, мол денсаулық* типтес тіркестер құрамында іскери, эпистолярлық жанрларда, жеке адамдар арасындағы коммуникацияда шектеле бастаған (*мол бақыт тілеймін*). Ал экономика, шаруашылық, ғылым саларына қатысты қоғамның дамуына ықпалы анық байқалған маңызды проблемаларды сипаттауда *толағай табыс* тіркесі

орныққан. Алдыңғы кезеңдердегі (XX ғасырдың соңғы ширегіндегі) бірді-екілі жұмсалымына қарағанда, *толағай табыс* тіркесінің 2010 жылдан бері қарай мерзімді баспасөздегі жанрлық таралуы мейлінше кеңіген. Қазақ тілінің ұлттық корпусы материалдары [135] және зерттеу нысанасына сәйкес қазіргі басылымдардан – «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Жас алаш», «Айқын» газеттерінен жиналған тілдік фактілер тіркестің төмендегідей семантикасын көрсетеді:

– нәтиже / жеңіс / жоғары көрсеткіш / саяси және әлеуметтік-мәдени ілгерілеу көрінісі: *толағай табысқа қол жеткізу / жету. Қазақстан егемендігін жариялап, тәуелсіздік алған жылдардан бері спорт саласында дәл биылғы тәрізді* ***толағай табысқа*** *жеткен емес (ЕҚ, 29 желтоқсан, 2012 жыл). Қазір Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық белесін әлеуметтік-экономикалық саладағы және халықаралық деңгейдегі* ***толағай табыстармен*** *қарсы алғалы отырмыз (ЖА, 1 наурыз, 2021 жыл). Жастық шақта кәсіби мансап пен* ***толағай табысқа*** *жетуге болады (ҚӘ, 31 тамыз, 2023 жыл).*

– пайда, кіріс, жетістік семантикасында: *Жақында ғана өткен халықаралық 51-математикалық олимпиадада Қазақстан командасының* ***толағай табыстарға*** *қол жеткізуі осы сөзіміздің айқын дәлелі емес пе? (1 қыркүйек, 2010 жыл, Ана тілі).*

– мотивация тудыру мақсатында: *Салтанатты кештің тағы бір мәртебелі қонағы ... бауырлас елдер Қазақстан мен Түркияның әріптестік, достық қарым-қатынасын нығайтудағы ықпалына зор сенім білдіріп, бұдан әрі атқарылар жұмыстарға* ***толағай табыс*** *тіледі (ҚӘ, 6 сәуір, 2018 жыл).*

– позитив бағалау мағынасында: *Мемлекет басшысы Мажарстан Президентінің аса жауапты қызметіне* ***толағай табыс,*** *ал бауырлас мажар халқына құт-береке тіледі (ЕҚ, 28 ақпан, 2024 жыл).*

Талдау нәтижелері бастапқыда еркін сөз тіркесі деңгейінде, әсер ету функциясы үшін пайда болған, толағай сөзінің коннотат мағынасының игерілуі арқылы жасалған толағай табыс тіркесінің қазіргі мерзімді баспасөздегі қолданысы ынталандыру, құрмет көрсету, анықтап жеткізу, нәтижені хабарлау мазмұнында образдылығы сақталған және тиімді клише ретінде бағаланады.

Тәуелсіздік / Егемен (дік) / Азаттықтың ақ таңы. Мерзімді баспасөз тілінің функцияларына сәйкес бір жағынан стандартталған, екінші жағынан әсерлілік қуаты күшті, семантикалық және стилистикалық реңкі күрделі тілдік бірліктер *Тәуелсіздік / Егемен (дік) / Азаттықтың ақ таңы* сөздері мен сөз тіркесіне қатысты. Осы ұғымдардың саяси, құқықтық мазмұны жөніндегі ресми талдаудағы тұжырымдарды ықшамдап келтіреміз. *«... а) қазақ халқы* ***егемендікті тәуелсіздікке*** *дейін алды; ә)* ***егемендік*** *ұғымының символдық мән-мағынасы ретіндегі маңызы зор; б)* ***тәуелсіздіктің*** *алғашқы қадамы болып саналады; в)* ***Егемендік*** *пен* ***Тәуелсіздік*** *сөздері іліктес, бір-бірімен сабақтас және қастерлі ұғымдар болғанымен біріншісінің орны айрықша; г)* ***егемендік*** *– Қазақстанда мемлекет құру жолындағы тарихи қадамның рәмізі...» (ЕҚ, 18 қазан, 2023 жыл).*

Байқалғанындай, өзара мағыналас *тәуелсіздік* және *егемен (дік)* лексемаларының арасында айырмашылықтар бар. Айырмашылықтың бірі – саяси, ресми мазмұндағы мәтіндерде мазмұндарының теңбе-тең еместігі, бірін-бірі абсолютті түрде ауыстыра алмайтындығы. Салыстырыңыз: *Егемендік туралы декларация* (тәуелсіздік туралы декларация емес), *Қазақстан халқының егемендік құқығы* (тәуелсіздік құқығы емес), *цифрлық егемендік* (цифрлық тәуелсіздік емес), *ұлттық егемендік* (ұлттық тәуелсіздік емес). Екінші айырым белгісі – *егемен (дік)* термині басым түрде құқықтық-саяси салада идеологемаға және стандартталған клишеге айналған.

Тілдік фактілер ұсынамыз: *Сонымен, қазақ қоғамының* ***егемендіктен*** *тәуелсіздікке қарай жүріп өткен тарихи жолы оңайға түспеді, ол текетірес пен күрес арқылы келді (ЕҚ, 20 қазан, 2022 жыл). ...Республика күні – Мемлекеттік* ***егемендік*** *туралы декларация қабылданған күн (ЕҚ, 25 қазан, 2024 жыл). ...ЖИ туралы талқылауда цифрлық* ***егемендік*** *мәселелері де айтылды (ЕҚ, 5 маусым, 2025 жыл). Мәжіліс төрағасы әріптесін Ұлттық* ***егемендік*** *күнімен құттықтады (ЕҚ, 21 сәуір, 2025 жыл).*

Тәуелсіздік термині – стандартталған клише: *Тәуелсіздік күні* (егемендік күні емес), *тәуелсіздік жылдары* (егемендік жылдары емес), *тәуелсіздік жетістіктері* (егемендік жетістіктері емес). Осы термин идеологияға символдық мән беру, диахронды тарихи шолу жасау, қоғам мүшелеріне позитивті мотивация беру мәнмәтіндерінде қолданылады: *Бүгін –* ***Тәуелсіздік*** *күні (ЖА, 16 желтоқсан, 2024 жыл). ...****Тәуелсіздік*** *жылдары елімізде 20 театр ашылды (ЕҚ, 15 желтоқсан, 2021 жыл).* ***Тәуелсіздіктің*** *30 жылдығында Қазақстан елеулі жетістіктерге жетті (ЖА, 17 желтоқсан, 2021 жыл), Конституция және* ***Тәуелсіздік*** *тұғыры өзара тығыз байланысты (ЕҚ, 27 тамыз, 2021 жыл). Мемлекеттік тіл –* ***тәуелсіздік*** *символы республикалық байқауы өтті (ЕҚ, 29 қазан, 2024 жыл).* ***Тәуелсіздік*** *жетістіктері талқыланды (ЕҚ, 25 маусым, 2021 жыл).* ***Тәуелсіздік*** *бәрінен қымбат (ЕҚ, 5 қаңтар, 2021 жыл).* Келтірілген тілдік фактілер тәуелсіздік термині үшін ең өнімді контент. Мерекелік хронологиялық, рәміздік-аксиологиялық мазмұндағы жазба коммуникация үлгілері. Ал егемендік термині үшін ең өнімді контенттер құқықтық, нормативтік мазмұндағы және саяси-практикалық мазмұндағы мәтіндер.

Зерттеу нысанасына сәйкес жинақталған мол эмпирикалық материалдарды лексика-семантикалық, контенттік және стилистикалық талдаулар негізінде тәуелсіздік – идеологема, бейтарап позитив мағынадағы стандартталған клише, ал егемендік – идеологема құқықтық-саяси мазмұнда стандартталған клише екендігі анықталды.

Азаттықтың ақ таңы. Көрнекті жазушы Ә. Кекілбаев алғаш рет 1998 жылғы «*Азаттықтың ақ таңы*» атты публицистикалық мақалалар жинағында тіркес атау ретінде ресми қолданылған [144]. Тіркес – *тәуелсіздік / егемен (дік)* терминдерінің образды баламасы, *бостандық / еркіндік / азат болу / өзіне-өзі ие / басқаға бағынышты емес* мағыналарының контекстуалды синонимі: *Тарихта кеткен есеміз еселеніп қайтқан күн, халқымыздың алдынан* ***азаттықтың ақ***

таңы *қайта атып, исі алаштың баласы бір-біріне құтты болсын айтқан күн» (ЕҚ, 16 желтоқсан, 1998 жыл). Алаш халқына* ***Азаттықтың ақ таңы*** *атты (АТ, 29 наурыз, 2018 жыл). Ұлтымыздың ұйықтап кеткен сана-сезімін оятқан, сөйтіп,* ***азаттықтың ақ таңы*** *болған атақты Желтоқсан ұлт-азаттық көтерілісіне әлі бақандай алты жыл бар болатын (ҚӘ, 1 қазан, 2019 жыл). Асаубай аға ғасырлар бойы арман болып келген* ***азаттықтың ақ таңында*** *еліне, жеріне адал қызмет етті (ҚӘ, 25 қаңтар, 2021 жыл). Еліміз егемендік алып,* ***азаттықтың ақ таңы атқанына*** *биыл отыз үш жыл (ЖА, 21 маусым 2024 жыл).*

Лексикологияда семантикалық синоним, стилистикалық синоним және контекстуалды синоним аталымдары қатар қолданылады.

Семантикалық синоним – мағыналары теңдес тілдік бірліктер. Категориалды жүйеге салғанда, семантикалық синонимдердің негізінен бейтарап мағыналы доминант сыңары алдыңғы қатарға шығарылады, мағыналары жуықтасатын басқалары өзге параметрлер арқылы орналасады. Параметрлер доминанттан кейінгі тілдік бірліктердің бейтарап немесе стильдік реңктеріне қарай, қолданыс жиілігіне байланысты жүйеленеді. Стильдік реңктері айқындала түскен сайын шеткергі сыңарлар стильдік синоним ретіндегі икемділігін танытады. Көрсетілген терминдердің жалпы мағынасы тілдегі нақты бір лексема семемасының (сөздің нақты мағынасының немесе семасының (сөздің ішкі мағыналық бөлшектерінің) стильдік мақсатқа және коммуникативтік жағдаятқа қарай күрделене түсуіне байланысты таратылады. Мәселен, *бала* – негізгі семемасы айқын доминант сыңар, ал *бөпе, сәби, нәресте* [145, 131] аталымдары шеткергі сыңарлар, әрі олар стильдік қызмет атқара алады.

Алайда бірқатар синоним қатарлардың доминант және шеткергі қатарларын дәл жеткізуде қиындықтар да бар. Айталық, арнаулы лексикографиялық еңбекте ұлттық, халықтың, қоғамның өз билігі өзінде болуы семантикасындағы азаттық, бостандық, еркіндік синонимдерінің қатарына тәуелсіздік, егемендік терминдері енгізілмеген. Бостандық, еркіндік, азаттық деген мағыналас параллельдердің қайсысы доминант екендігін ажырату қиын. Дегенмен, біздің ойымызша, жазба мәтіндердегі қолданысына қарағанда, бостандық – доминанты, ал басқалары стильдік реңктері бар мағыналас қатарлар. Жоғарыда баяндалғанындай, тәуелсіздік және егемендік ұғымдарының саяси, әлеуметтік мазмұндарында айырмашылықтары бар.

Көрсетілген өзара мағыналас лексемалардың тобында азаттық стильдік реңкі басым, контекстуалды синоним, перифраз түзе алады.

Контекстуалды синонимдер – белгілі бір ұғымдар мен құбылыстарды, заттар мен бұйымдарды бағалау үшін тіл қорындағы тілдік бірліктердің мағыналық реңктерін және бірнеше лексеманың мағыналық реңктерінің синтагматикалық қарым-қатынасы арқылы тыңнан жасалатын тілдік бірліктер [146].

Бірнеше лексеманың мағыналық реңктерінің синтагмалық қарым-қатынас арқылы ұйымдасуынан пайда болған *Азаттықтың ақ таңы* – ұлт тарихының жаңа жаңа дәуірінің басталғанын білдіретін, позитив бағалауды

білдіретін сөзқолданыс. Басты сипаттамаларын төмендегіше топтастыруға болады:

– хронотоп және жиілігі тұрғысынан *Тәуелсіздік күні, Республика күні, Конституция күні* мерекелері қарсаңында қолданылады;

– мерзімді баспасөздегі, тарихи-танымдық, көркем-публицистикалық мақалаларда, ресми-мерекелік шолу дискурстарында (тақырыпатта және макромәтін деңгейінде) пайдаланылады;


– стильдік-прагматикалық қызметі жағынан мәтін көлеміндегі терминдерді стильдік мақсатта алмастырады, ақпараттың ықпал ету функциясын күшейтеді;

– тіркес құрамындағы ақ сөзінің мәдени-семантикалық коды, таза, пәк, адал, кіршіксіз семаларының таралымы, сондай-ақ таң лексемасының жаңа мағынасы арқылы жасалған *Азаттықтың ақ таңы* тіркесі бейтарап және термин мәніндегі аталымдардың контекстуалды баламасы болып, уәждемелік мақсатты күшейтетін стандартты клише болып саналады.

Сөздің коннотат мағынасын дамыту. Сөздің денотат және коннотат мағыналарын негізге алу жазба коммуникацияны функционалды аспектіде талдауда тиімділік танытады. Заттар мен бұйымдардың, ұғымдар мен түсініктердің, іс-қимылдар мен әрекеттердің тура мағынасын айқындайтын денотат ұғымы логикалық тұрғыдан қарағанда ұғымның көлемі, ұғымның мазмұны деген түсінікке сәйкес келеді. Сөздің денотат мағынасы бір жағынан қарапайым тілдегі кейбір сөздердің денотаты шектеулі, ал басқа да бір топ сөздің денотат мағынасынан таралатын коннотат мағына көбірек кездеседі.

Ықшам түрде айтқанда коннотат мағына қосымша мағына деген түсінікті білдіреді. Яғни форма мен мазмұнның тұтастығынан жасалған денотат мағынадан бағалау, көріктеу немесе стильдік реңкті білдіретін яки оккозионалды сипатқа ие мағыналық компоненттер сөздің коннотат мағынасы болып саналады. Коннотат мағынаның пайда болуы тіл иелерінің дүниетанымдық білімі, қоршаған ортаға қарым-қатынасы, ақпарат мазмұнындағы негізгі идеяға деген эмоциялық көзқарасы, сондай-ақ ақпарат мазмұнындағы негізгі құндылықты білдіретін лексеманы, тілдік бірлікті айқындап көрсетуі, негізгі идея жөнінде ассоциативтік-бейнелі түсінік беру мақсатында дамытылады. Денотат мағынаның ішкі формасында өзгерістер пайда болады, басқа сөздермен тіркесуі арқылы жаңа мағына жасалады. Тілдік стереотиптердің қалыптасуының тағы бір жолы – тіл қорындағы сөздің коннотат мағынасының кең мүмкіндіктері.

Биік. Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде «биік» сөзінің бірнеше мағынасы көрсетіледі: 1) төмен емес, жоғары; асқар, зәулім; тапал, аласа емес, көтеріңкі (*биік тау, биік қорған*); 2) зор, ұзын (*биік бойлы, биік дауыс*); 3) үлкен, еңгезердей (*биік қара арғымақ*) [147]. Ал бүгінгі таңда жазба коммуникация материалдарында биік сөзінің тіркесімі артқаны байқалады. Биік сөзінің алғашқы жұмсалымы өткен ғасырлардағы ақын-жыраулардың шығармаларында кездеседі: Еңсесі биік ақ орда, еріксіз кірсем деп едім (Махамбет). Абай тілінде биік мансап тіркесі бар. Тілдің қазіргі қолданысында биік сөзімен келетін 50 шақты тіркес бар. Төменде қазіргі жазба коммуникациядағы негізгі тіркесімдер топтастырылған (Сурет 1).



Сурет 1 – Биік сөзінің тіркесімдері

Биік сөзінің коннотаттық шоғырын төмендегіше топтастырамыз:

– *биік* сөзімен келетін тіркестер ұлттың санасындағы мәдени-рухани өлшемді білдіреді: *еңсесі биік ақорда; туымыз биікте болсын; шаңырағың биік*

болсын; рухы биік. Мысалы, *...**еңсесі биік** «Ақорда» резиденциясы, Министрліктер үйі және басқа да толып жатқан кеңселер... (ЕҚ, 19 маусым, 2018 жыл); Көк Туымыз **биікте желбіресін!** (Айқын, 7 мамыр, 2025 жыл). «Шаңырағың **биік болсын,** керегең кең болсын, босағаң берік болсын!» деген тілекті негіз етіп алған Елтаңба идеясын құрған (Айқын, 4 маусым, 2025 жыл).*

– жеке адамның немесе жалпы қоғамның басты идеясын мазмұндайды: *биік мақсат; биік арман; биік меже: Еліміздің алдында **биік мақсат** тұр – Президент (ЕҚ, 21 наурыз, 2024 жыл). Өйткені оған дейінгі олимпиадалардың барлығында біздің былғары қолғап шеберлері аса **биік меже** қойды (ЖА, 13 тамыз, 2024 жыл). Ел алдында тұрған **биік мақсаттарға** қол жеткізу үшін халқымызға ауызбірлік керек... (Айқын, 30 мамыр, 2024 жыл).*

– белгілі бір ұғым, түсініктердің сапасы мен деңгейін анықтайды: *биік баға; биік талап; биік өлшем.* Мысалы, *Сондай-ақ GOVID-19-ты ауыздықтау кезінде нағыз ерлерге тән іс-қимыл танытып жүрген полиция қызметкерлерінің еңбегі де **биік бағаға** лайықты (ЕҚ, 19 шілде, 2020 жыл). Аудармашы адамның ақын, жазушы, драматург болу талабын өзі қалап, **биік талаптар** қояды (ЖА, 22 қараша 2021 жыл). Актердің жан дүниесінің драмада жазылған кейіпкерден, оның мінез-тұрпатынан, тіпті өзінің адами ұстын-табиғатынан жоғарылап ары асып, **биік өлшемге,** ерекше әлемге, суреткерліктің құзар шыңына көтерілу, ұшу! (Айқын, 24 қараша, 2024 жыл);*

– әлеуметтік статус мағынасын көрсетеді: *биік мансап, биік лауазым, биік шен: Депутат болу – **биік мансап** емес, бұл – зор жауапкершілік және маңызды міндет (ЕҚ, 29 наурыз, 2023 жыл), Әсіресе ол Жоғарғы сот төрағасы және Бас прокурор болған кезінде **биік лауазымын** өте жақсы пайдаланған (ЖА, 19 қаңтар, 2023 жыл). Ақша Сингапурдегі шотқа аударылып, кейін Ресейлік **биік шенділердің** арасында бөліске түседі екен (ЖА, 13 ақпан 2020 жыл).*

– эмоциялық, экспрессивтік мағынада қолданылады: *биік белеске жету, биік белесті бағындыру, биік шыңды бағындыру: ...Александр Маслов, тағы басқа кәсіби деңгейі жоғары бапкерлер университет спортының **биік белеске** жетуі үшін аянбай тер төкті (ЖА, 19 қазан, 2017 жыл). Оның өміріне көз жүгірте отырып, талай қызықтың куәсі болғанын, **биік шыңды** бағындыру үшін қажырлы еңбектің қажет екенін түсінесіз (ЕҚ, 10 сәуір, 2018 жыл). Біз жұрт болып жұмыла білсек, кез келген сынақты еңсеріп, **биік белестерді** бағындырамыз (Айқын, 1 мамыр, 2025 жыл).*

Осылайша мерзімді баспасөз тілінде биік сөзінің коннотациясы арқылы жасалған тіркестер мәдени-рухани көзқарас, сапа мен норма, мақсат идеяларына қатысты бағалау, позитив пікір қалыптастыру мазмұнындағы стандарт тілдік бірліктер болып саналады. Сонымен қатар биік сөзі арқылы жасалған тіркесімдердің әсерлілік (эффективность) біршама деңгейде сақталғанын көруге болады.

Бауырлас. Халықтың ұғымында бар бауыр этнолексеманың туынды түбірі – *бауырлас* сөзінің қолданыс жиілігінің артуы, сондай-ақ ішкі семасының дамуы мерзімді баспасөзің негізгі функцияларына тәуелді. Этнолексеманың семемасы – бір ата-анадан туған, негізінде жасы кіші ер адамға қатысты мағынаға ие. Ал

семасы – туыстас, бір рудан тараған, рухани жағынан бірдей көзқарастары ортақ деген семантикада дамытылған. *Бауырлас* сөзінің алғашқы қолданысын 80-жылдардағы мерзімді баспасөз тілінен көруге болады, сол кезеңдегі жұмсалымында *бауырлас халықтар* (братские народы) деген идеологема құрылымында кеңестік кезеңдегі публицистикалық және саяси идеологиялық клише ретінде қалыптасқанын көреміз. Қазіргі мерзімді баспасөз тілінде *бауырлас* сөзі арқылы жасалатын тұрақталған тіркестер көбейген. *Бауырлас ел, бауырлас мемлекет, бауырлас халық, бауырлас аймақ, бауырлас қала, бауырлас түбі бір түркі халық, бауырлас қырғыздар, бауырлас түріктер, бауырлас әзірбайжандар* тіркестерінде туыс, тектес тілдері мәдени-тарихи төркіні ортақ және жақын деген мағынада коннотат мағынасы кеңейген. Мысалы, *Оңтүстік Кореядағы Канвондо провинциясының Чонсон уезі мен Алматы облысының Қаратал ауданы* ***бауырлас аймаққа*** *айналды (АТ, 15 қараша, 2014 жыл). Біріншіден, мұндай дипломатиялық қадам тарихи тамыры, мәдениеті, тілі мен діні бір,* ***бауырлас,*** *көршілес елдерді жақындастыра түсері анық (ЕҚ, 24 сәуір, 2017 жыл). Мемлекет басшысы қазақ-қырғыз байланыстары арасында дәстүрлі достықтың бар екеніне, сондай-ақ Қырғызстан – еліміз үшін тек одақтас мемлекет қана емес,* ***бауырлас мемлекет*** *екенін жеткізді (ЕҚ, 3 наурыз, 2021 жыл). Бұл бірлігіміз – біздің ортақ тарихымыз бен бүгінгі* ***бауырлас әдебиетіміздің*** *заңды нышаны (ҚӘ, 17 желтоқсан, 2024 жыл). Атақты ас-жиынды құттықтауға,* ***Бауырлас қырғыз елі*** *саған келдік... (АТ, 4 қараша, 2021 жыл). Сиань – әлемдегі ең көне қалалардың бірі, сонымен қатар Шымкенттің* ***бауырлас қаласы*** *(ЖА, 2 шілде 2024 жыл).* ***Бауырлас екі халық*** *Украина мен Ресей соғысының да ақыры көрінбейді (ЖА, 20 тамыз 2024 жыл).*

Қазіргі мерзімді баспасөз тілінде *бауырлас* – институционалды сипатқа көшкен позитивті эпитет. Жанрлық жіктемелерге топтастырған кезде геосаяси мәтіндерде, аналитикалық шолуларда, дипломатиялық мәтінде, құттықтау сөздерде, ресми құжаттарда: а) мемлекеттің саяси бағдарын айқын көрсету; ә) тілдерінің түптөркіні ортақ халықтардың мемлекеттік құрылымы, мораль жүйесі, құқық пен экономиканың дамуы сияқты маңызды параметрлердің қоғам мен оның мүшелеріне ықпалының ортақ екендігі; б) стратегиялық, одақтастық әріптестікті сақтау мазмұнында семасы дамытылған. Осындай күрделі позицияларды ықшам бір лексемамен жеткізуде бауырлас терминінің бағалауыш символдық маркер қызметін атқаратын коннотат мағынасы кеңейгенін көреміз.

Екінші тарау бойынша тұжырым

Жазба коммуникациядағы тілдің динамикалық үдерістерін танытушы сала – мерзімді баспасөз тілінде, стандарттылық пен әсерлілік құбылысы өзара сабақтастықта жүзеге асатын күрделі құбылыс түрінде сипатталады. Мерзімді баспасөздің ақпарат беру және ықпал ету қызметіне сай тілдік бірліктердің ұйымдасуы, қолданыс ерекшеліктері тілдік бірліктердің стандартталуы үдерісімен түсіндіріледі. Мерзімді баспасөз тілінде тілдік бірліктердің белгілі бір деңгейде жүйеленіп, тілдің нормаланған үлгісін жасауы тілдің стандартталуын

анықтайды. Сөйлеуші / жазарман ойын жеткізуде немесе ақпаратты баяндау мақсатында танымдық, аялық білімі шегінде белгілі бір деңгейде жаңа тілдік бірліктер жасайды. Мерзімді баспасөз тілінде аталмыш тілдік бірліктер алғашында сөз әсерлілігі күшті үлгілер ретінде қалыптасып, қолданыс жиілігі артқан сайын тұрақтанып, қалыпты сипат алады. Тіл динамикасындағы бұл құбылыс – тілдік бірліктердің әдеби тіл нормалары болып танылғанға дейінгі стандартталу сатыларынан өтуі ретінде анықталады. Бұл – әдеби тілдің бір сипаты. Тілдік бірліктердің стандартталуы өз кезегінде стереотип, клише, штамп ұғымдарымен тікелей байланысты.

Екінші тарауда «стереотип», «клише», «штамп» ұғымдарының ғылыми сипаттамасы беріліп, олардың баспасөз тіліндегі рөлі мен қолданыс аясындағы ерекшеліктері зерделенді. Бұл стандартталған бірліктер көп жағдайда ақпарат беруді жеңілдететін дайын формула түрінде прагматикалық қызмет атқарып, мәтіннің құрылымдық тұтастығына үлес қосатыны анықталды.

Тілдік стандарттың қалыптасуына әсер ететін ішкі және сыртқы лингвистикалық факторларды жеке қарастырылып, олардың өзара әрекеті нәтижесінде баспасөз тілінде жиі қолданылатын үлгілердің пайда болу жолдарын нақты тілдік фактілер негізінде дәйектеу маңызды. Қазіргі қазақ баспасөзіндегі стандартталған тіркестер, қыстырма құрылымдар мен мәтінқұраушы бірліктердің басым қолданысы ақпараттық ықшамдылық пен коммуникативтік үнем қағидаттарын қамтамасыз ететін функционалдық тәсілдер ретінде танылды.

Сонымен қатар қазақ мерзімді баспасөз тілінде тілдік стандарттардың жасалуының негізгі арнасы ретінде тілдің ішкі мүмкіндіктері немесе тілдің ішкі әлеуетіне ерекше назар аударылды. Қазақ ұлтының қоршаған әлем бейнесін қабылдау негізінде қалыптасып, тілдің табиғи заңдылықтарына сүйенетін әлеуеті – тілдің ішкі мүмкіндіктері. Біздің тарапымыздан қазіргі мерзімді баспасөздегі тілдің ішкі мүмкіндіктерін пайдалану жолдары ретінде: қазақ терминжүйесін қазақыландыру; синонимдік қатарлардың ықпал ету мүмкіндіктері; сөздің коннотат мағынасын дамыту әлеуеті көрсетілді.

Мерзімді баспасөз тіліндегі сөзқолданыс – жазарманның ақпаратты ықшам, шапшаң, әсерлі беруге ұмтылысымен, соның нәтижесінде тұрақталған, қалыпты тілдік бірліктердің қалыптасып, стандартталуымен тығыз байланысты құбылыс. Стандарт сөзқолданысқа байланысты тұжырымдар – қазіргі қазақ тілінің дамуындағы баспасөз тілінің функционалдық, құрылымдық, прагматикалық, аксиологиялық ерекшеліктерін айқындауға, оның ғылыми-теориялық негіздерін кешенді түрде сипаттауға бағытталған нәтижелер.

3 МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗДЕГІ СӨЗҚОЛДАНЫСТЫҢ ӘСЕРЛІЛІК ӘЛЕУЕТІ

3.1 Мерзімді баспасөз тіліндегі сөз әсерлілігінің лингвистикалық алғышарттары

Қазіргі мерзімді баспасөз материалдары тілінің табиғаты – күрделі әрі көпқырлы құбылыс. Бір жағынан, ол ақпараттық қызмет атқарып, стандартталған, нормативтік тіл талаптарына бағынады, екінші жағынан, оқырманның назарын аудару, эмоциялық-психологиялық ықпал ету, қоғамдық санада резонанс тудыру мақсатында әсерлі тілдік құралдарды кеңінен пайдаланады.

Әсерлілік – белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған тілдік ықпал ету құралы. Ол мәтінде коммуникативтік интенциямен тығыз байланысты болып, белгілі бір эмоциялық, экспрессивтік, бағалауыштық реңк беру арқылы оқырманға эстетикалық жағынан әсер етеді.

Қазақ тіл білімінде бұл мәселеге қатысты алғашқы пайымды Ұлт Ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінен кездестіреміз:

– сөздің асыл болуы ұнауымен;

– сөз көңілге сипат жағының келістілігімен, мағына жағының күштілігімен жағады;

– сөз көркемдігі әуезінің әдемілігі мен кестесінің келісті болуынан табылады;

– әуез әдемілігі сөзді дыбыс жағынан тәртіптеп, үйлестіріп тізуден болады;

– күштілігі сөздің қалыпты мағынасының үстіне күш қосатын әдістерді істеуден болады [3, 394].

Берілген тұжырымдағы негізгі ұғымдар «сөздің асыл болуы», «сөздің сипат жағының келістілігі», «мағына жағының күштілігі», «сөз көркемдігі», «әуез әдемілігі», «сөз күштілігі» тереңірек зерделеуде, сөз әсерлілігіне қойылатын негізгі талаптарды айқындайды. Бұл ойымызды ғалымның жалаң сөз бен көркем сөз сипаттарын салыстырып, көркем сөздің ерекшелігін ажыратқан пікірі дәйектей түседі: «сөзді көркем түрінде айтқанда, күш көбінесе қиял мен қиыс (түйіс) жағына салынып, сүгіреті толық, меңзеуі мерген, қисыны қызық болып, сөз әсерінің күшімен көңілге ұнауы көбірек көзделеді» [3, 395].

Олай болса, сөз әсерлілігін (әсерін) қарастыруда тілдің функционалдық қырларын ғана емес, оның мәдени, этикалық, эстетикалық ұстанымдарын да ескеру қажет. Осы орайда А. Байтұрсынұлының мына пікірін назар аудартады: «Шығарма тілі екі түрлі болатындығы жоғарыда айтылған еді. Оның бірі – ақын тілі деп, екіншісі – әншейін тіл деп аталады деп едік. Бұл екі тілдің арасындағы айырмасы мынау: әншейін тіл көбінесе сөздің дұрыстығын, анықтығын, тазалығын, дәлдігін талғайды. Ақын тілі сөздің дұрыстығының, анықтығының, тазалығының, дәлдігінің үстіне көрнекті, әуезді болу жағын талғайды» [3, 45].

А. Байтұрсынұлы бұл тұжырымында сөзді қолданудың екі түрлі сапалық деңгейін айқындайды: «әншейін тіл» – коммуникацияда дұрыс, нақты, таза, дәл сөйлеуді мақсат ететін қарапайым функционалдық деңгей; ал «ақын тілі» – осы

талаптардың үстіне көркемдік, бейнелілік, әуезділік секілді эстетикалық сапаларды қоса жүктейтін жоғарғы деңгей.

Бұл көзқарасты қазіргі тіл біліміндегі функционалды стильдер теориясымен сабақтастырып қарастырсақ, «әншейін тіл» ақпараттық-коммуникативтік функцияға қызмет ететін ресми-іскерлік, ғылыми стильдерге тән болса, «ақын тілі» эмоционалды-экспрессивті және эстетикалық әсерге бағытталған көркем әдебиет тілімен және бүгінгі таңда ықпал ету функциясы артқан мерзімді баспасөз тілімен де астасып, «тіл тазалығы», «дұрыстығы», «анықтығы», «дәлдігі», «көрнектілігі» сияқты сөз мәдениетіне қойылатын талаптармен ұштасып жатқаны көрінеді (Кесте 8).

Кесте 8 – Сөз мәдениетінің негізгі ұғымдары және олардың қолданыстағы қызметі

р/с	**Негізгі ұғымдар**	**Анықтамасы**	**Қолданыстағы мазмұны**
1	Сөз дұрыстығы	Сөздердің мағынасына сәйкес дұрыс қолданылуы, сөйлем ішінде грамматикалық заңдылықтарға сай құрылуы [3, 48]	Сөздің морфологиялық, синтаксистік нормаларын сақтай отырып, мәтінді дұрыс құрастыруды талап етеді.
2	Тіл тазалығы	Сөзге бөтен тілдің элементтерін араластырмай, ана тілінің табиғи лексикалық қоры негізінде сөйлеу, жазу [3, 49]	Мемлекеттік тілдің мәртебесін сақтау, ұлттық бірегейлікті нығайту тұрғысынан маңызды.
3	Тіл анықтығы	Ойдың нақты, түсінікті жеткізілуі. Бұл үшін сөздің мағынасы күңгірт, екіұшты болмауы, сөйлем құрылымының шұбалаңқы болмауы, синтаксистік байланыстардың айқын берілуі қажет [3, 50]	Тіл анықтығы мәтіннің қабылдануын жеңілдетіп, оқырманға ақпараттың түсінікті жетуін қамтамасыз етеді.
4	Тіл дәлдігі	Сөз мағынасының ойға сай келуі [3, 51]	Сөздің семантикалық реңкін дұрыс тануға, мақсатқа лайық сөзді дәл таңдауға бағыттайды.
5	Тіл көрнектілігі	Сөзге әсерлілік, бейнелілік беру [3, 52]	Көріктеу тәсілдері арқылы ойды айқын, есте қаларлықтай етіп жеткізуді көздейді. Стилистикалық амалдар осы мақсатқа қызмет етеді.

Осы аталған ұғымдар сөз әсерлілігіне жетудің тілдік-стилистикалық, мәдени-эстетикалық және коммуникативтік-прагматикалық негізін құрайды. Сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл анықтығы, дәлдігі мен көрнектілігі – қазақ тіл білімінде ең алғаш А. Байтұрсынұлы еңбектерінде аталған сөз мәдениетінің негізгі белгілері. Кейінгі сөз мәдениетіне қатысты еңбектерде берілген ұғымдардың қатары тіл амал-тәсілдерін дұрыс жұмсаумен байланысты *сөз жатықтығы*, ауызша және жазбаша ақпаратты жеткізуші тіл жүйесіндегі түрлі

тілдік бірліктердің (номинациялар, грамматикалық құрылымдар, образдар, көріктеуіш құралдар, синонимдер) коммуникативтік қарым-қатынасқа түсуіндегі көрінісін анықтайтын *сөз байлығы* және тіл жұмсау дағдымызда ілтипат білдіру, құрмет көрсету сөз үлгілерімен сипатталатын *сөз әдебі* және сөзді сазына келтіріп айтумен байланысты *сөз әсерлілігі* ұғымымен толықты [6]. Дегенмен зерттеуде сөз әсерлілігі ұғымы негізінен ауызша сөз мәселелеріне қатысты қаралған.

Сөз мәдениетінің негізгі ұғымдарын саралап, олардың жазба коммуникациядағы көрінісін айқындау мәселесіндегі ең негізгісі – тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық нормаларын бұлжытпай дәлме-дәл сақтау ғана емес, айтпақ ойды тыңдаушыға (оқырманға) жүрекке жылы тиетін, «айналасы теп-тегіс жұмыр келген», әсерлі етіп жеткізу жайын қамтуымен тығыз байланысты зерделенуі тиіс. Зерттеу нысанасына сәйкес, жазба коммуникация сапасын айқындайтын негізгі ұғымдар ретінде қазіргі қазақ мерзімді баспасөзіндегі сөз жатықтығы мен сөз әсерлілігін танытатын сөзқолданыс үлгілері назарға алынды.

Академик Қ. Жұбанов еңбектерінде сөздің әсерлілігі мен жатықтығы автордың сөзқолданыс мәселесімен қатар тілдің жүйесін білуі, сөз мүшелерінің қиюласуы, сөздердің біріне-бірі жалғасып, түзілетін дағдылы жолын меңгеруімен тығыз байланыста қарастырылған [4, 158]. Осыған сай пікірді академик І. Кеңесбаев еңбектерінен де «әдеби тілдің дәрежесі ұлғайған сайын тілдегі ала-құлалық азая бермек, мәдениетті жоғары тілдің сөздері мүжілмеген, сақадай сай, әрі салмақты, кескінді, тұлғасына мағыналары үйлесіп жұмсалуға тиіс» сипатында кездестіреміз [148, 12].

Қазақ тілтанымы ғылымында берілген ұғымдар сөз мәдениеті аясында тілдік жүйеге арқа сүйер тілдік құрылыммен және тілдік нормамен сабақтастықта қарастырылды. XX ғасырдың екінші жартысында М. Балақаев сөз мәдениеті мен тілдік норма ұғымын ғылыми айналымға енгізіп, оны тіл білімінің өзекті зерттеу нысаны ретінде қарастырды. Ғалымның пікірінше, тілдік норма – тіл мәдениетінің негізі, ал сөз әсерлілігі осы норма шеңберінде жүзеге асады. Ғалым тілдік норманы сақтау мен экспрессивтілік және стилистикалық тәсілдерді тиімді қолданудың арасындағы үйлесімділікті тіл мәдениетінің басты қағидаты деп таныды [149, 70].

Академик Р. Сыздық тілдің дұрыс қолданылуын тілдік норманың сақталуымен тікелей байланысты қарастырады. Ал сөздің әсерлілігіне қатысты тілдің тек түсінісу құралы ғана емес, әсемдік дүниені сезінетін эстетикалық құрал екендігіне тоқталып, «тіл арқылы бір-бірімізге жақсы әсер ету көзделетіндіктен, экспрессиясы күшті сөздерді таңдау, сөйлемдерді әсерлі етіп құрастыру, яғни тілдік көріктеу құралдарын танып дұрыс жұмсаудың» [5, 6] маңызын айрықша атап өтті. Сондай-ақ профессор Н. Уәли еңбектерінде: «Сөз жатықтығының тіл амалдарын дұрыс қолданып, әдеби тіл нормасын сақтап, одан жөнсіз ауытқымау» [6, 5] екендігі нақты көрсетіледі. Ал сөз әсерлілігі ұғымы ауызша сөзде орфоэпиялық нормаларды сақтау, ал жазба мәтінде сөз шығарушының сөзді әдеттегі қызметінен басқа күйге түсіріп, тосын қолданыс

ретінде жұмсауы түрінде сипатталады [6, 58]. Мұндағы автордың сөзді тосын қолдануы – сөздің ауыспалы мағынада жұмсалуымен, сонылығымен, жаңалығымен, дәлдігімен түсіндіреледі. Дегенмен берілген тұжырым тек көркем әдебиет стиліне қатысты қағидаттар үшін ғана емес, сөз әсерлілігінің қазақ тілінің функционалды стильдерінің өзге түрлеріне қатысты шарттарын айқындау мәселесінде де маңызды екенін ескерген жөн. Олай болса, берілген ұғымдарға қатысты пікірлерді саралау барысында сөз жатықтығы – сөйлеуде, жазуда тіл амалдарын дұрыс қолдану, көпшілік таныған ережелерді ұстану қағидаты. Сөз әсерлілігінің ауызша тіл мен жазба тілге қатысты шарттары түбегейлі анықталмағандықтан, тереңірек қарастыруды қажет ететін мәселелердің бірі ретінде қала бермек. Сондықтан сөз әсерлілігі ұғымын тереңірек талдау мақсатында жалпы тіл біліміндегі зерттеу жұмыстарына шолу жасау маңызды.

Тіл білімі ғылымында «сөз әсерлілігі» ұғымы тіл мәдениеті саласымен тығыз байланыста талданады. Тілдің коммуникативтік сапасы ретінде танылатын сөз дұрыстығы, сөз тазалығы, сөз дәлдігі, сөз байлығы, сөз қисыны сынды ұғымдармен салыстырғанда, «әсерлілік» ұғымы тілші ғалымдар тарапынан әр қилы түсіндіріліп келеді. Әсіресе берілген ұғымының ауызша коммуникация (сөйлесім) және жазба мәтінге қатысты белгілерінің нақты ажыратылмауы, тіл білімінде сөз әсерлілігіне қатысты терең талдаулардың қажет екендігін көрсетеді.

Ғылыми энциклопедиялық еңбекте сөз әсерлілігі көбіне сөз экспрессивтілігі ұғымының синонимі ретінде анықталады [150, 94]. Алайда сөз әсерлілігі және сөз экспрессивтілігі белгілерін салыстыра талдау барысында екі ұғымның бір біріне ұқсамайтын ерекшеліктерін байқауға болады. Атап айтқанда, кез келген экспрессивті мәтін әсерлі болмауы мүмкін. Осыған сай кез келген әсерлі мәтін тек экспрессияға ғана құрылмайды. Екі ұғымның аражігін ажыратуда сөз экспрессивтілігін анықтайтын келесі тұжырымдар назар аудартады. Е.М. Галкина-Федорук экспрессивтілікті сөздің мәнерлілігін, бейнелілігін, әсерлілігін күшейтетін құрал [151] ретінде сипаттайды. Бұл анықтаманы Ә. Әбсаттар «экспрессивтілік – тілдің фонетикалық, лексикалық, синтаксистік құралдары арқылы көрініс тауып, мәтіннің әсерін күшейтеді» [152, 21] деп нақтылай түседі. Олай болса, сөз экспрессивтілігі сөз әсерлілігінің синонимі емес, оны күшейтетін құралдардың бірі екендігі айқын аңғарылады.

Осы орайда «сөз әсерлілігі» ұғымының ауызша сөзге және жазба мәтінге байланысты анықтамасын айқындауда тіл мәдениеті және стилистика саласындағы тілші мамандардың пікірлеріне салыстырмалы талдау жүргізудің маңызы зор.

Профессор Б.Н. Головин оқырман мен тыңдарманның назары мен қызығушылығын ұстап тұра алатын сөз / мәтін құрылымының ерекшелігін сөз әсерлілігі деп таниды. Сондай-ақ қалыпты сөйлеу фонында ерекшеленетін тілдің кез келген қабаты «әсерлілік» тудыра алатындығын атап өтеді» [138, 182]. Мәселен, тілдің синтаксис қабатында сөйлемдердің әдеттегі грамматикалық түзілу тәртібін сақтамай, орындарын ауыстырып өзгеше тіркестер құру арқылы әсерлілікке қол жеткізуге болады. Ал Г.Г. Хазагаров пен Е.Е. Корнилова «сөз

әсерлілігін оқырман мен тыңдарманның назарын өзіне аудартып қана қоймай, жадында сақталатындай болуы қажет» деп жоғарыда көрсетілген анықтаманы толықтыра түседі [153, 126]. Осы сарынды пікірлер И.В. Пекарскаяның «белгілі бір ойды жарқын білдіре алу қабілеті» [154, 12], М.Р. Савованың «түрлі тілдік құралдар арқылы автор сөзінің индивидуалдылығының, коммуникативті тиімділігінің көрінісі» [155, 29], Г.Я. Солганиктің «сендіру, дәлелдеу мақсатында тілдік тәсілдерді ұтымды қолдану» [156, 38] сияқты анықтамалары сөз әсерлілігіне қатысты тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Олай болса, «сөз әсерлілігі» тілдік бірліктердің адамның интелектуалды, эмоционалды санасына әсер ететіндей ұйымдасуымен сипатталады. Сөз әсерлілігі – тілдің коммуникативтік сапасы ретінде сөз / мәтін тиімділігін бағалаудың маңызды межесі [157]. Сонымен қатар «әсерлілік» ұғымының жалпы жағымды әсер тудыратын сапалық қасиетіне сай, автордың сөйлеу немесе жазу шеберлігін бағалайтын меже ретінде де қызмет атқара алатындығын байқауға болады. Осыған сай сөз әсерлілігінің жеке тұлғаға (авторға) қатысты субьектіге бағытталған шарттары туындайды. Зерттеушілер жеке тұлға (автордың) сөзінің әсерлі болуы келесідей шарттарға негізделетінін көрсетеді:

– адам санасындағы ойлау жүйесінің дербестігі;

– автордың айтылған немесе жазылған сөзге бей-жай қарамауы, қызығушылығы;

– тілді жетік, жоғары деңгейде меңгеруі;

– тілдің функционалды (ауызекі, көркем әдебиет, ресми іскағаздар, публицистикалық, ғылыми) стильдерін жоғары деңгейде меңгеруі;

– сөйлеу немесе жазу қабілетін жүйелі түрде дамытып, жаттықтыруы;

– автордың әсерлі сөйлеуге немесе жазуға ұмтылысы;

– тілдің көрітеу құралдарын шебер қолдана білуі [138, 182].

Жоғарыда көрсетілген жеке тұлғаның сөз әсерлілігін тудыратын шарттары ауызша және жазба коммуникацияға да ортақ екендігін байқаймыз. Дегенмен автор сөзінің әсерлілігін сөз еткенде, коммуникацияның ауызша немесе жазба мәтін түрінде берілуіне байланысты айырмашылықтарын ажыратуымыз маңызды. Атап айтқанда, ауызша коммуникация барысында сөз әсерлілігі шарттары адресант сөзіне қатысты жеткізу мәнері, дыбыстау ерекшеліктері, сөзге екпін түсіруі сынды сипаттармен толығып отырады. Ауызша сөздің әсерлілігін сипаттауда орфоэпиялық нормалардың сақталуы, дауыс тембрі, айтылым мәнерінен бөлек адресанттың бейвербалды амалдарына (дене қозғалысы, мимикасы) арнайы көңіл бөлінеді [158, 62].

Ал жазба коммуникацияда сөз әсерлілігі сапасы адресант пен адресаттың тікелей қатынасына тәуелсіз іске асады. Нақтырақ айтқанда жазарман оқырман перцепциясына тек тілдік құралдар арқылы ғана әсер ете алады. М.Н. Кожина, А.Н. Васильева, С.В. Беспалова сынды тілші мамандар жазба коммуникация материалдарында сөз әсерлілігі сапасын адресаттың адресант кодтаған ақпаратты (жазба мәтінді) барынша бастапқы мазмұнына сай, жақын түсіну тұрғысынан сипаттайды. Бұл бірінші кезекте сөз әсерлілігінің автордың жеткізбек ойын, сезімін, интенциясын оқырманның дұрыс қабылдай білу, түсіну

мәселесімен тығыз байланысты. Осыған сай сөз әсерлілігі – нақтылық, анықтық, логикалық дұрыстық, экспрессивтілік сынды сапалардың жиынтығы [159]. Бұл қасиеттердің әрбірі тілдің түрлі деңгейіне сәйкес анықталады және сөз әсерлілігіне тікелей ықпал етеді. Берілген тұжырымдардан шығатын қорытынды: сөз әсерлілігі – тәуелсіз өз алдына жеке сапа емес, автордың мүмкіндіктеріне, оның тілдік стандартты саналы түрде меңгеру қабілетіне, тілдің алуан түрлі ресурстарын таңдауына және оларды адресатқа әсер ету үшін орынды қолдануына тікелей байланысты тіл ерекшеліктерінің жиынтығы.

Тағы бір маңызды ұғым сөз жатықтығы – мәтінде қолданылатын сөз семантикасының дұрыс таңдалуы, сөз тіркесі құрамындағы сыңарлардың денотат және коннотат мағыналарының үйлесімділігі. Мерзімді баспасөздегі сөз жатықтығы мен сөз әсерлілігі баспасөздің ақпарат беру және әсер ету қызметінің арасалмағы үйлесімді қатынаста немесе теңдей маңыздылыққа ие болу сипатына қатысты айқындалуы тиіс. Себебі мерзімді баспасөздегі дәл әрі мазмұнды ой қағазға түскенде логикалық жүйелілігімен, тіл қолданысындағы қандайда бір қоғам өзгерісі әсер ете алмайтын қалып алған, заңдылықтар мен қағидалардың сақталуымен, әрбір оқырманға әсер ететін құралдардың орынды, мөлшермен дәл жұмсалуымен айшықталады. Мұндағы сөз жатықтығы – жоғарыда тұжырымдалған жалпы әдеби тіл нормаларынан уәжсіз ауытқымау, сөйлеуде, жазуда тіл амалдарын дұрыс қолдану, көпшілік таныған ережелерді ұстану қағидаты. Осы орайда, мерзімді баспасөз тілінде сөз жатықтығы шарттары орындалған жағдайда ғана ары қарай сөз әсерлілігін тудыратын құралдар жайын сөз етуге болады. Қазіргі жазба коммуникациядағы *сөз жатықтығы* мен *сөз әсерлілігі* фактілерін байланыста қарастыру маңызды және зерттеуде мерзімді баспасөз материалдары бойынша талқыланады. Бұның бірнеше себептері бар:

– мерзімді баспасөз – жазба коммуникацияның маңызды тармағы;

– мерзімді баспасөзде жазармандар ауқымы кең, олардың білімдік, танымдық деңгейі әртүрлі, демек, тілдің қолданылу сипатына тікелей әсер етеді;

– қоғам мүшелеріне ақпарат беруші сала;

– ақпарат беруде стандартты тілдік құрылымдар қолданылады, демек, әдеби тіл нормалары сақталады;

– мерзімді баспасөздің негізгі жанрларында (ресми ақпараттан басқаларында) ақиқат шындық туралы ақпарат ықпал ету функциясы (оқырманға әсер ету, оқырманның назарын аударту) арқылы жүзеге асырылады;

– мерзімді баспасөз тілінің құрылымдық ерекшелігі стандарт пен экспрессияның алмасуына негізделеді;

– қазіргі кезеңде ықпал ету функциясы күшті;

– осы себепті экспрессивтілік туғызатын тілдік бірліктер қолданылады;

– тілдің динамикалық өзгерістеріне елгезек, мерзімді баспасөз тілі арқылы сөзқолданыстағы жаңа үлгілерді тануға, жіктеуге болады.

Тілдегі динамикалық өзгерістер, соның ішінде жергілікті тіл ерекшеліктерінің, жарыспалы сөздердің, неологизмдердің, қоғамдық-саяси лексиканың, көнерген сөздердің қолданыстық қызметі, тілге енуі, қалыптануы мерзімді баспасөз тілі арқылы жүзеге асады. Мерзімді баспасөз тілі – әркез әдеби

норма, сауатты жазу, сөз мәдениеті тұрғысынан тіл қолданушылар үлгі тұтар беделді сала [5]. Осыған орай мерзімді баспасөздегі *сөз жатықтығы* мен *сөз әсерлілігін* тудыратын тілдік бірліктердің ерекшеліктерін айқындау маңызды. Мерзімді баспасөздегі сөз жатықтығы мен сөз әсерлілігі ұғымдары ең алдымен газет тілінің ақпарат беру және әсер ету қызметімен тығыз байланыста қарастырылады. Тұтастай алғанда, баспасөздің ақпарат беру қызметі ұлттық тілдің байлығы, стандарт тілдік бірліктер арқылы жүзеге асады. Алайда баспасөз мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаты, идеология, экономика, мәдениет, әлеумет жағдайы, әлемдегі әрі қоғамдағы жаңалықтар мен өзгерістерді хабарлаумен, баяндаумен ғана шектелмейді. Сонымен қатар жоғарыда көрсетілген тақырыптар аясында оқиғалар мен фактілерді бағалау, философиялық және дүниетанымдық көзқарас тұрғысынан пайымдау, түйін жасау арқылы мәселеге қоғамның назарын аударту, әсер ету және ықпал етуді көздейді. Осы орайда баспасөздің әсер ету қызметін іске асыру мақсатында әсерлі сөзқолданыстар да жұмсалады. Газет тілінің өн бойында стандартты тілдік бірліктер мен экспрессивті қолданыстар алмасып отырады. Олай болса, газет тіліндегі стандарттылық – тілдік норманың сақталуы; стандартты тілдік бірліктер – белгілі бір оқиға мен құбылысты нақты баяндайтын, жалпыға түсінікті лексиканың қолданысы. Ал әсерлілілік – мәтін адресатының белгілі бір оқиғаға қатысты көзқарасын қалыптастыратын әсер ету құралдары.

Қазіргі мерзімді баспасөз тілінде тілдік бірліктердің адамның интелектуалды, эмоционалды санасына әсер ететіндей ұйымдасуының бір көрінісі ретінде жағымды оң бағалауыштықты білдіретін және жағымсыз бағалауыштықты білдіретін сөздер мен сөз тіркестерін атауға болады.

Соның ішінде мерзімді баспасөзде жиі кездесетін жағымды оң бағалауыштықты білдіретін сөздер мен тіркестер келесідей тақырыптық топтарға жіктеледі:

– адамның жас ерекшелігіне байланысты туындаған бағалауыштық сөздер мен тіркестер: *биікке ұмтылған балдырғандар, өрімдей өскін жас, ел ағасы, абыройлы ақсақал, сүйегі асыл текті ақсақал, көкірегі көмбеге толы көнекөз абыздар, таным-тағылымы терең қария, ұлттың асыл абызы, қонақжай кейуана, ғасыр жасаған асыл қазыналы қарт, даналықтың алтын кілті, ақылман абыз: **Биікке ұмтылған балдырғандар** (ЕҚ, 1 маусым, 2024 жыл). Сол айналасындағы адамдар-дың жаны жайсаң, көңілі дархан, бар адамды бауырына тартатын, әсіресе **өрімдей өскін жастың** маңдайынан сипап, төңірегіне мейірімін төгетін ұлт ұлыларының жөні де, жолы да бөлек (ЕҚ, 12 қазан, 2017 жыл). **Ел ағасы** (ЕҚ, 25 наурыз, 2022 жыл). Бүгінде сексеннің сеңгіріне шығып отырған **абыройлы ақсақалдың** өткен жолына, кешкен өмі-ріне көз салсаң, көп нәрсе жібек жіп-тей суырылып өте береді (ЕҚ, 8 Қаңтар, 2011). Бағзыда бір әулетке бас болып, бір қауым жұртты елдік пен бірлікке, еңбек пен тірлікке бастап отыратын **сүйегі асыл текті ақсақалдар** болушы еді (ЕҚ, 30 Қыркүйек, 2022 жыл). Көненің көзіндей, **көкірегі көмбеге толы көнекөз абыздар** аз болса да бүгінде арамызда жүр (ЕҚ, 30 Қыркүйек, 2022 жыл). Кемеліне келіп, талай сырғақты жолды өндірген, **таным-***

тағылымы терең қариядай *жан сарайын жадырататын шежірелі ғасырдың пәлсапасы түгесіле ме? (ҚӘ, 13 мамыр, 2024 жыл). Қазақтың талай марғасқаларына дастархан жайған* ***қонақжай кейуана*** *(ҚӘ, 21 мамыр, 2024 жыл).* ***Ғасыр жасаған кейуана*** *(5 қараша, 2009 жыл). Ескінің көзін көрген, даналықтың алтын кілті ол біздің асыл қазыналы қарттарымыз (ҚӘ, 21 мамыр, 2024 жыл). Қорыта айтқанда, қазақтың қара өлеңін құбылтып, парасатты пәлсапасымен қазақ-тың ой-өрісін, көңіл көкжиегін кеңейткен ақылман абыз Абайды тану тек салтанатты шаралармен, есімін мекенге беріп, келбетін сом-даумен ғана шектелмесе керек (10 тамыз, 2023 жыл, Айқын газеті);*

– Адам бойындағы жағымды қасиеттерді сипаттайтын бағалауыштық сөздер мен сөз тіркестері:

а) мейірімділік: *жаныңда жүрген жылы жүректі, үлкен жүрек пен кіршіксіз көңілдің көрінісі:* ***Жаныңда жүрген жылы жүректі****, мейірбан,* ***жомарт көңіл*** *жандар барда өмір шұғылалы, мазмұнды бола түспек (ҚӘ, 13 мамыр, 2024 жыл). Аппақ қар –* ***кіршіксіз көңіл көрінісі*** *(ЕҚ, 14 наурыз, 2019 жыл). Сол, бір қалыпта, бір кейіпте, қылжағы жарасқан,* ***бала мінезді****... (АТ, 29 ақпан, 2024 жыл). Өйткені із барда – сағыныш, сағыныш барда – елжіреген көңіл, ал* ***кіршіксіз көңіл*** *барда мейірім мен махаббат бар емес пе (ҚӘ, 28 маусым, 2019 жыл);*

ә) жомарттық: *жомарт көңіл, дала мырзасы, мәрт көңіл; даналық: көрген-түйгені бір дастанға жүк болардай: Кітап-құмар апамыз әңгімеге жүйрік,* ***көрген-түйгені бір дастанға жүк болардай*** *(ҚӘ, 13 мамыр, 2024 жыл). ... сонысымен жұғымды, сол жаратылысымен жағымды, жайдары,* ***мәрт көңіл*** *Қыдырәлі болып өтті өмірден (АТ, 29 ақпан, 2024 жыл);*

б) намысшылдық*: рухы биік жандар: Олар физикалық өзгешеліктеріне қарамастан спортпен шұғылданып жүрген,* ***рухы биік жандар*** *(Айқын, 7 қазан, 2023 жыл). Жоқпын деп жасыған, бармын деп тасыған жан емес еді (АТ, 29 ақпан, 2024 жыл);*

в) қарапайымдылық*: жоқпын деп жасыған, бармын деп тасыған жан емес: Жоқпын деп жасыған, бармын деп тасыған жан емес еді (АТ, 29 ақпан, 2024 жыл);*

г) аңғалдық: *бала мінез, адалдық пен тазалықтың тұма бұлағы: Туған нағашысы – Абыл мерген, өте қонақжай,* ***дала мырзасы*** *болған (АТ, 7 наурыз, 2024 жыл);*

ғ) шешендік*: таңдайы жезден, көмейі күмістен құйылған:* ***Таңдайы жезден, көмейі күмістен құйылған*** *Кенжекең әсем әуендерді нақышына келтіріп, шебер орындаумен шектеліп қалмады (АТ, 29 ақпан, 2024 жыл).*

– әлеуметтік осал топтарды сипаттайтын бағалауыштық сөздер мен сөз тіркестері: *жәутеңкөз балалар, еңбекке жарамсыз топ немесе мүмкіндігі шектеулі азаматтар, аз қамтылған отбасылар, ерекше күтім қажет балалар:* ***Жаутаңкөзді*** *жатқа қиғанымыз ба? (АТ, 1 қазан, 2015 жыл);* ***Мүмкіндігі шектеулі азаматтар*** *оңалту құралдары мен қызметтерді өздері таңдай алады (Айқын, 20 маусым, 2019 жыл); Биыл мыңға жуық пәтер, сондай — ақ* ***аз қамтылған отбасылар*** *үшін 180 пәтерлі жатақхана пайдалануға берілді,- деді*

Б.Сапарбаев (ЖА, 30 қараша, 2020 жыл); ***Ерекше күтім қажет балалар*** *көмек алу үшін 3 ай кезек күтеді (Айқын, 14 мамыр, 2025 жыл).*

Мерзімді баспасөзде жиі кездесетін жағымсыз бағалауыштықты білдіретін сөздер мен тіркестерді келесідей тақырыптық топтарға ажыратуға болады:

– қоғам кеселдерін сипаттайтын бағалауыштық сөздер мен сөз тіркестері: *құрдымға апаратын құмарлық, құмар ойынның құрбаны, жағымсыз әдет жарға жығады, қоғам ауруы, ғасыр дерті:* ***Құрдымға апаратын құмарлық*** *(Айқын, 30 наурыз, 2024 жыл).* ***Құмар ойынның құрбаны*** *(ЖА, 30 шілде, 2024 жыл). Жастар арасындағы қылмыс –* ***қоғам ауруы****, оны емдеу қажет және алдын алу шараларын қолдану керек (ЖА, 20 шілде, 2023 жыл). Лудомания –* ***ғасыр дерті*** *(Айқын, 2 сәуір, 2024 жыл). Жағымсыз әдет жарға жығады (30 сәуір, 2024 жыл);*

– саясат пен билік өкілдерінің теріс қылықтарын сипаттайтын бағалауыштық сөздер мен сөз тіркестері: *тендер теңгесіне тіс батырғысы келетіндер, шенділердің әрекеті, жемқор әкімдер, жергілікті олигархтар, бай-манаптар дәулеті, бюджет қаражатын жымқырғандар және т.б.:* ***Тендер теңгесіне тіс батырғысы келетіндер*** *көп (13 қаңтар, 2024 жыл). Конвертке ұқсас зат берді: видеоға түсіп қалған ақтөбелік* ***шенділердің әрекеті*** *тексеріледі (Айқын, 21 қаңтар, 2024 жыл).* ***Жемқор әкімдер*** *халықты алдап соққан (ЖА, 17 мамыр, 2024 жыл).* ***Жергілікті олигархтар*** *жердің бәрін меншіктеп алып, жәйбарақат отыр. Бүгінде қоғам бос әңгіме емес, нақты нәтиже күтеді (Айқын, 24 маусым, 2022 жыл). Қазақ халқының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын реттеп отырған* ***бай-манаптардың дәулеті*** *талан-таражға түскен болатын (АТ, 26 қаңтар, 2023 жыл). 120 миллион теңге аударған:* ***Бюджет қаражатын жымқырған*** *бухгалтерлер сотталды (Айқын, 14 қараша, 2024 жыл).*

Газет тілінің ауқымды бөлігін құрайтын бағалауыштық сөздер мен сөз тіркестері – жазарманның қазақ әдеби тілінің нормаларын, стильдік нормаларды терең меңгергендігін, сөз байлығын, сөз қолданыс шеберлігін танытатын маңызды тілдік деректер тобы. Мерзімді баспасөз тіліндегі бағалауыштық лексиканы жасайтын жазарман, журналист мамандар, жазуда тіл амалдарын дұрыс қолдану жайы, сөздің сыр сипатын тану, семантикасына мән беру арқылы сөз жатықтығы мен сөз әсерлілігін қалыптастырады [157].

Бағалауыштық сөздер мен сөз тіркестерінің қазіргі қазақ мерзімді баспасөзіндегі қолданылуын нақты талдауларды қажет етеді. Мәселен, бүгінде баспасөз материалдарында еліміздегі белгілі ғалым, жазушы, қоғам қайраткерлерін сипаттау мақсатында қолданылатын бағалауыштық сөздер мен сөз тіркестерінің ішінде *абыз* сөзімен келетін тіркестер қатары артқан: *Аңыз боп жеткен* ***абыз*** *(ЖА, 28 қазан, 2021 жыл).* ***Ұлттың асыл абызы*** *(ЕҚ, 27 мамыр, 2024 жыл).* ***Әдебиет абызы*** *(ЕҚ, 21 қыркүйек, 2023 жыл). Жадымыздасыз,* ***абыз аға!*** *(АТ, 27 маусым, 2024 жыл).* ***Абыз ана****, аңыз ана (ЕҚ, 29 қазан, 2011 жыл).* ***Ұлттық музыканың абызы*** *(Айқын, 27 қараша, 2019 жыл).* Берілген тақырыпаттардың құрылымындағы *абыз* лексемасы тұлғалардың жеке қасиетін

сипаттау немесе белгілі бір салада сіңірген еңбегін мадақтау, жағымды оң бағалау мақсатында сөзқолданыстың әсерлілігін тудырады.

Сөз жатықтығы және сөз әсерлілігі параметрлері тұрғысынан *абыз* сөзінің тура мағынасы – астарлы мағынасы – әсерлілік қуатын қарастырып көрелік:

– 1966 жылы жарияланған Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде: «Абыз – шаман дініндегі халықтардың молда, сопы, бақсы сияқты адамдарының лауазымы» деген анықтама беріліп, *абыз* сөзінің көптеген түбі түркі тілдерінде аба, *абла, абыс, ап, абыс, абуз* түрінде «*у, сиқырлық, магия*» мағынасында кездесетіндігі дәйектеліп, төркіні төл сөз екендігі дәлелденген [160]. Ғылыми энциклопедиялық әдебиеттерде *абыз* атауының дерегін толықтыра түсетін келесідей анықтама көрсетілген: «Абыз – ертеде дәстүрлі ортада елдің тәу ету жосын-жоралғыларына басшылық жасайтын, әрі жаугершілік жағдайында «жол болсын» бата да беретін, жорамал, болжау да жасайтын, ежелден орныққан әлеуметтік тәртіптің ілкімді нормалары мен принциптерін жетік меңгерген беделді тұлға» [161]. Тағы бірқатар еңбектерде «басшылық жасаушы, білгір, білікті, білімді, оқымысты» сияқты түсіндірмелер берілген [162];

– *абыз* атауы қазақтың дәстүрлі танымында ежелден тәңірлік сеніммен ұласатын *сәуегей, көріпкел, білгір, дана* ұғымдарымен қатар сипатталады. Халық ауыз әдебиеті шығармаларында кездесетін Қорқыт ата, Еңлік-Кебек жырларында суреттелген абыз бейнесі – осының дәлелі.

Осы мағыналар *абыз* лексемасының астарлы семантикасына ұласып, белгілі бір кезеңдегі жеке тұлғалардың қоғамдағы орны мен қызметін бағалауға қолданылып келеді. Қазақ әдеби тілінің сөздік қорында (сөздің тура мағынасы сақталған жағдайда) абыз атауы арқылы сөз жатықтығын және сөз әсерлілігін дәлелдейтін тіркестердің қалыптасқанын байқауға болады*: ұлттық музыка абызы, әдебиет абызы, қазақ тілтанымының абызы* деген мысалдарда әр сала бойынша білімділік пен біліктілік арқылы ұлтқа қызмет етуді бойына жинақтаған тұлғалардың есімдеріне синоним болады және ұлттық стереотип үлгілерін қалыптастырады. Жоғарыда келтірілген мысалдардың қатарын толықтыра түссек: ***Ән абызы*** *ұлықталды (ЕҚ, 18 қазан, 2024 жыл).* ***Қазақ әдебиетінің абызына*** *арналған зал ашылды (Айқын, 28 шілде, 2021 жыл). Ал ғылым жолындағы өзіндік сара жолдық іргетасының қалануы* ***қазақ тіл білімінің абызы****, академик Әбдуәли Қайдардың қазақ фразеологиясы деген «алтын көмбені қазуға» ұсыныс жасауымен тікелей байланысты басталған екен (АТ, 30 сәуір, 2020 жыл).*

Сөздің ұлттық сипаты, тура мағынасы тұрғысынан төмендегі мәселелерге назар аудартамыз. Соңғы жылдары тіл қолданысында белең алған «жазудағы // сөйлеудегі еркіндік» ұғымымен түсіндірілетін тілдің демократиялануы үдерісі мерзімді баспасөз тілінің ақпарат беру және әсер ету қызметінің ара салмағында өзгерістерді байқатты [27, 5]. Тілші ғалымдар бүгінгі баспасөз тілінде 1970-80 жылдармен салыстырғанда әлдеқайда әсерлі қолданыстардың артқандығын, осы арқылы баспасөздің әсер ету қызметінің күшейгендігін айтады. Сөзқолданыс барысында оқырманға қалай да ықпал ету мақсатында, сөздің семантикалық

астарына мән бермей сөз жұмсау автор сөзінің жатықтығы мен сөз әсерлілігінің бұзылуына алып келуі мүмкін.

Жазба коммуникацияда жұмсалған әрбір тіл фактісін тіркеу арқылы ықпал ету, әсерлілік туғызу мақсатында жазарман тарапынан бірінші рет ұсынылған тілдік бірлік (сөз тіркесі) қазіргі тіл динамикасына тән сипаттарды көрсету әлеуетіне ие. Біріншіден, кез келген тіл фактісінің тіркелуі тіл жүйесіндегі өзгерістерді бақылап отыруға мүмкіндік береді. Екіншіден, әсіресе сөз әсерлілігін жасайтын тіркестер қатарында бірқолданыстар да бар. Бірқолданыстар – тілдің әрдайым қозғалыста екендігінің бір белгісі. Жазарман ұсынған, алғашында әсерлілік қуаты күшті бірқолданыс әдеби тілдің сөздік құрамын, әсерлілікке ие сөзқолданыстар қатарын кеңіте алама немесе тілдің ұлттық заңдылықтарына қайшы келе ме деген мәселелер алдымен олардың семантикасын ашу жолымен интерпретациялауды керек етеді. Осы арқылы жазба коммуникациядағы сөз жатықтығы және сөз әсерлілігі фактілері коммуникативтік нысаналық, сөздің коммуникативтік сапасы тұрғысынан негіздеуге мүмкіндік жасайды.

Айталық, *«барымта»* сөзі бір кездері дәстүрлі қазақ қоғамында қарсы жақтан кеткен малды қайтарып алу немесе шығынды өтеу мақсатында ұйымдастырылған қарымта әрекеттің атауы ретінде қолданылған. Ал бүгінгі таңда бұл сөз баспасөз мәтіндерінде тарихи мәнінен алшақтап, ұрлық, тонау, браконьерлік мағынасында қолданылып жүр: *Алматы облысында үш* ***барымташы*** *ұсталды (ЕҚ, 21 қараша, 2024 жыл).* ***Барымташыны*** *басынан сипаған сот: Мал ұрлығына қатысты заң талабы неге орындалмайды (ЕҚ, 12 ақпан, 2023 жыл)?* ***Барымтаға*** *– «қарымта». Қарағанды аймағында барымтамен байымақ болғандардың «қарымтасы» дайын (ЕҚ, 7 қазан, 2022 жыл). Бекіре* ***«барымталаған»*** *браконьерлер бағалы балықтың қорына қырғидай тие бере ме? Жайық-Каспий су айдынындағы бекіре тұқымдас бағалы балықтардың қорына қырғидай тиген браконьерлер* ***«барымтасы»*** *тоқтамай тұр. Араны апандай ашылған олар нарықтағы құны бірнеше жүз мың теңгеге бағаланған қара уылдырығы үшін су маржанының тұқымын құртпай тоқтамауға бекінген сыңайлы. Өйткені браконьерлер бекірені тонналап* ***«барымталауға»*** *көшті (ЕҚ, 27 қазан, 2020 жыл). Мал – баққандікі емес,* ***барымташынікі*** *болып тұр... Жем-шөбін шашпай-төкпей жинап алып, ауру-сырқауының алдын алу, күн сайын қора-қопсысын тазалап, өрісте жүріп өрістеп кеткенін сандалып соңынан іздеу де бір бейнет. Малсақ адамның жыл он екі ай көретіні – осы. Ол ол ма, ит жетектеп төрт аяқты түз тағысынан қору былай тұрсын, екі аяқты* ***барымташының*** *залалы мен зардабы жанға батады (ЕҚ, 10 қыркүйек, 2020 жыл).*

Мұндағы ***«Барымтаға – қарымта», «Бекіре барымталаған браконьерлер»*** сияқты тақырыпаттар оқырманның назарын аудартары анық. Алайда «барымта» сөзінің дәстүрлі мәні – заңсыз ұрлық емес, әділдік іздеу үшін жасалған қарымта екенін ескерген жөн. Тарихи тұрғыдан «барымта» ұғымының мәнін «ұрлық» ұғымымен теңестіру бір жағынан, тілдің семантикалық дамуын көрсетсе, екінші жағынан **барымтаның** ұлттық-танымдық мәнін бәсеңдетеді.

«Қайта жаңғырту» тіркесі де этимологиялық және семантикалық тұрғыдан қолданасы назар аудартады. «Жаңғыру» және «жаңғырту» формалары қазіргі қолданыста рухани-мәдени құбылыстарға қатысты жұмсалады. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде жаңғыру – «жаңару, рухани серпілу, бұрынғы мәнін қайта табу, жаңаша даму, өрлеу» деп түсіндірілген [98, 199].

Мемлекеттің дамудың заңнамалық бағыттарын қамтитын «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бұл ұғымның қолданылу өрісін одан әрі кеңейтіп, қоғамдағы рухани серпіліс, мәдени мұраларды жаңа мазмұнда қайта тірілту мәнін орнықтырды: *Осыған қарамастан, соңғы жылдары ресми мәтіндерде және бұқаралық ақпарат құралдарында 1485 канал* ***қайта жаңғыртылып жатыр*** *(ЕҚ, 12 мамыр, 2025 жыл). Арқалықтағы әуежай* ***қайта жаңғыртылады*** *(ЕҚ, 2 сәуір, 2025 жыл). Қызылорда су торабы* ***қайта жаңғыртылды*** *(ЕҚ, 31 қаңтар, 2025 жыл)* сияқты қолданыстардың жиілігені байқалады. Мұндай сөзқолданыстар семантикалық өрісі кеңейген. «Жаңғырудың» мәні рухани-мәдени құбылыстарға қатысты және оның бойында «қайта тірілу, қалпына келу» деген мағына бар. Ал «қайта жаңғырту» тіркесіндегі *«қайта»* сөзі – плеоназм. «Жаңғыру / жаңғырту» рухани-мәдени құбылыстармен қатар материалдық нысандарға да қатысты қолданыла бастаған..

Сондай-ақ қазіргі мерзімді баспасөзінде *қара шаңырақтан қанат қағу* тіркесінің тақырыпаттардағы қолданысын байқауға болады. Мұндай сөзқолданыста авторлардың сөздердің дәстүрлі мағыналық және мәдени контексінен гөрі олардың дыбыстық үйлесімділігіне, поэтикалық әсеріне көбірек мән бергені анық байқалады. Бұл тілдік құбылыс – қазіргі медиатіл мен көркем дискурсқа тән прагматикалық стратегиялардың бірі ретінде сипатталады: *Қара шаңырақтан қанат қаққан (ЕҚ, 29 мамыр, 2014 жыл). Қара шаңырақтан қанат қаққан қайсар қыз (Адырна, 30 мамыр, 2025 жыл). Қанат бітірген қара шаңырақ (ЕҚ, 12 наурыз, 2019 жыл).*

Қара шаңырақ ұғымы – дәстүрлі қазақ дүниетанымында әке-шеше мен ата-бабаның киелі ошағы, тұрақтылықтың, сабақтастықтың және әулет жалғастығының символы. Ал *қанат қағу* тіркесі – құстың балапанынан ұшып шығуына қатысты метафора, яғни өз алдына жеке өмір жолына шығу, тәуелсіздікке ұмтылу мағынасын береді.

Бұл тіркестің дыбыстық жағынан алғанда тіркес құрамындағы *қ-қ* дыбыстары аллитерация тудырып, сөз тіркесін әуезді етіп көрсетеді. Дегенмен «*қанат қағу»* тіркесі қазақ тілінде әдетте *«ұя»* ұғымымен тікелей сабақтастықта қарастырылады. Сондықтан мұндай тіркестер мағыналық тұрғыдан дәстүрлі мәдени контекстен алшақтап, оқырманның қабылдауын қиындатуы мүмкін.

Осыған ұқсас мынадай сөзқолданысқа да назар аударуға болады: «***Ақтық*** *бәсекенің есебі теңесті» (ЕҚ, 5 шілде, 2017 жыл), «Олимпиаданың* ***ақтық*** *сынына 1000 бала қатысты» (Айқын, 21 маусым, 2024 жыл), «Мәжіліс төрағасы қазақстандықтарды көкпардың* ***ақтық*** *сынындағы жеңісімен құттықтады» (ЕҚ, 12 қыркүйек, 2024 жыл), «****Ақтық*** *сынға шығып, жүлдесіз қалды» (ЕҚ, 5 ақпан, 2022 жыл)* сияқты мысалдарда бұл «ақтық» сөзімен жасалған тіркес орынды қолданыс сияқты көрінуі мүмкін.

Дегенмен *«Ақтық»* сөзі қазақ тілінде «ақ» түбіріне «-тық» жұрнағы жалғану арқылы жасалған, мағынасы бастапқыда «таза», «пәк» деген ұғымдармен байланысты және туынды мағынасында *«соңғы», «ақырғы»* деген мәндегі бейтарап емес, қайғылы, қайтарымсыздықты білдіретін экспрессивтік реңкте қолданылады. Мәселен, *«ақтық дем» – өлер алдындағы соңғы дем, «ақтық сапар» – соңғы сапар* деген тіркестерде көрініс табады.

Қазіргі мерзімді баспасөзде кездесетін *«ақтық сын», «ақтық бәсеке», «ақтық сайыс», «ақтық бәйге»* тіркестері дәстүрлі лексикалық-мәдени жүйеге сәйкес келмейді және семантикалық тұрғыдан дұрыс емес. Бұл тіркестерде авторлар *«соңғы», «шешуші»* сөздерімен алмастыруға болады. Бұл туралы «Сөзтүзер: қате қолданыстар сөздігінде» де нақты аталған [163, 17-18].

Осы тұрғыдан тілдің демократиялану үдерісінің ықпалымен мерзімді баспасөздің ықпал ету қызметінің артуына байланысты туындаған әсерлілік қолданыстарға қатысты тілдік деректерді талдау барысында баспасөздегі сөз мәдениетіне қатысты бұл жайттың жағымды және жағымсыз тұстары айқындалады. Атап айтқанда, жағымды жақтары баспасөз тіліндегі еркіндік әрбір журналисттің жазушылық шеберлігін танытуға, әрбір баспасөздің өзіндік келбеті мен бет-бейнесін қалыптастыруға, әсерлілігін арттыруға мүмкіндік берсе, жағымсыз жақтары журналист мамандардың оқырманға қалайда ықпал ету мүддесін көздеуі, мәтіннің ақпараттық мазмұнына мән бермей, үсті-үстіне орынсыз экспрессияға құрылған қолданыстарды жұмсауы арқылы әдеби тілдің нормаларының сақталмауына, сөз мәдениетіне нұқсан келтіретін, әсерсіз әрі сауатсыз мәтіндердің көбеюіне алып келуі мүмкін.

Сондай-ақ жүргізілген талдау барысында емлелік тұрғыдан да көптеген қате қолданыстардың кездесетіні анықталды. Мұндай қателер көбінесе орфографиялық нормалардың сақталмауынан, сөздердің бірге не бөлек жазылу тәртібінің бұзылуынан, сондай-ақ әріптік қателіктерден туындайды (Кесте 9).

Кесте 9 – Қазіргі мерзімді баспасөздегі қате сөзқолданыстар үлгілері

Мысалдар	**Қате қолданыстар**	**Дұрыс нұсқалары** [163]
Ағымдағы жылы *қосымша 600 газ отынымен жүретін автобус, 112 троллейбус және 100 электробус сатып алуды жоспарлаған (АТ, 1 тамыз, 2024 жыл).*	ағымдағы жылы	биыл, осы жылы
Аса қажеттілік *болмаса, ешқайда шықпай, үйде отырыңыздар (ЖА, 27 сәуір, 2020 жыл)*	аса қажеттілік	ерекше қажеттілік
ДДҰ басшысы әлем пандемияның қауіпті жаңа кезеңіне өтіп ***жатқандығын*** *ескертеді (ЕҚ, 20 маусым, 2020 жыл)*	жатқандығын	жатқанын
Бастама авторлары бұл шараны ***Конгресстің*** *екі палатасы да қолдайды деп сендірген (ЖА, 30 маусым, 2025 жыл)*	конгресстің	конгрестің
Әйткенмен, кепілсіз-ақ ***кредит*** *беруге даяр ұйымдар да бар (ЕҚ, 28 наурыз, 2025 жыл)*	кредит	несие

9 – кестенің жалғасы

*Жаңа шектеу шараларына байланысты ешбір еуропалық мемлекет АҚШ **санкцияларына ұшырау қаупінсіз** Ресейден мұнай сатып ала алмайтынын жазды (ЖА, 15 наурыз, 2025 жыл)*	санкцияларына ұшырау қаупінсіз	санкцияларына ұшырамай
*Байқауға әртүрлі **номинациялар** бойынша, жалпы саны 250-ден аса өтінім келіп түскен екен (АТ, 6 Сәуір, 2023 жыл)*	номинациялар	аталым
*Олардың 13-іне қатысты іс **сотта қаралуда** (ЖА, 5 қаңтар, 2023 жыл)*	сотта қаралуда	сотта қаралып жатыр
*Ертіс-Баян өңірінің өндірістерінде 34 жазатайым **оқиға тіркелген** (ЕҚ, 6 шілде, 2025 жыл)*	оқиға тіркелген	оқиға орын алған
***Халықты ескерту мақсатында** ауа-райының нашарлауы туралы 232 СМС-хабарлама жіберілді, сондай-ақ «Дармен» мобильдік қосымшасы арқылы 71 хабарлама жіберілді (ЖА, 4 қаңтар, 2023 жыл)*	халықты ескерту мақсатында	халықты ескерту мақсатымен
*Осы орайда, барлық мүше мемлекеттер адамзатты ядролық апаттан құтқаруға бағытталған қажетті әрі кезек күттірмес барлық **шараны қабылдау** туралы Қазақстанның ядролық держава саналатын елдерге жолдаған үндеуін қолдайтынына сенім бар (АТ, 30 қыркүйек, 2020 жыл)*	шараны қабылдау	шараны жасау
*Ұлы ойшыл, ағартушы, ақын Абай Құнанбайұлының **180 жылдық мерейтойы** – халқымыздың рухани болмысын ұлықтайтын, ел бірлігін бекемдейтін тарихи оқиға (ЕҚ, 16 шілде, 2025 жыл)*	180 жылдық мерейтойы	180 жылдығы
*Қаңтар айында елге әкелінген **көкөністер мен жемістер** көлемі күрт артқан (ЖА, 23 сәуір, 2025 жыл)*	көкөністер мен жемістер	көкөніс пен жеміс немесе жеміс-жидек

Демек, қазіргі мерзімді баспасөз тілінде еркіндік пен әсерлілікке ұмтылу бір жағынан тілдің жаңаруына, публицистикалық стильдің көркемдік-экспрессивтік мүмкіндіктерінің кеңеюіне жол ашса, екінші жағынан, әдеби тіл нормаларының сақталмауына, сөз мәдениетінің төмендеуіне алып келетін жағымсыз көріністерді де туындатып отыр.

Сондай-ақ орфографиялық және грамматикалық нормалардың сақталмауы қазақ әдеби тілінің бірізділігін бұзып, оқырманға теріс тілдік модельдерді ұсынуға себеп болады. Бұл мәселелер баспасөз тілінің бір қырын көрсетеді, яғни тілдік нормалардың бұзылуы мен сөз мәдениетінің төмендеуіне әкелетін қолданыстарды байқатады.

Ал баспасөз тілінің тағы бір қырында оның мол экспрессивтік-эмоционалдық әлеуеті, сөз әсерлілігіне қол жеткізетін тіл байлығы мен мүмкіндіктері бар екенін де атап өту керек. Сөз әсерлілігін қамтамасыз етуде тілдің ішкі әлеуетін толық игеру маңызды.

Тәуелсіздік алған кезеңнен бері қарай қоғамда орын алып жатқан өзгерістер, әлеуметтік-мәдени даму, мерзімді баспасөз тіліне де тың сипаттар әкелді.

Ақпараттық технологиялар тасқыны, ғаламтордың шарықтап дамуы, бұқаралық ақпарат құралдары арасында оқырман назарына бәсекелестік мерзімді баспасөз тілінің әсерлілік қызметінің күшеюін арттырды.

Қазақ тіл біліміндегі баспасөз тілін зерттеген ғалымдардың еңбектерінде ықпал ету функциясын арттыратын тілдік құралдар қарастырылған. Ақпарат беру қызметінен гөрі әсер ету функциясы басым бола бастағандықтан, қазіргі баспасөз жанрларында қазақ тілінің оқырманға әсер ету қуаты күшті тілдік бірліктерді пайдалану басым бағыт алып отыр. Зерттеуде осынлай сөзқолданыстардың бірнеше түрлері талданады, атап айқанда:

– көріктеу құралдары: *теңеу, перифраздар, фоникалық құрылымдар;*
– тілдің лексикалық қабаттары: *синоним, антоним, көнерген сөздер;*
– лингвокреативті сөзқолданыстар.

Сөз әсерлілігін жүзеге асыратын тілдің әлеуетті мүмкіндіктеріне, олардың қызметі мен қолданыс ерекшеліктеріне кеңінен талдау жасау қазіргі қазақ мерзімді баспасөзіндегі сөзқолданыстың сипатын анықтауға мүмкіндік береді.

3.2 Көріктеу құралдарының мерзімді баспасөзде сөз әсерлілігін тудыру әлеуеті

Мерзімді баспасөз мәтіндеріндегі сөз әсерлілігін тудыратын тілдік бірліктер – сөздің әсерлілік қуатын күшейтетін әлеуетті лингвистикалық мүмкіндіктер жүйесі. Бұл мүмкіндіктер қатарында ең әлеуетті стилистикалық тәсілдердің бірі – көріктеу құралдары. Көріктеу құралдары ойды әсерлі, мәнерлі етіп жеткізу үшін қолданылады.

Қазіргі мерзімді баспасөз тілінде жоғары жиілікпен қолданылатын көріктеу құралдарының қатарына *теңеу, перифраз, фоникалық құрылымдарды* жатады. Аталған көріктеу құралдары мәтіннің ішкі мағыналық үйлесімін, прагматикалық ықпалын арттырады әрі басқа көріктеу тәсілдерінің құрылымдық-эстетикалық негізі болады.

Қазіргі мерзімді баспасөз тіліндегі *теңеу, перифраз* және *фоникалық* құрылымдардың мәтін құрылымындағы рөлі, әсер ету тетіктері мен мүмкіндіктерін төмендегідей талдау нәтижелері дәйектейді.

Теңеу. Қазіргі баспасөз мәтіндерінде эстетикалық қызмет атқарып, сөзқолданыс әсерлілігін тудыратын құралдардың бірі – теңеу. Теңеу – ұқсас немесе ортақ белгілер негізінде бір затты екінші затпен салыстыру арқылы сипатталатын, бейнелік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік қасиетін арттыратын, сол затты жаңа қырынан, поэтикалық тұрғыдан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы [164, 7].

Теңеулер жүйесі жазарманның сөз байлығын, ұлттық танымға негізделген білім қорын бағалауға, шығармашылық қабілетін танытуға мүмкіндік береді. Осы орайда теңеудің әсерлілік тудыратын тілдің әлеуетті мүмкіндігі ретіндегі рөлін саралауда Р. Сыздықтың сөз өнері және ұлттық көркем тіл белгілерін айқындауға қатысты пікірінің маңызы артады: «қай халықтың болмасын, сөз

өнері ұлттық көркем тіл нормасының ең басты көрсеткіші болып танылады, сондықтан ұлттық көркем тіл белгілері саралануы керек» [165, 50].

Теңеулердің баспасөз мәтіндерінде мол кездесуі, сондай-ақ олардың лингвистикалық, когнитивті, прагматикалық аясының кеңдігі – ұлттық көркем тіл нормаларының белгісі (Кесте 10).

Кесте 10 – Теңеудің лингвистикалық, когнитивтік және прагматикалық аспектілері

Теңеу		
Лингвистикалық аспектіде	**Когнитивтік аспектіде**	**Прагматикалық аспектіде**
Теңеу – белгілі бір заттың қасиеттерін, белгілерін немесе ерекшеліктерін нақтылау және бейнелі түрде жеткізу үшін қолданылатын стилистикалық тәсіл [166]	Теңеу адамның танымдық әрекетінен туындаған, айналадағы құбылыстарды түсінуге және оларды эмоционалды түрде қабылдауға ықпал ететін құбылыс [167]	Теңеу мәтінде тыңдаушы немесе оқырманға әсер ету, белгілі бір ақпаратты бейнелі түрде жеткізу мақсатында қолданылады [168]

Теңеу – а) лингвистикалық тұрғыдан заттар мен құбылыстардың қасиеттерін бейнелі түрде ашатын стилистикалық тәсіл; ә) когнитивтік тұрғыда адамның ойлау қабілеті мен танымдық әрекетінен туындайтын, шынайы өмірді түсінуге көмектесетін тілдік бірлік; б) прагматикалық тұрғыдан, мәтін мазмұнын байытып, оқырман немесе тыңдаушыға әсер ету қабілеті.

Бұл анықтамалар теңеуді тек тілдің элементі ретінде ғана емес, коммуникацияның маңызды құралы ретінде және академик Р. Сыздық белгілеп берген «ұлттық көркем тіл нормаларының көрсеткіші» ретінде қарастыруға негіз болды.

Теңеулердің жасалу тәсілі, қолданыстық қызметі отандық ғылымда жетік зерттелген. Мәселен, академик Қ. Жұмалиев зерттеулерінде қазақ тіліндегі теңеулердің жасалу тәсілдері жайында: белгісіз нәрсені таныс әрі мәлім нәрселермен салыстыру немесе қазақ теңеулері үш түрлі жолмен: 1) *-дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін* жұрнақтары арқылы, 2) *-ша, -ше* жұрнақтары көмегімен, 3) *секілді, сияқты, тәрізді* сөздерінің қатысуымен жасалады деп көрсетілген [169, 6].

Осы сынды қазақ теңеулері жайлы пікірлер мен тұжырымдарды З. Қабдолов, З. Ахметов, М. Базарбаев, Б. Манасбаев, М. Бесбаева сынды әдебиеттанушы және тілші ғалымдардың оқулықтары мен зерттеулерінен кездестіруге болады [164]. Дегенмен бұл зерттеулерде теңеу арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылмады. Осы себептен қазақ теңеулерінің табиғаты, құрылымы, жасалу ерекшеліктері мен мән-мағынасы ұзақ уақыт бойы толық зерттелмей келді. Бұл олқылықты кейінен қазақ тіл білімінде теңеулерді арнайы зерттеген ғалым Т. Қоңыровтың еңбектері толтырды. Т. Қоңыров теңеулердің семантикалық және коммуникативтік құрылымын ашып, лексикографиялық тұрғыдан жүйеледі [164].

Орыс тіл білімінде теңеуге қатысты тұжырымдар зерттеудің лингвистикалық негіздерін нығайта түседі. Мәселен, зерттеуші Л.И. Тимофеевтің пайымдауынша, теңеу – екі құбылысты салыстырып, олардың біреуінің қасиеттері арқылы екіншісін сипаттайтын қарапайым троп; теңеу екі негізгі элементтен тұрады [170, 40] десе, А.И. Федоров теңеудің бейнелілік мәні екі немесе одан да көп заттың ұқсас қасиеттерін салыстыруға негізделетіндігін айтады [171, 100].

Теңеудің құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты Б.В. Томашевский оның үш құрамдас бөлігі бар деген тұжырым жасайды [172, 35].

Теңеу логика ғылымында да қолданылады, бірақ мұндағы теңеудің мазмұны мен формасы тілдегі теңеуден өзгеше. Логикада теңеу ойлау заңдылықтарымен байланысты болса, тілде ол бейнелілік пен көркемдікке бағытталған. Дегенмен ойлау мен тілдің арақатынасы бұл екі саладағы теңеу категорияларының құрылымында ұқсастықтар бар екенін көрсетеді.

Теңеу – ұлттық дүниетаным мен көркем ойлаудың ерекшеліктерін жинақтаған маңызды категориялардың бірі. Теңеудің осы ерекшелігі философияда таным құралы ретінде, әдебиеттануда стильдік әдіс ретінде, ал тіл білімінде бейнелі құрылым ретінде қарастырылуына негіз болады.

Мерзімді баспасөз мәтіндеріндегі теңеулердің құрылымы және стильдік ерекшеліктері көркем шығармаларда қолданылатын теңеулер секілді мәтіндегі рөліне қарай әртүрлі бағытта дамиды. Публицистикалық стиль мен көркем әдебиет стиліндегі теңеулердің өзіндік ерекшеліктерін талдай отырып, әмбебаптығы мен бейімделгіштігін байқауға болады. Көркем шығарма мен баспасөз мәтіндерінде теңеулердің қолданылуында ортақ сипаттар болғанымен, әрқайсысында стильдік және прагматикалық ерекшеліктер бар (Кесте 11).

Кесте 11 – Көркем шығарма мен баспасөз мәтіндеріндегі теңеулердің қызметі мен стильдік ерекшеліктері

Көркем шығармада:	**Баспасөз мәтіндерінде:**
Мақсаты	
Бейнелілік жасау, эстетикалық әсер тудыру.	Ақпарат беру, нақты ойды көркемдеу және оқырманға әсер ету.
Оқырманның қиялын ояту, терең эмоционалдық байланыс орнату.	Оқырманның назарын аудару және белгілі бір оқиғаға қатысты пікір қалыптастыру.
Құрылымдық ерекшеліктері	
Теңеулер еркін және кең қолданылады.	Қысқа және нақты теңеулер жиі қолданылады.
Шығарманың жалпы атмосферасын толықтырады. Мысалы: *Айдалада жараланып жалғыз қалған **жолбарыстай** ыңырана күрсінді* (терең сезімді жеткізу).	Мәтіннің идеясы мен мағынасын күшейтеді. Мысалы: *Аймақтағы агросаясат **«Аққу, шортан һәм шаян» ертегісіндей** болып тұр* (ақпаратты бейнелі жеткізу).
Стильдік ерекшеліктері	
Әдеби стильде қолданылады, поэтикалық сипатта болады.	Публицистикалық стильде, ресми ақпаратты бейнелеуге арналған.
Суреттеу тәсілі басым.	Мәнерлілік пен нақтылыққа негізделген.

11 – кестенің жалғасы

Ұлттық-мәдени рөлі	
Көркем әдебиетте теңеулер ұлттық болмысты, халықтың салт-дәстүрі мен ой-өрісін ашып көрсетеді.	Баспасөз мәтіндерінде теңеулер халыққа жақын, түсінікті бейнелерді қолдану арқылы материалды оқуды жеңілдетеді.

Ғалым А. Тымболованың пікіріне сүйенсек, лингвопоэтикалық талдаулардың аясында қарастырылатын барлық авторлық тілдік құралдар біртұтас бола бермейді, олардың кейбір бөлігі эстетикалық әсер тудыратын, қосымша тілдік құралдарды иеленеді. Тілдегі әсер ету қызметін атқаратын тілдік бірліктерді қарастырғанда, лингвопоэтикалық немесе лингвостилистикалық, яғни оның функционалды-стилистикалық қыры анықталуы тиіс. Көркем мәтіндер оқырманға эстетикалық әсер етуге қабілетті [173, 9].

Демек, көркем әдебиетте теңеулер эмоциялық және эстетикалық әсерге негізделсе, баспасөзде олар ақпараттың мағынасын күшейтіп, оқырман назарын аудару үшін қызмет етеді.

Мерзімді баспасөз мәтіндеріндегі теңеулерді зерттеу публицистикадағы бейнелілік және әсерлілік құралдарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Осы орайда мерзімді баспасөз материалдарынан теңеу қолданысын көрсететін тілдік фактілерді жинақтаудың маңызы зор. Қазақ теңеуінің мерзімді баспасөз тіліндегі әсерлілік тудырушы қуатты құрал екендігін дәйектеу мақсатында жиналған эмпирикалық метериалдар, мынадай негізгі тұжырымдар жасауға негіз береді:

- мерзімді баспасөз тіліндегі теңеулер ақпаратты түсінікті, бейнелі және қызықты етіп жеткізеді;
- мерзімді баспасөз тіліндегі теңеулер оқырманның назарын аударуға және ақпаратты жылдам қабылдауына ықпал етеді;
- мерзімді баспасөз тіліндегі теңеулер бейнелеп отырған затты немесе құбылыстың әсерлілігін арттырады;
- мерзімді баспасөз тіліндегі теңеулер прагматикалық ерекшелігіне байланысты тұрақты және авторлық теңеу түріне ажыратылады.

Мерзімді баспасөз мәтіндерінде қолданылатын тұрақты теңеулер – фразеологизмденген, тілде бұрыннан қалыптасқан, халықтың сөйлеу тәжірибесі арқылы орныққан бейнелі тіркестер [164, 106]. Олар халықтың дүниетанымын, салт-дәстүрін және ойлау ерекшеліктерін көрсетеді. Осы орайда мерзімді баспасөз жазарманы фразеологияның пәрменді әрі құранды бөлігі болып саналатын тұрақты теңеулерге жиі жүгінеді. Ал авторлық теңеулер – өз кезегінде жазарманның жеке шығармашылық ойлауынан туатын тың, жаңадан жасалған бейнелі салыстырулар ретінде сипатталады. Авторлық теңеулердің әсерлілік сипаты жазарманның бейнелі салыстыру жасау шеберлігімен тығыз байланысты.

Мерзімді баспасөз мәтіндеріндегі тұрақты және авторлық теңеулердің төмендегідей қолданыстары талданады: *Тоталитарлық тоқыраудың тоңы жіби бастаған уақытта киелі шаңырағымызға* ***уықтай қадалған*** *санасы* ***сергек*** *қаламгерлеріміз, ұлттың арман-аңсарын оқырман жүрегіне жеткізетін жаңа жол тапқысы келіп, ізденіс иіріміне түсті. ... Сонда нағыз ақындардың барымен*

мақтанып емес, ұлтының жоғын түгендеу үшін тер төгіп, әдебиет майданындағы ***ақ алмастай жарқылдаған*** *Рухтың алдаспаны екеніне күдік қалмайды. ... Темірхан ағамыз өз мақаласында, ақын өмір сүрген кезеңде* ***майы таусылған шамдай*** *өз-өзінен өшіп, бойынан* ***нәр кеткен шөптей*** *өз-өзінен семіп бара жатқан ұлт тағдырын да, оның әлсіз болса да жүрегінің бір түкпірінде жатқан арманды аңсарын да жазу мүмкін болмағаны екенін айта келіп, Жұмекен жөнінде мынандай ойдың басын қайырады. ... Заманның қара бұлты қоюлана түскен, Жұмекен өмір сүрген өліарада орыс әдебиетіндегі рауандап атқан* ***руханияттың шапағындай*** *жарқыраған гуманизмнің жалқын сәулесі де қалмай, отаршыл елдің көрсеткен зорлық-зомбылығы мен озбырлығы жылдан-жылға күшейіп бара жатты. Қалың қазақтың тағдыры* ***қара қазандағы бидайдай*** *құырылып, қымызымыз жауымыздың таңдайында, қыздарымыз қас дұшпандарымыздың борбайында кеткен ақтабан шұбырындыдан да өткен нәлет заманның езгісі ұлттық рухымызды жойып жібере алмаса да, тұғырын шатқаяқтата бастаған-тын (ЖА, 22 қыркүйек, 2022 жыл).*

Мұндағы «*киелі шаңырағымызға қадалған* ***уықтай****», «әдебиет майданындағы жарқылдаған ақ* ***алмастай****»* теңеулері мәтін ішінде өзінің әсерлілік қызметін терең атқарып тұрған, оқырманға бейнелі образ жасауға толық мүмкіндік беретін ұлттық таным негізінде қалыптасқан тұрақты теңеулер. Ал «***қара қазанда құырылған бидайдай****», «****бойынан нәр кеткен шөптей****», «****майы таусылған шамдай»*** теңеулері – образдылығы тұрғысынан өте қуатты әсерлілік тудыратын авторлық қолданыстар. Авторлық қолданыс дейтін себебіміз, *«құырылған бидай», «бойынан нәрі кеткен шөп», «майы таусылған шам»* сынды ассоциация тудырушы тіркестер бар. Дегенмен *«бойынан нәр кеткен шөптей», «қара қазанда құырылған бидайдай****»,*** *«майы таусылған шамдай****»*** сынды ұтқыр қолданылған теңеулерді басқа авторлардың қолданысында кездеспейді. *«Руханияттың шапағындай»* теңеуі де осы қатарға жатады. Жазарман бұл теңеулерді беру арқылы жаңа образдар жасай алды.

Сондай-ақ мерзімді баспасөз материалдарында жазарман тарапынан ұлттық таным негізінде қалыптасқан тілдік бірліктерді қолдана отырып, авторлық теңеу жасау үлгілері жиі ұшырасады. Бұған көптеген мысалдарды келтіруге болады:

Әбубәкірдің қыжылы мен қышқыл мұңы көп өлеңдері оқырманды елдік намыс пен ***жусанның иісіндей*** *ұлттық болмыспен қоректендіреді деп ойлаймын (ЕҚ, 22 қараша, 2024 жыл). Осыдан он алты жыл бұрын ол қаламдас ағасы, әрі ұстазы Зейнолла Шүкіровтің 80 жылдық торқалы тойында, жылдар бойы көңіл түкпірінде* ***кестелі орамалдай,*** *сары майдай сақталған жан сырын салтанатты жиында бас қосқан үлкен-кішінің алдында моншақтай үзілтіп айтқан (ЕҚ, 27 шілде, 2023 жыл).* ***Керегедей керілген*** *қасиетті Шыңғыстаудан асып келген ағайындарды болат жолдың аялдамасынан таң шапағында қуана қарсы алғанбыз (Орталық Қазақстан, 22 тамыз, 2020 жыл).*

Мұндағы *«жусанның иісіндей», «кестелі орамалдай», «керегедей керілген»* сияқты теңеулер ұлттық таным негізінде жасалған. Әсіресе *«жусанның иісіндей»* теңеуі қазақ даласының табиғаты мен ұлттық болмысты біртұтас символ ретінде көрсетеді. *Жусан* – қазақ әдебиеті мен мәдениетінде еркіндік пен Отандағы

өмірдің белгісі. Бұл теңеу оқырманға ұлттық құндылықтардың өміршеңдігін, олардың адам жанына әсерін терең сезіндіреді. Қазіргі мерзімді баспасөз тілінде мұндай теңеулер ұлттық болмысты сақтауға, оны болашақ ұрпаққа жеткізуге бағытталған.

Кестелі орамал, кереге, жусан, сияқты ұлттық танымға тиесілі тіл бірліктері – сөздің символикалық образдылығын жасауға қабілетті сөзқолданыстар.

Берілген теңеулердің барлығы ұлттық мәдени кодты терең жеткізеді және лингвостилистикалық тұрғыдан мәтіннің эмоционалдық және ақпараттық мазмұнын байытады. Олар тарихи тұлғалар, ұлттық символдар және мәдени құндылықтар арқылы оқырманның ұлттық санасын қалыптастыруға қызмет етеді. Қазіргі публицистикада мұндай теңеулер оқырманның назарын маңызды мәселелерге аударып, ұлттық болмысты сақтаудың қажеттілігін айшықтау үшін қолданылады. Бұл теңеулердің әсерлілігі олардың ұлттық танымға жақындығында және терең мағыналық мазмұнында жатыр. Алайда мұндай теңеулерді шамадан тыс қолдану мәтіннің шынайылығына нұқсан келтіруі мүмкін, сондықтан олардың орынды әрі ықпалды қолданылуы маңызды.

Теңеулердің негізгі қызметтерінің бірі – мәтіннің бейнелілігін арттыру болғандықтан, олар арқылы заттар мен құбылыстар арасындағы ұқсастық ерекше нақтылықпен беріледі [174, 41]. Теңеулердің бұл қасиеті тыңдаушыға немесе оқырманға абстрактілі ұғымдарды нақты бейнелер арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді. Оған мысал ретінде төмендегі тілдік фактілерді келтіруге болады: *Барлық күйіп тұрған тақырыптардың әуелі **жалындай** лаулап, содан соң бірте-бірте көмескілене беретіні секілді, кейінірек Нұртас мәселесі де едәуір саябырсыды. ... Қасым әндері ақынның шерлі жүрегінен, оның кең кеудесінде **жанартаудай** жарылып, қуатты екпінмен, отты жалынмен лапылдай, **тасқындай** атылған жан дерті, қайғы-қасіреті, арыз-арманы дер едік. Қасымның осынау әндерін тыңдап отырып, **қорғасындай** ауыр ойлар меңдеп, терең тебіреніс кешкен ақынның дауылпаз болмысын жеткізуге құдіретті поэзияның өзі дәрменсіз болып қалғандай әсер аласың (ЕҚ, 16 маусым, 2021 жыл).*

«Жанартаудай», «тасқындай», «қорғасындай ауыр» тұрақты теңеулері бейнелілік пен экспрессивтілікті күшейтетін көріктеу құралы ретінде сөздердің негізгі мағыналарына негізделеді. Бұл тұрақты теңеулер табиғи құбылыстар мен заттардың қасиеттерін адамның немесе жағдайдың күйін бейнелеуге икемді түрде пайдалану арқылы жасалған.

Айталық *«жанартаудай»* теңеуіндегі жанартаудың табиғи күйі – оттың жер қыртысын бұзып, үлкен күшпен сыртқа шығуы. Бұл теңеу арқылы адамның ішкі эмоциясы немесе жағдайдың күтпеген, қарқынды өршуі сипатталады. Лексикалық тұрғыдан «жанартау» сөзі жарылу мен күш-қуаттың символы ретінде қолданылып, әсерлілік туғызады.

«Тасқындай» теңеуі судың табиғи ағынының қарқыны мен тасқынына әрекеттің немесе эмоцияның күйін ұқсатады. Мұнда *«тасқын»* сөзі су көлемінің күшеюі мен бақылаусыз таралуын көрсетеді, ал *«атылу»* қимылдың динамикасы

мен жылдамдығын айқындайды. Бұл теңеуде табиғат құбылысының бейнесі адамның немесе оқиғаның қарқынды дамуын метафоралық түрде жеткізу үшін қолданылады.

«Қорғасындай ауыр» теңеуі де моральдық немесе физикалық ауыртпалықты салмақтың өлшемі арқылы айқындауға мүмкіндік береді. Өйткені біріншіден, *қорғасын* – табиғаттағы ауыр металдардың бірі, екіншіден, оның бұл қасиеті ауырлықтың айқын символы ретінде алынады. Бұл тұрақты теңеуде адамның эмоционалдық күйінің немесе жағдайдың салмақтылығын нақты әрі әсерлі көрсету үшін заттың физикалық қасиеті пайдаланылады.

Теңеулердің барлығы тілдің бейнелілік әлеуетін көрсетеді, заттар мен құбылыстардың негізгі қасиеттеріне сүйене отырып, олардың адам эмоциясын немесе іс-әрекетін сипаттаудағы икемділігін дәлелдейді.

Кейбір тұрақты теңеулер тілдік жүйеде белгілі бір сөздермен ғана тіркесіп, солайша ұлттық таным мен дүниетанымға терең орныққан: ***Ат төбеліндей*** *қазақтың санын көбейту асыл арманымыз десек, осынау ізгі тілек жағадан алған жау санамасақ та етектен тартқан* ***бөрідей*** *болған жүгенсіз жүргізушілердің кесірінен баяу орындалып жатқаны қынжылтады (ЕҚ, 1 қазан, 2019 жыл).* ***Ат төбеліндей*** *топтың емес, халықтың мүддесі алдыңғы орында тұруы тиіс (Алматы ақшамы, 1 желтоқсан, 2023 жыл).* ***Ат төбеліндей*** *топ «өзімшілдіктен өзегі өртеніп», шет елге миллиардтаған долларды шығарып әкеткен (Алматы ақшамы, 29 маусым, 2023 жыл).*

«*Ат төбеліндей*» теңеуі көбінесе *«қазақ»* немесе *«халық»* сөздерімен қолданылады, бұл оның семантикалық өрісін белгілі бір шеңберде шектейді. Бұл тіркес арқылы аз ғана топтың санының аздығы мен ықпалын сипаттау қалыптасқан. Ал «ат төбеліндей топ» қолданысы танымдық қабылдауда өзгеше әсер қалдыруы мүмкін. Себебі «топ» сөзі тұрақты теңеуге жаңа мазмұндық қыр қосып, қолдану аясының кеңеюіне ықпал етеді. Бұл жағдайда теңеудің дәстүрлі қабылдануы өзгереді, алдыңғы мағыналық коннотациясы жаңаша түсіндірме табуы мүмкін.

Тұрақты теңеулердің белгілі бір сөздермен ғана тіркесуінің себебі – олардың ұлттық дүниетанымға тереңдей сіңісуі және сол арқылы тарихи-мәдени мәнмәтінде өз маңызын табуы. Мұндай тіркестерді басқа сөздермен байланыстырып қолдану оларды жаңғыртуға, жаңа стильдік немесе экспрессивтік реңк беруге мүмкіндік жасайды. Алайда бұл үрдіс танымдық және мәдени қабылдаудың деңгейінде дәстүрлі мән-мағынаны жаңғырту немесе өзгерту мәселесін тудырады: *Кейінгі кездері жер шетелдіктерге жалға беріледі екен деген сөз ел ішін* ***ұры иттей*** *сумаңдап кезіп жүр (ЕҚ, 14 Маусым, 2018 жыл). Соның бәрін жөндетіп, мектептің өзі ескі болса да ішін* ***жылы ұядай*** *жайнатып ұстап отыр (ЕҚ, 24 Мамыр, 2014 жыл).*

Мұндай тұрақты теңеулердің баспасөз мәтіндерінде жиі қолданылуы олардың ұлттық танымменбайланысты көркемдік ерекшелігін айқындайды. Алайда олардың әсері мәтіннің жалпы мазмұнымен және стильдік үйлесімімен тығыз байланысты. Егер теңеу мәнмәтінде орынды қолданылса, ол ақпараттың эмоционалдық қуатын күшейтіп, оқырманның назарын мәселенің мәніне

аударуға көмектеседі. Бірақ теңеудің орынсыз немесе тым көп қолданылуы мәтінді жасандылыққа ұрындыруы мүмкін. Сондықтан тұрақты теңеулерді пайдалануда олардың мағыналық дәлдігі мен әсерлілік жүктемесін ескеру маңызды: ***Ат төбеліндей*** *қазақтың санын көбейту асыл арманымыз десек, осынау ізгі тілек жағадан алған жау санамасақ та етектен тартқан* ***бөрідей*** *болған жүгенсіз жүргізушілердің кесірінен баяу орындалып жатқаны қынжылтады (ЕҚ, 1 қазан, 2019 жыл).* Мұндағы *«бөрідей»* теңеуі де қазіргі мерзімді баспасөз мәтіндерінде ерекше мәнге ие. Мұнда *бөрінің* бейнесі кедергі келтіретін, прогреске қолбайлау болатын факторларды сипаттайды. Бұл теңеу тек көркемдік қызмет атқарып қана қоймай, нақты әлеуметтік сынның өткірлігін арттырады. *Бөрі* бейнесі қазақ мәдениетінде күшті, қауіпті жануар ретінде қабылданатындықтан, бұл теңеудің эмоционалдық ықпалы айтарлықтай жоғары. Сонымен қатар «етектен тарту» тұрақты тіркесімен бірлікте әрекетті баяулатуды, тежеуді, кедергі жасауды сипаттайтындықтан, оқырманға қоғамның жылдам дамуға қабілетсіздігін нақты елестетіп береді.

Бұл теңеулердің әсерін күшейтіп тұрған басқа көркемдік құралдардың қызметі де ерекше. Литота *(«ат төбеліндей»),* метафора *(«жағадан алған жау»)* және персонификация *(«бөрі»)* мәтіннің эмоционалдық және ақпараттық мазмұнын байытып, оқырманның қабылдауына әсер етеді. Ғылыми тұрғыдан алғанда, мұндай тәсілдердің баспасөздегі рөлі қоғамдағы өзекті мәселелерді ерекше көркемдікпен жеткізіп, оқырманды әрекетке шақыруды көздейді. Бұл әдіс оқырман мен мәтін арасындағы коммуникативтік байланысты нығайтып, мәселені ұлттық және әлеуметтік деңгейде сезінуге мүмкіндік береді.

Қазіргі баспасөз мәтіндерінде осындай бейнелі теңеулер аудиторияның эмоциясына әсер ету, ақпаратты тереңірек қабылдату және қоғамдық пікір қалыптастыру мақсатында қолданылады. Әсіресе ұлттық болмыс пен өзекті мәселелерге қатысты қолданылатын теңеулердің прагматикалық қызметі оқырманның назарын аударып қана қоймай, оны шешу жолдарын іздеуге итермелейді.

Теңеу заттар мен құбылыстарды көркем түрде сипаттай отырып, оқырман мен тыңдаушының сезімін қозғап, мәтіннің әсерлілігін күшейтеді. Теңеулерді сәтті қолдану мәтіннің жалпы идеясына және автордың мақсатына сай эмоциялық реңк беруге мүмкіндік жасайды. Халықтың тарихи тәжірибесі, салт-дәстүрі, дүниетанымы мен өмір сүру салты негізінде қалыптасқан, сол арқылы ұлттық болмысты танытуға қызмет ететін теңеулер бар: *Бірде* ***Тұмар ханымдай*** *ұлт намысымен асқақтаса, енді бірде кемелдік жайлы көсіліп сыр толғайды. Тұранның әлемге* ***күн секілді*** *орныгар сәті келеді, ал қазір сол күн өз жарығын бүкіл адамзатқа жаюы үшін дайындық үстінде (ЕҚ, 23 сәуір, 2023 жыл).*

Берілген теңеулер – ұлттық мәдени кодты жеткізу мен оқырман санасына терең әсер етудің көркемдік құралы. Олар қазақ халқының дүниетанымы мен ұлттық болмысын бейнелеп қана қоймай, тарихи сабақтастық пен қазіргі қоғамдағы ұлттық сана мәселелерін жаңаша жеткізудің тиімді тәсіліне айналған. Әрбір теңеу лингвостилистикалық тұрғыдан бейнелілік, эмоционалдық қуаттылық және ұлттық танымға негізделген метафоралар арқылы ерекшеленеді.

Мәтіндердегі *«Тұмар ханымдай»* авторлық теңеуі әйелдің бейнесін ұлт намысымен, күрескерлік рухпен байланыстыра отырып, қазақ тарихындағы патриотизм мен батырлықты дәріптейді. Бұл авторлық теңеу қазақ халқының мәдениетінде әйелдің рөлін жоғары қоюмен қатар, Тұмар ханым секілді тарихи тұлғалар арқылы ұлттық құндылықтарды еске салады. Авторлық теңеу оқырманның санасында намысты, батырлықты асқақ бейне ретінде көрсетеді.

«Тұранның әлемге күн секілді орныгар сәті келді» деген тұстағы *«күн секілді»* тұрақты теңеуі де түркі халықтарының тарихи бірлігі мен мәдени арманын бейнелейді. Мұнда *«күн»* метафорасы Тұранның болашақтағы маңызды орны мен жарқын болашағын көрсетуге қызмет етеді.

Қазіргі баспасөз мәтіндерінде адам болмысын, сипатын жан-жақты бейнелеуде де теңеулер ерекше орын алады. Олар адамның сыртқы келбеті, мінезі және ішкі болмысын сипаттап, оқырман санасында бейнелі образ қалыптастырады: *Нашар, жіңішке атаның балалары **айдаһардай** көріп, айбатынан жасқанып, алдына келмейтін еді (Ақиқат, 31 қазан, 2024 жыл). Қайраты **қара нардай** еді (ОҚ, 6 желтоқсан, 2024 жыл). **Толқындай** тулаған тағдырлар (ЕҚ, 30 Желтоқсан, 2022 жыл).*

Лингвостилистикалық тұрғыдан *«айдаһардай», «қара нардай», «толқындай»* секілді тұрақты теңеулер оқырманға кейіпкердің бейнесін бірден көз алдына елестетіп, оның ерекше сипаттарын сезінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар теңеудің эмоционалдық жүктемесі жоғары: ол тек сипаттап қана қоймай, оқырманның сезіміне ықпал етеді, кейіпкерге деген екіұдай қарым-қатынас қалыптастыра алады. Осы сынды теңеулерді талдағанда олардың адамның бейнесін жасаудағы функциялары мен экспрессивтілігін атап өту маңызды.

Мерзімді баспасөзде дәстүрлі түрде адамдардың сұлулыққа, тазалыққа, үйлесімділікке ұмтылысын бейнелеуде, оқырманға эстетикалық әсер беріп, жағымды эмоция қалыптастыруға бағытталған теңеулер де бар. Мәселен, *«аққудай», «қыр гүліндей», «таңғы шықтай таза», «тал шыбықтай», «тотыдай таранған», «ай маңдай», «саф алтындай таза», «жұлдыздай жарқыраған», «бұлақтың суындай мөлдір»* және т. б. теңеулерді жиі байқаймыз: «*Егіздей Есіл мен Нұраның ағысы, Екі **аққу секілді** қанатының қағысы» деп ән айдыннан қанатын баяу қағып көтерілген **қос аққудай** байыппен ғана бара жатады да, кенет екеуі ауада вальс билей жөнелгендей құбылады (ЕҚ, 24 қараша, 2022 жыл). ...Медина, Даяна есімді қыздары **қыр гүліндей** жайқалып өсіп келеді (Айқын, 7 наурыз, 2024 жыл). **Тотыдай** түрленген Текелі (ЕҚ, 21 Қыркүйек, 2022 жыл). **Тотыдай** таранған Түркістан (Айқын, 23 мамыр, 2024 жыл). Олардың пәк жүрегінен шыққан **таңғы шықтай** тап-таза сезімін білдіретін сөздер сүйікті ұстазына қуаныш пен жақсы көңіл сыйлап тұратын шығар (ЕҚ, 19 Маусым, 2018 жыл). Осынау жарық дүниеде **саф алтындай таза, бұлақтың суындай мөлдір** де бай ана тілі бар екенінен хабарсыз өсті. (АТ, 21 Мамыр, 2020 жыл)*

«Қос аққудай» тұрақты теңеуі екі адамның нәзік және үйлесімді жарасымдылығын, қарым-қатынасын бейнелейді. Аққу бейнесі – қазақ

мәдениетінде сұлулықтың, тазалықтың және адалдықтың символы. Сол секілді, *«қыр гүліндей», «тотыдай», «тал шыбықтай»* сынды тұрақты теңеулерді осы қатарға жатқызамыз. Дегенмен қазіргі қазақ мерзімді баспасөзінде олардың қолданылу жиілігі төмендеген.

«Тотыдай таранған», «тотыдай түрленген» деп қала атауларымен (бұрын адамдарға байланысты жиі қолданылатын) үйлесімді қолданылуы ұлттық поэтикалық дәстүрлер мен қазіргі заманғы реңкті байланыстырады. Әсіресе мерзімді баспасөз мәтіндерінде бұл тәсіл қаланың ерекшелігін эмоционалды түрде жеткізу үшін пайдаланылады.

Сондай-ақ «*тал шыбықтай*», «*тал жібектей*», тұрақты теңеулерінің семантикалық, стилистикалық қырына тоқталсақ, бұл теңеулер қазақ тілінде нәзіктік пен әсемдікті жеткізудің үлгілері болып табылады. Олар табиғаттан алынған бейнелер арқылы адам болмысының сұлулығын және рухани қасиеттерін суреттеуге бағытталған: *Айтса айтқандай-ақ екен,* ***тал шыбықтай*** *сымбатты,* ***ай маңдай*** *ару Жазушылар одағының екінші қабатында, бір топ қаламгерлермен бірге отыр (ЕҚ, 16 тамыз, 2017 жыл).*

«Тал шыбықтай сымбатты», «ай маңдай ару» теңеулері адамның сыртқы келбетінің сұлулығын көрсету үшін қолданылады. *Тал шыбық* бейнесі қазақ әдебиетінде нәзіктік пен жарасымдылықты білдіреді, ал *«ай маңдай»* эпитеті адамның ажары мен жарқыраған келбетін сипаттайды. Ал, *«тал жібектей таза»* тұрақты теңеуі өзгеше, тың образ қалыптастырады. Әдетте, мерзімді баспасөз мәтіндердегі тың образдар мен күшті әсерлілік тудыруда автордың дыбыстардың үйлесімін сәтті қолдануы маңызды: *Фердоусидің қырық мың жолдық «Шахнамасын» түпнұсқадан қазақша төгілтіп, төл дүниедей түзген шандоз шайыр Тұрмағамбеттің:* ***«Тал жібектей*** *таза сөз еш жеріңді жырмайды» деген сөзі еске түседі. Дәл осы айтылғандай, Зекеңнің* ***тал жібектей*** *таза сөздері жаныңды желпіп, сезіміңді шертіп, бүр жарып бөртіп тұратын (ЕҚ, 11 желтоқсан, 2017 жыл).*

Тал – қазақ мәдениетінде икемділік пен сұлулықтың символы болса, *жібек* – жұмсақтық пен талғампаздықтың белгісі. Бұл бейнелік элементтер сөзбен сипатталатын объектінің (адамның сөзі, мінезі немесе қасиеті) ерекшелігін айқындауға көмектеседі. *«Тал жібектей таза»* тіркесінің дыбыстық үйлесімділігі де оның бейнелік әсерін арттырады. Аллитерация (*т* дыбысының қайталануы) сөздердің әуезділігін күшейтіп, оны есте сақтауды жеңілдетеді. Осы сынды публицистика мәтіндерінде көптеген теңеулер әрі дыбыстық үйлесімділікпен беріле келе қуатты экспрессия қызметін атқарады:

Шұ*батылған* ***шаңдай*** *ұзаса да, жалықтырмайды. Шығарманың бойында қыз құлағында үзілердей дір-дір еткен* ***с****ырғадан білінген сәуледей бір ғажап сиқыр бар. Ынтық сезім бе, ізгі аңсар ма, ол жағын түйсігіңіз біледі (ЕҚ, 5 наурыз, 2024 жыл).* Берілген мерзімді баспасөз мәтінінде қолданылған бейнелі сөз тіркестері тілдің прагматикалық әлеуетін арттырып, оқырманға нақты әсер ету үшін стратегиялық түрде пайдаланылған. Мәселен, *«шұбатылған шаңдай»* авторлық теңеуі мәтінді оқырманды жалықтырмайтынын ерекше поэтикалық түрде жеткізеді. *«Шұбатылған»* және *«шаңдай»* сөздеріндегі қайталанатын *«ш»*

дыбысы сөйлемнің әуезділігін арттырып, оқырманның назарын теңеудің бейнелілігіне шоғырландырады. Лингвопрагматикалық тұрғыда теңеу оқырманның көңілін шығарманың құрылымына аударып, оның мазмұнын тереңірек сезінуге ынталандырады.

*Мінекей, **п**айдасы **пілдей, з**ияны **зілдей** жасанды интеллект дегеніміз осы. Қолдана алсаң – игілігің, қолдана алмасаң – қиғылығың (ЕҚ, 27 наурыз, 2024 жыл).* Мұндағы *«Пайдасы пілдей, зияны зілдей»* тіркесі контрастқа негізделген. Мұндағы «пілдей» және «зілдей» тұрақты теңеулері семантикалық жағынан ұқсас ұғымдарды бейнелеп, жасанды интеллектінің бір жағынан үлкен пайдасын, екінші жағынан одан да үлкен зиянды әсерін жеткізеді. Тіркес дыбыстық үйлесімге ие, өйткені қайталанатын *«п»* және *«з»* дыбыстары оқырманға мәтінді ырғақтық тұрғыдан қабылдауды жеңілдетеді. Бұл лингвостилистикалық құрал оқырманға жасанды интеллекттің маңызын түсіндіруде эмоциялық әсер берсе, лингвопрагматикалық тұрғыдан мәтіннің негізгі идеясын нақты әрі түсінікті түрде жеткізеді.

Мұндай стилистикалық тәсіл баспасөз мәтіндерінде жиі қолданылады: *Түйіндей айтқанда, аты **дардай** болғанымен, ел ішінде, әсіресе кәсіпкерлік ортада абыройдан **жұрдай** болған ӘКК-лерді трансформациялау ісі созбаққа салынбай, тездетілсе, құба-құп (ЕҚ, 14 қараша, 2022 жыл).*

Мәтіндегі «аты дардай» және «абыройдан жұрдай» тіркестері дыбыстық үйлесімділігімен және семантикалық қарама-қайшылығымен ерекше әсер қалдырады. *«Дардай»* және *«жұрдай»* тұрақты теңеулеріндегі ұйқас пен қайталаулар мәтіннің ырғақтылығын күшейтіп, оқырманның назарын теңеулерге аудартады. *«Аты дардай»* тіркесі сыртқы көрінісінің немесе атақ-даңқының жоғары екенін білдірсе, *«абыройдан жұрдай»* тіркесі оның мәні мен беделінің жоқтығын көрсетеді. Мұндай контраст публицистикалық мәтіннің бейнелілігін арттырып, мәтіннің сыни көзқарасын айқын бейнелейді.

Мысалы: *Осындай жоспармен жүргенімде, міне, сенің мерейтойыңның да **сынаптай сырғып** жетіп келгеніне байланысты ол дәріптемеме үтір қоя тұрып, бабаларымыздың «алпысқа келгеннен ақыл сұра» дегенін саналы түрде ескере келе, көптен бері көкейімде жүрген ойларымды сенімен бөліссем дедім (АТ, 21 қараша, 2024 жыл).*

«Сынаптай сырғып» тіркесі мәтінге динамика қосып, оқырманға уақыттың жылдам өткенін сезінуге жетелейді. *«Сырғып»* сөзі мен *«сынаптай»* тұрақты теңеуіндегі дыбыстардың қайталануы да оқырманға ерекше әсер береді. Бұл теңеулердің ортақ ерекшелігі – олардың дыбыстық үйлесімділік пен көркемдік реңк арқылы оқырманға әсер ету қабілеті.

Мысалы: *Басығара баласы Қанапия дегенде, көз алдымызға көзі **көмір шоғындай,** сөзі **мірдің оғындай,** екі иығына екі кісі мінгендей батыр тұлғалы жігіт елестейді (ЕҚ, 3 Тамыз, 2024 жыл).*

Мәтіндегі *«көзі көмір шоғындай, сөзі мірдің оғындай»* тұрақты теңеулері кейіпкердің өткірлігі мен қайсарлығын көрсетуде қолданылған. *Көмір шоғы* – жанған оттың символы, ол адамның өткір әрі әсерлі көзқарасын бейнелейді. Ал *«мірдің оғы»* – сөздің салмақтылығын, дәлдігін және әсер ету қабілетін

сипаттайтын бейне. Бұл теңеулер арқылы кейіпкердің сыртқы келбеті мен мінезі біртұтас түрде беріледі. Теңеудің қысқа әрі көркем құрылымы кейіпкердің бейнесін нақты әрі әсерлі етіп жеткізеді.

Бұл мәтіндердегі теңеулердің барлығы адамның жеке қасиеттерін бейнелеу және олардың ерекшеліктерін айшықтау мақсатында қолданылған. Олар қазақ мәдениетіне тән бейнелі ойлаудың үлгісі ретінде адамның физикалық немесе рухани сипатын эстетикалық тұрғыдан жеткізеді. Сонымен қатар мұндай теңеулер мәтіннің эмоционалдық қуатын арттырып, оқырманның кейіпкерлерге деген көзқарасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Лингвостилистикалық тұрғыдан теңеулердің басты артықшылығы – олардың қысқалығы, бейнелілігі және оқырманға терең әсер ету қабілетінде. Мұндай теңеулерді орынды қолдану мәтінді байытып, оның көркемдік сапасын арттырады. Алайда теңеулердің артық немесе орынсыз қолданылуы олардың әсерін төмендетіп, мәтіннің шынайылығына нұқсан келтіруі мүмкін. Сондықтан оларды тек стильдік үйлесім мен мазмұндық қажеттілікті ескере отырып пайдалану қажет.

Қазіргі баспасөзде *«жұлдыздай», «күндей», «айдай», «сәуледей»,* тұрақты теңеулерінің кеңінен қолданылуы да бұл сөздердің әмбебап сипатын және бейнелілік әлеуетін көрсетеді: *Сара мен Мәйке сынды сандуғаш қыздар, тыңдаушыларын қорғасындай балқытқан небір сұңғыла шешендер, жаратылыс жомарттықпен тудырған ғажайып дарындар өнер аспанында* ***жұлдыздай*** *жарқырап көрінген еді (ЖА, 6 сәуір, 2025 жыл). Сәлден соң бұлттан босаған* ***күндей*** *жадырап, жүзіне шуақ тарап, шаттыққа бөленіп шыға келеді (АТ, 1 мамыр, 2025 жыл). Арамызда* ***күндей*** *жарқырап, барша жұртқа жылы шуағын төгіп жүрген асыл ағамыз Жәлел Сұлтанғазин де 75 жасқа толғалы отыр (АТ, 23 тамыз, 2012 жыл). Он минут өтті ме, өтпеді ме, Бибігүл апамыз* ***күндей*** *жарқырап, күлімсіреп кіріп келе жатыр (ЖА, 31 мамыр, 2022 жыл). Жазушы Шерханның көп жазбалары осы «ұлттық жарақатты» қозғағандықтан оқырманның жүрегіне алтын* ***сәуледей*** *құйылып, жадында сайрап жатады (ЖА, 23 шілде, 2024 жыл). Адамзат баласына ғайыптан құйылатын тылсым жарық* ***сәуледей*** *ұлы өнер түрлерінің бірі әдебиет пен сурет өнері шығар (ҚӘ, 14 қаңтар, 2020 жыл). Таза, тұңғиық су түбіндегі маржан тастай жарық шашқан жырды, көзді қарықтырар сонау биіктен түсіп, түнекті тілгілеген* ***сәуледей*** *сөзді іздеген адам Есенғалиды табады (ЖА, 20 ақпан, 2024 жыл). Сол бір ғажайып әуендердің өн бойындағы тылсым сыр, қайталанбас лирика тыңдарманның жүрегіне әппақ арман болып қонақтап, санасына* ***сәуледей*** *нұр шашып, жанына мөлдір бұлақтай құйылып... әйтеуір, ойыңның түкпірінде мүлгіп жатқан нәзік пернелерді қозғап өткендей күй кештіреді (АТ, 26 маусым, 2019 жыл). Иә, бәріміз айтуға тиісті* ***айдай*** *ақиқат – осы (ЖА, 16 наурыз, 2021 жыл). Бас қақпадан өткенімізде маңдайымыздан тураланған Тәж Махалдың сонадай жердегі мүсіні* ***айдай*** *жарқырап, бетін жаңа ашқан үлбіреген келінше ақ мәрмәрлі сұлбасын қымсына қылаңдатып қойды (ЕҚ, 14 мамыр, 2016 жыл). Сондықтан ескінің соңы, жаңаның басы болған Абай қашанда Алаштың аспанында туған* ***айдай*** *жарқырап тұрады (ЕҚ, 10 тамыз, 2020 жыл).*

Бұл тұрақты теңеулер тұлға, оқиға немесе құбылысқа ерекше мән беру үшін жиі пайдаланылады. Мәселен, жұлдыздың жарықпен байланысты және мәңгілік символикасы адамның еңбегі, жетістігі немесе өмірлік маңызды сәттерімен байланыстырылады. Бұл тәсіл мерзімді баспасөз мәтіндерінде эстетикалық әсер ғана емес, оқырманға мазмұнды тереңірек қабылдау мүмкіндігін береді: *Қазақ өлеңінің аспанында* ***жұлдыздай*** *жарқырап, орда бұзар жасында опат болған Бауыржан Үсеновті ойлы оқырман шын мәніндегі тағдырлы талант ретінде таниды (ЕҚ, 14 тамыз, 2020 жыл).* Берілген мысалдағы *«жұлдыздай»* теңеуі – қазақ публицистикасында жиі кездесетін, бейнелілік пен эмоционалдық әсерді күшейтетін көркемдік құрал. Ол тек мәтіннің эстетикалық мазмұнын арттырумен шектелмей, белгілі бір оқиға, тұлға немесе құбылыстың маңызын айқындап, оны оқырман санасында ерекше орынға қояды. *«Жұлдыздай жарқырап»* деген тіркестің өзі де тұлғаның шығармашылық жолын сипаттап бере алады. Жоғарыдағы мәтінде бұл тіркес арқылы жеке тұлғаның шығармашылық жолы сипатталады. Яғни, жұлдыз образы тұлғаның талантын, айрықша қабілеті мен кәсіби тәжірибесін білдіреді. Бұл теңеу әсерлілікке ие, оқырманға тұлғаның кәсіби саласындағы жетістігін, алар орнын түсінуге мүмкіндік береді. Мұнда жұлдыз тек жарық көзі ретінде емес, өнер мен шығармашылық символы ретінде көрінеді.

Алда бір той бар. Ол той ***шоқ жұлдыздай*** *шағын ғана Көктерек ауылының іргетасы қаланғанына тоқсан жыл толуы (ЕҚ, 30 сәуір, 2020 жыл).* Ал мұндағы *«шоқ жұлдыздай»* тұрақты теңеуі – мәтіндегі Көктерек ауылының шағын, бірақ маңызы зор екеніне назар аударту мақсатындағы әсерлілік құралы. Бұл теңеу жұлдыздың жарық, көптік және ұжымдық мәнін көрсетеді. Шоғырланған жұлдыздар идеясы қоғамдағы кішігірім, бірақ айрықша маңызды орын алатын құндылықтарды бейнелейді. Бұл теңеу ауылдың маңызын оқырман санасына тереңірек жеткізеді. Мұндай теңеулер қазіргі баспасөзде көпжақты қызмет атқарады: ол мәтіннің эстетикалық және философиялық мазмұнын байытып, оқырманға оқиға немесе тұлға туралы тереңірек түсінік береді. Теңеудің мағыналық реңктері оның қолданылған контекстіне байланысты өзгеріп, әрбір жағдайда мазмұнды ерекше сипаттауға ықпал етеді. Бұл оның публицистикадағы әмбебап құралы ретіндегі рөлін анықтайды.

Мерзімді баспасөз мәтіндеріндегі бейнелі сөз тіркестері – көркемдік пен әсерлілік тудырудың маңызды құралдары. Олар тек мәтіннің мазмұнын байытып қана қоймай, автордың оқырманға жеткізгісі келген негізгі ойы мен ұстанымын айқын көрсетеді. Әрбір бейне нақты мақсатқа бағытталып, стилистикалық жағынан мәтінді жандандырады. Мәселен, *Ашылғаннан бастап, білім беру саласына сапалы маман даярлап келе жатқан іргелі оқу ордасы –* ***көненің көзіндей*** *шежірелі,* ***жақсылардың ізіндей*** *киелі шаңырақ (ЕҚ, 24 қыркүйек, 2024 жыл). «Көненің көзі»* дәстүрдің үздіксіз жалғасуын, ал *«жақсылардың ізі»* мәдени мұра мен дамудың символы ретінде қабылданады. Берілген сөйлемдердегі бұл тұрақты теңеулер оқу орнының беделін көтеріп қана қоймай, оның ұлттық мәдениеттегі рөлін айқындайды. Бұл жерде бейнелі тіркестер

автордың оқырманмен эмоционалдық байланыс орнатуында ерекше рөл атқарады.

Сонымен қатар баспасөз мәтіндеріндегі қуатты экспрессияны тудыратын теңеулер – *мысқыл, келемеждеу* мәнінде қолданылған теңеулер. Мұндай қолданыстардың басты ерекшелігі – олардың қоғамдық немесе әлеуметтік мәселелерді сыншыл тұрғыдан жеткізуге бағытталуында. Мұндай қолданыстар нақты фактілерді ашық айтудан гөрі, астарлап жеткізуді мақсат етеді.

Мәселен, *Аймақтағы **а**гросаясат **«Аққу, шортан һәм шаян» ертегісіндей** болып тұр (ЕҚ, 10 наурыз, 2022 жыл).* Мұндағы *«Аққу, шортан һәм шаян» ертегісіндей* авторлық теңеуі агросаясаттағы келіспеушіліктер мен үйлесімсіздікті сипаттау үшін қолданылған. Ертегі – ұлттық танымның ерекше нышаны және оның публицистикалық мәтінде қолданылуы оқырманға таныс образ арқылы мәселенің мәнін жеткізуді жеңілдетеді. Бұл тәсіл сыншыл-әлеуметтік контексте өте тиімді, себебі автор мәселені ашық түрде айтпастан, сарказмдық тәсілмен жеткізеді. Енді бірде авторлар теңеудің әсерлілігін арттыру мақсатында тағы да көркемдік тәсілдерді қолданады.

Тағы бір мысал: *Қайыспас қайың, қабырғалы ақын, жазушы, қайсар тұлға Нұртас Исабаевтың өлеңдері ХХ ғасырдың соңы мен бүгінгі поэзиядағы **сыршылдықтың, қайсарлықтың, тереңдіктің рәмізіндей** екені анық (ЕҚ, 9 қараша, 2024 жыл).*

Сыршылдықтың, қайсарлықтың, тереңдіктің рәмізіндей тіркесі – мерзімді баспасөздегі поэтикалық-публицистикалық теңеудің үлгісі. Мұндай авторлық теңеу нақты бейнеге емес, құндылықтық-идеялық символға негізделеді. Сөзқолданыс автордың бағалауыштық ұстанымын күшейтіп, риторикалық үштік арқылы әсерлілікті арттырады, тұлғаның бейнесін рухани-идеялық деңгейде танытуға тырысады. Тілдік тұрғыдан бірыңғай сөйлем мүшелері мен теңеудің қатар берілуі мәтіннің ырғақтығын және логикалық байланысын күшейтеді. Мұндай тәсілдер де қазіргі публицистикада оқырманның назарын аударып, оның мәтінмен эмоциялық байланысын орнату үшін жиі қолданылады.

*Кітаптар да құрсаққа түскен **сәбидей** миға бітеді. Күн сайын жетіледі. Толғатасың, өбектейсің, азабы да бар... Айы-күні келгенде жарыққа шығады (ЕҚ, 23 ақпан, 2018 жыл)* деген мысалдағы *«құрсақ», «сәби», «толғату»* сияқты сөздер кітаптың жазылуындағы еңбек пен шыдамдылықты, шығармашылықтың табиғи процесс екенін көрсетеді. *«Құрсаққа түскен сәбидей»* авторлық теңеуінің символикалық бейнесі кітаптың күрделі рухани туынды екенін, оның дүниеге келуі терең ой мен сезімнің нәтижесі екенін жеткізеді. Теңеу мазмұнды эмоционалды түрде күшейтетін қосымша сөздермен *(толғату, өбектеу, азап)* үйлесіп, мәтіннің бейнелілік қуаты одан әрі арта түседі.

Теңеудің символикалық бейнесі мемлекеттердің де адам сияқты қалыптасу, даму және тоқырау кезеңдерінен өтетінін көрсетіп, оқырманға тарихтың терең заңдылықтарын түсінуге көмектеседі. Мәселен, *Тарихшының пайымынша, мемлекеттер де **адам секілді** өмір сүреді: тәй-тәй басып алғашқы қадамын жасайды, сосын өсіп-өркендейді, нағыз болып-толысқан кемеріне жетеді (ЕҚ,*

6 наурыз, 2023 жыл). Кітаптар да құдды ***адам сияқты*** *– өзінше бақытты, өзінше бақытсыз, тағдырлары да, мазмұндары да ешқашан бір-біріне ұқсамайды (Ақиқат, 26 тамыз, 2024 жыл).* Бұл ретте *«тәй-тәй басу», «өсіп-өркендеу», «кемеріне жету»* тіркестері мемлекеттің тарихи даму кезеңдерін адам өмірінің табиғи сатылары арқылы көркем түрде сипаттайды. *«адам сияқты»* деп кітапқа телінген теңеу арқылы кітаптың күрделі рухани болмысын адам тағдырымен байланыстырады. *«Бақытты», «бақытсыз», «тағдырлар», «мазмұндар»* сияқты сөздер кітаптың ішкі мазмұнын тек ақпарат көзі ретінде ғана емес, өз алдына бірегей өмір жолы бар рухани құбылыс ретінде көрсетуге қызмет етеді. Мұндай стилистикалық тәсілдер қазіргі баспасөз мәтіндерінде жиі қолданылады. Себебі теңеулер – идеяны оқырманға бейнелі, түсінікті және әсерлі түрде жеткізудің тиімді құралы. Алайда мұндай тәсілдер шебер қолданылмаған жағдайда мәтіндерде қайталанушылық немесе әсердің әлсіреуі байқалуы мүмкін.

Теңеулерді шамадан тыс пайдалану кейде мәтіннің нақтылығын төмендетуі мүмкін: ***Айнадай*** *айдында айқын із қалдырған алтын* ***асықтай*** *ұл шарыққа ұстаған* ***шарболаттай*** *лыпып тұрушы еді (ЕҚ, 23 шілде, 2018 жыл). Ауыл тұрғындарының екі жыл ішінде түсіне алмай келе жатқаны – үш-ақ көшесі, 105-тей ғана үйі бар* ***оймақтай, асқасықтың басындай*** *ауылға су тартамыз деп (ауылда су бар!) 12,7 шақырымдық пластикалық құбыр салудың кімге, не үшін керегі болды екен? (ЖА, 1 шілде, 2019 жыл).* Мәтін оқырманнан көп көңіл бөлуді талап етеді, өйткені әрбір теңеудің мағынасы мен реңкін түсіну үшін когнитивтік күш жұмсау қажет. Мұндай құрылымда мәтіннің негізгі идеясы екінші жоспарға ығысып, оқырманға негізгі ақпаратты қабылдау қиынға соғады.

Баспасөз мәтіндердегі әсерлілік тудырушы құралдардың қай-қайсысы болса да өз функциясын толық орындай отырып, қазақ публицистикасының көркемдік құралдары арқылы оқырманға ықпал етудің үлгісін көрсетеді. Олардың әртүрлі контексте қолданылуы – ұлттық таным мен мәдени құндылықтарды жеткізуге арналған стилистикалық амалдардың тиімділігі мен өзектілігінің айқын дәлелі. Мұндай тәсілдер публицистикалық мәтіннің эмоционалдық, ақпараттық және эстетикалық әсерін күшейтіп, оқырман санасында ұлттық сана мен танымның бейнесін қалдыруға қызмет етеді.

Тұтастай алғанда, мерзімді баспасөз тіліндегі теңеулердің қолданылу ерекшеліктерін негізгі екі мәселенің төңірегінде қарастыруға болады.

Біріншісі – тілдік санада қалыптасқан тұрақты теңеулерді қолдану. Бұл теңеулер ұзақ уақыт бойы халықтың дүниетанымы мен ұлттық мәдениетінде орнығып, тұрақты қолданысқа айналған. Олар белгілі бір ұғымдарды, оқиғаларды немесе сезімдерді бейнелеу үшін қолданылып, мәтіннің ұлттық сипатын арттырады. Мәселен: *уықтай, ақ алмастай жарқылдаған, моншақтай, жанартаудай, тасқындай, қорғасындай ауыр, ат төбеліндей, бөрідей, ұры иттей, жылы ұядай, айдаһардай, қара нардай, толқындай, аққудай, қыр гүліндей, таңғы шықтай таза, тал шыбықтай, тал жібектей, тотыдай таранған, ай маңдай, жұлдыздай жарқыраған, бұлақтың суындай мөлдір,*

сынаптай сырғыған, көзі көмір шоғындай, сөзі мірдің оғындай, көненің көзіндей, жақсылардың ізіндей, дардай, жұрдай.

Екіншісі – авторлық қолданыстардың енгізілуі. Авторлар өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін пайдаланып, бейнелілік пен әсерлілікті күшейтетін тың теңеулер жасайды. Мұндай теңеулердің мақсаты – жаңа образдар қалыптастырып, мәтіннің стилистикалық ерекшелігін айқындау. Мысалы: *майы таусылған шамдай, бойынан нәр кеткен шөптей, руханияттың шапағындай, жусанның иісіндей, керегедей керілген, қара қазанда қуырылған бидайдай, кестелі орамалдай, шұбатылған шаңдай, «Аққу, шортан һәм шаян» ертегісіндей, тереңдіктің рәмізіндей, құрсаққа түскен сәбидей.* Мұндай теңеулер мәтінде оқырманның қиялын оятып, эмоционалды байланыс орнату үшін аса маңызды рөл атқарады.

Бұл теңеулердің ортақ қасиеті – олардың ассоциативтік әсері. Нақты айқанда, теңеулер оқырманға белгілі бір бейнелерді елестетіп, мәтіннің эмоционалдық және эстетикалық әсерін күшейтеді. Әсіресе тұрақты теңеулерде ұлттық-мәдени реңк байқалса, авторлық теңеулерге жаңашылдық пен тың бейнелілік тән. Тұрақты теңеулерден эстетикалық күші жоғары әрі оқырманға ұғынықты образдарды таңдау публицистика мәтіндерінің бейнелілік әлеуетін арттыруға ықпал етеді. Осылайша теңеулер публицистикадағы ұлттық танымды жеткізудің, оқырманға әсер етудің және мәтін мазмұнын тереңдетудің қуатты құралына айналады.

Тағы бір назар аударатын жайт – публицистикалық мәтіндердегі теңеулерді талдағанда баспасөз мәтіні авторларының лингвокреативтілігі мен ұлттық танымның байланысы. Бұл ерекшелік ұлттық танымға негізделген дәстүрлі бейнелерді жаңаша интерпретациялау арқылы көрінеді. Авторлар ұлттық мәдениетте орныққан бейнелерді пайдаланумен қатар оларды өз шығармашылық ерекшеліктерімен толықтырып, заманауи оқиғаларға немесе құбылыстарға сәйкес бейімдейді.

Авторлар ұлттық мәдениеттен алынған тұрақты бейнелерді креативті тұрғыдан түрлендіре отырып, мәтіннің әсерлілігін арттырады. Мысалы, дәстүрлі *«қара қазандай»* теңеулері қазақ халқының тұрмыстық және тарихи тәжірибесінен алынған, ал қазіргі мәтіндерде олар қоғамдағы өзекті мәселелерді бейнелеу үшін қайта жаңғыртылады.

Сонымен қатар авторлар танымдық бірліктердің бай бейнелік мүмкіндіктерін пайдаланады. Бұл ұлттық танымның терең қабаттарын қамтиды: табиғатқа, жан-жануарларға, тұрмыстық заттарға негізделген бейнелер арқылы мәтіндерде терең мағыналық байланыс орнайды. Мысалы, *«жусанның иісіндей», «қара нардай қайратты»* теңеулері ұлттық болмысқа сүйене отырып, мәтіннің көркемдік және танымдық мазмұнын байытады.

Баспасөз мәтіні авторларының ерекшелігі ұлттық танымнан алынған бейнелерді жаңғыртуында ғана емес, сонымен қатар оларды заманауи мәдениетке сай бейімдеуімен көрінеді. Мысалы, *«тотыдай таранған Түркістан», «руханияттың шапағындай», «қара қазандағы бидайдай»* сияқты

теңеулер ұлттық мазмұнды сақтай отырып, қазіргі оқырман үшін түсінікті әрі жақын бейнелерді ұсынады.

Бұл ерекшелік лингвокреативтілік пен ұлттық танымның өзара үйлесімділігі арқасында іске асады. Авторлар танымды заманауи тұрғыда қайта пайымдай отырып, оның мазмұнын тереңдетіп, эмоционалдық әсерін күшейтеді. Мәселен, *«майы таусылған шамдай», «бойынан нәр кеткен шөптей»* сияқты авторлық теңеулер мәтінде ұлттық ой-сана элементтерін қолдана отырып, тың образдар жасайды.

Сондай-ақ қолданыстағы теңеулердің барлығы дерлік – қазақ халқының тілдік санасында қалыптасқан және эстетикалық қуаты жоғары сөздер. Бұл теңеулердің ұлттық мәдениет пен дүниетанымға терең байланыстылығы олардың әсерлілігін күшейтіп, мәтіннің прагматикалық және стилистикалық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Перифраз. Қазіргі баспасөзде сөз әсерлілігін тудыратын қуатты құралдардың негізгісі – перифраздар. Бұл – әлемдік лингвистикада да, қазақ тіл білімінде де терең зерттелген аса күрделі құбылыс. Жалпы анықтамасы бойынша, перифраз – құбылыстар мен заттардың атын атап, түсін түстемей, айрықша белгі-қасиеттеріне негіздей отырып ауыстыру тәсілі [174, 302].

Перифразды қолданудың қазіргі ақпараттық қоғамда маңызы ерекше артқан. Мерзімді баспасөз тілінің негізгі қызметіне сай, оқиғаларды баяндаумен қатар қоғам санасына ықпал ету көзделеді. Осы орайда перифраз – ойды айшықтап, оқырман назарын аударуда тиімді құрал. Перифраздың көмегімен күрделі ақпарат түсінікті әрі есте қаларлық формада беріледі, сонымен бірге ол тілдік, мәдени, әлеуметтік тұрғыда ерекше әсер қалдыруға мүмкіндік береді.

Перифраз – стильдік тәсіл, белгілі бір нәрсені бейнелі әрі образды түрде атауға, оған экспрессивтік, эмоциялық реңк беруге арналған. Ол сөйлеушінің немесе жазушының көңіл күйін, белгілі бір затқа немесе құбылысқа деген жоғары бағасын жеткізуді мақсат етеді.

Осы тұста перифраздардың отандық және әлемдік ғылымдағы зерттелуіне шолу жасау маңызды. Перифразға қатысты алғашқы жүйелі тұжырымдар М. Балақаев, Е.Жанпейісов, М. Томанов, Б. Манасбаевтың «Қазақ тілінің стилистикасы» еңбегінде көрініс тапты [175]. Бұл зерттеуде перифраз фразеологиялық синонимнің бір түрі ретінде қарастырылып, белгілі бір ұғымды әдеттегі атауынан өзгеше сөз тіркестері немесе сөз орамдары арқылы жеткізу тәсілі ретінде анықталады [175, 113]. Әдебиеттану аспектісінде З. Қабдолов перифразды қайталаудың бір түріне жатқызды [176, 231].

Зерттеуші Ә. Ахметов қазақ тіліндегі перифразды эвфемизм тұрғысынан қарастырады және «перифраз – эвфемизм қалыптастырушы өнімді құрал» екендігін айтады [177, 172]. Мәселен, *«темір көзді сарай»* тіркесін түрме сөзінің эвфемистік мағынасын тудырушы перифраздық тіркес ретінде қарастырады.

Академик Р. Сыздық «Абайдың сөз өрнегі» еңбегінде перифразды көріктеу құралы ретінде бағалайды. Ғалымның пікірінше, перифраз – бұл заттар мен құбылыстарды олардың негізгі белгісін сипаттап, бейнелі түрде атау әдісі [178, 30]. Ғалым жалпыхалықтық тілдегі бейнелілік пен көркем сөздегі бейнеліліктің

айырмашылығын түсіндіреді. Жалпы тілдегі образдар – қоғамның ортақ меншігі болса, көркем сөздегі образдар жеке жазушының туындысы, оның мәні мәнмәтінде ашылады [178, 31]. Перифраз тұрақты тіркеске, метафораға, эпитетке, кейде теңеуге ұқсас келуі мүмкін, бірақ өзіндік өзгешеліктері бар.

Академик Рәбиға Сыздық еңбектерінде перифраздың классикалық үлгісінің бар екені, ол дұрыс жасалғанда әсерлілік күшті болатындығы дәлелденген. Мысалы, Абай «надандық» ұғымын *«қараңғылық пердесі»* деп бейнелеп, заттың белгісін нақтылай түскен, ақынның *«уайымды – көңілдің сызығы»* немесе *«қайғыны – өмірдің шыжығы», «он сегіз мың ғалам», «шартарап» («дүние»), «қызыл гүл», «қалам қас», «піскен алма» («қыз»), «сұм жалған», «сұм дүние» («өмір»), «қарсақ жортпас қара адыр», «талаптың аты», «үміттің оты», «қайғы оты», «соқтықпалы соқпақсыз жер», «сұрғылт тартқан бейуақ»* атауы да перифраздың ерекше мысалдары болатынын көрсетеді [178, 116]. Осылайша ғалым перифразды эмоциялық әсер тудыратын экспрессиялық құрал ретінде қарастырады. Олай болса, перифраз сөзге әсерлі сипат беріп, көркемдік мақсатына жетуге ықпал етеді.

Академик Ө. Айтбайұлы өз зерттеулерінде перифраз мәселесіне жан-жақты тоқталып, бұл құбылыстың қазақ тіл білімінде түрлі қырынан қарастырылып жүргенін айтады. Сондай-ақ перифраздың *троп* немесе *поэтикалық фигура* ретінде қарастырылатынын, бұл тұрғыда нақты анықтаманың жетіспейтінін де атап өтеді. Ғалым перифраздың көркем троп ретінде бейнелі мағына беру құралы екенін көрсетеді, оның мәні бір нәрсені немесе құбылысты тікелей атамай, оның ерекше сипаттары арқылы сипаттап жеткізу екенін баса айтады. Перифраз тек көркем әдебиетте ғана емес, газет-журнал және техникалық әдебиеттерде де жиі қолданылатынын көрсетеді [179, 200]. Зерттеушінің түйінінде перифраздың басты ерекшелігі – оның келтірінді мағынада болуы және басқа тілдік факторлармен тығыз байланыста қаралу қажеттілігі. Бұл байланыстар арқылы перифраздың табиғатын толық түсінуге болатынын айтады [179, 201].

Т. Қоңыров перифразды «образды синонимдер» ретінде қарастырып, оны затты немесе құбылысты тікелей атамай, сол нысанның басты ерекшеліктерін бейнелі түрде көрсету әдісі деп сипаттайды [164, 73].

Ә. Болғанбаев перифразды «жеке сөздің орнына оның мәнін сипаттайтын сөзбен жеткізу» деп анықтап, оны синонимдік жұптармен байланыстырады да, «Қазақстанның астанасы (Алматы)», «пролетариаттың ұлы жазушысы (М. Горький)», «Абай жолы» романының авторы (М. Әуезов)» және т.б. перифраздарды ұсынады [180, 8].

Белгілі лексиколог ғалым Ғ. Қалиев перифраздың «сипаттау» немесе «сипаттама оралым» деген мағынада қолданылатынын айтады. Ғалымның пікірінше, перифраз сөздің берілуін өзгерте отырып жеткізу тәсілі болып табылады. Ол нақты затты немесе құбылысты тура атамай, ауыспалы мағына арқылы, мысалы, арыстанды *«аң патшасы»* деп, жыланды *«аты жаман»* деп сипаттау арқылы берілетінін айтады [181, 77].

Қазақ медиа кеңістігіндегі мәтіндердің қолданылуын прагматика тұрғысынан зерттеген профессор Қ. Есенова перифразды медиа мәтіндерде

қолданудың прагматикалық маңызын атап өтіп, оның оқырманға ықпал ету құралы екенін көрсетсе [182, 102], ғалым Г. Смағұлова перифраздың фразеологиялық мағынасын талдайды. Ол перифраздың тілдік бірліктерге көркемдік беріп, ерекше мән-мағына жүктейтінін, сол арқылы оқырманға әсер ететінін айтады [183, 60].

Перифраздардың табиғаты, сипаты жөнінде отандық және әлемдік ғылымда зерттеу еңбектері жетерлік. Мұндай зерттеулерді жүйелеу ғалымдардың перифразға қатысты көзқарастары мен тұжырымдарын салыстыра қарастыруға да мүмкіндік береді (Кесте 12).

Кесте 12 – Отандық және әлемдік зерттеулердегі перифразға берілген анықтамалар

Отандық тіл біліміндегі зерттеулер		**Әлемдік тіл біліміндегі зерттеулер**	
М. Балақаев Е. Жанпейісов М. Томанов Б. Манасбаев	Перифраз фразеологиялық синонимнің бір түрі [175, 113].	М.В. Ломоносов	Перифраз – қысқа, тура атаудың орнына сол мазмұнды көп сөз орамымен бейнелеп жеткізу [185, 258]
З. Қабдолов	Перифраз – қайталаудың бір түрі [176, 231].	А.А. Потебня	Перифраз – затты сипаттамалы сөз тіркесі арқылы атау [186, 321]
Ә. Ахметов	Перифраз – эвфемизм тудыратын өнімді құрал [177, 172].	В.П. Уткина	Перифраз – белгілі бір нәрсені суреттеп айту [187, 88]
Р. Сыздық	Перифраз – заттар мен құбылыстарды олардың негізгі белгісін сипаттап, бейнелі түрде атау әдісі [178, 30].	И.В. Арнольд	Перифраз – зат есімдердің семантикалық құрылымындағы сөзжұмсам тәсілі [188, 112]
Т. Қоңыров	Перфраз – образды синоним [164, 73].	Э. Ризель	Перифраз – ауыспалы мағынаға негізделген образды құрал [189, 54]
Ө. Айтбайұлы	Перифраз – көркем троп [179, 200].	И.Р. Гальперин	Перифраз – бейнелі сөзжұмсамның троп және стильдік тәсілі [92]
Ә. Болғанбаев	Перифраз – синонимді қолданудың бір тәсілі [180, 8].	Г.З. Розанова	Перифразды стильдік және семантикалық сипатта түсінді [190]
Ғ. Қалиев	Перифраз – нақты затты немесе құбылысты тура атамай, ауыспалы мағынада беру [181, 77].	Е.С. Кубрякова	Перифразды когнитивтік лингвистикада екінші аталым тәсілі ретінде сипаттайды [100]

12 – кестенің жалғасы

Г.Ж. Үсенбаева	Перифраз – заттың, құбылыстың, процестің бейнелі, көркем мағынада жұмсалатын суреттемелі атауы [184, 12].	Дж. Лакофф	Перифразды категориялар мен когнитивтік модельдер негізінде түсіндіру әдістерін ұсынған [191]
Э. Сүлейменова	Перифраз – затты, құбылысты немесе белгілі бір адамды жай ғана тікелей атаудың орнына оларды суреттеп, бейнелейтін әдеби троп тәсілі [121, 265].	Т.И. Бытеева	Перифразды тілдің экспрессивті құралы ретінде семантикалық ерекшеліктерімен сипаттайды [192]

Анықтамалар мен зерттеулерді жинақтап, белгілі бір жүйеге келтіру арқылы перифраздың түрлі аспектілері: оның семантикалық, стилистикалық, прагматикалық ерекшеліктерін айқындауға болады. Мұндай жүйелеу перифраздың стильдік тәсіл ретінде көркем шығармаларда, жалпы медиа кеңістікте, соның ішінде мерзімді баспасөз тілінде қалай қолданылатынын түсінуге, оның коммуникативтік әсерін бағалауға көмектеседі.

Перифраз эмоцияны күшейтуде, астарлап жеткізуде және оқырманның ойына әсер етуде маңызды. Бұл қасиеттер қазіргі баспасөз тілінде өзекті, себебі ақпараттың жылдам әрі қысқа берілуі, оқырманға тікелей ықпал ету қажеттілігі баспасөз мәтіндерінде перифразды қолайлы тәсілге айналдырып отыр.

Жоғарыдағы келтірілген ғалымдардың зерттеулерін негізге ала отырып, перифраздың төмендегідей ерекшеліктерін топтастырамыз:

– перифраз – номинацияға екінші атау беру [193];

– перифраз міндетті түрде тұрақты сөз тіркесі түрінде жасалады;

– перифраз сөздің бастапқы мағынасын кеңейтіп, қосымша семантикалық реңк қосады;

– перифраздық мағынада заттың тек бір ерекшелігі іріктеліп алынады, ал басқа белгілері назарға алынбайды;

– перифраздар *тұрақты* және *авторлық* болып бөлінеді.

Тұрақты перифраздар тілде бұрыннан қалыптасқан болса, авторлық перифраздар жеке шығармашылықтың нәтижесі ретінде пайда болады. Оларды мерзімді баспасөз тіліндегі қолданыс жиілігі мен әсерлілігіне қарай екіге бөліп қарастырамыз:

1. Қазіргі мерзімді баспасөз тілінде қолданыс жиілігі жоғары – тұрақты перифраздар. Мәселен, қазақ мерзімді баспасөзінде әріден келе жатқан *дала кемесі, темір тұлпар* деген перифраздар тіл иелеріне таныс. Тіркестің жасалуында нысананың (түйе) жазық кеңістік – кең дала төсіндегі бейнебір кеме сияқты бейнесі алынып, осылайша екінші атау пайда болған; ал тағы бір нысананың (көлік) неден жасалғандығы, қазақ ұлттық танымындағы тұлпар

тәрізді алыс-қашықты жылдам меңгеретіндігі сипатталып, темір тұлпар жаңа тіркесі жұмсалымға түскен [193]. Дегенмен аталмыш перифраздар, уақыт өте келе қолданыс жиілігінің артуына байланысты әсерлілік қуаты төмендеп, штамп тіркеске айналған. Олардың қатарына *қара алтын, ақ алтын, көгілдір экран, көгілдір отын, тілсіз жау, ақ халатты, нәзік жанды, білім ордасы, алтын ұя, темір тор* және басқа да перифраздар кіреді.

2. Тұрақты перифраздармен салыстырмалы түрде қолданыс жиілігі төмен немесе енді қарқын алып келе жатқан, бірақ әсерлілігі мен эстетикалық қуаты жоғары – еркін перифраздар. Еркін перифраздар авторлық қолданыстар арқылы пайда болады. Олар ойдың бейнелілігін күшейтіп, оның философиялық әрі эмоционалдық маңызын арттырады.

Мұндай перифраздарды да қазіргі баспасөздегі қызметі бойынша үш бағытта қарастыруға болады:

1) Бұған дейін ақын-жазушылар тілінде кездескен, публицистикалық мәтіндерде қолданыс ерекшелігіне байланысты айрықша стилистикалық қызмет атқаратын – поэтикалық перифраздар. Мәселен, *кәрі көз, кәрі құлақ, шегір көз, қанды қол, қанды балақ, шынжыр балақ, шұбар төс* және т.б.

2) Жазарманның тілде бар, штампқа айналып жауыр болған перифраздардан қашып, жаңа ізденістерге баруының нәтижесінде пайда болған – авторлық перифраздар. Бұл перифраздар көбіне екінші атау ретінде қызмет атқарады. Екі түрлі жолмен жасалады. Бірінші жолы белгілі бір нысананың айқын көрінетін белгілерін сипаттау-бағалау арқылы жаңа қолданыс жасау (мысалы, *қызыл жалын, ұр да жық жуан жұдырықтылар, адам жанының арашашылары, жан әлеміне саяхат жасаушылар, қан қақсатқан тажал, шынайы өмірден алыстап кеткендер, тәж тажал, жаһанды жайлаған дерт, түркі әлемінің бесігі, қазақ баспасөзінің қара шаңырағы, түркілердің төрі*), екінші жолы, өзге тілден тікелей аударма жасау арқылы (мысалы, *қызыл әтеш – красный петух, тәртіп сақшысы – стражи порядка, ақ халатты жауынгерлер – воины в белых халатах, денсаулық сақшысы – хранители здоровья, отан қорғаушы – защитники Отечества, ел қорғаны – защитник страны, көк форма киген погонды – люди в синей форме, мужчины в погонах, жол сақшысы – стражи дорог, ақ континент – белый континент, шығыс көрші – восточный сосед, аспан асты ел – поднебесный*).

3) Белгілі тұлға немесе мекеме, ұйым, орталыққа қатысты сериялы тіркестер түрінде қалыптасқан – авторлық перифраздар. Мұнда бір сөз бірнеше тізбекте қолданылып перифраз жасайды. Бұл авторлық перифраздар мерзімді баспасөз тілінде көркемдік, бейнелік мәнін арттыру, әсер ету қызметін атқарады. Мысалы, *руханият шырақшысы, руханият жаршысы, руханият ордасы, руханият жанашыры, руханият абызы, руханият көпірі, руханият іргетасы; ұлағат ізі, ұлағат діңгегі, ұлағат үлгісі, ұлағат қайнары, ұлағат көзі, ұлағат бастауы, ұлағат ұясы; болашақ жаршысы, болашақ бейнесі, болашақ батыры, болашақ айнасы, болашақ кілті, болашақ бастауы, болашақ шамшырағы.*

Мерзімді баспасөз тіліндегі тұрақты және авторлық перифраздардың табиғатына кеңінен тоқталсақ.

Қазіргі мерзімді баспасөз мәтіндерінде жоғары жиілікпен қолданылатын тұрақты перифраздар бар. Мұндай перифраздар көп жағдайда мәтіннің әсерлілік мәнін арттыруға қарағанда, тілдік қайталаулардан қашу мақсатында жұмсалынады. Сондай-ақ аталмыш перифраздардың көпшілігі бастапқыда орыс тілінен тікелей аударма жасау жолымен қазақ тіліне енген. Олар бастапқы кезеңде көркемдік және экспрессивтік сипатымен ерекшеленіп, қуатты стилистикалық құрал ретінде қолданылған. Алайда уақыт өте келе, әсер ету қабілеті төмендеп, тілдік штамптарға айналды. Мұндай штамптар көбіне ақпаратты нақты жеткізу функциясын атқарады, олардың эмоционалдық, бейнелі мәні төмендеген: *Елімізде әлем көз тіккен, құрлықтан да, су түбінен де **«қара алтын»** өндіру тәжірибесімен төртқұл дүниеге танылған ірі мұнай компаниялары көп емес. (ЕҚ, 1 ақпан, 2024 жыл); Түркістан облысында биыл 131 мың гектардан 340 мың тоннадан астам мақта жинау жоспарланған. Оның 320 мың тоннасы жиналды. Дегенмен **«ақ алтынның»** бағасы мақта шаруашылығындағы негізгі мәселе болып тұр (ЕҚ, 4 қараша, 2019 жыл); **Көгілдір экраннан** енді ғана жол тартқан телесериал кейіпкерлердің килы-қилы тағдырына толы (ЕҚ, 1 Сәуір, 2020 жыл); ТЖ департаментінде де техникадан бөлек жеке құрамдағы 84 адам **«тілсіз жаумен»** күресуге сақадай-сай (ЕҚ, 12 маусым, 2023 жыл); Қазіргі қоғамдағы «феминизм» ұғымы – **нәзік жандылардың** құқығы ерлермен теңесуге талпынуы болып саналады (ЖА, 14 қазан, 2024 жыл); **Ақ халаттылардың** абзал бейнесі... Жаһандық індетпен жан ұшыра алысқан ақ халатты **абзал жандарға** қандай құрмет көрсетсе де лайық-ты (ЕҚ, 4 наурыз, 2021 жыл); **Алтын ұя** мектебіне асыққан жеткіншектер жаңа оқу жылын тағатсыздана тосып жүргені анық. Ал өңірдегі **білім ордаларының** жаңа оқу жылына дайындығы қандай (ЕҚ, 30 тамыз, 2024 жыл)?*

Мұндағы *қара алтын, ақ алтын, тілсіз жау, білім ордасы* және басқа да перифраздар тілдік штампқа айналған. Өйткені «қара алтын» немесе «ақ алтын» сияқты перифраздардың әртүрлі мақалаларда біркелкі және жиі қолданылуы олардың көбіне ақпараттық құралға айналып, шығармашылық стильден алыстағанын айқындайды. Дегенмен тұрақты перифраздардың әсерлілігі авторлық перифраздармен салыстырғанда төмен болғанымен, бейтарап мәнді негізгі аталым жанында екінші аталым ретінде белгілі бір деңгейде ықпал ету қызметін атқаратындығын ескергеніміз жөн.

Мерзімді баспасөз тілінің ықпал ету қызметіне тікелей тәуелді перифраздардың келесі тобы – авторлық немесе еркін перифраздар. Авторлық перифраздардың пайда болуы жазарманның белгілі бір затты, құбылысты атауда тілімізде бар тілдік бірліктерге жүгінбей, жаңа қырынан тануы немесе өзіндік пайым деңгейінде бағалау үдерісімен сипатталады. Олар өз кезегінде бастапқыда еркін тіркес ретінде қалыптасып, уақыт өте жиі қолданылуы және қоғамдық санада бекуіне байланысты тұрақты перифразға айналуы мүмкін.

Әсерлілігі жоғары авторлық перифраздардың бір тобы – алғашында көркем әдебиет үлгілерінде жасалып, кейіннен мерзімді баспасөз тіліне өткен поэтикалық перифраздар. Академик Р. Сыздық көркем шығармалардағы

авторлық перифраз үлгілеріне *«көк өрім», «қызыл гүл», «қызыл көзді пәле», «қара адыр», «сұрғылт тартқан бейуақ»* секілді тіркестерді жатқызған [178].

Ғалымның келтірген мысалдары көбіне поэтикалық метафораларға жақын. Мұның себебі ғалымның поэзия тілін зерттеуі, сондықтан көркем әдебиет тіліндегі перифраздар мен метафоралар бір-бірімен тығыз байланыста қарастырылып, екеуінің арасы кейде ажыратылмайды. Р. Сыздық перифразды метафораға негізделген деп қарастырып, бұл екі құбылыстың бірге қолданылғанда фразеологизмге айналатынын атап өтеді [178].

Поэтикалық перифраздар жеке шығармашылық нәтижесі екенін ескере отырып, ақын-жазушылар күнделікті өмірде бізді қоршаған зат, дүние, құбылыс, тіпті адам болмысына тән сипаттар мен қасиеттерді жаңа қырынан тануы мен бағалауы арқылы негізгі аталымға қосымша түрлі бейнелі образдық баламалар жасайтыны белгілі. Егер оқырман тарапынан жазушы ұсынған образды баламалар жағымды қабылданып, оң бағаланса, берілген поэтикалық перифразалар тек көркем әдебиет үлгілерімен шектелмей, қоғамдағы өзекті мәселелерді барынша әсерлі етіп жеткізуді көздейтін мерзімді баспасөз тіліне де өтуі мүмкін.

Қазіргі қазақ мерзімді баспасөзінде әсерлілігі қуатты поэтикалық перифразалардың қатарында қазақтың бас ақыны, Абай Құнанбаев жасаған классикалық үлгілерді де (*қараңғылық пердесі* – надандық, *жүрек көзі* – адамның ішкі танымы / рухани сезімі, *сөз патшасы* – өлең, *он сегіз мың ғалам* – бүкіл жаратылыс, барша әлем) атауға болады. Мәселен, *Ол сәуле болмаса, наданның көңілін **қараңғылық пердесі** басып тұрады (ЖА, 8 тамыз, 2025 жыл). Алайда келесі Ата заңымызды өмірдің барлық тепірешін көріп, санасы оянып, **жүрек көзі** ашылған қара халықтың өзі жазуы әбден мүмкін (ЖА, 20 мамыр, 2021 жыл). **Жүрек көзі** ашық жазушы (Айқын, 9 қыркүйек, 2023 жыл). Иә, «**сөз патшасы**» кім-көрінгеннің бөктеріп жүре беретін қол баласы емес (АТ, 17 қазан, 2013 жыл), Наурыз – түркі халқының төл мерекесі ғана емес, **он сегіз мың ғаламды** зерттеудің кешенді ғылыми жобасы (Айқын, 21 наурыз, 2023 жыл).*

Сонымен қатар бұған дейін көркем әдебиет шығармаларында кәрі көз, көне құлақ – көргені көп қария; шегір көз – көзі сарғыш адам; кәрі құлақ – үлкендерді тыңдап өскен; қанды қол – қан төккіш, қылмыскер; қанды балақ – қан құмар, қатыгез; шынжыр балақ, шұбар төстер – үстемдік етуші, бай, шонжар мағыналарында көбірек қолданылған, қазіргі таңда мерзімді баспасөз тіліне өтіп, айрықша стилистикалық қызмет атқаратын келесідей поэтикалық перифраз үлгілерін кездестірдік: *Ғалым ақсақал ел арасындағы **кәрі көз, көне құлақтардан** сұрап білсе, олар бұл әулеттің шежіресін сайрап береді (ҚӘ, 25 қазан, 2015 жыл). Төрдегі **шегір көз**, жирен мұрт жігіт те қағілез екен, дереу лып етіп, маған орындық ала жүгірді (10 қыркүйек, 2010 жыл). Жалғыз-ақ Сарыкеңгір бойында бір тамаша **кәрі құлақ** кісіге жолықтым (ҚӘ, 1 сәуір, 2024 жыл). Ол бес сағаттан аса **қанды қол** бүлікшілермен бетпе-бет тұрып сөйлесуіне тура келгенін айтады (Айқын, 12 қаңтар, 2022 жыл). Уақыт дегенің үнсіз жүріп-ақ үстемдік құрып, тіршілік атаулыны табындырып,*

басбұзарларды да дегеніне бағындырып, ақыл-ес иелеріне табанын жалатып, бақайшығын санатып қоятын ***қанды балақ*** *құдіреттің өзі екен ғой (ЖА, 16 тамыз, 2024 жыл). Алайда ең қиыны – өз ішіміздің қазақтың суын ішіп, нанын жеп, өзіне қарсы айқайға басатын «****шынжыр балақ, шұбар төстер****» шықты (ЖА, 27 мамыр, 2021 жыл).*

Дегенмен мерзімді баспасөз тіліндегі поэтикалық перифраздың жалпы үлесі журналист маманның ақпарат беру және ықпал ету мақсатында екінші аталым ретінде жасайтын авторлық перифраздармен салыстырғанда көп емес. Ақпаратты барынша әсерлі етіп беру үшін жазарманның тілде бар сөзқолданыс үлгілеріне жүгінбей, жаңаша тілдік бірліктер (авторлық перифраздар) жасайтыны жоғарыда айтылды. Және олардың екі түрлі жолмен жасалатыны көрсетілді.

Соның ішінде журналист маманның өзіндік бағалауынан туындайтын авторлық перифраздар ақпараттық мазмұнды айшықтап жеткізу арқылы белгілі бір құбылыстарды немесе оқиғаларды ерекше мәнерде сипаттауға мүмкіндік береді. Мәселен, қазақ тілінде *«тілсіз жау»* сияқты *«қызыл жалын»* да өрт ұғымын бейнелейді. Алайда олардың стилистикалық рөлі мен әсер ету деңгейі әртүрлі. Төмендегі мысалдарға назар аударайық: *Абай облысының аумағында үш тәулік бойы үздіксіз лапылдаған* ***қызыл жалынның*** *беті қайтар түрі жоқ (ЕҚ, 25 мамыр, 2023 жыл). Демалыс күндері Қостанай облысы орманнан шыққан* ***қызыл жалынмен*** *күресте, АҚШ-тың Солтүстік Калифорния штаты да екі орманнан шыққан тілсіз жауды ауыздықтады (ЕҚ, 5 қыркүйек, 2022 жыл). Өйткені ол дабыра-даңғазасыз, ойда жоқта жетіп келіп,* ***қызыл жалынға*** *іліккеннің бәрін әп-сәтте күлге айналдырады (ЕҚ, 16 қараша, 2020 жыл).*

Мұндағы «қызыл жалын» перифразы өз бойына өрт ұғымын ғана емес, оның табиғатын, қауіптілігін, жойқын күшін сипаттайтын терең эмоционалдық реңкті сыйғызады. Қызыл түс, жалпы халықтық танымда, қауіптілікті, ерекше назарда ұстауды талап ететін құбылысты білдірсе, «жалын» сөзі оттың жалыны, оның жойқын қуатын, алапат көрінісін елестетеді. Бұл екі компоненттің бірігуі нәтижесінде жасалған перифраз тыңдаушы немесе оқырман санасында өрттің көркемдік бейнесін айқындап қана қоймай, оның салдарына назар аудартуға мүмкіндік береді.

Қазіргі мерзімді баспасөз тілінде жазарманның қоғамдағы өзекті мәселелерге қатысты өзіндік бағалауынан туған *ұр да жық жуан жұдырықтылар – зорлықшыл, үстем тап өкілі; адам жанының арашашылары – дәрігер; жан әлеміне саяхат жасаушылар – психолог; қан қақсатқан тажал – есірткі; шынайы өмірден алыстап кеткендер – электронды құрылғыларға тәуелді адамдар; тәж тажал, жаһанды жайлаған дерт – короновирус індеті* сынды және т.б. авторлық перифраздар кездеседі. Тілдік фактілерге назар аудартамыз: *Салдарынан еш жаза тартпай, салмағы мен беделін сақтаған* ***ұрда жық жуан жұдырықтылар*** *әлгі адамнан өш алуға кірі-седі, өмірін тозаққа айналдырады (Айқын, 28 ақпан, 2023 жыл).* ***Жан әлеміне саяхат жасаушылар*** *қазақ психологиясының негізін қалаған Жүсіпбек Аймауытұлының кітабын парақтап көрді ме екен? (Айқын, 19 қазан, 2024 жыл). Сап-сау баласының аз*


*уақытта есірткінің құрбаны болғанын айтып налыған кейбір ата-аналар қаншама отбасын **қан қақсатқан тажалмен** бірлесе күресуге бел байлаған (ЕҚ, 7 сәуір, 2023 жыл). «Цифрлы аутизм»: **Шынайы өмірден алыстап кеткендер** (Айқын, 3 маусым, 2023 жыл). **Жаһанды жайлаған дерт** 18 мың-ға жуық адамның өмірін қиды...(Түркістан, 26 наурыз, 2020). XXI ғасырда бактериялық «**Тәж тажал**» әлем елдерін әбігерге салды (АТ,04 Ақпан, 2021жыл).*

Сондай-ақ берілген авторлық перифраздардың қатарында құрамында ұлттық танымда қалыптасқан тілдік бірліктері бар кейбір үлгілері (*қазақ баспасөзінің қара шаңырағы – Егемен Қазақстан газеті, қара шаңырақ театр сахнасы – М.Әуезов атындағы ұлттық драма театры, қазақ ұлысының алтын бесігі – қыпшақ даласы, төрткүл дүниенің төрелік төрі – елорда)* қолданыс барысында айрықша әсерлілік туғызады. Мәселен, *қара шаңырақ, бесік, төр* сөздері – ұлттық танымға тиесілі тіл бірліктері. Жазарманның авторлық перифраз жасауда ұлттық санада орныққан осындай сөздерді қолдануы оқырман санасына берілетін ақпарат мазмұны мен әсерлілігін бірнеше есе күшейтуге мүмкіндік береді: *Ғасырдан астам тарихы бар **қазақ баспасөзінің қара шаңырағы** табалдырығын студент кезінде аттап, содан бүкіл саналы шығармашылық ғұмырын осы ұжымға арнап, осында табан аудармай еңбек етіп, зейнет жасына жеткенше қолынан қаламын тастамаған журналист Әділ Дүйсенбек бас басылым – «СҚ» – «Егеменнің» шырақшысы, жылнамашысы еді деп айтуға әбден лайық (ЕҚ, 25 мамыр, 2023 жыл). Бойындағы нәзік лиризм, шынайы сахналық ойын, әуезді дауыс, әншілік әсем үн кескіндеген бейнелерін бірден ерекшелендіретін актриса – **Қара шаңырақ театр сахнасында** жүзден аса роль, сан тағдырлы әйелдер бейнесін сомдаған (ЖА, 19 маусым, 2024 жыл). **Қазақ ұлысының алтын бесігі** (ЖА, 4 Қараша 2021 жыл). **Төртқүл дүниенің төрелік төрі** (ЕҚ, 23 Қаңтар, 2017 жыл)*

Авторлық перифраздың екінші бір тобы – жазарман тарапынан өзге тілден тікелей аударма жасау арқылы жасалады. Дегенмен берілген авторлық перифраздардың мерзімді баспасөз тілінде екінші аталым ретіндегі маңызы зор. Оқырман санасына әсер ету қызметі жоғары. Мәселен, *Қиғылық салған «**қызыл әтеш**» (ЕҚ, 9 маусым, 2016 жыл). ШҚО-да өз өмірін қатерге тіккен **тәртіп сақшысы** марапатталды (Айқын, 1 наурыз, 2021 жыл). **Ақ халатты жауынгерлер** (ЖА, 18 наурыз, 2021 жыл). **Денсаулық сақшылары** ұрпақ салауаттылығы үшін талмай қызмет атқарып келеді (АТ, 21 маусым, 2018 жыл). Ол кезде менің қатарластарымның көбі **отан қорғаушы**, ғарышкер, ұшқыш, офицер боламыз деп армандайтын (АТ, 9 мамыр, 2024 жыл). **Ел қорғаны** болу – ер жігіттің бақыты (Айқын, 20 маусым, 2024 жыл). Жұрт қазір **көк форма киген погонды** көрсе, теріс айналатын күйге жетті (ЖА, 1 желтоқсан, 2020 жыл). **Жол сақшысы** да ереже бұзды (Айқын, 26 қараша, 2021 жыл). Мәңгі **ақ континент** мұзының негізгі бөлігі оның шығысында екені мәлім (ЕҚ, 13 шілде, 2017 жыл). Оған сәйкес, **шығыс көршіміз** ҚХР Қарулы күштерін «әскери емес сипаттағы операцияларға» жұмылдыратын болады (Айқын, 17 маусым, 2022 жыл). **Аспан асты елі** мамыр айында 2 миллионнан астам машина сатып үлгерген (Айқын, 1 тамыз, 2020 жыл).*

Қазіргі баспасөз тілінде перифраз жасау барысында бір сөздің бірнеше тізбектерде қайталана отырып, әртүрлі мәндік реңктерге ие болуы ерекше назар аудартады: Мәселен, *Алаш* ***руханиятының алдаспаны****, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұхтар Мұқанұлы Мағауин 85 жасқа қараған шағында бақиға озыпты (ЕҚ, 11 қаңтар, 2025 жыл).* ***Руханият шамшырағы*** *(ЕҚ, 23 сәуір, 2025 жыл). Ұлт* ***руханиятының алтын діңгегі*** *(ЕҚ, 16 желтоқсан, 2024 жыл). Мәдениет үйлері –* ***руханият ұясы*** *(ЕҚ, 29 қазан, 2024 жыл). Ясауи – ұлт* ***руханиятының темірқазығы*** *(ЕҚ, 4 қазан, 2024 жыл). Ұлт* ***руханиятының жоқшысы*** *(ЕҚ, 7 қараша, 2023 жыл). Ұлт зиялылары қызмет атқарған* ***ұлағат ұясында*** *мыңдаған білікті маман даярланып, армандарын асқақтатып, қияға қанат қақты (АТ, 21 сәуір, 2022 жыл). Қызылды-жасылды дүниенің көңіл арбайтын титімдей бір* ***ұлағат үлгісі*** *ретінде көрінуші еді (ЕҚ, 1 ақпан, 2024 жыл). Дөңгелек жүзді, тойған қозыдай монтиған, кіп-кішкене қараторы қыз қазақтың* ***болашақ батыры*** *екені мінезінен аңғарылып тұратын (ЕҚ, 9 наурыз, 2022 жыл). Жарқын* ***болашақ жаршысы*** *(ҚӘ, 16 қыркүйек, 2016 жыл)* және т.б.

Сызба 1 – Қазіргі мерзімді баспасөздегі перифраздардың жасалу жолдары



Бір сөздің осындай түрлі контексте бейнеленуі тілдің икемділігі мен байлығын ғана емес, оның қоғамдық санадағы орнын және ұлттық ойлау жүйесінің көркемдік сипатын көрсетеді.

Қазіргі баспасөз мәтіндеріндегі перифразды қолдану бірнеше себепке негізделеді: біріншіден, нақты мағынаны айқындап, оны толыққанды жеткізу үшін қолданылады; екіншіден, кей жағдайларда сыпайылықты сақтау немесе стильдік талаптарды орындау мақсатында ойды тура айтпай, жанама түрде жеткізуге ұмтылыс байқалады, бұл – көбінесе әдет-ғұрыптық немесе стильдік тыйымға байланысты; үшіншіден, сөйлеуді әсемдеп, әсерлі етіп жеткізу үшін қолданылады. Осылайша қазіргі баспасөз тіліндегі перифраздардың кеңінен қолданылуы қазақ тілінің функционалдық және көркемдік мүмкіндіктерін айшықтап, оның қоғамдағы танымдық және эстетикалық рөлін күшейтеді.

Фоникалық құрылымдар. Қазіргі мерзімді баспасөз тілінде сөз әсерлілігін тудыратын әлеуетті құралдардың бірі – дыбыстық үйлесімдер, яғни дыбыс гармониясы. Бұл – көркем әдебиет стиліне тән құрал ретінде танылғанымен, публицистикалық мәтіндерде де жиі кездесетін әрі оқырманға эмоциялық-

психологиялық әсер етуде ерекше қызмет атқаратын стилистикалық тәсілдердің бірі.

Дыбыстардың үйлесімді жұмсалуы – тілдің табиғи даму заңдылықтарының бірі. Бұл құбылыс, бір жағынан, фонетикалық жүйенің ішкі заңдылығымен, екінші жағынан, сөздің стильдік мүмкіндіктерімен тікелей сабақтас. Қазақ тіліндегі дыбыстардың үндесім таба отырып қатарласа қолданылуы тілдік экспрессияны күшейтудің пәрменді тетігі ретінде қызмет етеді. Тіл білімінде бұл құбылыс *фоностилистика*, *фоносемантика*, *фонетикалық композиция* немесе *фоникалық құрылым* секілді терминдер аясында зерттеліп жүргені белгілі.

Қазақ тіл білімінің стилистика саласы тілдің барлық деңгейіндегі бірліктердің, оның ішінде фонетикалық құралдардың да мәтіндегі көркемдік қызметін арнайы зерттеу нысанасына айналдырды. Сөз мағынасы мен құрылымындағы дыбыстардың әуезді қатарласа жұмсалуы – ақпараттың эмоционалды қабылдануына ықпал ететін маңызды стилистикалық тәсілдердің бірі. Бұл орайда стилистика фонетикаға ерекше мән береді. Егер *фонетика* тіл дыбыстарының пайда болуы мен олардың жүйелік сипатын қарастырса, *фоностилистика* – осы дыбыстардың сөйлеудегі эмоциялық-экспрессивтік қызметін, аллитерация мен ассонанс секілді дыбыстық қайталаулардың стилистикалық әсерін жүйелеп сипаттайтын бағыт.

Қазақ тіл біліміндегі дыбыстық саз, үндестік және фоностилистикалық мүмкіндіктерді тануға қатысты алғашқы терең пайымдарды XX ғасырдың басында Ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлы ұсынды. Ол дыбыстық құрылымның поэтикалық рөлін арнайы атаумен сипаттап, *«сөз әуезділігі»* деп атады [3, 9]. Ағартушы ғалым дыбыстардың табиғи үйлесіміне сүйеніп жасалған көркем тілдің құлаққа жағымды болуын көркемдік мәдениеттің басты белгісі ретінде бағалады.

Осы көзқарастың негізінде кейін қазақ тілінің дыбыстық жүйесін әрі қарай тереңдете зерттелді. Атап айтқанда, Ә. Қайдар [194], Ә. Жүнісбек [195] А. Айғабылұлы [196] сынды зерттеуші-ғалымдар қазақ тілінің моносиллабтық құрылымы, фонетикалық-лексикалық ерекшеліктері, үндестік заңдылығы, дыбыстық алмасулар секілді аспектілерге назар аударды. Бұл зерттеулердің маңызды жағы – тілдің табиғи болмысын ішкі жүйелік негізде түсіндірумен қатар, оның әсерлілік тудыру және прагматикалық қырларын ашуға деген талпыныс.

Бұл құбылыстардың көркем мәтін, публицистикалық дискурс, поэтикалық құрылым сияқты күрделі стильдік контекстерде арнайы зерттелуіне келгенде, қазақ тіл білімінде Р. Сыздықтың орны айрықша. Ғалым бұл құбылысты бірінші болып *дыбыстар гармониясы* деп атап, оны лингвостилистикалық категория ретінде таныстырды. Оның «Абайдың сөз өрнегі», «Сөз сазы» атты іргелі еңбектерінде көркем поэтикалық мәтіндегі дыбыстық қайталауларды тек фонетикалық құбылыс емес, эстетикалық-стильдік құрал ретінде қарастыру ұстанымы ұсынылады [197].

Ғалым поэтикалық мәтіндегі дыбыстық ұйымдасуды терең талдап, оны поэтикалық мазмұн мен стильдік интонацияның түйіскен жерінен, яғни

көркемдік дүниетанымнан іздеді: «Кейбір шумақтардағы дыбыстардың қайталануы – жай ғана дыбыстық ұйқас емес, олар – өлеңнің әуезді құрылымын жасап тұрған дыбыстар гармониясы» деп атап көрсетті [197, 20]. Бұл – қазақ тіліндегі дыбыстық қайталамалардың көркемдік-поэтикалық деңгейде ғылыми ұғым ретінде орныгуының дәлелі.

Зерттеуші А. Фазылжанова: «Адамның сөзі – дыбыстық бірліктерден тұратын күрделі акустикалық құбылыс. Дыбыстың физикалық табиғаты – толқын», – дейді. Яғни «ауыздан шыққан сөз сөйлеу актісі барысында белгілі бір заңдылықтарға сәйкес ұйымдасып, белгілі бір жиіліктегі акустикалық өріске айналады. Тыңдаушы үшін бұл сөз ағыны жеке дыбыстардан немесе оқшау сөздерден емес, біртұтас және байланысқан дыбыстық құрылым ретінде қабылданады» [198, 12].

Дыбыстық бірліктер – өз табиғаты жағынан күрделі семиотикалық жүйе болып табылады [199, 7]. Олар тек тілдік (фонологиялық) емес, сонымен бірге физиологиялық, психологиялық, мәтіндік және әлеуметтік мәнге ие болып, дискурс барысында семантикалық және эстетикалық жүк арқалайды.

А.С. Селях зерттеулерінде дыбыстардың әсерлілік тудыратын рөлі олардың фоносемантикалық сипаты арқылы түсіндіріледі. Ол дыбыстарды ономофонема ретінде таниды да, сөйлеу барысындағы трансформациялық үдерістерді (синтагмофонема, морфонема) негізге ала отырып, дыбыстың атауыштық қызметін ашып көрсетеді [200, 210].

«Фоностилистика» ұғымы термин ретінде алғаш рет Ш. Балли еңбектерінде кездескенімен, бұл бағыттың бастауын ежелгі шешендік өнер мен антика философиясындағы стиль туралы ілімдерден табамыз [201]. Орыс лингвистикасында бұл мәселені ғылыми айналымға енгізген – Н.С. Трубецкой. Ол тіл дыбыстарының стильдік қызметін жан-жақты сипаттап, әрбір дыбыстың мәтіндегі экспрессия мен эстетика тудырудағы орнын нақтылаған [202, 372]. Төмендегі кестеде сол бағыттағы негізгі ұғымдарға ғылыми анықтама беріліп отыр (Кесте 13).

Кесте 13 – Фоностилистикалық терминдердің анықтамалары

Термин	**Анықтамасы**
Сөз әуезділігі	Сөйлеу немесе жазба мәтінде дыбыстардың үйлесімі арқылы тудырылатын ырғақтық, үндік, саздық жағынан жағымды естілуі [3]. Бұл ұғымды алғаш ғылыми тұрғыдан жүйелеп сипаттаған А. Байтұрсынұлы.
Дыбыстар гармониясы	Сөйлем не мәтін көлемінде дыбыстардың әуезділік, ырғақтылық, үйлесімділік қағидасы бойынша түзілуі, дыбыстық қайталаулардың (аллитерация, ассонанс), үндестіктердің, үндес дыбыстардың стилистикалық мақсатта қолданылуы [197]. Бұл ұғымды қазақ тілінің стилистикалық жүйесіне алғаш рет Р. Сыздық енгізіп, оны лингвостилистикалық категория ретінде қарастырды.
Фоностилистика	Тіл білімінің стилистика саласына қатысты, фонетикалық бірліктердің (дыбыстардың) экспрессивтік, эмоционалдық және стилистикалық қызметін зерттейтін сала [201]. Бұл термин алғаш рет XX ғасыр басындағы француз стилистикасында (Ш. Балли) қолданылды.

13 – кестенің жалғасы

Фоносемантика	Тілдегі жеке дыбыстар мен дыбыстық құрылымдардың белгілі бір семантикалық мәнге ие болуы немесе сол мәнді әсерлік жолмен тудыруы туралы ілім. Яғни, дыбыстар мен мағына арасындағы ассоциациялық, бейсаналық не интуитивтік байланыстарды зерттейді. Фоносемантика дыбыстың мағына жасаудағы әлеуетін зерделеп, дыбыстық бейне (sound symbolism), дыбыстық иконика (sound iconicity) құбылыстарын анықтауға бағытталған [203]
Фонетикалық композиция	Мәтіннің дыбыстық құрылымының композициялық жағынан ұйымдасуын, яғни дыбыстардың ритм, үйлесім, үндесу, дыбыстық симметрия және антонимия тәрізді аспектілерде мәтіндегі орналасуын қарастыратын түсінік [188]
Фоникалық құрылым	Сөйлеу не жазба мәтіннің дыбыстық ұйымдасуын сипаттайтын кең ұғым. Бұл құрылымға дыбыстық қайталаулар (аллитерация, ассонанс), ритм, үн үйлесімі, дыбыстардың үндесімі мен қайталануы, сондай-ақ интонациялық өрнектер кіреді. Бұл ұғым көбінесе мәтіннің акустикалық-эмоционалдық қабылдану ерекшелігін зерттеуге бағытталады [204]

Бұл терминологиялық жіктеу дыбыстық стилистиканың әр қырын қамтиды. Мәселен, *сөз әуезділігі* мен *дыбыстар гармониясы* ұғымдары – қазақ тіл біліміндегі дәстүрлі зерттеу бағыттарының негізін құраса, *фоностилистика, фоносемантика, фоникалық құрылым* тәрізді атаулар – әлемдік лингвистикада қалыптасқан, мәтіндегі дыбыстардың стилистикалық және семантикалық қызметін зерделеуге бағытталған ұғымдар. Бұл терминдердің мәндік және функционалдық жігі әртүрлі болғанымен, барлығы да тілдің эстетикалық мүмкіндігін, әсерлілік қуатын, поэтикалық-интонациялық жүйесін тануға ұмтылатын ортақ лингвистикалық мақсатты көздейді.

Аталған құбылысты лингвостилистикалық аспектіде жүйелі түрде саралау барысында оның бірнеше түрін атап көрсетеміз. Мәселен, фоникалық құрылымдардың ең жиі қолданылатын әрі стилистикалық жүктемесі күшті түрлері ретінде *аллитерация* (бірдей немесе ұқсас дауыссыз дыбыстардың қайталануы), *ассонанс* (бірдей дауысты дыбыстардың қайталануы), *консонанс* (үндес дыбыстардың үйлесуі), *анаграммалық дыбыстық параллелизм, ритмикалық дыбыстық құрылымдар, дыбыстық симметрия, қайталаудың дыбыстық анафорасы мен эпифорасы* тәрізді тәсілдерді атауға болады.

Мәтіндерде дыбыс пен буын деңгейіндегі тілдік құрылымдардың мәтін ішінде бір-бірімен астасып жатады. Оларды ғылыми тұрғыдан былайша бөліп қарастырамыз: дыбыс деңгейіндегі қайталамалар (фонемалық қайталаулар, аллитерация, ассонанс, консонанс); буын деңгейіндегі ырғақтық бірлік, екпін, буын симметриясы сынды элементтер арқылы мәтіннің интонациялық, ритмикалық және семантикалық тұтастығы. Алайда нақты мәтіндік материалдарда бұл деңгейлерді бір-бірінен бөліп алып қарастыру көп жағдайда қиындық тудыртады. Өйткені дыбыс пен буын деңгейінде орын алатын үйлесімдер мәтін ішінде өзара астаса, қабаттаса келе біртұтас фоностилистикалық өрнек құрап, экспрессивтік-эмоционалдық әсер тудырудың бірегей құралына айналады.

Дыбыстық және буындық үйлесімдердің мәтінде бірлесе қатар көрінуі – стилистикалық-интонациялық тұтастықтың көрсеткіші. Мысалы, аллитерациялық құрылым мен буын жағынан симметриялы тіркестің қатар келуі сөйлемнің фоносемантикалық бейнесін нақтылай түсіп, оқырманның қабылдау процесіне эстетикалық реңк береді. Бұл жағдайда дыбыстық қайталау мен буындық ырғақ бірін-бірі толықтырып қана қоймайды, олар бірге көркемдік-прагматикалық мазмұнды күшейтеді (Кесте 14).

Кесте 14 – Дыбыстық үйлесімнің дыбыс, буын деңгейіндегі көрінісі

Мәнмәтін	**Дыбыс деңгейінде**	**Буын деңгейінде**
Мылтықсыз майдан (ЕҚ, 12 қыркүйек, 2019 жыл).	**М**ылтықсыз **м**айдан.	-
Жалған тарих жарға жығады (ЕҚ, 14 тамыз, 2019 жыл).	**Ж**алған тарих **ж**арға **ж**ығады.	**Жа**лған тарих **жа**рға **ж**ығады. («жалған, жарға» сөздері де белгілі бір стильдік ерекшеліктерге ие («р», «л» өзара ұқсас)
Жазықсыз жазаланған журналистер (ЕҚ, 21 қараша, 2019 жыл).	**Ж**азықсыз **ж**азаланған **ж**урналистер	**Жа**зықсыз **жа**заланған **ж**урналистер
Өжет қаламгердің өзегіңді өртейтін өкінішті өмірі жайлы естіп, білгенімді оқырманға хал-қадерімше баяндап берейін (ЕҚ, 16 желтоқсан, 2020 жыл).	**Ө**жет қаламгердің **ө**зегіңді **ө**ртейтін **ө**кінішті **ө**мірі жайлы естіп	-

Мұндағы *«Мылтықсыз майдан», «Жалған тарих жарға жығады», «Жазықсыз жазаланған журналистер»* тақырыпаттары дыбыстық үйлесімділікті шебер пайдаланудың жарқын мысалдары. Мысалы, *«Мылтықсыз майдан»* тіркесінде *«м»* дыбысының қайталануы фразаның ырғақтығын күшейтеді. «Жалған тарих жарға жығады» мысалындағы [ж], [а] дыбыстарының тізбекті қайталануы дыбыстық деңгейдегі үндестікке жатса, бұл қатардың буын құрылымындағы теңдік пен екпін үйлесімі буын деңгейіндегі гармонияны түзеді. «*Жазықсыз жазаланған журналистер»* мысалында фоностилистикалық үйлесім ерекше жүйелі көрінеді. Бұл фразада үш түрлі сөзде бірдей [ж] дыбысы, бастапқы қатар тұрған екі сөзде [з] дыбысы қайталанып, дыбыстық симметрия түзеді. Сонымен қатар үш сөз де екі-үш буыннан тұрып, олардың құрылымдық және ритмдік бірлігі мәтіннің көркемдік тұтастығын қамтамасыз етеді.

Мәтіндердегі дыбыстық үйлесімділік басқа да көріктеу құралдарымен ұштастырылып, мәтіннің әсерлілігі мен құрылымдық тұтастығын қамтамасыз етеді. *«Өжет қаламгердің өзегіңді өртейтін өкінішті өмірі»* тіркесіндегі «ө» дыбысының қайталануы – аллитерациялық үндестіктің бір үлгісі ретінде, ал «өжет», «өртейтін», «өкінішті», «өмірі» секілді сөздердің фонетикалық формасы – дыбыстық образ жасауға, мәтіннің интонациялық-эмоционалдық күшін арттыруға қызмет етеді.

Нұртөре Жүсіп, Бауыржан Омарұлының да публицистикалық шығармашылығындағы дыбыстық үйлесімділік – авторлық стильдің ажырамас бөлігі. Г. Ерсұлтанова өз диссертациясында Н. Жүсіп, Б. Омарұлы және Б. Қайратұлын публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға ретінде қарастыра отырып, олардың мәтіндерінде қолданылған дыбыстық үйлесімге құрылған тілдік құралдарды тілдік тұлғаның ерекшелігін айқындайтын маңызды көрсеткіштер ретінде сипаттайды [205, 61].

Төмендегі кестеді Н. Жүсіптің мерзімді баспасөздегі шығармаларындағы дыбыстық үйлесімділіктің мысалдары жинақталды (Кесте 15):

Кесте 15 – Дыбыстық үйлесімнің дыбыс, буын деңгейіндегі көрінісі

Мәнмәтін	**Дыбыс деңгейінде**	**Буын деңгейінде**
Алайда XXI ғасырды қазақ халқы тыныштық пен тұрақтылық жағдайында, үрейлі үркіншіліксіз, жойқын жортуылсыз, мамыражай қалыпта бастап отыр (Айқын, 25 қазан, 2019 жыл).	***т**ыныштық пен **т**ұрақтылық, **ү**рейлі **ү**ркіншіліксіз, **ж**ойқын **ж**ортуылсыз*	***үр**ейлі **үр**кіншіліксіз, **жо**йқын **жо**ртуылсыз*
Саясат әлемінің сырттандары туралы сары майдан қыл суырғандай сыр суыртпақтайды (Айқын, 9 ақпан, 2016 жыл).	***С**аясат әлемінің **с**ырттандары туралы **с**ары майдан қыл **с**уырғандай **с**ыр **с**уыртпақтайды*	***Са**ясат әлемінің **сыр**ттандары туралы **са**ры майдан қыл **суыр**ғандай **сыр суыр**тпақтайды*
Сөзуарлықтан – сөз ұғарлыққа, еріншектіктен – еңбекшілдікке көшуіміз қажет (Айқын, 9 наурыз, 2020).	***С**өзуарлықтан – **с**өз ұғарлыққа, **е**ріншектіктен – **е**ңбекшілдікке*	***Сөз**уарлықтан – **сөз** ұғарлыққа, («уарлық-ұғарлық» креативті таңдалған дыбыстардың үйлесімі)*

Бұл мысалдарда дыбыстық үйлесімділік пен сөз әуезділігі аллитерация, ассонанс, дыбыстық параллелизм және фразеологиялық креатив арқылы жүзеге асады.

«Тыныштық пен тұрақтылық, үрейлі үркіншіліксіз, жойқын жортуылсыз» тіркестері дыбыстық деңгейде бірінен кейін бірі орналасқан ұяң [т], үнді [р], жіңішке дауыстылар мен дауыссыздардың үйлесуіне, сондай-ақ [ж], [ү] дыбыстарының қайталануына негізделеді. Буындық қайталауларда сөздердің ырғақтық ұқсастығы, әсіресе «үрейлі», «үркіншіліксіз», «жойқын», «жортуылсыз» секілді сөздердің ұқсас құрылымдық үлгісі – мәтіннің фоникалық симметриясын құрайды.

«Сөзуарлықтан – сөз ұғарлыққа» тіркесінде креативті фонетикалық трансформация бар. Мұндағы *«сөзуарлық – сөз ұғарлық»* формуласы тек дыбыстық үндестікке емес, мағыналық қарсы қою мен фоностилистикалық параллелизмге негізделген. Бір ғана түбірдің фонетикалық әрі семантикалық түрленуі арқылы жасалған бұл тәсіл – авторлық лингвокреативтілік көрінісі.

Сонымен қатар «еріншектіктен – еңбекшілдікке» жұбы да құрылымдық тепе-теңдік пен буын үндестігіне сүйенеді, дыбыстық параллелизм арқылы оппозициялық мағыналық контрастқа жетеді.

Осындай дыбыстық құбылтуларды өте шебер, терең қолданатын публицисттердің бірегейі – Бауыржан Омарұлы. Оның мәтіндерінде тілдің эстетикалық әлеуеті мен эмоционалдық әсер ету күші айқын байқалады (Кесте 16).

Кесте 16 – Дыбыстық үйлесімнің дыбыс, буын деңгейінде көрінісі және лингвокреативті сипаты

Мәнмәтін	**Дыбыс деңгейінде**	**Буын деңгейінде**
Біз – Шерағаңның шекпені шәкіртке толып кеткен кезде журналистикаға келіп, Бердіқұловтың бешпентін паналаған буынбыз. ...Бірақ осының бәрі Шерағаңды ширықтырып, шыңдап шығарады. Ал Шерағаң шыңға шығарған «Қазақ әдебиеті» газеті дүрілдеп тұрған кезде біз студент едік. ... Бүгінгі баспасөздің барлық буынының байрағы болған Шерхан Мұртаза – өз алдына бір мектеп. Мерейлі әрі мәртебелі мектеп (ЕҚ, 27 қаңтар, 2016 жыл).	***Ш**ерағаңның **ш**екпені; **Б**ердіқұловтың **б**ешпентін паналаған **б**уынбыз; **Ш**ерағаңды **ш**ирықтырып, **ш**ыңдап **ш**ығарады; **Ш**ерағаң **ш**ыңға **ш**ығарған; **Б**үгінгі **б**аспасөздің **б**арлық **б**уынының **б**айрағы **б**олған; **М**ерейлі әрі **м**әртебелі **м**ектеп.*	***Ше**рағаңның **ше**кпені; **Бе**рдіқұловтың **бе**шпенті; **Ш**ерағаңды **ш**ирықтырып, **шы**ңдап **шы**ғарады; **Б**үгінгі **ба**спасөздің **ба**рлық **б**уынының **ба**йрағы **б**олған; **Ме**рейлі әрі **м**әртебелі **ме**ктеп.*
Талдаған, талқылаған, тоқыған... Саралаған, сусындаған, сүйсінген... Сафекеңді баршаға танытқан соқталы дүние осы. Зекең сөзді зерлейді, әдемілеп-әспеттейді. Сафағаң салқындылықпен сөз саптайды. Бірақ екеуінің де мақсаты бір – ұстазды ұлықтау, алыпты ардақтау. ...Біздің айтпағымыз – Маркестің мәртебесін арттырған Жүз жылдық жалғыздық емес, Сафуанның сынын бұзбаған Жүз жылдық жылылық... (ЕҚ, 15 қыркүйек, 2022 жыл)	***Т**алдаған, **т**алқылаған, **т**оқыған... **С**аралаған, **с**усындаған, **с**үйсінген; **З**екең сөзді **з**ерлейді, **ә**демілеп-**ә**спеттейді; **С**афағаң **с**алқындылықпен **с**өз **с**аптайды. **...ұ**стазды **ұ**лықтау, **а**лыпты **а**рдақтау; **М**аркестің **м**әртебесін арттырған **Ж**үз **ж**ылдық **ж**алғыздық емес, **С**афуанның **с**ынын бұзбаған Жүз **ж**ылдық **ж**ылылық.*	***Та**лдаған, **та**лқылаған, **т**оқыған; **Зе**кең сөзді **зе**рлейді; **Са**фағаң **са**лқындылықпен **с**өз **са**птайды; **С**афуанның **с**ынын бұзбаған Жүз **жыл**дық **жыл**ылық.*

Бауыржан Омаровтың публицистикасында дыбыстық гармония стилистикалық тәсіл ретінде жиі және орынды қолданылады. Автордың бұл әдісті шебер пайдаланғаны байқалады және бұл тәсіл тек эстетикалық рөл атқарып қана қоймай, мәтін мазмұнының мағыналық толықтығын қамтамасыз етеді. Төмендегі берілген публицистикалық мәтіндерде де автордың қолтаңбасы

анық көрінеді және қай сөзқолданысы болса да оқырманға әсер ету әлеуетімен ерекшеленеді (Кесте 17).

Кесте 17 – Дыбыстық үйлесімнің дыбыс, буын деңгейінде көрінісі және лингвокреативті сипаты

Мәнмәтін	**Дыбыс деңгейінде**	**Буын деңгейінде**
Ол – бүгінгі **ж**үйрік **ж**урналист, **к**үйлі **к**әсіпкер Құлтас Достан. Өмірдің құбылыстарын **т**ерең **т**алдайтын **а**рқалы **а**қынның, нақ сол сәттегі **п**арасатты **п**ациенттің **п**оэзиясы дәрігердің өзін майдай ерітеді. Ол да **т**іршілікте **т**ағдыры **т**оғысатын үш адамның бірі ретінде дәрігерді **т**ілге **т**иек етеді. **Ш**ипагерлік пен **ш**ығармашылықты, **ш**ынайылық пен **ш**еберлікті ұштастыру қайдан оңай болсын?! (АТ, 7 қараша, 2018 жыл)	***ж**үйрік **ж**урналист, **к**үйлі **к**әсіпкер; **т**ерең **т**алдайтын **а**рқалы **а**қын; **п**арасатты **п**ациенттің **п**оэзиясы; **т**іршілікте **т**ағдыры **т**оғысатын үш адамның бірі ретінде дәрігерді **т**ілге **т**иек етеді; **Ш**ипагерлік пен **ш**ығармашылықты, **ш**ынайылық пен **ш**еберлікті ұштастыру*	***па**расатты **па**циент*
Мамандықтың **м**аркасы дейміз бе, **б**аспасөздің **б**ренді дейміз бе, қазіргі күні **т**іліміздің **т**үспейтін **т**іркестердің мағынасын танытатын **ү**здік **ү**лгі іздесеңіз, алысқа бармай-ақ қойыңыз (АТ, 20 қаңтар, 2016 жыл).	***М**амандықтың **м**аркасы; **б**аспасөздің **б**ренді; **т**іліміздің **т**үспейтін **т**іркестер; **ү**здік **ү**лгі*	***Ма**мандықтың **ма**ркасы;*
Абай айтқандай, **с**ол **с**абырды **с**ақтайтын **с**ауытының – **с**алмақты мінезінің арқасында мән-жайға **б**айсалды **б**аға **б**береді (АТ, 21 ақпан, 2018 жыл).	***С**ол **с**абырды **с**ақтайтын **с**ауыты – **с**алмақты мінез; **б**айсалды **б**аға **б**береді.*	***са**бырды **са**қтайтын **са**уыты – **са**лмақты мінез; **ба**йсалды **ба**ға*
Қазыналы **Қ**ирабаевтың **қ**ырық **қ**атпарлы **құ**пиясының бірі осы (АТ, 29 наурыз, 2017 жыл).	***Қ**азыналы **Қ**ирабаевтың **қ**ырық **қ**атпарлы **құ**пиясы*	-
Аймауытов болып **а**қтарылады, **Ш**анин болып **ш**ырығады, Байзақов болып термелетеді, Марғұлан болып тебіренеді. Соның бәрін **ж**үрегіне **ж**еткізе **ж**өнімен айтып отырғанда, Сыр бойы перзентінің **б**аяғыда-ақ **Б**аянауылмен **б**ауырласып кеткеніне қапысыз сенесің (АТ, 15 ақпан, 2017 жыл).	***А**ймауытов болып **а**қтарылады, **Ш**анин болып **ш**ырығады; **ж**үрегіне **ж**еткізе **ж**өнімен; Сыр **б**ойы перзентінің **б**аяғыда-ақ **Б**аянауылмен **б**ауырласып кеткен.*	***ба**яғыда-ақ **Ба**янауылмен **ба**уырласып*

17 – кестенің жалғасы

Әттең, жиырма бірінші ғасырдың көшіне әлдеқашан ілесіп кеттік, баяғы заман болса, академиктің **ки**ген **к**иімінің **ш**алғайынан **ш**алғай, **т**үймесінен **т**үйме қалмас еді. Ырымшыл қазақ **ж**ақсының **ж**амылған **ш**апанының **ш**алғайын шолтитып кесіп, бешпентінің түймесін қырқып алып, пышақ үстінен бөлісіп әкетеді ғой. Қазір ол дәстүр жоқ. Сондықтан **т**екті **т**ұлғаның шалғайы бүтін, **т**үймесі **т**үгел (АТ, 29 наурыз, 2017 жыл).	***ки**ген **к**иімінің **ш**алғайынан **ш**алғай, **т**үймесінен **т**үйме қалмас еді; **ж**ақсының **ж**амылған **ш**апанының **ш**алғайынан **ш**олтитып; **т**екті **т**ұлғаның **т**үймесі **т**үгел*	***жа**қсының **жа**мылған **ша**панының **ша**лғайынан; **т**үймесі **т**үгел*

Сондай-ақ дыбыстық қайталаулар автор шеберлігінің бір қыры екендігі келесі тақырыпаттарды таңдауынан да көрінеді: *«**С**ынның **с**арбазы», «**Т**ілдің **т**ілекшісі», «**Ә**улеттің **ә**леуеті» (АТ, 15 ақпан, 2017 жыл). «**Ж**ұртты **ж**ұбатқан **ж**аңалық», «**Ү**ш **ү**рдістің **ү**лгісі», «**Б**иікке **б**астаған **б**елестер», «**Ұ**лттық **ұ**станым **ұ**лағаты» (АТ, 9 наурыз, 2017 жыл).*

Берілген тақырыпаттар – қазіргі қазақ публицистикасының ықшам, бейнелі әрі ықпалды лингвокреативті бірліктерінің үлгісі. Олар тілдік шығармашылықтың жоғары деңгейін көрсететін, мазмұн мен форманың тығыз байланысын танытатын құрылымдар болып табылады. Бұл тақырыптарда лингвостилистикалық құралдар (аллитерация, парономазия, метафора, антонимия, ритмикалық симметрия), сондай-ақ прагматикалық интенциялар (оқырман назарын аудару, эмоциялық әсер ету, идеялық бағытқа бағдарлау) ұтымды қолданылған (Кесте 18).

Кесте 18 – Тақырыпаттардың лингвостилистика және лингвопрагматикалық сипаты

Лингвостилистикалық тұрғыдан:	**Лингвопрагматикалық тұрғыдан:**
«Сынның сарбазы», «Тілдің тілекшісі», «Әулеттің әлеуеті»	
✓ Бұл тіркестерде **аллитерация** мен **лексикалық үйлесім** басты қызмет атқарады. – *Сынның сарбазы* тіркесіндегі **с** дыбысының қайталануы сөздің ырғақтылығын күшейтеді. – *Тілдің тілекшісі* – дыбыстық үйлесімділік пен бейнелі метафораның үйлесімі. – *Әулеттің әлеуеті* – мағыналық жағынан жалпылық пен әлеуметтанулық концептіні біріктіреді.	✓ Бұл атаулар оқырманды бірден мазмұнға бағдарлап, мәтіннің идеялық өзегін аңғартады. ✓ Сөздердің эмоционалды реңкі жоғары: *сарбаз* – күрескерлік, *тілекші* – жанашырлық, *әлеует* – әлеумет, ұрпақ жалғастығы идеясымен астасады.

18 – кестенің жалғасы

✓ Барлығы да **мерзімді баспасөз тіліне тән** бейнелілікпен құрылған. Бір сөз – ұғымды (абстрактілі) білдірсе (мыс. *сын, тіл, әулет*), екіншісі – адамды немесе субъектіні метафоралық бейнеде көрсетеді (*сарбаз, тілекші, әлеует*).	✓ Авторлық интенция – белгілі бір қоғамдық тұлғаның рөлін, тіл мен ұлт тағдырына қосқан үлесін бейнелеу, ал прагматикалық мақсаты – оқырманның ұлттық, рухани сана-сезіміне әсер ету.
«Жұртты жұбатқан жаңалық», «Үш үрдістің үлгісі», «Биікке бастаған белестер», «Ұлттық ұстаным ұлағаты»	
✓ Бұл тіркестердің барлығы дерлік **аллитерация** мен **парономазияға** негізделген: – *Жұртты жұбатқан жаңалық* – **ж** дыбысының қайталануы мен фразалық интонациясы мәтінге әсерлілік береді. – *Үш үрдістің үлгісі* – үш бірдей ұғым (сан есім + іс-әрекет + нәтиже) арқылы құрылып, **ү** дыбысының ассонанстық үндестігімен ерекшеленеді. – *Биікке бастаған белестер* – **б** дыбысы арқылы дыбыстық симметрия мен поэтикалық өрнек жасалған. – *Ұлттық ұстаным ұлағаты* – **ұ** мен **л** дыбыстарының қайталануы тілдік ритм мен мағыналық салмақты күшейтеді.	✓ Барлық тақырыптар **ұлттық, әлеуметтік, моральдық** құндылықтарға бағытталған. Олар белгілі бір қоғамдық маңызы бар оқиғаларды немесе құбылыстарды сипаттай отырып, оқырманға бағалау жасауға мүмкіндік береді. – *Жұбатқан жаңалық* тіркесі медиатексте позитивті интонация тудырып, жаңалықтың қоғамға тиімді әсерін білдіреді. – *Үш үрдістің үлгісі* тіркесі нақты мазмұнға негізделіп, типтік жағдаяттар арасынан үлгі көрсетуге бағытталған. – *Биікке бастаған белестер* – белгілі бір жетістік жолын бейнелеу арқылы мотивациялық әсер береді. – *Ұлттық ұстаным ұлағаты* – ұлт болмысын қалыптастырушы идеялар мен құндылықтарды дәріптеуге бағытталған метатақырып.

Мұндай тақырыпаттар публицистикалық мәтіндердің атауыш бөліктері ретінде ғана емес, мәтін прагматикасының, стилистикалық көркемдеуінің, тілдік бейнелеуіш құралдарының тұтас жүйесін құрайды. Олар формасы жағынан ықшам, ал мазмұны жағынан бай, эмоциялық және танымдық мәнге ие, бейнелілік пен ұлттық реңкті сабақтастырады.

Сонымен қатар толық мәтін көлемінде әрбір сөйлем сайын дыбыстарды үйлесімді қолдану шеберлігі кездеседі. Төмендегі мысалдар тұтас бір мәтіннен алынған мысалдар:

***С**үрінсе де **с**ұламады, **қ**исайса да **құ**ламады. ...Жазуын былай қойғанда, оның **ө**мірбаянының **ө**зі – **ө**негe. ...Алтекеңнің «**Қ**ара кемпірі» **Қ**алекеңнің **қ**аламына **құ**т **қ**ондырды. ...**С**ананы **с**ілкілеп, **ж**үйкені **ж**ұқартатын секретариаттан бөлімге енді ауысқалы жүргенде редакцияда төтенше жағдай болды. **Ө**нердің **ө**з **ө**кілі... ...Қали Сәрсенбай қазақ өнеріндегі **т**еңдессіз **т**ұлғалар **т**уралы портреттер **т**оптамасын жасады. Ол – өнердегі тазалықтың, дәстүр **ж**алғастығының **ж**оқтаушысы. ...**Б**өлімге **б**ару **б**ақыты... ...**Ш**аңырақ ішінен **ш**ыққан **ш**ұбар жылан ғой деп оған да **ш**ыдады. **Ж**үрегімен, **ж**анымен **ж**азды. ...Осындай **т**ағдыр **т**әлкегіне ұшыратқан ащы күлкі мен қиындыққа **т**олы*

*кезеңнің мұң-наласын көріп, зарығып жеткен **б**ақыттың **б**ағасын **б**ілмей не **б**опты?! ...**Д**ара **д**арындар мен **т**арпаң **т**аланттар оны өнердің жылнамашысы ретінде қадір тұтты. ...Оның алдындағы екі азамат та **б**асылым **б**еделінің **б**иіктеуіне айтарлықтай еңбек сіңірді. ...Ұлт сөзін айта білетін **з**ерделі **з**иялылардың **қ**олына **қ**алам ұстатты. Қазіргі «Алматы ақшамы» – қазақ баспасөзінің **к**өркемдік **к**естесі **к**елісті, әрленіп-әсемделуі айшықты, **с**өзі **с**алиқалы, **о**йы **о**ралымды, **ө**ресі биік **ө**німі. ...**Қ**азақ баспасөзінде **қ**аламы **қ**арымды **ж**үйрік **ж**урналист **ж**үздеп саналады. ... **Қ**алидың **қ**айрағы **б**аспасөздің **б**айрағына айналатын **к**үн де **к**елер. ...Ал **қ**азаққа **қ**ымбат **Қ**абдоловтың аяулы жары Сәуле апай оның әр мақаласын үзбей оқып, ой-пікірін қағазға өрнектеп, **б**әтуалы **б**атасын **б**ереді. ...**Б**аспасөздің **б**ел **б**алаларының **б**арлығы **б**ірдей мұндай қадір-құрметке **б**өлене қойған жоқ. ...**К**өненің **к**өзін қадірлеп, **д**әстүрді **д**әріптей білетін әріптесіміз кісі есігінде жүрген он тоғыз құжырадан кейінгі **ж**иырмасыншы көшінің келіп тоқтаған **Ж**ерұйығын қимайтын шығар... (АТ, 27 қаңтар, 2016 жыл).*

Мұндай қолданыстар – автордың дыбыстық үйлесімділік пен көріктеу тәсілдерін үйлестіре қолдануының жарқын үлгісі. Оның өзіндік стильдік ерекшелігі ұлттық болмысты нәзік жеткізуімен, оқырманға терең әсер етуімен және мәтін мазмұнын бейнелілікпен байыта түсуімен ерекшеленеді. Автордың публицистикасы қазақ журналистикасының көркемдік шеңберін кеңейтіп, оқырманды ұлттық мәдени құндылықтарға жақындатудың тиімді құралына айналған. Осы тұрғыдан алғанда, оның шығармашылығы қазақ баспасөзінің шеберлік деңгейін жаңа сатыға көтеріп, ұлттық таным мен ойлау жүйесін заманауи публицистика арқылы насихаттауда ерекше орын алады.

Қазіргі қазақ баспасөзінде шебер авторлардың дәстүрін жалғастырып, дыбыстық үйлесімділік пен көріктеу құралдарын шебер пайдаланып жүрген публицист-журналистер аз емес. Олар тілдің әуезділігі мен бейнелілігін үйлестіре отырып, оқырманға терең ой саларлық, есте қалатын дүниелерді ұсынуды мақсат етеді: ***Қ**аралы үйдің **қ**онақасы **қ**ағидатын **қ**айта **қ**арау **қ**ажет (ЕҚ, 24 шілде, 2018 жыл)*. *Ұлық ұлыс ұлықталды (ЕҚ, 31 мамыр, 2021 жыл)*. *Жүнісбаевтың жалауы (ЖА, 10 желтоқсан, 2020 жыл)*. ***Қ**андастарға **қ**амқорлық – **қ**оғам парызы (ЕҚ, 24 қазан, 2024 жыл)*; ***Т**азалықтық **т**ұнбасы (ЖА, 22 қараша, 2024 жыл)*. ***Қ**ара сөздің **қ**аймағын **қ**алқыған **қ**аламгер (ЖА, 27 желтоқсан, 2021 жыл)*. ***С**ыншыларға **с**уыртпақтап **с**өз бастатып, әдебиет-шілерді ә дегенде мойын бұрғызып, **қ**алам **қ**уатымен баурай білген жазушының бірі – Қалихан Ысқақ (ЕҚ, 13 маусым, 2024 жыл).*

Осы сынды ізденістер авторлық стильдің даралығын айқындап қана қоймай, публицистикада тілдік құралдардың жаңа формаларын ашуға мүмкіндік береді. Қазіргі қазақ журналистикасында жарық көріп жүрген мақалалардың бейнелілігі, оқырманға ой саларлық тереңдігі мен көркемдік әсері осының дәлелі. Олар дыбыстардың әуезділігі арқылы мәтінді жанды әрі шынайы етіп, ұлттық журналистиканың мазмұны мен формасын бірдей байыта түсуде.

Қазіргі мерзімді баспасөздегі сөзқолданыстың әсерлілігі – қазақ тілінің әлеуетті мүмкіндіктерін танытатын айрықша құбылыс, бұның дәлелі:

– фоникалық құрылымдар публицистикалық мәтіннің композициялық құрылымын реттеудің маңызды элементі ретінде көрінеді. Бұл тәсіл мәтіннің ритмикалық үндестігін қалыптастырып, оқырманның мәтінді интонациялық қабылдауын жеңілдетеді;

– авторлар дыбыстарды үйлестіре отырып, мәтіннің идеялық мазмұны мен көркемдігін қатар өрбітуге мүмкіндік алады. Бұл – тек стильдік әдіс емес, автордың тілдік интуициясы мен тәжірибесін көрсететін ерекше белгі;

– қазіргі публицистикалық мәтіндер дыбыстық қайталаулар мен үйлесімділікті дәстүрлі формадан тыс, жаңа стильдік шешімдермен ұштастыра қолдануға ұмтылады. Бұл үрдіс авторлардың публицистика тіліндегі шығармашылық еркіндігін кеңейтіп, жаңа стильдік мүмкіндіктерді ашады;

– фоникалық құрылымдар тек эстетикалық әсер тудырмайды, сонымен қатар мәтіннің жалпы идеялық мазмұнына мән-мағына береді. Бұл тәсіл мәтіннің прагматикалық күшін арттырумен қатар, дискурстық мәнмәтіннің интеграциясын жеңілдетеді;

– фоникалық құрылымдардың ықпалы тек мәтіннің реңкін күшейтумен шектелмейді; ол оқырманның санасында белгілі бір ассоциацияларды оятып, мәтіннің эмоционалдық әсерін арттырады. Бұл әсіресе ұлттық, мәдени мазмұнды мәтіндерде айқын көрінеді;

– қазіргі публицистикада фоникалық құрылымдар стиль мен мазмұнды үйлестіре отырып, мәтінді көркемдік тұрғыдан байытудың әмбебап құралына айналды. Бұл құралдың тиімділігі публицистиканың деректілік пен бейнелілікті қатар ұсынатын жанр ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Қазіргі қазақ мерзімді баспасөзінде фоникалық құрылымдар тек көркемдік әшекей ретінде ғана емес, мәтіннің прагматикалық, идеялық және эмоционалдық әсерін күшейтетін, оқырманмен байланыс орнатуға бағытталған мақсатты стилистикалық құралға айналған. Фоникалық үйлесімдер мерзімді баспасөзде ұлттық бейнелілікті сақтай отырып, мәтіннің қабылдануын жеңілдетеді және есте қалу ықтималдығын арттырады. Бұған қоса, дыбыстық гармония мен ритмикалық симметрия автордың интенциясын нақтылап, мәтіннің эстетикалық сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Қазақ мерзімді баспасөз тілі дамуында фоникалық құрылымдардың рөлі әлі де тереңірек зерттелуі керек және бұл тәсілдер тілдің ішкі табиғаты мен авторлық креативтіліктің тоғысқан тұсын көрсетеді.

3.3 Лексикалық қабаттың сөз әсерлілігін тудыру қызметі

Лексика – белгілі бір тілдің құрылымдық жүйесінде жинақталған сөздік қор мен сөздердің жиынтығы, ол тілдік бірліктердің атаулық, мағыналық, стилистикалық және функционалдық ерекшеліктерін қамтитын қабат. Бұл қабат тіл иесінің ойлау жүйесі мен танымдық тәжірибесінің көрінісі ретінде қызмет етеді. Осы тұрғыдан профессор О. Жұбаева мынадай пікір білдіреді: «Лексика санада көрініс тапқан заттар мен құбылыстардың ерекшелігін зерделеп, белгілі бір тілде сөйлейтін, нақты тілдік ұғым танып, итерген ғалам бейнесін

репрезентациялайды. Ғалам бейнесін тану оны жекелеген құрауыштарын (заттар мен құбылыстарды) ғана емес, сонымен қатар олардың арасындағы байланысты да түйсінуді қажет етеді» [206, 15].

Ал лексикалық стилистика тілдің әртүрлі лексикалық қабаттарының мүмкіндіктерін, олардың стилистикалық ерекшеліктерін, сондай-ақ сөздердің функционалды-стилистикалық және эмоционалды-экспрессивті реңктерін зерттейді. Сонымен бірге, ол тілді мақсатты түрде қолданудағы лексикалық ерекшеліктерге назар аударады.

Лексикалық стилистиканың зерттеу нысандарына *синоним, полисемия, омоним, антоним, пароним, неологизм, көнерген сөздер, лексикалық үйлесімділік, тұрақты сөз тіркестері* және басқа да тілдік құралдар жатады. Сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналарынан бөлек, олардың қосымша реңктері, атап айтқанда, эмоционалды және экспрессивті бояуы болады. Әдеби тілдің стилистикалық жүйесі біркелкі емес және күрделі құрылымға ие, оның көпқырлылығы әлеуметтік және жергілікті диалектілерді, сондай-ақ жазба тілдің әртүрлі формаларын қамтиды.

Баспасөз мәтіндеріндегі лексикалық стилистика тілдің стилистикалық ресурстарын оқшау қарастырмайды, керісінше, оларды публицистикалық мәтіндердегі сөздердің қолданылуымен байланыстыра отырып зерттейді. Ол баспасөз мәтіндерін талдау барысында туындайтын тілдік заңдылықтар мен нәтижесінде пайда болатын құрылымдарды анықтауға ерекше назар аударады.

Бұл бөлімде тілдегі синоним, антоним, көнерген сөздер сынды лексикалық қабаттардың баспасөз тіліндегі сөз әсерлілігін тудыру мүмкіндіктерін қарастырамыз.

Синонимдер. Синонимдер – бір ұғымды білдіретін, бірақ түрлі реңктегі сөздер тобы. Баспасөз мәтіндерінде синонимдердің әсерлілік қызметін зерттеу лингвостилистиканың маңызды міндеттерінің бірі.

Синонимдердің баспасөздегі әсерлілік қызметі стилистикалық құралдарды дұрыс таңдау арқылы жүзеге асады. Ғалымдардың пікірінше, «стильдің негізгі белгісі ретінде тілдік құралдарды таңдау маңызды фактор болып табылады. Тілдік құралдарды таңдау әрқашан синонимия мәселесімен байланысты, себебі синонимдер лексикалық немесе грамматикалық тұрғыдан мазмұнды байыту үшін қажет» [207, 19]. Бұл баспасөз мәтіндерінде синонимдерді қолданудың тиімділігін арттыруға негіз болады.

Синонимдердің стилистикалық функциясы, әсіресе баспасөз мәтіндерінде, оқырманға мәтінді қызықты, мазмұнды әрі мәнерлі етіп жеткізуде маңызды рөл атқарады. Олар заттар мен құбылыстардың түрлі аспектілерін айқын көрсету үшін, сондай-ақ мәтіннің динамикасын арттыру үшін қолданылады. Синонимдер тек экспрессивті мазмұнды жеткізудің құралы ғана емес, сонымен қатар белгілі бір стильдік бояу мен мәтіннің эмоционалдық әсерін күшейтудің әдісі ретінде де маңызды.

Қазақ тіліндегі синонимдердің семантикалық қырлары, прагматикалық қызметі және олардың тілдік қолданыстағы рөлі көптеген лексикографиялық еңбектер мен ғылыми зерттеулерде көрсетілген. Қазақ тіліндегі синонимия

құбылысын ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеген Ә. Болғанбаев, С. Бизақов, Ф. Оразбаева, М. Серғалиев, Ф. Мұсабекова, А.Ә. Османова сияқты ғалымдардың еңбектері осы бағыттағы іргелі зерттеулердің қатарында ерекше орын алады [146].

Синонимдердің табиғаты тілдің жүйелі-құрылымдық бағыты арқылы зерттеліп, олардың коммуникативтік жағдаяттарға қарай қосымша реңк алу мүмкіндігі анықталған. Әдетте, синонимдік қатарларда бір сөз стильдік бейтараптылығымен және қолдану жиілігімен доминант ретінде танылады. Бірақ ол қолданылу контекстіне байланысты қосымша семантикалық және стилистикалық мәндерге ие болуы мүмкін. Бұл көзқарас синонимия құбылысының негізгі белгілерін анықтауда маңызды болып табылады. Синонимдер тек тіл байлығының көрсеткіші ғана емес, ақпаратты әсерлі жеткізу арқылы оқырманның назарын аудартатын прагматикалық қуаты күшті құрал ретінде қызмет етеді.

Соңғы зерттеулерде синонимдерді қарастырудың шеңбері кеңейіп, оларды «сөйлеушінің немесе жазарманның ойлау үдерісінің нәтижесінде қалыптасатын теңеулер» деп сипаттайтын тұжырымдар қалыптасуда [208, 61]. Бұл тұжырымдар контекстуалды синонимдердің пайда болуын және олардың баспасөз мәтіндерінде жиі қолданылуын негіздейді. Контекстуалды синонимдердің пайда болуына түрткі болатын факторлар мыналар:

1. *Ақпарат мазмұнының әсерлілігін арттыру:* Синонимдер оқырман назарын аударту және ақпараттың эмоционалды қабылдануын күшейту үшін қолданылады.

2. *Прагматикалық-стилистикалық міндеттерді жүзеге асыру:* Синонимдер мәтіннің стилистикалық мәнерлілігін арттырып, оның мазмұнын прагматикалық тұрғыдан тереңдете түседі.

3. *Семантикалық өрістің кеңеюі:* Синонимдердің әртүрлі тіркестері арқылы мағыналық реңктер қосылады [146].

Контекстуалды синонимдерді талдау барысында олардың мағыналық өзгерістері мен экспрессивті-эмоционалдық әсерін қарастыру маңызды. Бұл мәселе баспасөз мәтіндеріндегі әдеби тілдің нормалануы, тіл байлығының жазба мәтіндердегі көрінісі және сөз мәдениетімен тығыз байланысты. Академик Р. Сыздық қазақ тілінің лексикалық мүмкіндіктері мен сөз байлығының коммуникацияда оқырман мұқтаждығын қанағаттандыруға қабілетті екендігін атап көрсеткен [5, 78]. Осы пікірді ғалым Н. Уәли былайша толықтырады: «Тілдің морфологиялық, синтаксистік амалдары мен лексикалық қазынасы үйлесе келіп, тіл байлығын құрайды» [6, 30]. Бұл синонимдердің тек лексикалық қабатпен ғана шектелмей, морфологиялық және синтаксистік жүйелердің мүмкіндіктерін де қамтитынын айқындайды.

Қазақ тілінің сөз байлығы тек лексика-фразеологиялық қабатпен шектеліп қалмай, синтаксистік және морфологиялық жүйелерді де қамту арқылы жаңа лексикалық бірліктер мен тың тіркестер жасауға қабілетті. Бұл қабілет тілдің динамикасы мен эволюциясын айқындап, оның қолданыстағы бейімделгіштігін көрсетеді. Жазушы немесе сөйлеушінің танымдық деңгейі, білім қоры және

коммуникация үдерісінде адресатқа әсер ету мүддесі тың тілдік бірліктердің, соның ішінде контекстуалды синонимдердің қалыптасуына ықпал етеді. Мұндай бірліктер қазақ тілінің сөздік қорын әрі қарай байытып, оның функционалдық мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Әлемдік лингвистикада сөз мәдениеті мен тілдің коммуникативтік сапасына арналған зерттеулерде тілдік құралдарды меңгеру адамның ойлау қабілеті мен қарым-қатынасын дамытуда шешуші рөл атқаратыны баса айтылады. Г. Трофимова атап өткендей, «тілдің байлығы мен оны игеру – адам санасы мен қарым-қатынас жүйесінің тиімділігін қамтамасыз етудің қажетті шарты» [209, 15]. Бұл пікір сөз байлығы мен оны коммуникацияда тиімді қолданудың маңызын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Бұл мәселеге назар аударғанда екі негізгі аспектіні бөліп көрсетуге болады.

Біріншіден, тіл байлығының маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде семантикалық синонимдерді қарастыру қажет. Мысалы, тілдік жүйеде кең таралған синонимдік қатарлардың бірі – *«әдемі»* доминант сыңарынан басталатын тілдік бірліктер. *«Әдемі»* сөзі өзге мәндес сыңарларына қарағанда әрі бейтарап сипатта (мысалы: *әдемі қыз, әдемі көйлек, әдемі табиғат*), әрі экспрессивті мәнге ие. Оның бұл мағынасы баспасөз мәтіндерінде жаңа тіркестер жасау арқылы синтагматикалық валенттіліктен тыс жаңа қолданыстар түзеді.

Мұны қазіргі баспасөз мәтіндерінде *«әдемі»* сөзі арқылы түзілген тіркестер дәлелдей түседі. Мысалы: спорттық тақырыбына арналған жанрларда *«әдемі соққы жасау», «әдемі гол салу», «әдемі бокс көрсету», «әдемі жүгіру», «допты әдемі қабылдау», «әдемі комбинация ұйымдастыру».* Бұл тіркестер ақпараттың әсерлілігін күшейту мақсатында қолданылады және контекстуалды синонимдердің семантикалық валенттілік арқылы түрленуінің нәтижесі болып табылады [146, 5]

Екіншіден, контекстуалды синонимдер перифраз құбылысымен тығыз байланысты. Перифраз – белгілі бір заттың, құбылыстың немесе ұғымның нақты қасиеттерін бейнелі түрде сипаттау тәсілі. Дәстүрлі анықтамаға сәйкес, перифраз арқылы заттың немесе құбылыстың негізгі сипаттары көрнекі әрі нақты түрде беріледі.

Сонымен қатар ғылыми зерттеулерде синонимдік қатарлар мен перифраздың арасындағы байланыс туралы пікірлер кездеседі. Ғалым Ю.С. Степановтың пікірінше, «синонимияның басты белгісі – мағына жақындығы, сондықтан кең мағынада кез келген синонимдік топты перифраздық топтарға жатқызуға болады» [210, 201]. Бұл тұжырым контекстуалды синонимдерге де қатысты. Контекстуалды синонимдердің ерекшелігі олардың прагматикалық мақсаттарға бағытталуында. Олар мәтіннің мазмұнын байыта отырып, оқырманға қосымша әсер беру үшін қолданылады.

Контекстуалды синонимдердің қолданылу өрісі баспасөз мәтіндерінің жанрлық ерекшеліктерімен анықталады. Олар, әсіресе ақпараттық-танымдық, насихаттау, дәлелдеу және таныстыру мазмұнындағы жанрларда жиі кездеседі. Осындай жанрларда авторлар мәтіннің коммуникативтік діттемін жүзеге асыру үшін тілдің барлық мүмкіндіктерін пайдаланып, жаңа синонимдік

комбинациялар құрастырады. Бұл ретте денотативтік мағынаның семантикалық аспектілері негізге алынады және сол арқылы контекстуалды синонимдер жасалады.

Мысалы, қазақ тілінің синонимдер сөздігінде көрсетілген *«азамат / жігіт / сабаз»* қатарындағы соңғы сыңар тек белгілі бір контексте номинациялық вариант ретінде қолданылған. Оның қолданысына алдыңғы доминант сөздердің «ер адам, елге сүйеніш болатын, мықты, күшті, батыр» деген семалары негіз болған. Бұл күрделі мәселе бірнеше аспектіде зерттелуі қажет деп санаймыз: а) мәтінтану теориясы тұрғысынан; ә) синонимия жүйесінің мәтін ішіндегі ерекшеліктері тұрғысынан; б) сөздің әсерлілік қызметін қалыптастыру тұрғысынан.

Синонимдердің сөз байлығын әсерлі жеткізудегі рөлін анықтау мақсатында қазіргі қоғамдағы ақпарат ағынын игеруде маңызды құрал ретінде баспасөз мәтіндері алынды. Мерзімді баспасөз мәтіндері лексикалық байлығымен ерекшеленеді және қоғамдағы өзгерістер мен жаңалықтарды, шаруашылық пен мәдени өмірді барынша қамтуға бағытталған. Бұл мәтіндер халық тілінің бай лексикалық қорын және жазу дәстүрлерін белсенді пайдаланып, ақпаратты жан-жақты жеткізуге ұмтылады [30, 27].

Сондай-ақ баспасөз мәтіндеріндегі визуалды қабылдауға бейімделген публицистикалық тілдің даму динамикасын зерделеу қазіргі қазақ әдеби тілінің лексикасының даму үрдісін болжауға мүмкіндік береді. Қазақ әдеби тілінің лексикасын зерттеудің маңызын ғалым А. Алдаш атап көрсеткен. Ғалымның пікіріне сүйенсек, «тілді тұтас жүйе ретінде танып-бағалау үшін белгілі бір уақыт кезеңдеріндегі (ғасырлар, онжылдықтар, бірнеше жыл аралығы) синхронды көріністерін зерттеу, әсіресе лексикалық қабаттағы өзгерістер мен жаңаруларды, тілдің өміршеңдігін дәлелдейтін ілгерілеушілікті (толығу, жаңару) уақтылы талдау аса маңызды және өзекті» [27, 25].

Осы тұрғыда баспасөз мәтіндерінде кездесетін синонимдердің қолданыс ерекшеліктерін анықтау, әсіресе жазба публицистикалық мәтіндердегі (газет мәтіндеріндегі) әсер ету қызметіне байланысты қалыптасқан контекстуалды синонимдердің рөлін зерттеу маңызды. Бұл қазақ әдеби тілінің лексикалық қабатын байытуға, сөз байлығын тиімді қолдану тәсілдерін анықтауға және қазіргі тілдік үдерістерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Функционалдық стильдердің ішінде баспасөз мәтіндерінде синонимдердің қолданылуы айрықша назар аударады. Публицистикалық мәтіндердегі синонимия құбылысы тілдік жүйедегі синонимдік қорды тиімді пайдалану ғана емес, сонымен қатар коммуникативтік діттемді орындау мақсатында жаңа қолданыстар жасау қабілетімен ерекшеленеді. Профессор Б. Момынова синонимдердің баспасөз мәтіндерінде пайда болу ерекшеліктерін сипаттай отырып, «тілдегі сөздердің екінші деңгейдегі мағыналарының дамуы нәтижесінде синонимдік жұптардың қатар пайда болуын» көрсетеді [23, 193].

Қазақ баспасөз мәтіндеріндегі синонимдік қатар құру мүмкіндіктері контекстуалды синонимдердің молдығынан анық байқалады. Бұл мәтіндерде, әсіресе саяси және экономикалық терминологияға қатысты лексиканың

синонимі ретінде қолданылатын перифраз немесе контекстуалды синонимдердің пайда болуы және қолданылуы жиі кездеседі. Перифраз (бейнелі тіркестер) немесе контекстуалды синонимдер арқылы жасалған мұндай қолданыстар ақпараттың әсерлілігі мен экспрессивтілігін арттырады. Мысалы, *«мұнай» – «қара май», «қара алтын»; «мақта» – «ақ алтын», «ақ ұлпа»; «дәрігер» – «ақ желеңді абзал жан», «бейбіт күннің батыры»; «коронавирус» – «тәж вирус», «тәжтажал»* секілді кеңінен қолданылып келеді.

Қазіргі жазба коммуникация мен баспасөз мәтіндерінде жиі кездесетін «Астана – Елорда» сөздерін доминант синонимдік жұп ретінде қарастыруға болады. «Елорда» сөзі бастапқыда «Астана» сөзінің образды әрі контекстуалды баламасы ретінде пайда болған. Алайда бірнеше фактордың ықпалымен: 1) тіл пайдаланушының санасында «Алтын Орда», «Алашорда» секілді ұлттық кодтарға жақын құрылымдық-мағыналық байланысы; 2) символдық деңгейде әсер ету қабілеті; 3) қолдану жиілігінің артуы нәтижесінде, «Елорда» бейтарап лексикалық мәнге ие болып, жаңа контекстуалды баламалардың жасалуына негіз болды [146, 7].

Мысалы, қазіргі баспасөз мәтіндерінде *«бас шаһар», «жаңа астана», «тұңғыш астана», «жас қала», «арман қала», «жасарған шаһар», «жаңарған шаһар», «еліміздің жүрегі»* секілді контекстуалды синонимдер жиі кездеседі. Олар бейтарап мағынадағы «Елорда» доминант синонимін ауыстырып, мәтінде жоғары экспрессиялы және әсерлі қолданыстар ретінде қызмет етеді: *Ол қысылтаяң шақтың кедергілеріне қарамастан, бас шаһардың даму динамикасы сақталып тұрғанын айтты (ЕҚ, 1 шілде, 2021 жыл). Әрине, тәуелсіз еліміздің тұңғыш астанасы жайлы бүгінге дейін айтылған әңгімелер аз емес (ЕҚ, 4 шілде, 2021 жыл). Тәуелсіздіктің айтулы жетістіктерінің бірі – Сарыарқаның төрінде шолпан жұлдызындай жарқыраған жаңа астананы салу (ЕҚ, 4 шілде, 2021 жыл).* Егер осы мысалдардағы *«бас шаһар», «тұңғыш астана», «жаңа астана»* секілді контекстуалды синонимдерді *«Елорда»* сөзімен алмастырсақ, мәтіннің ақпараттық мазмұны өзгермейді. Алайда сөйлемдердің әсерлілігі айтарлықтай төмендейді. Бұл контекстуалды синонимдердің оқырманға эмоционалдық және стилистикалық әсер ету қабілетін көрсетеді. Сонымен қатар олар негізгі сөзге тән қасиеттер мен сипаттарды ерекшелеу арқылы доминант синонимнің мағыналық аясын кеңейтеді. Осыдан шығатын қорытынды, баспасөз мәтіндеріндегі контекстуалды синонимдер мәтіннің мазмұнын байытуда және ақпаратты әсерлі жеткізуде маңызды рөл атқарады. Олар бір жағынан, бір рет қолданылған сөзді қайталамаудың стилистикалық шешімі ретінде көрінсе, екінші жағынан, мәтіннің экспрессивтілік және коммуникативтік қуатын арттыратын құрал ретінде қолданылады. Контекстуалды синонимдердің осындай қасиеттері олардың қазіргі публицистикалық мәтіндердегі ерекше лингвостилистикалық рөлін айқындайды.

Қазіргі баспасөз мәтіндерінде мемлекеттік маңызы бар Астана, Алматы, Түркістан сияқты қалалардың атаулары тек ақпараттық хабарларда ғана емес, очерк және фельетон жанрындағы мақалаларда да жиі кездеседі. Мұндай жанрларда қала атауларының контекстуалды синонимдері қолданылып, мәтіннің

әсерлілігі мен бейнелілігін арттыруға қызмет етеді: *Еліміздің жүрегі – елордамыз көркейе берсін (ЕҚ, 4 шілде, 2021 жыл). Түркілер төрі – Түркістан түлей берер (ЕҚ, 6 сәуір, 2021 жыл).*

Бұл сөйлемдерде автор контекстуалды синонимдерді *(«Еліміздің жүрегі», «Түркілер төрі»)* бейтарап мағынадағы доминант синонимдермен *(«Елорда», «Түркістан»)* үйлестіріп, олардың бірін-бірі толықтыратындай бейнелі қолданыстар жасаған. Мұндай тәсіл оқырманға айрықша әсер қалдырып, автордың сөз қолдану шеберлігін айқын көрсетеді.

Контекстуалды синонимдерді әсерлі қолданудың тағы бір тиімді әдісі – градациялық үлгіде қолдану. Лингвистикалық тұрғыдан градация тілдік бірліктерді бірінен соң бірін жұмсай отырып, алдыңғы сөздің мәнін келесісімен күшейту немесе дамыту арқылы көркемдік әсерді арттыру тәсілі болып табылады. Бұл әдіс тек экспрессивтілікке ғана емес, сонымен қатар мәтіндегі ойдың өткірлігі мен әсерлілігін күшейтуге мүмкіндік береді. Градация тәсілі біртектес құрылымдағы сөйлемдердің жүйеленіп, ойдың жүйелі әрі кең мағыналық өріс құруына ықпал етеді.

Мұндай контекстуалды синонимдер мен градациялық тәсілдер қазіргі публицистикалық мәтіндерде мәтіннің стилистикалық мәнерін байытып, ақпараттың оқырманға әсер ету деңгейін арттырады. Олар тек тілдің көркемдік мүмкіндіктерін ғана емес, сонымен бірге автордың шығармашылық әлеуетін де танытады: *Сарыарқа төсінде XXI ғасыр ғажайыбы, әлемдік мегаполис, арман қала бой көтерді (ЕҚ, 4 шілде, 2021 жыл). Мың боялы қаланы «Оңтүстік астана» деп те атайды, арасында жастардың қаласы деп жатады (Алаш айнасы. 20 қыркүйек, 2020 жыл). Түркі елінің атажұрты, қасиетті қарашаңырақ, киелі Түркістанда өткен Түркітілдес елдер Парламенттік Ассамблеясы Кеңесінің отырысы бауырлас елдердің бірлігін бекемдей түскені анық (ЕҚ, 29 қыркүйек, 2021 жыл).* Мәтіндерде контекстуалды синонимдердің бірінен соң бірінің мағыналық дамуы арқылы қолданылуы сөздің мәнерлілігі мен әсерлілігін арттырып қана қоймай, негізгі сөздің семантикалық ауқымын кеңейтіп, оның сипаттамасын толықтыра түседі. Бұл тәсіл оқырманның қабылдауына ықпал етіп, мәтіннің экспрессивтілігін күшейтуге мүмкіндік береді.

Баспасөз мәтіндерінің жалпыхалықтық сипаты, әдеби тілдің толығуы мен баюына, тілдік үдерістердің дамып, жаңаруына ықпал ететін маңызды фактор екенін ескерсек, әсерлілігі жоғары контекстуалды синонимдер публицистикалық стильде тұрақты клише санатын байыта алады. Мысалы, Алматы қаласының перифраздық контекстуалды синонимдері ретінде *«оңтүстік астана», «оңтүстік шаһар», «жастар қаласы»* тәрізді қолданыстар қазіргі таңда тұрақты, дайын клише формалары ретінде кеңінен қолданылып жүр: *Алматы қаласының әкімі оңтүстік астана тұрғындарын Жаңа жылмен құттықтады (ҚазАқпарат. 1 қаңтар, 2014 жыл); Оңтүстік шаһардағы оңды оқиғаның бірі – Алматыдағы Ахмет Байтұрсыновтың мұражай-үйі қала меншігіне қайтарылды. Жастар қаласы: Ұлттық домбыра күнін алматылықтар ерекше атап өтті (ЕҚ, 18 қазан, 2019 жыл).*

Қазіргі баспасөз мәтіндерінде Астана қаласының атауына қатысты *«елорда», «бас қала»* және Алматы қаласына қатысты *«оңтүстік астана»* синонимдері мағыналық тұрғыдан қала атауларының абсолютті синонимдері ретінде қалыптасқан. Алғашқыда бұл синонимдер қайталануды болдырмау сияқты функционалдық мақсатта қолданылғанымен, олардың оқырман санасына әсер ету, эмоция тудыру қызметі басым болғаны анық байқалады. Алайда ресми баспасөз беттерінде бұл синонимдердің жиі әрі тұрақты түрде қолданылуы біртіндеп олардың әсерлілік қызметінің әлсіреуіне, сөйтіп, тілдік штамп деңгейіне дейін түсуіне әкелді.

Публицистикалық мәтіндердің динамикалық және өзгермелі сипатын ескере отырып, тілдік бірліктердің жиі қолданылуы салдарынан штампқа айналуы мен кейін әсерлілікке қайта ұмтылуы жаңа күрделі бейнелі тіркестердің пайда болуына жол ашады. Бұл үдеріс үздіксіз жүріп отыратын құбылыс. Баспасөз мәтіндерінің өзіндік ерекшелігі де осы – тілдік құралдарды үнемі жаңғыртып, оқырманға барынша әсер ететін тәсілдерді іздеуінде.

Публицистикалық стильдегі мәтіндердің әсерлілікке ұмтылысы қазақ тілінің бай лексикалық қорын барынша тиімді пайдалануға негізделеді. Сонымен қатар синонимдік қатар құруда қолданылатын бейнелі тіркестердің оқырман санасындағы ассоциацияларға сәйкес келуі, сондай-ақ публицист автордың тілдік тұлғасымен тығыз байланыста қарастырылуы маңызды. Авторлық шеберлік кез келген мақала, очерк және басқа да жанрларда стильдік ерекшеліктерді тереңдету, оқырман сезімін дәл тауып, жүректерге жол табу үшін ерекше мәнге ие болады [28, 74].

Соңғы уақытта Түркістан қаласына мемлекет тарапынан ерекше назар аударылып, оның өміріндегі өзгерістер публицистикалық мәтіндердің басты назарында болды. Қала атауына қатысты бейнелі оралымдар мен перифраздық контекстуалды синонимдердің кеңінен қолданылуы осының айғағы. Мысалы, *«Түркі әлемінің рухани астанасы», «көненің көзі – көне шаһар», «түркі дүниесінің тұғырлы бесігі», «түркілер төрі»* сынды тіркестер Түркістан қаласының мәдени, тарихи және рухани рөлін айшықтайды. Мұндай бейнелі оралымдардың әсер ету әлеуеті жоғары болғанымен, олардың тұрақты түрде қолданылуы уақыт өте келе стилистикалық таптаурындарға айналу қаупін жоққа шығармайды.

Қазіргі қазақтілді жазба коммуникацияда, әсіресе ақпарат тарату мен қоғамдық пікір қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын баспасөз мәтіндерінің орны ерекше. Бұл мәтіндер әдеби тілдің баюы, қалыптануы және нормалану үдерістеріне белсенді ықпал етеді. Тілдегі синонимдік қатарлар ұлттық тіл байлығының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Дұрыс әрі дәл қолданылған синонимдер оқырманның талғамдық және эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандырып, мәтіннің экспрессивтілік деңгейін арттырады. Қазіргі публицистикалық мәтіндерде, әсіресе газет жанрында, әсерлі қолданыстардың кеңінен таралғаны байқалады. Контекстуалды синонимдер айтылмақ ойды мәнді әрі бейнелі етіп жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Баспасөз мәтіндеріндегі қала атауларына қатысты контекстуалды синонимдерді талдау барысында олардың оқырманға әсер ету мақсатында қолданылуындағы мынадай тәсілдер анықталды:

– бейтарап мағынадағы доминант синоним мен контекстуалды синонимдерді қатар қолдану. Бұл тәсіл негізгі ұғымның семантикалық аясын кеңейтіп, мәтіннің бейнелігі мен әсерлілігін арттырады.

– контекстуалды синонимдерді бірінен соң бірін градациялық үлгіде қолдану. Мұндай тәсіл айтылымның экспрессивтілік деңгейін күшейтіп, мәтіннің эмоционалдық әсерін тереңдетеді.

Қазіргі тіл қолданысы бұқаралық ақпарат құралдарындағы тілдің дамуымен тығыз байланысты. Публицистикалық мәтіндердегі контекстуалды синонимдердің жасалуы мен олардың фразеологиялық және бейнелі тіркестермен қатар қолданысы қазіргі стилистика мен тіл мәдениеті саласының өзекті мәселелерінің бірі болып қала береді. Сонымен қатар ақпараттық ағынның үздіксіз алмасу жағдайында бұқаралық ақпарат құралдары ұсынатын материалдардың ақпараттық және танымдық мазмұнын сақтай отырып, оқырманға ықпалды әрі тартымды түрде жеткізілуі үшін бұл мәселелерді тереңірек зерттеу қажет.

Антонимдер. Қазіргі публицистикалық мәтіндерде антонимдердің қолданылуы синонимдермен қатар ерекше маңызға ие. Антонимдер публицистикалық стильде мазмұнды айқын жеткізу және қарама-қарсы құбылыстарды сипаттау үшін маңызды стилистикалық құрал ретінде қолданылады. Мерзімді баспасөз тіліндегі жазарман өмірдің түрлі аспектілерін контрастты түрде көрсете отырып, шындықты терең түсінуге және оқырманның назарын басты мәселелерге аударуға ұмтылады.

К. Ахановтың пікіріне сүйенсек, антонимдер ойды нақты әрі бейнелі жеткізуде, қарама-қарсы құбылыстарды салыстыру мен шендестіруде маңызды рөл атқарады [211, 140].

Ж. Мусин антонимдерді ерекше лингвистикалық құбылыс ретінде қарастырып, оларға «мағынасы жағынан біртектес, өзара эквивалентті, сондай-ақ тілде біртекті сапалық ұғымдарды қарама-қарсы мағынада білдіретін сөздер» деген анықтама береді [212, 51].

Сондықтан мерзімді баспасөз мәтіндеріндегі антонимдер тек қарама-қарсылықты көрсетудің құралы ғана емес, сонымен қатар автордың философиялық және танымдық көзқарасының айнасы ретінде де маңызды рөл атқарады. Антонимдер көмегімен жазарман әлеуметтік, саяси және мәдени мәселелерді дәл әрі әсерлі жеткізіп, оқырманды ойлануға жетелейді.

Антонимдердің негізгі стилистикалық қызметі – қарама-қайшылықты білдіретін лексикалық құрал ретінде антитеза жасау. Мерзімді баспасөз мәтіндерінде антитеза жиі кездеседі және ол оқырман назарын маңызды мәселелерге аудару үшін тиімді тәсілдердің бірі болып табылады. Антитезаны қолдану кезінде бірнеше антонимдік жұп қатар тартылып, мәтін мазмұнын күшейтуге мүмкіндік береді. Мерзімді баспасөзде антонимдер автордың көзқарасы мен стилін көрсету құралы ретінде қызмет етеді. Көптеген

журналистер мәтіннің әсерлілігін арттыру мақсатында антонимдерді қолданып, материалды өңдеу барысында оларды әдейі енгізеді.

Күшті әсерлілік тудыру үшін антонимдік жұптың бір мүшесін қарама-қарсы мағынада қолданылады. Мұндай тәсіл антонимнің әсерін күшейтіп қана қоймай, автордың белгілі бір мәселеге ерекше назар аударуына мүмкіндік береді. Бұл әдіс әсіресе оқырманды ойландыратын өткір тақырыптарда, әлеуметтік және саяси мәселелерді талқылауда жиі қолданылады. Публицистикалық мәтіндерде антонимдер сөйлемге эмфатикалық интонация беріп, сөйлеу тілінің реңкін жеткізуге де қызмет етеді.

Көптеген жағдайда қарама-қайшы мағынадағы сөздер анықтаушы және анықталушы ретінде бірігеді. Бұл тәсіл әсіресе зат есім мен сын есімдер арасында байқалады, бірақ мұндай қолданыстарды терминнің тура мағынасында антоним деп атау қиын. Дегенмен стилистикалық тұрғыдан алғанда, бұл құралдар контраст тудыру және оқырман назарын аудару үшін тиімді қолданылады.

Антонимдердің стилистикалық функциясы контрастты қарама-қайшылық арқылы мәтіннің эмоционалдық және мағыналық әсерін күшейтеді. Бұл әсіресе мерзімді баспасөзде айқын көрінеді, себебі қарама-қайшылық оқырманның назарын аударатын және маңызды мәселелерді түсіндіретін негізгі тәсілдердің бірі. Қазіргі публицистикалық мәтіндерде бұл әдістер әсіресе эмоционалдық әсер тудыру және қарапайым тілдік формаларды оқырманға жақындату үшін қолданылады: *Той – **офлайн,** журналистер – **онлайн** (ЕҚ, 13 Қазан, 2021 жыл).*

Бұл сөзқолданыстар COVID-19 пандемиясымен тікелей байланысты. Өйткені COVID-19 пандемиясы *онлайн* және *офлайн* ұғымдарының қоғамдағы маңызын арттырды, себебі бұл кезеңде адамзат цифрлық технологияларға бұрын-соңды болмаған деңгейде тәуелді болды. Пандемия тек медициналық емес, сонымен қатар әлеуметтік, экономикалық және мәдени жүйелерге де әсер етіп, күнделікті өмірдің барлық саласында онлайн және офлайн процестердің маңызын қайта қарауға мәжбүр етті.

Пандемия басталғанға дейін бұл ұғымдар негізінен цифрлық технологиялар саласында қолданылса, жаһандық денсаулық дағдарысы олардың қолдану аясын кеңейтті. Онлайн формат білім беру, жұмыс істеу, сауда және мәдени шараларды ұйымдастырудың негізгі тәсіліне айналса, оффлайн өмір шектеулер мен оқшаулау шараларына байланысты ерекше мәнге ие болды. Осылайша бұл екі ұғым қоғамдағы қарым-қатынастар мен күнделікті өмір салтын сипаттаудың тиімді құралына айналды: *Жаңа оқу жылы **онлайн** бола ма, **офлайн** бола ма?! (ЖА, 2 тамыз, 2021 жыл). Халыққа, әсіресе үлкен қалаларда тұратындарға оңтайлы болу үшін биыл да құрбан шалу **офлайн** және **онлайн** форматта жүзеге асады (Айқын, 11 маусым, 2024 жыл). Басқаша айтқанда, **офлайн** өмірдегі жауапкершілік **онлайн** әлемде міндеттеледі (АТ, 20 шілде, 2023 жыл).*

Онлайн және *оффлайн* антонимдері осы кезеңде тек техникалық терминдер ретінде емес, сонымен қатар әлеуметтік және мәдени трансформацияларды бейнелейтін символдық мәнге ие болды.

Сонымен қатар антонимдер қарама-қарсы ұғымдарды бір мәтінде қатар қою арқылы әлеуметтік әділетсіздік, экономикалық тұрақсыздық немесе ақпараттың

ашықтығы мен құпиялылығы сияқты қоғамдағы өткір мәселелерді айқын жеткізуге көмектесті: *Елімізде қабылданған заңдардың **озық** жағы қайсы, **тозық** жағы қайсы (Айқын, 19 қыркүйек, 2018 жыл). **Озық** үлгілердің орнына, біз іріп-шіріген **тозық** үлгілерді алдық (ҚӘ, 29 желтоқсан, 2017 жыл). Қызмет сапасы **төмен,** сыйақысы **жоғары** ұлттық компаниялар (ЖА, 9 шілде, 2024 жыл). ...**Жазда сараң, қыста жомарт** (ЖА, 11 маусым, 2024 жыл). Яғни, банк секторы басшыларға **жомарт**, басқасына **сараң** (Айқын, 14 қыркүйек, 2021 жыл). Байлығы – **жария,** мәліметі – **құпия** (ЖА, 24 Мамыр 2024 жыл). Бүлдіру **оңай,** бүтіндеу **қиын** (ЕҚ, 14 маусым, 2019 жыл). Билік айту – **оңай**, біліп айту – **қиын** (Айқын, 27 қазан, 2020 жыл).*

Мұндай антонимдік жұптар публицистикада белгілі бір құбылыстың немесе үрдістің ішкі қайшылығын айқындайды. Бұл тәсіл журналистің мәтінде жасырын сарказм немесе сыни тұрғыдан пікір білдіруіне мүмкіндік береді.

Сондай-ақ қазіргі баспасөз мәтіндерінде *«жаңа – ескі», «тоқырау – даму», «ақ – қара», «кеше – бүгін»* сияқты антонимдердің қолданыстық қызметінің өсуі мен әсерлілік қызметі ерекше байқалады. Мұндай антонимдердің жиі қолданылуы қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық және саяси өзгерістерді бейнелеудің маңызды құралына айналғанын көрсетеді. Антонимдік жұптар бір ғана стилистикалық құрал емес, мәтіннің семантикалық ауқымын кеңейтуге, оқырман назарын аударып, оның эмоционалдық қабылдауына ықпал етуге бағытталған күрделі прагматикалық тәсіл.

Бұл құбылыстың күшеюі Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауымен [1] тығыз байланысты болды деген пікірдеміз. Жолдауда *«жаңа»* ұғымы елдің болашаққа бетбұрысының, әділеттілік пен ашықтыққа негізделген реформалардың символы ретінде ұсынылды. Ал *«ескі»* ұғымы, керісінше, өткеннің кемшіліктерін, ескірген жүйелер мен көзқарастарды бейнелей отырып, өзгерістердің қажеттілігін айқындауда салыстырмалы мағына ретінде пайдаланылды. Бұл қарама-қайшылық қоғамда жаңғырту идеяларын насихаттауға, халықтың санасына әсер етуге және жаңа құндылықтарға бейімдеуге бағытталды.

Бұл антонимдік жұптар, әсіресе баспасөз материалдарының тақырыптарында жиі кездеседі, себебі олар оқырман назарын аударып, мәтіннің мазмұнын айқындауға және эмоционалдық реңк беруге тиімді құрал болып табылады. Мұндай лексикалық қарама-қайшылықтар мәтіннің семантикалық құрылымын байытып, оның прагматикалық ықпалын күшейтеді: ***Ескі мен жаңаның** үйлесімі (Солтүстік Қазақстан, 24 сәуір, 2023 жыл). Forbes-2024 және **ескі мен жаңа** арасында құбылған...(ЖА, 29 қазан, 2024 жыл). **Ескі** қулар **жаңа** кадрдан қорқады (ЖА, 19 сәуір, 2022 жыл). **Жаңа** басшылар **ескі** сүрлеуге түспегей! (ҚӘ, 24 ақпан, 2017 жыл).*

Мақала тақырыптары мен мәтіндеріндегі *«ескі»* мен *«жаңа»* қарама-қарсылығы, әсіресе *«Жаңа Қазақстан»* ұғымының аясында, халықтың жаңару мен прогреске деген ұмтылысын насихаттайды. Мұнда «ескі» – тоқырау, жемқорлық немесе әділетсіздік сияқты теріс ассоциацияларды білдірсе, «жаңа» – үміт, әділеттілік, жаңғыру сынды позитивті ұғымдарды бейнелейді.

Антонимдердің қай кезеңде болсын стилистикалық қызметін тиімді атқарғаны, олардың тілдік құбылыс ретінде тұрақты әрі әмбебап құрал екендігін көрсетеді. Мерзімді баспасөз тілінде, әсіресе антонимдер нақты әсер ету мақсатына қызмет ететіндіктен, бұл тілдік құрал әрдайым өзектілігін жоғалтпайды. Қазіргі кезеңде антонимдердің қолданылуы тек тіл шеңберінде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және саяси мәнмәтіндерге де ықпал етеді.

«Кеше – бүгін» сияқты антонимдік жұптардың да қолданылуы өткен мен бүгінгі кезеңдер арасындағы динамикалық байланыстарды, салыстырмалы дамуды және әлеуметтік-мәдени өзгерістерді көрсету үшін тиімді прагматикалық құрал ретінде көрініс табады: *Жолдау: **кеше** және **бүгін** (АТ, 27 тамыз, 2020 жыл). **Кеше мен бүгін** (ЕҚ, 21 қараша, 2022 жыл). **Кеше мен бүгіннің** шынайы бейнесі (АТ, 11 шілде, 2024 жыл). Отбасылық құндылық. **Кеше, бүгін** (ҚӘ, 28 ақпан, 2023 жыл). Күні **кеше** ғана қиял-ғажайып болып көрінген технологиялар **бүгін** шындыққа айналуда (ЕҚ, 12 сәуір, 2024 жыл). **Кеше** де, **бүгін** де жекенің қолына өтіп жатқан әрбір нысанның кейінгі тағдырына қатысты халық көңіліндегі алаң сейілген емес (ЕҚ, 12 маусым, 2025 жыл).*

Антонимдік жұптардың лингвостилистикалық ерекшелігі олардың қарама-қарсылықты көрсету арқылы мәтіннің стилистикалық әсерін күшейтуінде.

«Кеше мен бүгін» антонимдік жұбының қазіргі баспасөз мәтіндерінде қолданылуы оның тек қарама-қарсылықты көрсету құралы ғана емес, мәтіннің әсерлілік деңгейін арттыратын, оқырманды ойландыратын, тарихи және мәдени контексттерді тереңірек түсінуге бағыттайтын құрал екенін дәлелдейді. Мұндай жұптардың прагматикалық қасиеттері автордың коммуникативтік діттемін іске асырып, оқырманның эмоционалдық және танымдық қабылдауына әсер ететін қуатты лингвостилистикалық тәсіл екенін көрсетеді. Сонымен қатар олардың қазіргі баспасөздегі көпқырлы қолданылуы антонимдердің динамикалық және икемді стилистикалық ресурс ретінде маңызын арттырады. Олар бір жағынан назар аудару құралы болса, екінші жағынан мәтіннің идеялық мазмұнын бейнелеуде ерекше маңызға ие. Мысалы, «ақ – қара» антонимі әділет пен әділетсіздік, шындық пен жалғандық сияқты оппозициялық ұғымдарды бейнелеп, оқырманның моральдық және этикалық көзқарастарын қозғайды.

Тағы бір мысал келтірсек: *Ғылым салаларының **тоқырауы мен дамуы** (Адырна*, 16 наурыз, 2023 жыл*). Еліміз бүгінде **тоқырау** жолын емес, үдемелі **даму** бағытын таңдайды (Айқын, 5 сәуір, 2022 жыл). Әр елдің даму тарихында **даму** және **тоқырау** кезеңдері болып тұрады (АТ, 26 Мамыр, 2022 жыл). Біз күн сайын ескі мен жаңаның, **тоқырау** мен **дамудың** арасынан таңдау жасаймыз (ЕҚ, 11 Қыркүйек, 2022 жыл). **«Ақ пен қара»** айқасқан бұл өмірде... (Айқын, 7 қазан, 2023 жыл). Ақты **ақ**, қараны **қара** деп ажырата алмайтын дәрежеге түсіп қалдық (Айқын, 09 Қазан, 2023 жыл). Олардың кең тараған екі түрі – **ақ** және **қара** хакер (Айқын, 17 мамыр, 2019 жыл).*

Мұндай антонимдік қатарлардың публицистикалық мәтіндерде кең қолданылуы – олардың тек стилистикалық құрал ғана емес, қоғамдық пікір қалыптастырудың негізгі тетігіне айналғанының айғағы. Бұл тәсіл оқырманды

ойландыруға, белгілі бір мәселеге назар аударуға және өзгерістерді қабылдауға, дайындауға бағытталған. Осылайша антонимдердің қолданылуы қазіргі публицистикалық мәтіндердің ықпалын арттырудың және ұлттық сананы жаңғыртудың маңызды элементіне айналды.

Демек, қазіргі мерзімді баспасөз мәтіндерінде:

– *«Жаңа Қазақстан»* ұғымы сияқты ірі саяси және әлеуметтік идеялардың жариялануы антонимдерді қолданудың қарқынын арттырды. Олар прогресс пен регресс арасындағы оппозициялық ұғымдарды көрсету арқылы қоғамдық пікір қалыптастырудың негізгі құралына айналды. Мәселен, «жаңа – ескі», «тоқырау – даму», «ақ – қара», «кеше – бүгін» сияқты антонимдер қоғамдағы өзгерістерді, қарама-қайшылықты бейнелеуде тиімді құрал ретінде қолданылады;

– қазіргі баспасөз мәтіндерінде антонимдер мазмұнды айқындау, қарама-қайшы құбылыстарды көрсету және оқырманның назарын аудару үшін маңызды стилистикалық құралға айналған.

– бұған дейінгі баспасөз мәтіндерінде антонимдер негізінен өндірістік жетістіктер мен экономикалық өсуді көрсету үшін қолданылған болса, қазіргі мәтіндерде олар әлеуметтік, мәдени және саяси аспектілерді сипаттау үшін кеңінен қолданылады. Бұл публицистиканың тақырыптық және стилистикалық тұрғыдан байығанын көрсетеді.

– қазіргі публицистикалық мәтіндердегі антонимдер автордың коммуникативтік діттемін жүзеге асыруға, оқырманды маңызды мәселелерге бағыттап, эмоционалдық әсер тудыруға арналған қуатты лингвостилистикалық құрал екенін дәлелдейді. Бұл құралдың икемділігі мен көпқырлылығы қазіргі баспасөздің танымдық және тәрбиелік құндылығын арттырады.

Көнерген сөздер. Мерзімді баспасөз лексикасы тек тілдің актив қабатын ғана емес, сонымен қатар әсерлі қолданыстар жасау мақсатында пассив қабатқа жататын сөздерге де жүгінуді қамтиды. Пассив қабатқа сирек қолданылатын немесе кеңінен таралмаған сөздер жататыны белгілі. Бұл сөздер, әдетте, өткен дәуірлердің ерекшеліктерін көрсететін көнерген лексика мен жаңа терминдер немесе неологизмдерді қамтиды.

Ғылыми энциклопедиялық еңбектер пассив сөздердің қатарына көнерген сөздер мен неологизмдерді жатқыза отырып, олардың тілдегі функционалдық және стилистикалық қызметін айқындайды. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу барысында газет мәтіндерінің әсерлілік қызметін күшейтуге ықпал ететін, оқырманның когнитивтік санасына әсер етуші бірегей тілдік бірліктер ретінде көнерген сөздер де қарастырылды.

Қазақ тілінің лингвистикалық терминдер сөздігінде көнерген сөздерге «күнделікті қолданыста жоқ, бірақ пассив сөз қорында сақталған, жалпыға бірдей түсінікті сөздер» [99] деген анықтама беріледі. Бұл сөздер тілдің көнерген лексика жүйесін құрай отырып, тарихи және стилистикалық маңызға ие. Ескіру дәрежесіне қарай көнерген сөздер мынадай топтарға бөлінеді:

– бүгінде мағынасы түсініксіз сөздер – тарихи мәнмәтінде ғана кездесіп, қазіргі оқырман қабылдауына қиындық туғызуы мүмкін.

– мағынасы түсінікті, бірақ стилистикалық мақсатта қолданылатын сөздер – оқырманға әсер ету және мәтіннің көркемдік ерекшелігін арттыру үшін жұмсалады.

Тілдің пассив қорының құрамына жататын бұл сөздер қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде арнайы «көне» және «тарихи» белгіленімімен беріледі.

Қазақ тіл білімінде көнерген сөздердің ғылыми-теориялық негіздері бірқатар ғалымдардың, атап айтқанда, І. Кеңесбаев, С. Аманжолов, Ә. Қайдаров, Ә. Құрышжанов, Қ. Өмірәлиев, Е. Жұбанов, Ж. Досқараев, Ж. Сарыбаев, Е. Жанпейісов, С. Омарбеков, Р. Сыздық, Б. Әбілқасымов, М.Б. Балақаев, К. Аханов, Ғ.Ғ. Мұсабаев, А.Ы. Ысқақов, Ж. Манкеева, Н. Уәли еңбектерінде қаланған [213]. Бұл зерттеулерде көнерген сөздердің тарихи және стилистикалық ерекшеліктері, олардың әдеби тілдің дамуындағы рөлі терең қарастырылған. Сонымен қатар көнерген сөздердің семантикалық, прагматикалық ерекшеліктері көркем әдебиет стилі мен халық ауыз әдебиеті үлгілері аясында жан-жақты зерттелген.

Академик Р. Сыздық көнерген сөздерді қазақ ұлттық әдеби тілінің сөздік қазынасының ажырамас бөлігі ретінде қарастырып, олардың зерттелуі мен танылуын ерекше маңызды деп санайды. Ол «қазақ тіліндегі лексикалық ескіліктерді когнитивтік (танымдық) және прагматикалық (қолданыстық) тұрғыдан зерттеу қазіргі ғылымның жауапты міндеттерінің бірі» деп атап өткен [214, 94]. Бұл пікір көнерген сөздердің тек тарихи маңызымен ғана шектелмей, олардың бүгінгі күнгі тілдік және мәдени үдерістерді танудағы рөлін де айқындайды.

Көнерген атаулардың бір ерекшелігі – олардың ежелгі туыстас түркі әдеби тілдерінің қалыптасқан нормасы ретінде ешқашан толық жойылмайтыны. Олар тарихи немесе этимологиялық сөздіктердің аясында өмір сүре береді [215, 8]. Көнерген сөздер тілдің тарихи, ұлттық-мәдени ақпаратын бойында сақтай отырып, қоғамның коммуникациялық қажеттіліктеріне сай дамып, өзгеруі мүмкін. Бұл құбылыс қазіргі баспасөз лексикасында айқын көрініс табады. Бұқаралық ақпарат құралдарының тілінде көнерген сөздер метафоралық және ауыспалы мағынасында жиі қолданылады, бұл олардың жаңа стилистикалық және прагматикалық сипаттар алуына ықпал етеді.

Бүгінгі публицистикалық мәтіндерде көнерген сөздердің кеңінен қолданылуының негізгі себептерінің бірі – оқырманға әсер ету әлеуетінің жоғары болуы. Баспасөз мәтіндерінде көнерген сөздер автордың ойын бейнелі әрі әсерлі жеткізу құралы ретінде маңызды рөл атқарады. Мәселен, *«**Түменбасының** генералдан несі кем?» (ЕҚ, 15 қазан, 2020 жыл)* атты мақаладағы «түменбасы» сөзі де – осының дәлелі. *Түменбасы* сөзі – тарихи қазақ қоғамында қолданылған әскери атақ. Ол түркі тілдерінде таралған «түмен» (он мыңдық әскери бөлім) және «басы» (басшы, жетекші) сөздерінің бірігуінен құралған. Көне түркі дәуірінен бастау алған бұл атақ әскер басқарушы, қолбасшы деген мағынада қолданылған [216, 142]. Тарихи деректерде түменбасылардың елді қорғаудағы маңызды рөлі, әскери стратегияны ұйымдастырудағы қабілеті ерекше атап өтіледі. Баспасөзде генерал немесе заманауи әскери басшының тарихи аналогы

ретінде ұсынылып, ұлттық когнитивтік сананы жаңғырту мақсатында мәтінге енгізілген.

Бұл тәсіл оқырманның когнитивтік және ұлттық ойлау жүйесін қозғауға бағытталған. Баспасөз мәтіндерінің басты мақсаты – ақпарат беру ғана емес, сондай-ақ оқырманға эмоциялық және зияткерлік ықпал ету екенін ескерсек, көнерген сөздерді пайдалану осы мақсатқа жетудің тиімді әдісі болып табылады.

Мерзімді баспасөз мәтінінде көнерген сөздердің қайта жаңғыруы қазіргі қазақ баспасөзінің тілдік, стилистикалық және прагматикалық ерекшеліктерінің айқын көрінісі болып табылады. Бұл құбылыс, бір жағынан, ұлттық мәдени кодты жаңғыртуға бағытталған болса, екінші жағынан, публицистикалық мәтіндердің оқырманға әсер ету әлеуетін арттыру мақсатынан туындайды. Көнерген сөздердің мәтіндерде қайтадан қолданылуы олардың тарихи, ұлттық-мәдени мағынасын сақтап қалумен бірге, жаңа мәнмәтінде функционалды-прагматикалық жануына ықпал етеді [213].

Көнерген сөздердің функционалды-прагматикалық маңызы олардың публицистикалық мәтіндерде жиі қолданылатын метафоралық және перифраздық тәсілдермен байланысын көрсетеді. «Берен» сөзінің қазіргі баспасөздегі қолданысы бұған мысал бола алады: *Білім бәйгесінің **берендері** (ЕҚ, 20 шілде, 2024 жыл). Тарихы терең, білімі **берен** (ЕҚ, 8 желтоқсан, 2022 жыл). Болмысы **берен,** кеудесі кенен (ЕҚ, 2 қараша, 2021 жыл)* сияқты тақырыпаттарда да бұл сөз *«үздік», «мықты», «шебер»* мағынасында қолданылып, сөздің әсерлілігін күшейтеді. *«Берен»* сөзі осылайша өзінің көнерген мағынасынан арылып, жаңа мағыналық реңктерге ие болған.

Сонымен қатар *«дүрия»* сөзі де мерзімді баспасөз мәтіндерінде қайта жаңғырып, метафоралық тұрғыдан кеңінен қолданылып жүр: ***Дүрия** даланы оятқан «Түрксіб» (ЕҚ, 5 маусым, 2018 жыл). **Дүрия** жамылған Көлсай (ЕҚ, 21 қыркүйек, 2017 жыл)* сияқты мысалдарда бұл сөз табиғаттың әсемдігін, даланың шексіз кеңдігін немесе ерекше көрінісін бейнелеу үшін қолданылған. Бұл қолданыстар оқырманның көркемдік қабылдауын күшейтіп, мәтіннің эстетикалық құндылығын арттырады.

Бұрын *«қалқан»* сөзі соғыс құралы ретінде немесе бас қорғаныс құралы мағынасында қолданылып, толыққанды номинативтік қызмет атқарған. Алайда уақыт өте келе жаугершілік заманының аяқталуы және соғыс құралдарының жаңаруы бұл сөздің бастапқы семантикасының тарылуына және архаизация үдерісіне ұшырауына алып келді. Қазіргі таңда *«қалқан»* сөзінің көне мағыналары негізінен халық ауыз әдебиеті үлгілерінде, тарихи және батырлық жырлар мәтіндерінде ғана сақталған.

Публицистикалық мәтіндерде *«қалқан»* сөзі ерекше стилистикалық және прагматикалық қызмет атқарады. Бұл сөздің мерзімді баспасөз тіліндегі қолданылуындағы ерекшеліктерді қарастырсақ, оның жаңа мағыналық реңктермен толыққанын байқаймыз. Мысалы, *«Әлеуметтің **қалқаны** болар кодекс» (ЕҚ, 1 қаңтар, 2023 жыл). «Отанның берік **қалқаны»** (ЕҚ, 13 шілде, 2017 жыл). «Қауіпсіз қаланың **қалқаны»** (Астана ақшамы, 25 ақпан, 2023 жыл)* сияқты тақырыпаттарда *«қалқан»* сөзі *«әлеуметтің қалқаны», «берік қалқан»,*

«қала қалқаны» секілді тіркестердің құрамында әділдік, қауіпсіздік, қорғаушы мағыналарында қолданылған. Бұл тіркестерде *«қалқан»* сөзінің метафоралық мағынасы басым, ол оқырманның тілдік санасында қорғаныс, қорғау құралы ретінде ассоциация тудырады. Осы арқылы журналистер ұлттық когнитивтік санаға әсер ету тетіктерін тиімді пайдаланады.

Ресми баспасөз мәтіндеріндегі *«Ұлттық ұлан – ел қауіпсіздігінің **қалқаны»** (ЕҚ, 29 желтоқсан, 2016 жыл)* және *«Қуатты армия – мемлекет **қалқаны»** (ЕҚ, 7 мамыр, 2019 жыл)* сияқты тақырыпаттарда *«қалқан»* сөзі *«мемлекет қалқаны», «қауіпсіздік қалқаны»* тіркестері арқылы әскер, полицей, жауынгер сияқты сөздердің перифраз ретінде қолданылғанын көреміз. Бұл перифраздық қолданыс оқырманға мемлекет қорғанысының маңызын айқын жеткізуге бағытталған.

Мұндай қолданыстар *«қалқан»* сөзінің метафоралану үдерісі арқылы мағынасының кеңеюін және жаңғыруын көрсетеді. Баспасөз лексикасында бұл сөздің стилистикалық әлеуеті оның тарихи мағынасы соғысу кезіндегі қорғаныс құралы ретінде түсінілуімен байланысты. Журналистердің бұл сөзді ауыспалы мағынада қолдануы оқырманның тарихи және мәдени ассоциацияларын оятып, мәтіннің әсерлілік деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Баспасөздерде *«сардар»* сөзінің қолданылуын да жиі кездестіреміз. Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде *«сардар»* сөзіне көне деген белгіленім қойылып, *«сарбаздардың басшысы, жасақбасы, қолбасы»* деген анықтама берілген [217, 400].

«Сардар» сөзі көне түркі тілінен бастау алып, *«сарбаздардың басшысы»* деген мағынада қолданылған. Қазіргі баспасөзде бұл сөз әскери қызметкерлерге қатысты ғана емес, метафоралық мәнде *«лидер», «үздік»* деген мағыналарды да білдіреді. *«Рухты саздың сардары», «Көсемсөз сардары»* сияқты тіркестер сөздің метафоралық әлеуетін толық ашып, публицистикалық мәтіндердің әсерлілігіне үлес қосады:

1. Метафоралық мағынада қолданылуы. *«Сардар»* сөзі поэтикалық реңк беру және оқырман назарын аудару мақсатында жиі метафоралық қолданыс табады. Мысалы *«Рухты саздың **сардары**» (ЕҚ, 5 сәуір, 2023 жыл). «Орман шаруашылығының **сардары**» (ЕҚ, 21 ақпан, 2023 жыл). «Көсемсөз **сардары**» (ЕҚ, 2 қараша, 2022 жыл). «Сырлы сұхбаттың **сардары**» (ЕҚ, 7 қараша, 2021 жыл).* Бұл тіркестерде «сардар» сөзінің мағынасы *«үздік», «озат», «майталман»* ұғымдарын білдіре отырып, контекстке бейнелік сипат береді. Мұндай қолданыстар баспасөз лексикасында мәтіннің әсерлілігі мен оқырманға эмоционалдық ықпалын арттыру мақсатында орын алады.

2. Әскери және ресми мағынада қолданылуы. «Сардар» сөзі Қарулы күштер мен құқық қорғау органдарының басқарушы тұлғаларына қатысты жиі қолданылады: *«**Сардарлар** сабағын аяқтады» (ЕҚ, 14 маусым, 2023 жыл). «Қай елдің **сардарларын** даярлап жүрміз?» (ЕҚ, 21 сәуір, 2021 жыл).*

Бұл тақырыпаттарда «сардар» сөзі Қазақстан Республикасының Қарулы күштері құрамындағы офицерлерге қатысты қолданылады. Әскери терминдер сөздігіндегі офицер сөзіне берілген «Қарулы күштердегі командалық және

басшылық құрамындағы тұлға» анықтамасына сүйене отырып, *«сардар»* сөзін офицер шенінің қазақша баламасы ретінде пайдаланудың стилистикалық және лексикалық тұрғыдан ұтымды екенін байқаймыз [218].

Қазіргі қазақ баспасөзінде көнерген сөздерді қайта жаңғырту үрдісі ұлттық лексикалық қордың байлығын сақтаумен қатар, оны заманауи контексте тиімді пайдалануға бағытталған. Баспасөз мәтіндерінде бұл сөздер көбінесе метафоралық және перифраздық мағыналарда қолданылып, оқырманға ерекше әсер ету мақсатында жұмсалады. Көнерген сөздер тарихи-мәдени ақпараттың тасымалдаушысы бола отырып, ұлттық сана мен когнитивтік танымға әсер етудің қуатты құралына айналған. Олар тек тарихи маңыздылығымен шектелмей, қазіргі публицистикалық мәтіндерде жаңа семантикалық реңктерге ие болып, мәтіннің стилистикалық деңгейін арттырады.

Демек, мерзімді баспасөз тіліндегі көнерген сөздердің әсерлілік тудыру қызметіне қатысты:

– көнерген сөздер ұлттық лексикалық қордың ажырамас бөлігі болып табылады. Олар тарихи, мәдени ақпаратты сақтай отырып, бүгінгі қоғамның тілдік қажеттіліктеріне сай жаңа прагматикалық және стилистикалық қызметтер атқара алады.

– қазіргі қазақ баспасөзінде көнерген сөздер ауыспалы және метафоралық мағынада жиі қолданылады. Бұл олардың жаңаша реңктерге ие болуына және публицистикалық мәтіндердің әсерлілігін арттыруға мүмкіндік береді.

– көнерген сөздер оқырманның ұлттық танымын жаңғыртып, тарихи және мәдени кодтар арқылы эмоционалдық және зияткерлік ықпал етеді. Бұл баспасөз мәтіндерінің басты мақсаттарының бірі – оқырманға әсер ету және қоғамды жаңғыру идеяларына бейімдеуге қызмет етеді.

– баспасөз тілінде көнерген сөздердің қолданылуы тілдің пассив қабатындағы бірліктерді белсендірудің тиімді әдісі болып табылады.

– көнерген сөздердің баспасөз мәтіндерінде қолданылуы олардың метафоралық әлеуетін ашып, мәтіннің стилистикалық деңгейін арттыруға ықпал етеді.

– көнерген сөздердің баспасөзде жаңа контексте қолданылуы олардың бастапқы мағыналық шеңберінен шығып, жаңа рөлдер мен функциялар атқаруына мүмкіндік береді. Бұл үдеріс тілдің бейімделгіштігін және қоғамдағы өзгерістерге жауап беру қабілетін айқындайды.

3.4 Қазіргі мерзімді баспасөз тіліндегі лингвокреативті сөзқолданыс

Қазіргі мәдени-әлеуметтік және экономикалық жағдайлар, яғни адамның бәсекелестікке негізделген ортада өмір сүруі – өзіндік болмысын айқындауға ұмтылған индивидтің немесе топтың әрекеті нәтижесінде туындайтын құбылыстарға назар аударуға негіз болды. Осы тұрғыда лингвокреативтілік ұғымы ерекше мәнге ие болып, адамның стандарттан тыс әрекет ету қабілеті ретінде қарастырылады.

Креативтілік – шынайылықты жаңаша пайымдау, адам санасында оны бейнелеу және трансформациялау арқылы шындық нысандарына, тіпті басқа субъектілерге де әсер ету, сонымен бірге тың реалияларды жасау үдерісі ретінде көрінеді [219]. Бұл жаңа туындылар қоғамдық қақтығыстарды шешуге, өзін танытуға, жаңа әлеуметтік байланыстар орнатуға және басқа да коммуникативтік мақсаттарға бағытталуы мүмкін.

Жаңа әлеуметтік байланыстар орнатуға ұмтылыс және соған сәйкес коммуникациялық әрекеттер тудыратын жағдайларда тілдік креативтілік немесе лингвокреативтілік ұғымы креативтіліктің бір түрі ретінде қарастырылады. Бұл феноменді зерттеу аясында тілдегі адам бейнесі, оның өзіндік тілдік болмысы, яғни жеке тілдік тұлғаның коммуникативтік және сөйлеу мінез-құлқы қарастырылады. Н. Хомскийдің тұжырымынша, тілдік шығармашылық – жеке адамның тілдік тәжірибені немесе сол тілдегі стандартты тілдік құралдарды меңгеруі, соның нәтижесінде жаңа сөздер мен тіркестер, сөйлемдер тудыру қабілеті [220]. Бұл – адамның ерекше стилистикалық өрнекпен жасалған мәтіндер арқылы өзіндік тілдік мәнерін танытуы және осының негізінде оқырман назарын аударатын, тосын немесе бейстандарт элементтерді қолдануға бейімділігі мен бейімсіздігін талдау нысанына айналуы деген сөз.

Лингвокреативтілік – бұл тілдік жүйені шығармашылық тұрғыда пайдалану арқылы жаңа тілдік бірліктерді жасау немесе бұрыннан бар бірліктердің мағынасын өзгерту қабілеті. Бұл ұғым тілдің динамикалық қасиетін, оны қолданушының жеке шығармашылық әлеуетін және тілдік жүйенің шексіз мүмкіндіктерін көрсетеді. Лингвокреативтілік тілдің икемділігі мен бейімделгіштігін ғана емес, оның шығармашылық әлеуетін де айқындайды.

Бұл ұғым тілдің тек *коммуникативтік* қызметін емес, сондай-ақ *экспрессивті, эстетикалық* және *эмоционалдық функцияларын* қамтиды. Лингвокреативтілік әсіресе мерзімді баспасөз, жарнама, көркем шығармаларда көрініс тауып, жаңа бірліктердің пайда болуына және олардың прагматикалық ықпалын арттыруға мүмкіндік береді.

Көркем шығармалардағы лингвокреативтілік жазушының өз санасында қалыптасқан таныс, күнделікті өмірді бейнелейтін тілдік бірліктерді жіктеп, түсіндіруімен, тұрақты салыстырулар жасайтын тілдік бірліктерді негізге ала отырып, жаңа бейнелер ұсынуымен сипатталады. Мәселен, *кейіпкер үнсіз, өйткені аузына құрт тығындап алғандай; кейіпкердің жай-күйі қамшы тиген жыландай; тұрмыс бейнесі қанжардың азуы іспеттес, ал аяқкиімнің үлкендігі – астаудың үлкендігіндей* және т.б. [221].

Қазақ тіл білімінде *«лингвокреативтілік»* мәселелеріне байланысты арнайы зерттеулер жоқ. Дегенмен медиа-мәтіндеріндегі *«сөз ойнатым»* жайлы ғылыми тұжырымдар бар. *Сөз ойнатым (тілдік ойын)* мен *лингвокреативтілік* – тіл білімінде өзара тығыз байланысты, бірақ ерекшеленетін ұғымдар. Екеуі де тілдің шығармашылық әлеуетін ашуға бағытталғанымен, олардың қолданылу ауқымы, мақсаттары және жүзеге асу тәсілдері әртүрлі. Сөз ойнатым, ең алдымен, тілдік таңбаларды қолданудың бейресми сипатымен ерекшеленеді, онда тілдік жүйенің стандартты нормалары әдейі бұзылады немесе қайта өңделеді. Бұл тәсіл көбінесе

комикалық, экспрессивті немесе ирониялық әсер тудыруды көздейді. Ал лингвокреативтілік кеңірек ұғым болып табылады, ол тек сөздік ойынмен шектелмей, тілдік жүйенің барлық деңгейлерінде жаңа бірліктерді жасау немесе олардың семантикалық және прагматикалық функцияларын кеңейтуге бағытталған.

Ғалым Қ. Есеновaның пайымдауынша, сөз ойнатым – тілдік жүйені және сөзжасам мүмкіндіктерін кеңейтудің тиімді тәсілдерінің бірі. Бұл әдіс арқылы тілдің икемділігін тануға мүмкіндік туады. Сөз ойнатым әдеттен тыс құбылыстарды көрсетуге, үйлесімі қиын немесе бір-біріне қарама-қайшы нәрселерді байланыстыруға негізделеді. Сонымен қатар ол болмысты қабылдаудағы қалыптасқан стереотиптерді бұзып, тыңдаушыға немесе оқырманға комикалық әсер тудыру арқылы ерекшеленеді [29, 52].

Сөз ойнатымның қазақ тіл біліміндегі зерттелуі тілдің ұлттық ерекшелігін ашуға және шығармашылық тұрғыдан қолдану тәсілдерін көрсетуге негізделеді. Мәселен, *қазақтың ауызекі сөйлеу тілі мен фольклорында, әдеби шығармаларында* сөз ойнатымының түрлі формалары кеңінен қолданылған. Тұрмыс-салт жырларында, айтыс өнерінде және мақал-мәтелдерде сөздердің мағыналық ерекшеліктерін көркем жеткізу үшін метафора, каламбур, антонимдік ойындар кеңінен қолданылды. Бұл бағытта сөз ойнатымның тіл мәдениетіне, ұлттық дүниетанымға әсері үлкен болғаны байқалады.

Лингвокреативтілік жазарманның тілдің ресурстарын толықтай пайдалану арқылы оның икемділігін және жаңа бірліктер қалыптастыру мүмкіндігін көрсетеді. Ол сөзжасам, фразеологизмдерді түрлендіру, семантикалық өзгерістер енгізу, метафоралар мен неологизмдер жасау арқылы жүзеге асады. Бұл үдерісте тілдік жүйенің ішкі заңдылықтары сақталуы мүмкін, бірақ олар жаңа мәндер мен формаларды жасау үшін қайта қарастырылады. Лингвокреативтілік көбінесе әдебиетте, жарнамада және бұқаралық ақпарат құралдарында байқалып, прагматикалық және эстетикалық мақсаттарды көздейді.

Ал сөз ойнатым – тілдің функционалдығы мен бейнелілігін көрсетуге негізделген арнайы әдіс. Ол көбінесе омонимдер, полисемия, паронимдер және метафоралық ауысулар сияқты тілдік құралдарды қолдану арқылы жүзеге асады. Мұнда тілдік таңбаның стандартты мәні бұзылып, жаңа контекст құрылады. Мысалы, белгілі бір сөз тіркесін тура мағынасында қабылдап, оның ауыспалы немесе комикалық мәнін айқындау арқылы тыңдаушының назарын аудару тәсілі қолданылады. Бұл әдіс жиі каламбурлар мен юмор арқылы жүзеге асады, ал оның негізгі мақсаты – тыңдаушыны таңғалдырып, қызықтыру немесе ойландыру: *Алдар көсенің ұрпағы Шымкентте ұсталды (ЕҚ, 25 ақпан, 2019 жыл).* Фразадағы сарказм автордың астарлы әрі мысқылдаған реңкпен, әдетте, алаяқтық немесе айлакерлік әрекеттерге қатысты айтылған ойды білдіреді. Ал тіркесте қолданылған *«Алдар көсе»* образы ұлттық танымдағы айлакер, тапқыр кейіпкер ретінде ассоциация тудырады, сондықтан оны белгілі бір оқиғаға байланысты қолдану тілдік ойынның мысалы ретінде қарастырылады.

Сөз ойнатым мен *лингвокреативтіліктің* арасындағы ұқсастық олардың шығармашылық элементіне негізделгендігінде жатыр. Екеуі де тілдің

эстетикалық және экспрессивті мүмкіндіктерін пайдаланып, жаңа мәндер мен әсерлерді тудырады. Сонымен қатар олардың екеуі де контекстке тәуелді және тыңдаушының немесе оқырманның когнитивтік қабілеттеріне бағытталған.

Лингвокреативтілік – жалпы тілдің дамуындағы шығармашылық процестерді қамтиды, ал сөз ойнатым белгілі бір контекстте немесе қарым-қатынас жағдайында қолданылатын нақты әдіс. Лингвокреативтілік жүйелік және ұзақ мерзімді өзгерістерге әсер етсе, сөз ойнатым қысқа мерзімді және көбінесе жеке бір жағдаймен шектеледі. Мысалы, лингвокреативтілік жаңа сөздер немесе мағыналар жасау арқылы тілдің дамуына ықпал етсе, сөз ойнатым көбінесе көңіл көтеру, назар аударту немесе белгілі бір идеяны ерекше жеткізу үшін қолданылады.

Лингвокреативті әрекетте адам әрі мәтін жасаушы тұлға (автор), әрі тыңдаушы/оқырман тарапынан бағытталған ықпал объектісі ретінде көрініс табады. Яғни мұндай жағдайда тілдік тұлға – бір жағынан, тілдің бейнелеу құралдарын креативті түрде қолданып, жаңа мағыналық өрістер түзіп, әсер ету тәсілдерін ойластыратын креативті субъект, екінші жағынан – сол әсерді сезінуші, бағалаушы объект те бола алады.

Басқаша айтқанда, лингвокреативтілік – бір тараптың (адресанттың) тілдік шығармашылық әрекетті жүзеге асыру еркіндігі мен мүмкіндігіне ие болуы, яғни сөйлеу не жазу барысында ерекше стильдік формалар мен бейнелі тәсілдерді қолдану немесе қолданбау жөнінде шешім қабылдауы. Бұл ретте адресант креативті мәтінді саналы түрде, ойластырып жасайды, оның қолында мәтінді алдын ала пішіндеуге арналған уақыт, лингвостилистикалық ресурстар бар. Ал екінші тарап – адресат, яғни мәтінді қабылдаушы тұлға, прагматикалық тұрғыда біршама осал позицияда болады: ол мәтінді қабылдау үстінде автордың креативті тілдік тәсілдерін еріксіз түрде қабылдайды және бұл тәсілдердің мазмұнын, стилистикалық мәнін ұғына алғанда ғана коммуникация сәтті жүзеге асады.

Креативтілік ұғымының түрлі объектілер мен құбылыстарға қатысты кеңінен қолданылып, оның ортақ, тұрақты анықтамасының болмауы бұл феноменнің аясын нақтылап, жүйелеуді қажет етеді. Осы орайда лингвокреативтілікті жеке зерттеу – бұл құбылыстың дискурстық кеңістіктегі шекарасын анықтауға бағытталған маңызды қадамдардың бірі саналады. Яғни, лингвокреативтілікті талдау – оны белгілі бір дискурстық кеңістікте өлшеуге, сипаттауға мүмкіндік береді [219, 77]. Мұндай талдау, ең алдымен, лингвокреативтіліктің түрлерін айқындау, олардың нақты классификациясын ұсыну, креативті және креативті емес тілдік элементтерді ажырату белгілері мен принциптерін жүйелеу арқылы жүзеге асады.

Лингвокреативтілікті зерттеудің маңыздылығы, ең алдымен, тіл – адам тұлғасының ажырамас бөлігі ретінде оның өмірлік әрекетінің барлық саласында қолданылатын әмбебап құрал екендігімен байланысты. Тіл – адамның өзін таныту, ақпарат жеткізу, ойды рәсімдеу және әлеуметпен қарым-қатынас орнату құралы ретінде үздіксіз қолданыста болатын символдық жүйе. Осы тұрғыдан

алғанда, лингвокреативтілік адамның тілдік әлеуетін барынша толық жүзеге асыруына жағдай жасайды.

Әсіресе лингвокреативтілік саяси дискурста, жарнама мәтіндерінде, бұқаралық ақпарат құралдарында, білім беру кеңістігінде, тіпті тұрмыстық коммуникацияда да маңызды рөл атқарады. Мұндай кең таралуы оның әлеуметтік-коммуникативтік қызметінің кеңдігін және прагматикалық ықпал ету күшін көрсетеді. Адам креативті тілдік тәсілдер арқылы өзінің тілдік құзыреттілігін танытады, қоғамдық пікірге әсер етеді, өзіндік ұстанымын білдіреді әрі коммуникативтік мәртебесін күшейтеді.

Осы сипаттарына байланысты лингвокреативтілік – пәнаралық құбылыс ретінде танылады және философия, психология, психолингвистика, тіл білімі сынды бірқатар гуманитарлық ғылымдардың тоғысында зерттеледі.

Әлемдік тіл білімінде креативтілік құбылысы (лат. *creatio* – жарату, тудыру, жасампаздық) адамзат қызметінің түрлі қырларымен сабақтастырыла сипатталады. Бұл термин қазіргі зерттеулерде «тиімді жаңалық тудыру әрекеті» ретінде анықталады [222, 445]. Осы анықтаманы нақтылай келе, З. Прайзердің тұжырымында кез келген идеяның креативтік сипат алуы үшін оның жаңалығы мен проблеманы шешуге бағытталған уәжділігі ескерілуі қажет екені айтылады [223, 34]. Бұл дегеніміз – тек жаңалықтың өзі емес, сол жаңалықтың нақты жағдаят аясында функционалдық мәнге ие болуы маңызды.

Креативтілік бүгінгі таңда жеке тұлғаның да, қоғам мүшелерінің де әлеуметтік тәжірибесіне терең бойлап, олардың шығармашылық әлеуетін айқындайтын басты көрсеткіштердің біріне айналды. Бұрын бұл ұғым көбіне өнер саласымен – ақын-жазушы, суретші, композитор сынды тұлғалардың көркемдік әрекетімен байланысты қарастырылып келсе, бүгінде оның аясы кеңейіп, саясат, білім беру, басқару, экономика, тіпті күнделікті тұрмыс тіліне дейін еніп, әмбебаптық сипатқа ие болуда. Мұндай кеңеюдің алғышарттары ретінде қоғамның ақпараттық кеңістігінің күрделене түсуі, тұрмыс процесінің автоматтандырылуы және адамның өзін-өзі тануға, даралануға деген ұмтылысы басты фактор ретінде алға шығады. Тілдік тұрғыдан алғанда да бұл үрдіс адамның тілдік дербестігін, өзіндік мәнерін және стилистикалық ерекшелігін жүзеге асырудың заманауи формасы болып көрінеді.

Осы шеңберде креативті әрекеттің өнімдерін талдау қажеттілігі туындайды. Өйткені жасампаз әрекет пен оның тілдік немесе символдық көрінісінің арақатынасы әртүрлі деңгейде көрініс береді. Мысалы, символдық тұрғыдан жазу мен жарнамалық роликке мәтін жазудың тілдік-когнитивтік салмағы бірдей емес. Алғашқысы – терең поэтикалық-көркемдік ойлауды талап етсе, екіншісі – прагматикалық-утилитарлық мақсатты көздейтін шектеулі креативтің көрінісі. Мұндай функционалдық аражікті көрсету креативтілік түрлерін ғылыми негізде жүйелеуді қажет етеді.

Креативті әрекеттің тілдік көрінісі – лингвокреативтілік ретінде танылып, бүгінгі тіл білімінде кең талдауға түсіп отыр. Бұл ұғымның ғылыми жіктемедегі орны мен қызметі оны жүзеге асырушы мен қабылдаушы тұлғаның ерекшелігіне және коммуникациялық жағдаятқа тәуелді. Мысалы, бала тілінің дамуында

байқалатын жаңа сөз жасаулары – миникреативтілік болса, күнделікті тұрмыста қолданылатын тілдік ойын үлгілері – шағын креативтілік ретінде сипатталады. Ал кәсіби дискурстағы авторлық неологизмдер – про-креативтілік, саяси ұрандар мен жарнамалық мәтіндердегі креативті тәсілдер – ірі креативтілік үлгісі ретінде қарастырылады.

Орыс және қазақ лингвистикасында «лингвокреативтілік» ұғымымен қатар «тілдік шығармашылық» термині қатар қолданылып келеді. Н. Фатеева лингвокреативтілікті тілдік бірліктер мен құрылымдардың когнитивтік-шығармашылық әлеуетін ашуға бағытталған зерттеу нысаны ретінде қарастырады. Мұндай ұстаным тілдің табиғи шығармашылық функциясымен сабақтас. Бұл функция дәстүрлі қолданыстан тыс, тосын, тың тіркестер мен құрылымдар құру арқылы автор интенциясын іске асыруға мүмкіндік береді. Яғни лингвокреативтілік тілдік бірліктерді жаңарту, қайта мағына жүктеу үдерісімен тікелей байланысты [224, 15].

Осы негізде тілдік шығармашылық пен лингвокреативтілік арасындағы басты айырмашылық екі өлшем бойынша көрініс береді. Біріншіден, тілдік шығармашылық – тілдің көркемдік әлеуетін қолдану арқылы ойдан шығарылған әлем құруға бағытталса, лингвокреативтілік – мәтін жасау үдерісінің өзі, яғни тілдік деректермен жұмыс істеу, оны жаңа стилистикалық формада қайта жасау болып табылады. Екіншіден, лингвокреативті әрекетті прагматикалық уәжділік сипаттайды. Ол кездейсоқ емес, белгілі бір мақсатпен, ықпал ету мүддесімен жүзеге асады.

Ал Н.В. Смирнова лингвокреативтілікті тілдік тұлғаның өз білімі мен дағдыларын қолданып, белгілі бір эстетикалық, эмоциялық немесе комикалық әсерге қол жеткізу үшін тілдік элементтерді модификациялау процесі деп сипаттайды [225, 58].

Сонымен бірге лингвокреативтілікті тек тілдік нормадан ауытқу ретінде тану жеткіліксіз. Өйткені бұл құбылыс нормативтік шеңберді бұзумен қатар, сол норманы сақтай отырып та жаңа мағына, жаңа стильдік формаларды тудыру әрекетін қамтиды.

Е.Н. Ремчукованың пайымдауынша, креативтілік – прагматикалық бағдарланған құбылыс. Ғалым бұл ұғымның қолданылу аясын шығармашылық және шығармашылықты сипаттайтын өзге терминдермен салыстыра отырып, креативтілік феноменінің ауқымы кең екенін атап көрсетеді. Оның пікірінше, *«креативті»* сөзі бейтарап сипатта жұмсалады, ал *«шығармашылық»* сөзі, әсіресе орыс тіл білімінде, көбіне көркем мәтіндерге қатысты қолданылады [226, 159].

Осы пікір негізінде креативтілік пен тілдік шығармашылықты ажыратудың үшінші қағидатын ұсынуға болады: тілдік шығармашылық көбінесе өнер мен әдебиет аясында көрінсе, лингвокреативтілік – кез келген тілдік қызмет саласында, яғни ауызекі сөйлеуден бастап саяси риторика мен жарнамаға дейінгі кең дискурстық алаңда жүзеге асады. Бұл ерекшелік лингвокреативтіліктің әмбебаптығын және оның қолданылу аясының кеңдігін айқындай түседі.

Олай болса, бұл екі ұғымды төмендегідей саралауға болады. Лингвокреативтілік, бір жағынан, адамның тілге қатысты жалпы (туа біткен, психологиялық уәжделген) ұстанымын сипаттайды. Бұл – адамның тілді шығармашылықпен игеру қабілеті. Екінші жағынан, лингвокреативтілік – нақты тілдік жағдаятта, белгілі бір сәтте іске асатын прагматикалық таңдау. Яғни, бұл – тілдік әрекет кезінде көрінетін нақты креативтік акт.

Осылайша *лингвокреативтілік* – тіл білімінде шығармашылық әлеует пен тілдің бейімделу қасиеттерін зерттеуге мүмкіндік беретін маңызды ұғым. Бұл терминді түсіну қазіргі заманғы тілдік процестердің динамикасын, БАҚ-тағы, жарнамадағы, әдебиеттегі және ауызекі сөйлеудегі тілдік құбылыстарды тереңірек зерделеуге жағдай жасайды.

Креативтік элементтердің белсенді қолданысы әсіресе мерзімді баспасөз мәтіндерінен жиі байқалады. Себебі баспасөз – қоғамдағы оқиғалар мен қоғамдық пікір арасын жалғайтын, ықпал ету мен сендірудің негізгі алаңы.

Мерзімді баспасөз – тілдің функционалдық стильдерінің ішінде ең серпінді, прагматикалық мазмұны айқын сала. Кей жағдайда дыбыстық қайталаулар, стилистикалық параллелизм, бейнелі теңеулер мен перифраздар, синтаксистік трансформациялар мен риторикалық құрылымдар да креативті тілдік қолданыс бола алады (Кесте 19).

Кесте 19 – Лингвокреативті қолданыстың мәнмәтіндегі ерекшелігін талдау

Мәнмәтін	**Лингвокреативті қолданыс**	**Талдау**
Сөзуарлықтан – сөз ұғарлыққа, еріншектіктен – еңбекшілдікке көшуіміз қажет (Атырау, 9 наурыз, 2020 жыл).	Сөзуарлықтан – сөз ұғарлыққа	*«Сөзуарлықтан – сөз ұғарлыққа, еріншектіктен – еңбекшілдікке көшуіміз қажет»* тіркесі – синтаксистік параллелизм мен антонимиялық оппозицияға негізделген.
Біз – Шерағаңның шекпені шәкіртке толып кеткен кезде журналистикаға келіп, Бердіқұловтың бешпентін паналаған буынбыз (ЕҚ, 27 Қаңтар, 2016 жыл).	Шерағаңның шекпені, Бердіқұловтың бешпенті	*Шекпен, бешпент* сөздері метонимиялық ауыстыру арқылы белгілі бір тұлғалардың рухани ықпалын білдіретін символға айналған. Шераға мен Бердіқұлов бейнесі ұлттық журналистика мектебінің өкілдері ретінде алынып, олардың киімі – рухани мұра, дәстүрлік сабақтастықтың коды.
Маркестің мәртебесін арттырған Жүз жылдық жалғыздық емес, Сафуанның сынын бұзбаған Жүз жылдық жылылық... (ЕҚ, 15 қыркүйек, 2022 жыл)	Маркестің мәртебесі	Интермәтіндік креативтілік пен стилистикалық параллелизм.

19 – кестенің жалғасы

Өмірдің құбылыстарын терең талдайтын арқалы ақынның, нақ сол сәттегі парасатты пациенттің поэзиясы дәрігердің өзін майдай ерітеді (АТ, 7 қараша, 2018).	Парасатты пациенттің поэзиясы	Қарама-қарсы дискурстарда (медицина – поэзия) орналасқан сөздерді креативті синтез арқылы сабақтастырады.
Мамандықтың маркасы дейміз бе, баспасөздің бренді дейміз бе, қазіргі күні тіліміздің түспейтін тіркестердің мағынасын танытатын үздік үлгі іздесеңіз, алысқа бармай-ақ қойыңыз (АТ, 20 қаңтар, 2016 жыл).	Мамандықтың маркасы, баспасөздің бренді	Неологизмдер мен клишелік құрылымдарды біріктіре отырып жасалған синтаксистік параллелизм. Мұндағы *марка* мен *бренд* – шетелдік терминдер болғанымен, олар қазақ тілдік кеңістігінде бейімделіп, жаңа мәнге ие болып тұр. Бұл жерде прагматикалық мақсат – қоғамдық санада орныққан танымдарды тіл арқылы көрсету.

Мұндай мысалдардың барлығында лингвокреативті сөзқолданыс поэтикалық бейнелілік, дыбыстық үйлесім, метафоралық код, интертекстуалдылық және прагматикалық әсер ету құралдары арқылы жүзеге асады. Авторлар тілдің бейнелеу, түрлендіру мүмкіндіктерін барынша жұмылдырып, публицистика мен көркем проза арасындағы стильдік тоғысудың үлгісін ұсынады.

Қазіргі баспасөз мәтіндеріндегі лингвокреативтілік көрінісі жазарман тарапынан жаңа сөздер жасау және ұлттық танымға тән тілдік бірліктерді жаңа мазмұнда түрлендіре жұмсау, интермәтіндік трансформация жасау үлгілерімен сипатталады. Бұл элементтер тілдің динамикалық қасиетін көрсетіп қана қоймай, қоғамдағы мәдени, әлеуметтік және технологиялық өзгерістерді бейнелеуде маңызды рөл атқарады.

Лингвокреативтілік аясында жазарманның жаңа сөз жасау әрекеті белгілі бір деңгейде тілдің лексикалық қабатының толығуына мүмкіндік береді. Жазарман жаңа лексикалық бірліктерді жасау арқылы тілдік коммуникацияны заман талабына сай бейімдейді. Мерзімді баспасөз тілінде жазарман тарапынан жасалатын жаңа қолданыстардың прагматикалық қызметі тек атау беру ғана емес, сонымен қатар тілдің экспрессивтілігі мен әсерлілігін күшейту болып табылады*: **«Сахнагер»** саңлақтарды марапаттады (ЕҚ, 29 наурыз, 2018 жыл). Ақтаудан шыққан **алаугер** (ЕҚ, 17 қаңтар, 2014 жыл). Қаламгер, әрі **алаугер** (АТ, 2 ақпан, 2016 жыл)*. Осы сынды сөздер мәдениеттің жаңа көріністерін бейнеледі. Дегенмен осындай қолданыстардың бірқолданыс деңгейінде қала ма, яки термин ретінде стандарттала ала ма, – бұл жайт бірнеше сатылардан өтетіндігін атап өтеміз.

Лингвокреативтілік ұлттық мәдениет пен дәстүрдің бейнесін қазіргі заманғы мәтіндерде жаңғыртуға мүмкіндік береді: *Атыраудан **ақжолтай** хабар! (ЖА, 27 шілде, 2018 жыл). 20 миллионға жеттік: Президент отандастарымызды **ақжолтай** жаңалықпен құттықтады (ЕҚ, 16 қараша, 2023 жыл). Арнайы жолданған хатта қазақ қызының Ұлыбритания режиссерлер қауымдастығына мүше болғандығы туралы **ақжолтай** ақпарат бар (АТ, 9 қараша, 2022 жыл). АЭС-ті **асарлатып** салудың пайдасы көп (ЕҚ, 8 қазан, 2024 жыл). Алайда өзге өңір тұрғындары салтымыз бойынша «**асарлатып**», елден жылу жинап, Үкіметтен бұрын ешкімнің нұсқауынсыз-ақ батысқа көмектерін көрсете бастады (АТ, 5 тамыз, 2021 жыл). Үміткерлер **үзеңгі қағыстырады** (ЕҚ, 18 қыркүйек, 2023 жыл). Қос ақын **үзеңгі қағыстырды** (ЕҚ, 23 қыркүйек, 2019 жыл). Арада бірнеше жыл өткенде Нұрбақытпен **үзеңгі қағыстырды** (ЖА, 8 маусым, 2018 жыл).*

Берілген мысалдар қазақ мерзімді баспасөзіндегі лингвокреативті тәсілдердің көркемдік қуатын және сөзқолданыстың ұлттық ерекшелігін айқындайды. Әсіресе *ақжолтай, үзеңгі қағыстыру, асар* сынды сөздер мен тіркестердің қолданылуы ұлттық мәдени кодтар мен дәстүрлі ұғымдарды қазіргі мәтінде жаңғыртудың шебер үлгісін көрсетеді. Бұл лексемалар мен фразеологизмдер тек тарихи және мәдени реңкті ғана емес, сонымен бірге прагматикалық және экспрессивті әлеуетті де айшықтайды.

Мәселен, *ақжолтай* сөзі – қазақ дәстүрлі танымында қадамы құтты болған, келуі жақсылыққа жалғасқан адамды сипаттауда қолданылған. Атап айтқанда, байырғы қазақ дәстүрінде үйге жолаушы келген түні мал төлдесе, келген қонақ құт әкелді деп саналған. Оған киіт кигізіп, *ақжолтай қонақ* деп шығарып салған. [161]. Бұл *ақжолтай* сөзінің ұлттық санада қатталған мәдени ақпараты бар маңызды тілдік бірлік екендігін танытады.

Осы орайда жазарманның мерзімді баспасөз тілінде *ақжолтай* сөзін *ақжолтай хабар, ақжолтай жаңалық, ақжолтай ақпарат* түрінде жаңаша түрлендіре жұмсауы, оқырман санасында берілген сөздің семантикалық құрамындағы «құтты, жақсы» ұғымдарын актуалдандырады. Осылайша мәтіндегі ақпараттың позитивті реңкін күшейтіп, әсерлілігін арттырады.

«*Үзеңгі қағысты»* тіркесі қазақ халқының көшпелі өмір салтындағы атқа міну мәдениетінен алынып, қалыспай, қатарласа шабу мағынасын білдіреді [227]. Сондай-ақ берілген тұрақты тіркестің *қатарласу, қалыспау* семалары «жарысқа түсу, тайталасу» ауыспалы мағынасының пайда болуына негіз болған. Жазарман лингвокреативті сөзқолданыс жасауда берілген тұрақты тіркестің тура және ауыспалы екі мағынасына да арқа сүйейтінін байқаймыз. Бұл тіркестің мерзімді баспасөз тіліндегі қолданысы: *үміткерлер үзеңгі қағыстырады, қос ақын үзеңгі қағыстырды, арада бірнеше жыл өткенде Нұрбақытпен үзеңгі қағыстырды* сынды мысалдарда жарысқа түсу идеясы ұлттық танымға тән тілдік бірліктер арқылы вербалданып, оқырман назарын бірден аудартады. Сонымен қатар бәсекелестік, тартысты дода идеяларын жеткізуде, мәтіннің бейнелігі мен мазмұн тереңдігін арттырады.

Асар сөзі де қазақ дәстүрлі мәдениетінде біреудің қауырт жұмысына көпшіліктің көмегін білдіретін ұғым ретінде ерекше маңызға ие [142]. Мерзімді баспасөз тілінен алынған *АЭС-ті асарлатып салудың пайдасы көп* тақырыпатында бұл ұғым қоғамдағы өзекті мәселені шешуде бірлескен әрекеттің пайдасын бейнелейтін метафора түрінде қолданылған. Мұнда ұлттық танымға тән тілдік бірліктің жаңаша прагматикалық сипат алуы, оның мәдени негізін сақтай отырып, мәтінге жаңа мағыналық мазмұн беруімен ерекшеленеді.

Демек, берілген мысалдардағы сөздердің лингвокреативтілігі олардың мазмұн тереңдігі мен мәдени астарын қазіргі мәтіндерде жаңғыртуда ерекше көрініс табады. Бұл тәсіл ұлттық дәстүрімізді танытатын тілдік бірліктер мен заманауи мәтін мазмұнын ұштастыра отырып, мәтіннің бейнелігі мен прагматикалық ықпалын арттырады.

Мерзімді баспасөз жазарманының шығармашылық ізденісінің (лингвокреативтілігінің) келесі бір көрінісі – ғылымдағы интермәтіндік трансформация құбылысына байланысты. Термин зерттеушілер тарапынан лингвомәдениеттану мен әдебиеттану салаларына қарай зерттелген. Ф. де Соссюрдің, М.М. Бахтиннің И.К. Сидоренконың көзқарастар негізінде Е.А. Баженова мәтін ішінде дәйексөздердің берілуін, сондай-ақ мәтін мазмұны мен құрылымын күшейту, мағынаға мағына үстеу мақсатында тың образдардың жасалуын интермәтіндік транформация деп анықтайды [228]. Ең бастысы – интермәтіндік трансформация жазарманның шығармашылық ізденісінің бір белгісі. Сөйтіп, жазарман түрлі амал-тәсілдерге барады.

Соның бірі – бұрыннан белгілі (прецедент) мәтіннің құрамын, құрылымын немесе мағынасын өзгерту арқылы жаңа семантикалық және прагматикалық реңктерді қалыптастыру үдерісі. Бұл әдіс лингвокреативтіліктің ерекше көрінісі болып табылады, себебі ол көпшілікке таныс мақал-мәтел, тұрақты тіркес немесе прецедент мәтіндерді жаңаша пайдалануға мүмкіндік береді. Соның ішінде мақал-мәтелдер құрамын өзгерту қазіргі тұста мерзімді баспасөз жанрларында жиірек қолданылады. Мәселен, *судың да сұрауы бар* тіркесі *мұнайдың да сұрауы бар, әр қазақтың сұрауы бар, жаутаңкөздердің де сұрауы бар* түріндегі контаминациялар баспасөздің ықпал ету мақсатындағы лингвопрагматикалық қызметімен тікелей байланысты [229, 13].

Интермәтіндік трансформация мәтіннің бейнелілігін күшейтіп, тыңдаушыға әсер ету үшін қолданылады. Мысалы, *«асық ойнаған азар»* деген тіркесті *«асық ойнаған озар»* түрінде өзгерту арқылы автор мәтінге жаңа мағыналық реңк береді. Мұндай тәсілдер мерзімді баспасөз тілінде жиі кездеседі, себебі олар оқырман назарын аударып, мәтіннің мазмұнын ерекше көрсетуге қызмет етеді: *Еңбек етсең, елордада жұмыс бар (ЕҚ, 13 ақпан, 2020 жыл)* тақырыпаты *Еңбек етсең емерсің* деген халықтық нақылдан туындағанымен, оның заманауи мәнмәтінге икемделуімен ерекшеленеді.

Қалауын тапса, қоқыс та кәдеге жарайды (ЕҚ, 26 маусым, 2024 жыл). Бұл мысалда да қолданылған лингвокреативті тәсілдер *Қалауын тапса, қар жанар* мақалының жалпы құрылымын сақтап, мағынасын түбегейлі өзгерту арқылы мәтіннің прагматикалық әлеуетін күшейтеді. Мұнда «қар» сөзі «қоқысқа»

ауыстырылған, бұл өзгеріс мәтінді экологиялық мәнмәтінде қайта түсіндіруге мүмкіндік береді. Мұндай интермәтіндік трансформация оқырманның экологиялық жауапкершілікке назарын аударып, оқырманға таныс тілдік құрылым арқылы күрделі идеяларды жеткізеді.

Абай Құнанбайұлының «Қыс» өлеңінен алынған дәстүрлі бейнелер тұрмыстық мәнмәтін *Кәрі құдаң кетті де, әлек болдың (ЖА, 1 мамыр, 2024 жыл)* мерзімді баспасөз тақырыпатында жаңа қырынан ашылады. Автор бұл тіркесті қазіргі әлеуметтік-экономикалық мәселелерге сай икемдеп, оқырманға таныс әдеби образдарды қолдану арқылы оларды заманауи шындыққа жақындатады. Мұндай тәсіл мәтіннің әдеби реңкін сақтап қана қоймай, оқырманға танымдық әрі эстетикалық тұрғыдан әсер етеді.

Бұл қолданыстар мерзімді баспасөз жазарманының тың ізденістерінің жемісі екенін көрсетеді. Шығармашылық ізденістен жасалған қолданыстар мәтінде бейнелілік пен әсерлілікті арттырып қана қоймай, оның стилистикалық құрылымын да күрделендіреді. Лингвокреативтілік құралдары, әсіресе оқырманға ықпал етуге бағытталған прагматикалық міндеттерді шешуде маңызды рөл атқарады. Мұндай тәсілдер арқылы мәтіннің көркемдік деңгейі ғана емес, сонымен бірге оның танымдық және мәдени құндылығы да артады.

Мұндай тәсілдерді жиі қолданатын, тың ізденістегі жазармандар қазіргі қазақ мерзімді баспасөзінде ерекше орын алады. Олар лингвокреативтілік арқылы мәтінге ұлт тілінің бейнелеу мүмкіндігін қосып, оның стилистикалық әсерін арттырып, оқырманды ойландыру мен қызықтыру мақсатында жаңа формалар іздейді.

Мәселен, публицист Жарас Кемелжан көпшілікке таныс прецедентті мәтіндерді трансформациялау арқылы мәтінге ерекше бейнелілік береді. Ол оқырман санасында бар ұлттық паремиологиялық қор үлгілерін өзгерту арқылы жаңа мағыналық реңктерге ие болған тілдік бірліктерді жасайды. Және қоғамдағы өзекті мәселелерді қозғау үшін тиімді қолданады. Оның сөзқолданысында дәстүрлі тілдік құралдарды қазіргі заманның шынайылығымен ұштастыруы ерекше көзге түседі: *Әкімдерді білеміз, депутат мырза, сіз кімсіз (ЖА, 17 ақпан, 2023 жыл). Жаңа әкім жарылқамас, ескі министр есіркемес (ЖА, 15 желтоқсан, 2022 жыл). Келген қазақ құжатсыз, туған бала тұрақсыз (ЖА, 26 мамыр, 2023 жыл). Күдебаевтың мәтелі: Телефон ұрлаған тұтылады, Халықты қорлаған құтылады (ЖА, 6 сәуір, 2023 жыл). Айтыскер, блогер һәм тренер (ЖА, 30 наурыз, 2023 жыл). Қазақ спорты – саусаң сиыр, мінсең ат... (ЖА, 14 ақпан, 2023 жыл). Кем өлшеп, артық пішілген жерлері көп (ЖА, 6 желтоқсан, 2022 жыл). Астанаға көктем «ылғи» кеш келеді (ЖА, 17 қараша, 2022 жыл). Халықта жазық жоқ, талас тудырып жүрген саяси пәлеқорлар (ЖА, 12 қазан, 2022 жыл). Атағы таудай, азабы көлдей (ЖА, 1 шілде, 2022 жыл). Көп мәселе айтылды, көтеретін бел керек (ЖА, 17 наурыз, 2022 жыл). Ескі «Отан» есіркемеді, «Нұр Отан» жарылқамады (ЖА, 28 қаңтар, 2022 жыл). Асарға тұсау: Үкімет садақаны санай ала ма (ЖА, 13 қараша, 2024 жыл).*

Бұл тіркестердің табиғатын айқындайтын негізгі ерекшелік – олардың интермәтіндік негізге сүйенгені, бірақ дәстүрлі үлгіні қайталамай, авторлық

креативпен қайта жасалғаны және тілдік узуста орнықпаған, тек белгілі бір мәнмәтінге ғана тән ситуативтілігі. Автор өз ойын жеткізу үшін халықтық мақал-мәтелдерге, тұрақты тіркестерге, қанатты сөздерге, прецедентті мәтіндерге құрылымдық және семантикалық жағынан ұқсас үлгіні әдейі таңдап алып, соның формасын сақтай отырып, мазмұнын жаңғыртады. Мұндай интермәтіндік трансформация мәтіннің көркемдік және прагматикалық әсерін күшейтіп, автордың бағалауыштық ниетін айқын жеткізуге мүмкіндік береді.

Бұл тіркестердің мазмұнында қазіргі қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге, саяси жағдайға қатысты ирония, сын, астарлы мағына байқалады. Авторлар дайын тілдік үлгіні сол қалпында қолданбай, оны жаңа мәнмен толықтырып, бейнелілік пен экспрессияға бағындыра өңдейді. Мұндай креативті қайта жасау арқылы мәтінде тың мағыналық реңктер пайда болады, дәстүрлі үлгінің формасы сақталғанымен, мазмұны мүлде жаңа мәнге ие болады. Осылайша олар халықтың тілдік санасында орныққан үлгілерден өзгеше, бірреттік қолданыс ретінде тек сол мәнмәтінге ғана тән авторлық құрылым болып көрінеді.

Көрсетілген тілдік фактілердің барлығы тілдің узустағы тұрақты қорының бөлігі емес екені анық байқалады. Түрлі дереккөздерден іздегенде де олардың басқа мәтіндерде кездеспеуі олардың окказионалдық табиғатын дәлелдейді.

Қорыта келгенде, қазіргі қазақ публицистикасында лингвокреативтілік – тілдік шығармашылықтың негізгі көріністерінің бірі. Бұл құбылыс қазақ ұлтының қоршаған ортасын пайымдап, бейнелеуінде орныққан дәстүрлі тілдік элементтерді жаңаша өңдеп, ұлттық болмыс пен заманауи шындықты үйлестіру арқылы мәтіннің бейнелілігін арттырады. Лингвокреативтілік тек оқырманның эстетикалық қабылдауына әсер етіп қана қоймай, мәтіннің коммуникативтік және прагматикалық әлеуетін күшейтуге де ықпал етеді.

Мерзімді баспасөз жазармандарының интермәтіндік трансформациялау үлгілері, метафоралар мен иронияны ұтымды қолдануы, дыбыстық үйлесімділік пен ұлттық мәдени кодтарды жаңғыртуы мерзімді баспасөз мәтінінде сөзқолданысты әсерлі етеді. Бұл тәсілдер мәтіннің танымдық және көркемдік маңызын арттырады. Мысалы, *Қалауын тапса, қоқыс та кәдеге жарайды, Еңбек етсең, елордада жұмыс бар, Кәрі құдаң кетті де, әлек болдың* сынды тіркестер ұлттық дәстүр мен қазіргі әлеуметтік мәселелерді шебер байланыстыру арқылы ерекшеленеді.

Лингвокреативтілік тілдің экспрессивті және эмоционалдық мүмкіндіктерін ашып, жазарманның шығармашылық әлеуетін танытуға мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдер қазіргі қазақ мерзімді баспасөзін жаңа деңгейге көтеріп, оқырман санасына ықпал ету мүмкіндіктерін арттырады. Сонымен қатар лингвокреативті тәсілдер арқылы қоғамның өзекті мәселелеріне назар аударып, оқырманды ойлануға және әрекетке шақыру мүмкіндігі де артады.

Жалпы, лингвокреативті сөзқолданыстар публицистиканың бейнелілік, эмоционалдық және мәдени-мағыналық ерекшеліктерін тереңдетіп, ұлттық сананы жаңғырту мен сақтауда маңызды рөл атқарады. Ол қазақ баспасөзінің өзіндік ерекшелігін айқындап, оның дамуындағы шығармашылық әлеуеттің жоғары екенін көрсетеді.

Үшінші тарау бойынша тұжырым

Зерттеуде соңғы онжылдықтардағы ұсынылған сөз әсерлілігі термині Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының «сөздің асыл болуы», «сөздің сипат келістігі», «сөз мағынасының күштілігі», «сөз көркемдігі», «әуез әдемілігі», «сөз күштілігі» және «сөзді көркем түрінде айтқанда, күш көбінесе қиял мен қиыс (түйіс) жағына салынып, сүгіреті толық, меңзеуі мерген, қисыны қызық болып, сөз әсерінің күшімен көңілге ұнауы көбірек көзделеді» деген тұжырымдарына негізделген.

Қазіргі қазақ мерзімді баспасөзіндегі сөзқолданыстарға қатысты қарағанда, сөз әсерлілігі ұғымы осы саланың функционалды-коммуникативтік айрықша міндеттеріне байланысты. Қазіргі кезеңде кей реттерде мерзімді баспасөздің ақпарат беру қызметі ықпал ету функциясына бағынышты болып, кей тұста екі функция да теңбе-тең рөл атқарады. Ақпаратты сендіретіндей етіп жеткізу мүддесінде тілдің ішкі мүмкіндіктері де игеріледі.

Сөз әсерлілігі – ақпаратты, идеяны ақиқат шындыққа сәйкес баяндау барысында сендіру, дәлелдеу, коммуникативтік тиімділікті арттыру мақсаты үшін игерілетін сөзқолданыстар. Қазіргі мерзімді баспасөз тілінде ықпал ету функциясына байланысты, белгілі бір модель түрінде, ықпал ету қуаты жағынан топтастырыла бастаған, сөз әсерлілігін туғызатын сөзқолданыстың негізгілері – теңеулер, перифраздар, тілдің лексикалық қабатының кейбір үлгілері және «әуез әдемілігі» (А. Байтұрсынұлы) бар дыбыстар, буындар үйлесімі (фоникалық құрылымдар).

Көріктеу құралдарының семантикалық тірегі болып саналатын теңеу жүйесінің мерзімді баспасөздің басты функциясын атқарудағы мүмкіндіктері тұрақты теңеулердің игерілуі, лингвокреативті теңеулердің жасалуы жағынан көрінеді. Теңеудің семантикасын жалғастыратын перифраздар – тілдің икемділігі мен байлығын ғана емес, сонымен қатар тілдің ұлттық санадағы орнын және ұлттық ойлау жүйесінің көркемдік сипатын танытады. Қазіргі баспасөз тіліндегі перифраздардың кеңінен қолданылуы қазақ тілінің функционалдық және көркемдік мүмкіндіктерін айшықтап, оның қоғамдағы танымдық және эстетикалық рөлін күшейтеді.

Өткен ғасырлардағы ақын-жыраулар тілінен бастап қалыптасып, қазақ тілінің табиғи көркем заңдылықтары ретінде танылған, А. Байтұрсынұлы «сөз әуезділігі» деп атаған дыбыстар және буындар үйлесімінің (фоникалық құрылымдардың) игерілуі және жазарманның лингвокреативтілік ізденістеріне әсер етуі тұрғысынан қазіргі мерзімді баспасөз тіл арқылы ұлттық құндылықтардың сабақтастықта жалғасып келе жатқандығын дәлелдейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ тіл білімінде мерзімді баспасөздің тілі жазба коммуникацияның маңызды тармағы ретінде диахронды және синхронды аспектілерде ұдайы зерттеу нысанасы болып келеді. Осы саланың жүйелі тілдік-стильдік құрылымы қазақ әдеби тілінің қалыптасу жолдары, әдеби тіл нормалары, сөз мәдениеті, стилистика, функционалды стильдік жіктелімдер, ортология мәселелері бойынша ғылыми тұжырымдар жасауда эмпирикалық талдаудың негізгі көзі ретінде танылды. Әсіресе соңғы онжылдықтардағы жазба коммуникацияның күрделі тармағы ретіндегі қазақ мерзімді баспасөзінің тілі мен стиліне тән сөзқолданысқа функционалды-стильдік тұрғыдан талдау жасау мемлекеттік тіл стратегиясының басым бағыттарына сәйкес қазақ тілінің синхронды жұмсалымындағы тың сипаттар бойынша ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Функционалды стильдер жүйесінде мерзімді баспасөз тілінің басты қызметі – ақпарат беру және ықпал ету. Осы функцияларын атқару мүддесінде мерзімді баспасөз – қоғамдық санаға қозғау салушы, қоғамның ішкі-сыртқы өміріндегі саяси, әлеуметтік-мәдени оқиғалар мен фактілерді ақиқат шындыққа негіздей отырып, дер кезінде жеткізуші; ұлттық-мәдени кодты, рухани құндылықтарды насихаттаушы медиатор; сондай-ақ қазақ тілінің өміршеңдігін сақтайтын, қазіргі күрделі кезеңде ұлт тілінің бәсекеге қабілеттілігін, ішкі әлеуетін танытатын маңызды арна. Осындай маңызды сипаттамалары мерзімді баспасөздегі сөзқолданыс арқылы жүзеге асырылады.

Сөзқолданыс – мерзімді баспасөздің ақпарат беру функциясына байланысты қалыптасқан стандарт тілдік бірліктер мен ықпал ету функциясына орай сөз әсерлілігін туғызатын тілдік бірліктердің өзара ұйымдасуы және бір-біріне ықпалы. Осы ретте мерзімді баспасөз тіліндегі стандарт тілдік бірліктерге // стандарт сөзқолданысқа және сөз әсерлілігіне талдау жасаудың өзектілігі байқалады.

Ғылымда стандарт тіл // әдеби тіл аталымдары теңбе-тең мағынада түсіндіріліп келеді. Бұлай болуының басты себебі – тіл қолданысындағы жеке лексемалар мен сөз тіркестерін қоғам мүшелерінің тіл заңдылықтарына толық сәйкес деп, дұрыс деп мойындауы, жазба коммуникацияда кеңінен таралуы.

Алайда ғылыми тұжырымдарды жан-жақты зерделеу, жазба коммуникацияның маңызды саласы – соңғы онжылдықтардағы мерзімді баспасөзден жинақталған тілдік фактілерді кешенді тілдік-стилистикалық талдау стандарт тіл әдеби тілдің бір сипаты екендігін көрсетті. Зерттеу қорытындылары стандарт тіл категориясы жөніндегі көзқарастардың нақтылануы мен айқындалуына үлес қосады.

Коммуникативтік акт, оның ішінде жазба коммуникация адресатқа (қабылдаушыға) арналады. Осы себепті тілдік қарым-қатынас кезінде қабылдаушының көзқарасын қалыптастыратын немесе өзгертетін, белгілі бір идеяға, ойға иландыратын, оқырманның санасына қозғау салатын тілдік бірліктердің игерілуі маңызды.

Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасындағы құнды пікірлердің бірі – «сөз көңілге сипат жағынан келістілігімен, мағына жағынан күштілігімен жағады. Сөз көркемдігі әуезінің әдемілігі мен кестесінің келісті болуынан табылады». Осы айрықша тұжырымын негіздеген ғалым тіл қисыны, көрнекі лебіз, сөздің өңінің үйлесуі, сөз талғау, сөз дұрыстығы, сөз өнерінің ғылымы деген маңызды түсініктерді таратып айтты және тілдің қолданысындағы маңыздылығына назар аудартты. Ұлт ұстазының тұжырымдарындағы осы ұғым-түсініктерді жинақтау мақсатында сөз әсерлілігі терминін пайдалана отырып, соңғы онжылдықтардағы мерзімді баспасөздің ықпал ету функциясын пәрменді ететін сөзқолданыстар жүйеленді. Сөз қисынының үйлесуі, мағына жағынан күштілігі тұрғысынан қарағанда, қазіргі қазақ мерзімді баспасөзінде көріктеу құралдары тобынан тұрақты теңеулер мен перифраздар, сонымен қатар А.Байтұрсынұлы «әуез әдемілігі сөзді дыбыс жағынан үйлестіріп түзуден» деп атап өткендей, фоникалық құрылымдар сөз әсерлілігін арттыруда кеңінен жұмсалады.

Соңғы онжылдықтардағы қазақ мерзімді баспасөзінің тілі мен стилі – ұлт тілінің әдеби-нормативтік тұрғыдан сұрыпталған, өңделген, жетілген жай-күйін айқын дәлелдеген, ұлттың тарихи-мәдени құндылықтарын, ұлттық дүниетанымын, ұлттық менталитеті мен жадын танытатын тілдік бірліктерді – сөзқолданысты кеңінен пайдалану арқылы мемлекеттік тіл стратегияларының басым бағыттарын жүзеге асыруда маңызды рөл атқаратын жазба лингвомәдени және коммуникативтік кеңістік. Саяси-әлеуметтік басқару жүйесімен қоғам мүшелерінің арасындағы тиімді байланысты орнататын, индивид пен социумның ұлттық идеяға саналы көзқарасын қалыптастыратын коммуникативтік алаң ретінде соңғы онжылдықтардағы мерзімді баспасөз тіліндегі стандарт тіл (стереотип, клише) мен сөз әсерлілігін туғызатын тілдік бірліктердің (перифраз, теңеу, фоникалық құрылымдар, тілдің лексикалық қабатының негізгі топтары), сондай-ақ тілдің ішкі мүмкіндіктеріне сүйене отырып жазарман тарапынан жасалған лингвокреативті тілдік бірліктердің өзара ықпалдасуы нәтижесінде қалыптасқан сөзқолданыстардың бірінші рет қарастырылуы қазақ мерзімді баспасөз тілінің тұтас моделін анықтауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, соңғы онжылдықтардағы қазақ мерзімді баспасөзіндегі стандарт тіл мен сөз әсерлілігін туғызатын тілдік бірліктердің өзара ұйымдасуы, бір-біріне ықпалды болу нәтижесін танытатын сөзқолданыстың тұтас моделі: а) бүгінгі қазақ мерзімді баспасөзінің әдеби тілдің сөздік құрамындағы үдерістер мен үрдістерді танытушы аса маңызды лингвомәдени және коммуникативті кеңістік екендігін дәлелдеуге; ә) тіл ғылымында нақты саралап көрсетудің өзектілігі айқын тілдік стандарт / стандарт / әдеби тіл ұғымдары жөнінде қорытындылар жасауға; б) әдеби тілдің бір сипаты болып саналатын стереотип → клише құбылыстарының стандарт тіл қалыптастырудағы рөлін алғаш рет біртұтастықта талдауға мүмкіндік жасады.

Қазақ елінің ішкі-сыртқы өміріндегі саяси-әлеуметтік оқиғалар мен фактілерге қоғам мүшелерінің саналы позициясын қалыптастыру мен

орнықтыру мүддесінде стандарт сөзқолданыспен қатар игерілетін сөз әсерлілігін тудыратын тілдік бірліктердің (теңеу, перифраз, фоникалық құрылымдар, лексикалық қабаттардың образды-коннотаттық қызметі) әлеуетті мүмкіндіктерін жүйелеу мерзімді баспасөз тілінің қазіргі жазба коммуникациядағы маңызды рөлін айқындады.

Соңғы онжылдықтардағы қазақ мерзімді баспасөзінің тілі мен стиліндегі жаңа сипаттарды көрсететін стандарт сөзқолданыты және сөз әсерлілігін туғызатын тілдік бірліктерді, сондай-ақ олардың өзара ықпалдасуын зерттеу бойынша алынған нәтижелер мен қорытындылар, тұтастай алғанда, қазіргі жазба коммуникацияның және қазақ әдеби тілі функционалды стильдерінің басты тармағы – қазақ мерзімді баспасөзінің стильдік табиғатын ғылыми аспектілерде әрі қарай терең, жан-жақты зерттеуге, қазақ тілтанымындағы әдеби тілдің жай-күйі, функционалды стильдердің сипаттары жөніндегі ғылыми ілімдерді дамытуға үлес қосуға бағытталған. Зерттеудегі эмпирикалық талдау нәтижелері бойынша жасалған қорытындылар еліміздегі тіл саясатының ұлт тілінің өміршеңдігін нығайту бағытындағы стратегиялық міндеттерін жүзеге асыруға және қазақ тілінің синхронды даму сатысындағы динамикасын бағалаудың ғылыми негіздерін жасауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты қазіргі қазақ жазба коммуникациясының аса маңызды тармағы – мерзімді баспасөз тіліне талдау жасау, сөзқолданыстың стандарттылық сипаты мен сөз әсерлілігін тудыру мүмкіндіктеріне назар аудару ұлттық тілтанымдық зерттеулердің ұдайы назарында болу қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауы. https://www.akorda.kz. 29.03.2022.
2 «Масс-медиа туралы» ҚР Заңы. 2024 жылғы 19 маусымдағы № 93-VIII ҚРЗ. https://adilet.zan.kz. 01.11.2024.
3 Байтұрсынов А. Ақ жол: өлеңдер / құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
4 Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімі бойынша зерттеулер. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер: монография. – Ішінара өңд. 3-ші бас. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту ин-ты, 2010. – 607 б.
5 Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана: Елорда, 2001. – 230 б.
6 Уәли Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. – 75 б.
7 Алдаш А. Қазақ ортологиясы: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 296 б.
8 Күдеринова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері: монография. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2006. – 276 б.
9 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ғылым ордасында сөйлеген сөзі. https://www.akorda.kz. 01.11.2024.
10 Сыздықова Р. Көркем әдебиетті танудың қырлары. https://ult.kz. 01.11.2024.
11 Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 31 мамырдағы ғалымдармен кездесу барысында сөйлеген сөзі. https://baq.kz. 01.11.2024.
12 Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы. https://adilet.zan. 01.11.2024.
13 Қазақ газеті: 1913 ж. репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін «Арыс» қоры / құраст. С.О. Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. – Алматы: Арыс, 2009. – 476 б.
14 Бөкейханов Ә. Шығармалар: публицистика және ғылыми мақалалар / құраст. М. Қойгелдиев. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
15 Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. – Алматы: Ел-Шежіре, 2013. – Т. VI. – 384 б.
16 Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы: көсемсөз, әдеби сын, зерттеу мақалалары / құраст. Г. Дулатова, С. Иманбаева. – 2-том. – Алматы: Мектеп, 2013. – 390 б.
17 Аймауытов Ж. Ел газетке не жазады? // Еңбекші қазақ. – 1924. – 5-мамыр.
18 Әуезов М. Қазақтың әдеби тілі туралы // Әдебиет және искусство. – 1951. – № 4. – Б. 60-61.
19 Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: Ғылым, 1959. – 480 б.

20 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 352 б.
21 Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы: Ғылым, 1971. – 194 б.
22 Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы. – Алматы: Сардар, 2014. – 923 б.
23 Момынова Б. Газет лексикасы: Жүйесі мен құрылымы. – Алматы, 1999. – 223 б.
24 Барлыбаев Р. Қазіргі қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика. – Алматы: Мектеп, 1978. – 143 б.
25 Сыздықова Р. Сөз құдіреті – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 296 б.
26 Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 304 б.
27 Алдаш А. Сөз мәдениеті: жаңа қолданыстар негізінде: монография. – Алматы: Сардар, 2015. – 320 б.
28 Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастилистикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 247 б.
29 Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде). филол. ғыл. док. дисс. – Алматы, 2007. – 345 б.
30 Әбілқасымов Б. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі: (Баспа нұсқалар тілі негізінде). – Алматы: Ғылым, 1982. – 231 б.
31 Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 624 б.
32 Карашева Н. Грамматические особенности языка казахской публицистики начала XX века (на материале журнала «Айкап»): автореф. дис. … канд. филол. наук: 10.02.02. – Алматы, 1959. – 15 с.
33 Қордабаев Т.Р. Қазақ жазбалары тілінің синтаксисі. – Алматы, 1966. – 165 б.
34 Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі / жауапты ред. Құдабаев А. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 262 б.
35 Болғанбаев Ә. Тіл және шеберлік // Өнер алды қызыл тіл. Мақалалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 205 б.
36 Төлегенов А. «Түркістан уәлаяты газетінің» лексикасы // Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері. – Алматы: Ғылым, 1989. – 256 б.
37 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы: оқулық. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 258 б.
38 Ахабаев А. Статистический анализ лексико-морфологической структуры языка казахской публицистики (на материале газетных текстов за 1965 – 1966 гг.): автореф. дис. канд. филол. наук: 10.02.02. – Алма-Ата, 1971. – 20 с.
39 Мамедов Дж.А. Газетный стиль современного азербайджанского литературного языка: автореферат дис. на соискание ученой степени кандидата филологических наук: 10.02.06 / Азерб. гос. ун-т им. С.М. Кирова. – Баку, 1973. – 33 с.

40 Семенов В.П. Характер взаимодействия информационной и воздействующей функций языка чувашской газеты и лексико-синтаксические средства их реализации: автореф. дис. ... канд. филол. наук: 10.02.02. – М., 1982. – 24 с.
41 Каражаев Ю.Д. Некоторые особенности функционирования синтаксической системы в языке массовой коммуникации (на материале карачаево-балкарского языка) // Язык и массовая коммуникация: социолингвистическое исследование / под ред. Э.Г. Туманяна. – М.: Наука, 1984. – С. 106-110.
42 Артыков Г. Лексический состав и морфологические особенности языка газеты «Туркменистан»: автореф. дис. ... канд. филол. наук. 10.02.06. – Ашхабад, 1986. – 29 с.
43 Айымбетов М.К. Опыт лингво-статистического анализа лексики и морфологии каракалпакского публицистического текста. – Нукус: Билим, 1991. – 128 с.
44 Алпаров Г. Сайланма хезмәтләр. – Казан: Татар. кит. нәшр., 1945. – 380 б.
45 Ишмуратов А.Г. Некоторые языковое и стилистические особенности большевистской газеты «Урал»: автореф. дис. канд. филол. наук. 10.02.06. – Казань, 1956. – 15 с.
46 Хаков В.Х. Тел һәм стиль мәсьәләләре. – Казан: КДУ нәшр., 1961. – 160 б.
47 Низамов И.М. Уем – тел очында. – Казань: Тат. кн. изд-во, 1995. – 287 с.
48 Ибраһимов С.М. Газета теле. – Казан: КДУ нәшр., 1964. – 134 б.
49 Хангильдин В.Н. Татар теле грамматикасы. – Казан: Татар. кит. нәшр., 1959. – 641 б.
50 Абдуллин И.А. Описание первых произведений большевистской печати на татарском языке периода революции 1905-1907 годов. – Казань: Таткнигоиздат, 1986. – 220 с.
51 Гарифуллин В.З. Лингвостилистическая система татарского газетного текста: дис. …докт. филол. наук: 10.02.06 / Казанский государственный университет. – Казань, 1998. – 427 с.
52 Хуснетдинов Р.М. Проблемы татарского литературного языка на страницах журнала «Шура»: дис. … канд. филол. наук: 10.02.02 / Институт языка, литературы и искусства им. Г. Ибрагимова АН РТ. – Казань, 2011. – 184 с.
53 Миннуллин Б.К. Жанрово-стилистическая дифференциация татарской газеты начала XX века. – Казань: ИЯЛИ, 2019. – 220 с.
54 Черепахов М.С. Проблемы теории публицистики. – М.: Мысль, 1973. – 269 с.
55 Пельт В.Д. Дифференциация жанров газетной публицистики: учеб. пособие. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1984. – 48 с.
56 Гуревич С.М. Газета: вчера, сегодня, завтра. – М.: Аспект Пресс, 2004. – 288 с.
57 Бобков А.К. Газетные жанры: учебное пособие. – Иркутск: Иркут. ун-т, 2005. – 64 с.

58 Тертычный А.А. Жанры периодической печати. – 6-е изд., испр. и доп. – М.: Аспект Пресс, 2017. – 320 с.
59 Van Dijk T.A. Discourse as Structure and Process. Discourse Studies: A Multidisciplinary Introduction. Vol. 1. – London: Sage Publications, 1997. – 356 p.
60 Fairclough N. Critical Discourse Analysis: The Critical Study of Language. – London; New York: Longman, 1995. – 265 p.
61 Chomsky N., Herman E.S. Manufacturing Consent: The Political Economy of the Mass Media. – New York: Pantheon Books, 1988. – 412 p.
62 Bell A. The Language of News Media. – Oxford: Basil Blackwell, 1991. – 278 p.
63 Tannen D. Talking from 9 to 5: Women and Men in the Workplace: Language, Sex and Power. – New York: Avon Books, 1994. – 368 p.
64 Conboy M. Tabloid Britain: Constructing a Community Through Language. – London: Routledge, 2006. – 228 p.
65 Baker P. Sociolinguistics and Corpus Linguistics. – Edinburgh: Edinburgh University Press, 2010. – 200 p.
66 Kerbrat-Orecchioni C. L'énonciation de la subjectivité dans le langage. – Paris: Armand Colin, 1980. – 290 p.
67 Bourdieu P. On Television. – New York: The New Press, 1998. – 104 p.
68 Habermas J. The Structural Transformation of the Public Sphere: An Inquiry into a Category of Bourgeois Society. – Cambridge, MA: MIT Press, 1989. – 301 p.
69 Винокур Г.О. Язык нашей газеты // ЛЕФ. – 1924. – №2 (6). – С. 117-140.
70 Бельчиков Ю.А. Язык советской прессы: Лингвостилистический анализ. – Москва: Изд-во МГУ, 1981. – 200 с.
71 Горбунов А.П. Проблемы воздействия газетного текста. – М.: Изд-во МГУ, 1987. –144 с.
72 Чернышев В.И. Газетный текст: структура и воздействие. – М.: Мысль, 1990. – 192 с.
73 Костомаров В.Г. Языковой вкус эпохи: из наблюдений за речевой практикой масс-медиа. – М.: Педагогика-Пресс, 1994. – 255 с.
74 Солганик Г.Я. Язык газеты в эпоху перестройки // Русская речь. – 1988. – № 2. – С. 3-10.
75 Ермакова О.П. Публицистический стиль в период перестройки: оценочность и экспрессивность // Вестник Московского университета. Серия 10. Журналистика. – 1990. – № 4. – С. 45-53.
76 Панов М.В. Литературная норма и язык средств массовой информации // Русская речь. – 1989. – № 4. – С. 15-24.
77 Солганик Г.Я. Практическая стилистика русского языка. – Москва: Академия, 2006. – 304 с.
78 Кочетков В.В. Лексико-стилистические новации и их функционирование в прессе второй половины 90-х годов XX века: дис. … канд. филол. наук: 10.02.01. – 1999. – 178 с.

79 Земская Е.А. Язык конца XX века: изменение языковой ситуации в России. – М.: Языки славянской культуры, 2000. – 432 с.
80 Какорина Е.В. Сфера массовой коммуникации: отражение социальной дифференцированности языка в текстах СМИ // Современный русский язык: социальная и функциональная дифференциация. – Москва: Наука, 2003. – С. 90-141.
81 Байменше С. Баспасөздегі жанрлар жүйесі. – Алматы, 1997. – 72 б.
82 Амандосов Т.С. Публицистика – дәуір үні. – Алматы: Қазақстан, 1974. – 120 б.
83 Жақып Б. Публицистика негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2018. – 443 б.
84 Омашев Н.О. Қазақ журналистикасы: Қазақ баспасөзі. 1-том. – Алматы: Таймас баспа үйі, 2008. – 352 б.
85 Академик Рәбиға Сыздықтың ғылыми мұрасы = Akademisyen Rabiga Syzdyk'in bilimsel mirası: хрестоматия: антология / Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Ғылым комитеті; Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты; бас редактор А.М. Фазылжан / құраст.: А. Алдаш және т.б.; түрік тіліне аударған Г. Сәтбай. – Алматы, 2024. – 223 б.
86 Лаптева О.А. Современная русская публичная речь в свете теории стиля // Вопросы языкознания. – 1978. – №1. – С. 18-37.
87 Лаптева О.А. Лингвостилистические особенности научного текста / под ред. М.Я. Цвиллинга. – Москва: Наука, 1981. – 148 с.
88 Виноградов В.В. О задачах истории русского литературного языка, преимущественно XVII–XIX веков // Известия АН СССР. Отделение литературы и языка. – 1946. – Т. 5, вып. 3. – С. 223-238.
89 Алдаш А., Сейдамат Ә. Тілдегі стандарттылық және тілдік бірліктердің стандартталуы (проблеманың қойылысы) // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2021. – Том 1, № 1(75). – Б. 18-24. DOI: 10.51889/2021-1.1728-7804.02.
90 Виноградов В.В. Поэтика русской литературы: Избранные труды. – М.: Наука, 1976. – 516 с.
91 Кожина М.Н., Дускаева Л.Р., Салимовский В.А. Стилистика русского языка. – 4-е изд., стереотип. – М.: Флинта: Наука, 2014. – 462 с.
92 Гальперин И.Р. Стилистика русского языка. – 4-е изд., испр. и доп. – М.: Высшая школа, 1981. – 334 с.
93 Белошапкова В.А. Современный русский язык: Синтаксис. – М.: Высшая школа, 1989. – 352 с.
94 Степанов Ю.С. Семиотика: антология. – 2-е изд., перераб. и доп. – Москва: Академический Проект; Деловая книга, 2001. – 701 с.
95 Қазақ әдеби тілінің анықтамалығы / құраст. С.А. Итеғұлова, А.Қ. Қожахмет. – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2016. – 150 б.

96 Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1981. – 272 б.
97 Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.
98 Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігі. Он бес томдық. / құраст. Ж. Қоңыратбаева, Ғ. Қалиев, Қ. Есенова және т.б. – Т.6. – Алматы, 2011. – 752 б.
99 Қалиев Ғ., Салқынбай А. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 440 б.
100 Кубрякова Е.С. Язык и знание: На пути получения знаний о языке: части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира. – М.: Языки славянской культуры, 2004. – 560 с.
101 Болдырев Н.Н. Языковые категории как формат знания. «Вопросы когнитивной лингвистики». https://cyberleninka.ru. 10.08.2024.
102 Арутюнова Н.Д. Модус и модальность // Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1990. – С. 311-312.
103 Болдырев Н.Н. Когнитивная семантика. – Тамбов: Издательство Тамбовского государственного университета им. Г. Р. Державина, 2014. – 236 с.
104 Поливанов Е. Д. Словарь лингвистических и литературоведческих терминов. – М.: УРСС, 2010. – 157 с.
105 Crystal D. The Cambridge Encyclopedia of Language. – Cambridge: Cambridge University Press, 2008. – 472 p.
106 Bussmann H. Routledge Dictionary of Language and Linguistics. – London: Routledge, 2006. – 768 p.
107 Dubois J. The French Language Today: A Linguistic Introduction. – London: Routledge, 2002. – 256 p.
108 Berruto G. Handbook of Sociolinguistics. – Oxford: Blackwell, 2010. – 480 p.
109 Кудинова Л.Ю. Лингвостилистика: учебное пособие. – Санкт-Петербург: Питер, 2010. – 368 с.
110 Колесов В.В. Русский язык: учебник. – Москва: МГУ, 1986. – 512 с.
111 Швейцер А.Д. Основы теории коммуникации. – М.: Прогресс, 1986. – 280 с.
112 Worth C. Language and Media: A Resource Book for Students. – London: Routledge, 2006. – 284 p.
113 Успенский Б.А. История русского литературного языка (XI-XVII вв.). – М.: Аспект Пресс, 2002. – 558 с.
114 Крысин Л.П. Толковый словарь иноязычных слов. – М.: Эксмо, 2010. – 944 с.
115 Сейдамат Ә., Тұрғынбаева Ж. Тілдегі стандарттылық және әдеби тіл нормалары // «Жаһандану әлеміндегі ғылымның дамуы: Түркітану, Лингвистика, Филология» атты халықаралық конгресс жинағы. – Алматы, Ел-шежіре, 2024. – Б. 515-524.

116 Мұқағали тілі сөздігі / құраст. Б. Қалиев, Ж. Түймебаев, Ш. Құрманбайұлы, С. Исакова – Алматы: Керемет Медиа, 2019. – 1063 б.
117 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / құраст. Ж. Манкеева, С. Бизақов, Ә. Жүнісбек және т.б. – Т.11. – Алматы, 2011. – 752 б.
118 Сейдамат Ә. Тілдік бірліктердің стандартталуы: стереотип, клише, штамп // «Тілтаным» журналы. – 2023. – 89(1). – Б. 210-220. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-1-210-220
119 Словарь социолингвистических терминов / отв. ред. В. Ю. Михальченко; Российская академия наук, Институт языкознания РАН. –Москва: Институт языкознания РАН, 2006. – 312 с.
120 Словарь иностранных слов / ред. А.Г. Спиркин. – 7-е изд., доп. и перераб. – М.: Русский язык, 1980. – 622 с.
121 Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Мадиева Г.Б. и др. Словарь по языкознанию. Тіл білімі сөздігі. – Алматы, 1998. – 544 с.
122 Винокур Т. Г. Штамп речевой // Русский язык. Энциклопедия. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Большая Российская энциклопедия; Дрофа, 1997. – 721 с.
123 Липпман У. Общественное мнение / перевод с английского Е. Абаевой. – Москва: Издательство АСТ, 2023. – 448 с
124 Әлметова Ә.С. Әлемнің тілдік бейнесі және стереотип // Eurasian Journal of Philology: Science and Education. – 2017. – No4 (168). – Б. 62-68.
125 Стилистический энциклопедический словарь русского языка / под ред. Кожиной М.Н. – М.: Наука; Флинта, 2003. – 694 с.
126 Щерба Л.В. Избранные работы по русскому языку / под ред. М.И. Матусевич. – Москва: Юрайт, 2025. – 192 с.
127 Виноградов В.В. Современный русский язык. – Москва, 1983. – 121 с.
128 Дридзе Т.М. Язык и социальная психология. – Москва, 1980. – С. 137-144.
129 Ферс Дж. Техника семантики. – Москва, 1962. – С. 74-90.
130 Костомаров В.Г. Русский язык на газетный полосе: Некоторые особенности языка современной газетной публицистики. – Москва, 1971. – 267 с.
131 Мәмбетова М. Ресми-іскери тілдегі клише тұлғалар. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 127 б.
132 Алдаш А., Сейдамат Ә. Қазақ ресми-іскери стилі: сипаттамасы, стандартты тілдік бірліктердің құрылымы мен мазмұны // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – Том 74. – № 3. https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.3.74.001.
133 Ведякова Н.А. Клише и шаблон в тексте стандартизованного жанра // Annales Universatis Paedagogicae Cracoviensis Studia Russologica, 2015. – Т. 201. – No VIII. – С. 37-49.
134 «Termincom.kz» ғылым, білім, техника мен экономика, қоғамдық–әлеуметтік өмірдегі термин сөздердің бірыңғай республикалық терминологиялық электронды базасы. https://termincom.kz. 01.11.2024.
135 Қазақ тілінің ұлттық корпусы. https://qazcorpus.kz. 01.11.2024.

136 Aldash A., Seidamat A., Aldasheva K., Islamova A., Kulmanov S., Seyitova B. The Phenomenon of Loan Translation and Its Influence on the Processes of Standardization of the Terminology System of the Kazakh Literary Language // Theory and Practice in Language Studies. – 2025. – Vol. 15. – No. 3. – P. 860-868. https://doi.org/10.17507/tpls.1503.21
137 Леонтьев А.А. Язык, речь, речевая деятельность. – Москва: Ленанд, URSS, 2014. – Изд. 8-е. – 211 с.
138 Головин Б.Н. Основы культуры речи. – М.: Высшая школа, 1980. – 237 с.
139 Величко Е.В. Способы выражения коммуникативной инициативы: гендерный аспект (на материале современного английского языка): автореф. дис. … канд. филол. наук: 10.02.01. – Ростов н/Д, 2008. – 20 с.
140 Макаров М.Л. Интерпретативный анализ дискурса в малой группе. – Тверь, 1998. – 200 с.
141 Стилистика газетных жанров / под ред. Д.Э. Розенталя. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1981. – 230 с.
142 Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі / құраст. А. Құралұлы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1997. – 368 б.
143 Кононенко И.В. Актуализированная лексика русского языка новейшего периода (по материалам толковых словарей и публицистики): дис. … канд. филол. наук : 10.02.01. – Курск, 2007. – 211 с.
144 Әбіш Кекілбайұлы. Әдеби портал. https://adebiportal.kz 01.11.2024.
145 Қазақ тілінің синонимдер сөздігі / құраст. С. Бизақов, Ә. Болғанбаев, Дәулетқұлов Ш. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 720 б.
146 Сейдамат Ә. Сөз байлығы және әсерлілік: мерзімді баспасөз тіліндегі синонимдердің қолданысы // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. – Том 67. – № 4. https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.67.4.014
147 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / құраст. Б. Сүйеркұлова, Т. Жанұзақ, О. Жұбаева және т.б. – Т.3. – Алматы, 2011. – 744 б.
148 Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері: монография. – Алматы: Арыс, 2008. – 600 б.
149 Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті: оқулық. – Алматы: Дәуір-Кітап, 2013. – 240 б.
150 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – 2-е изд., стер. – М: УРСС: Едиториал УРСС, 2004. – 571 с.
151 Галкина-Федорук Е.М. Об экспрессивности и эмоциональности в языке // Сборник статей по языкознанию. – М., 1958. – С. 103-124.
152 Әбсаттар Ә.М. Эмотивті-бағалауыштық лексиканың антропоөзектік сипаты: Қазақстандық және шетелдік БАҚ мәтіндері негізінде: дис. ... филос. д-р (PhD) дәрежесін алу үшін. – Алматы, 2024. – 193 б.
153 Хазагеров Т.Г., Корнилова Е.Е. Риторика для делового человека. – 5-е изд., стер. – Москва: Флинта, 2018. – 135 с.

154 Пекарская И. В. Контаминация в контексте проблемы системности стилистических фигур русского языка: автореф. дис. … д-ра филол. наук: 10.02.01. – Москва, 2001. – 45 с.
155 Савова М.Р. Выразительность // Педагогическое речеведение. Словарь-справочник. – М.: Флинта, Наука, 1998. – С. 29-30.
156 Солганик Г.Я. Язык современной публицистики: – М.: Флинта: Наука, 2005. – 230 с.
157 Seidamat A., Cetin I., Tleubayeva N. The relevance and expressiveness of the word in modern written communication // Tiltanym. – 2024. – No.3. – P. 174-185. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-174-185
158 Булдыгина Л.В. К вопросу о выразительности устной речи. https://cyberleninka.ru 17.05.2022.
159 Кожина М.Н., Васильева А.Н., Беспалова С.В. Стилистика русского языка: учебник. 6-е изд., стер. – Москва: Флинта, 2016. – 464 с.
160 Ысқақов А., Сыздықова Р., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, 1966. – 240 б.
161 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. – Алматы: DPS, 2011. – 738 б.
162 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / құраст. Т. Жанұзақ, С. Омарбеков, Ә. Жүнісбек және т.б. 1-том. – Алматы, 2011. – 752 б.
163 Ермекова Т., Жақыпов Ж. Сөзтүзер. Қате қолданыстар сөздігі. – Астана: Зерде Паблишинг, 2022. – 403 б.
164 Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978. – 192 б.
165 Сыздықова Р. Тіл және ұлттық мәдениет. 14-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2018. – 344 б.
166 Атлашова И.А., Клюшина А.М. Категория сравнения как объект лингвистического исследования: теоретико-аналитический обзор https://philology-journal.ru 01.04.2025.
167 Блохина Е.Д. Сравнение как языковой и когнитивный механизм вторичной интерпретации мира в языке https://scipress.ru 01.04.2025.
168 Юдина Ю.И. Сравнения с невыраженным модулем как средство активизации читательской рефлексии https://l.jvolsu.com/index.php/ru 01.04.2025.
169 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 243 б.
170 Тимофеев Л.И. Основы теории литературы: учеб. пособие для пед. ин-тов. – 5-е изд., испр. и доп. – Москва: Просвещение, 1976. – 448 с.
171 Федоров А.И. Развитие русской фразеологии в конце XVIII – начале XIX в. – Новосибирск: Наука, 1973. – 171 с.
172 Томашевский Б.В. Стилистика. – Ленинград: Изд-во Ленинградского университета, 2009. – 288 с.
173 Тымболова А.О. Драмалық шығармалардың лингвопоэтикасы: филол. ғыл. докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. 10.02.02. – Алматы, 2010. – 49 б.

174 Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. – 509 б
175 Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Оқулық. – 3-ші басыл. – Алматы: Дәуір, 2005. – 256 б.
176 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. – 355 б.
177 Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Астана: Ғылым, 2015. – 208 б.
178 Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Арыс, 2004. – 208 б.
179 Айтбайұлы Ө. Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 400 б.
180 Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – 2-бас. – Алматы: Мектеп, 1988. – 147 б.
181 Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы: оқулық. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 262 б.
182 Есенова Қ. Лингвосаясаттану: саяси дискурстың прагматикасы. – Алматы, 2017. – 258 б.
183 Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы: Елтаным, 2020. – 256 б.
184 Үсенбаева Г. Ж. Перифраздардың тілдік табиғаты. – Алматы: Санат, 1996. – 214 б.
185 Ломоносов М.В. Краткое руководство к красноречию. Книга первая, в которой содержится риторика, показывающая общие правила обоего красноречия // Полное собрание сочинений: в 11 т. Т. 7: Труды по филологии (1739–1758 гг.). – М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1952. – 993 с.
186 Потебня А.А. Из записок по теории словесности. – М.: Высшая школа, 1985. – 535 с.
187 Уткина В.П. Перифрастический оборот в русской художественной литературе // Известия Крымского педагогического института им. М. В. Фрунзе. – 1959. – Т. 33, вып. 1. – С. 87-109.
188 Арнольд И.В. Стилистика. Современный английский язык: учеб. для вузов. – 4-е изд., испр. и доп. – М.: Флинта; Наука, 2002. – 383 с.
189 Ризель Э.Г., Шендельс Е.И. Стилистика немецкого языка. – М.: Высшая школа, 1975. – 316 с.
190 Розанова Г.З. Перифраз и его функционирование в прессе ГДР и ФРГ: автореф. дис. … канд. филол. наук. — М.: МГПИИЯ им. М. Тореза, 1973. – 26 с.
191 Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живём / пер. с англ. А. Н. Баранова, А. В. Морозовой; под ред. А. Н. Баранова. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 252 с.
192 Бытеева Т. И. Перифраза как экспрессивная единица языка: к особенностям семантики // Языковое бытие человека и этноса: психолингвистический и когнитивный аспекты. – Барнаул, 2000. – Вып. II. – С. 27-32.

193 Алдаш А., Сейдамат Ә., Мухамеджанова Г. Академик Рәбиға Сыздықтың лингвостилистикалық тұжырымдамалары: қазақ сөзінің стильдік тезге түсуі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, – 2025. – 198(2). – Б. 194-205. https://doi.org/10.26577/EJPh202519821
194 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: жинақ. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 303 б.
195 Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – 312 б.
196 Айғабылұлы А. Қазақ тілі морфонологиясы мен лексикологиясы: монография. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2006. – 270 б.
197 Сыздық Р. Сөз сазы. Сөзді дұрыс айту номалары. – Алматы: Ғылым, 1983. – 250 б.
198 Фазылжанова А.М. Сөз сазы және интонация: (эксперименттік-фонетикалық зерттеу). – Алматы: Алматы-Болашақ, 2022. – 207 б.
199 Исаева Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі сегментті бірліктердің фоностилистикасы. фил.ғыл.канд...дис. – Алматы: ҚазНПУ, 2000. – 212 б.
200 Селях А.С. О фоностилистической дифференциации разговорной речи (На материале французского языка) // Экпериментальная фонетика. – Минск: Минский МГПИИЯ, 1974. – С. 202-213.
201 Балли Ш. Французская стилистика / пер. с фр. К.А. Долинина; под ред. Е.Г. Эткинда. – Москва: Изд-во иностр. лит., 1961. – 394 с.
202 Трубецкой Н.С. Основы фонологий / пер. с нем. А.А. Холодовича. – М.: Наука, 1960. – 372 с.
203 Воронин С.В. Основы фоносемантики. – 2-е изд., стер. – М.: ЛЕНАНД, 2006. – 248 с.
204 Гибадуллина О.Г. Фонические структуры в поэтической речи А. Яшина и Н. Рубцова: дис. … канд. филол. наук: 10.02.01. – Казань, 1995. – 193 с.
205 Ерсұлтанова Г. Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға (қазіргі қазақ баспасөз материалдары негізінде): дис. ... филос. д-р (PhD) дәрежесін алу үшін. – Алматы, 2020. – 185 б.
206 Жұбаева О. С. Қазақ тілі грамматикалық категорияларының антропоөзектілігі: филол. ғыл. докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферат. – Алматы, 2010. – 59 б.
207 Серғалиев М.С. Синтаксистік синонимдер. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 24 б.
208 Лебедева С.В. Синонимы или проксонимы? – Курск: Кур. гос. пед. ун-т, 2002. – 202 с.
209 Трофимова Г.К. Русский язык и культура речи: Курс лекций. – 8-е изд., стер. – М.: Флинта, 2017. – 160 с.
210 Степанов Ю.С. Имена, предикаты, предложения (семасиологическая грамматика). – 3-е изд., стереот. – М.: Едиториал URSS, 2004. – 360 с.
211 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Өлке, 2010. – 560 б.
212 Мусин Ж. Қазақ тіліндегі антоним сөздер: филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.02.02. – Көкшетау, 1970. – 253 б.

213 Сейдамат Ә. Мерзімді баспасөз тіліндегі көнерген сөздердің әсерлілігі. Journal of Turkic Civilization Studies (JTCS). – 2024. – Vol. 4 (2). – P. 235-243. https://jtcs.manas.edu.kg
214 Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. – Алматы: Арыс, 2009. – 272 б.
215 Өтемісова Г.Ж. Көнерген аталымдар сөйлейді (Ерімбет пен Нұртуған шығармалары бойынша): монография. – Алматы, 2018. – 270 б.
216 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. / құраст.: Малбақов М., Есенова Қ., Хинаят Б. және т.б. 14-том. – Алматы, 2011. – 800 б.
217 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. / құраст. Үдербаев А., Нақысбеков О., Қоңыратбаева Ж. және т.б. 12-том. – Алматы, 2011. – 752 б.
218 Аманжолов К., Тасболатов А. Әскери терминдердің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Білім, 2008. – 160 б.
219 Зыкова И. В. «Креативность концептуальных моделей фразеологической образности: системный аспект» // Вопросы когнитивной лингвистики. – 2013. – № 3 (36). – С. 76-85.
220 Chomsky N. Aspects of the Theory of Syntax. – Cambridge, MA: MIT Press, 1965. – 258 p.
221 Aldash A., Seidamat A. Stylistics of the Literary Word: the Results of Scientific Analyses and New Research Findings // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – №3 (195). – Б. 4-14. https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v195.i3.ph01
222 Cropley A.J. Teaching Creativity // Encyclopedia of Creativity / eds. M. Runco, S. Pritzker. – San Diego; London: Academic Press, 1999. – P. 435-445.
223 Preiser S. Gestaltung eines kreativitätsfreundlichen Lernklimas. Befragungsinstrument und Trainingskonzept für pädagogische Fachkräfte // Kreativität: Zufall oder harte Arbeit? / hrsg. von Christine Koop, Olaf Steenbuck. – Frankfurt am Main: Karg-Stiftung, 2011. – S. 28–35.
224 Фатеева Н. Креативный потенциал языка современной русской поэзии. – Берлин: Peter Lang, 2021. – 125 с.
225 Смирнова Н.В. Концепции лингвокреативности в современном российском языкознании // Актуальные проблемы стилистики. – 2021. – № 7. – С. 50-59.
226 Ремчукова Е.Н. Креативный потенциал русской грамматики: морфологические ресурсы языка: дис. … д-ра филол. наук: 10.02.01 / Российский университет дружбы народов. – Москва, 2005. – 323 с.
227 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. / құраст. Күдеринова Қ., Жұбаева О., Жолшаева М. және т.б. 8-том. – Алматы, 2011. – 744 б.
228 Баженова Е.А. Интертекстуальность // Стилистический энциклопедический словарь русского языка / отв. ред. М. Н. Кожина. – М.: Флинта; Наука, 2003. – С. 104-108.

229 Сейдамат Ә. Газет тақырыбының әсерлілігі және лексика-семантикалық ерекшеліктері // Tiltanym. – 2022. – №1 (85). – Б. 100-111. https://www.tiltanym.kz